


Б3 3 (5443)
440

Жеміфолда КАПАШЕВ



«БАНДЫ» АМАНГАЛИ
ICI

Репрессияга ұшыраған Қазақстан зиялышарының
мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры

Ләтифолла ҚАПАШЕВ

«БАНДЫ» АМАНҒАЛИ ІСІ

(Аңыз бен ақиқат)

356247а6

Ф СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ФЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КИТАПХАНА



Алматы
2004

ББК 63.3(2Каз)

К 40

Пікір жазғандар:

Зейнолла СЕРІКҚАЛИҰЛЫ,
сыншы, КР Мемлекеттік сыйлығының иегері
Максат ТӘЖ-МУРАТ,
филология ғылымдарының кандидаты

ҚАПАШЕВ Л.

К 40 «Банды» Амангали ісі (Аныз бер ақырат). — Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. — 248 бет. + 8 бет суретті жапсырма

ISBN 9965-17-119-X

Қазақтың белгілі ақындары, сал-серілері Шөкөрім қажы, Жаяу Мұса, Балуан Шолак, Иманжүсіппен тағдырлас, жазықсыз жалалы болып, «банды» атанған, әрі өнші, әрі сері Амангали Қенжахметұлы 1928 жылы ГПУ-НКВД тобының қолынан қаза тапты.

Айналасын өн мен жырга бөлеп, азат өмір, еркін тірлік кешкен, ер мінезді, сезімтал қазақ серісін қутын-сүргінге ұшыратып, құрбандаққа итерген тоталитарлық жүйенің қиянатын, Батыс Қазақстан өлкесіндегі сол кездің саяси-әлеуметтік уақиғаларын, басты кейіпкер — «банды» Амангалидың және оның тұган-туыстарының киын тағдырын автор нақты архив деректерін пайдалана отырып, нанымды баяндайды. Сондай-ак, кітапта сол кезеңнің баспасоз материалдары және көнекоз қариялар мен қуәгерлердің естеліктері де мол пайдаланылған.

Кітап зерттеушілерге, өлкетанушыларға, тарих сүйер жалпы оқырман көпшілікке арналған.

ББК 63.3(2Каз)

К 0503020905
446(05)-03

ISBN 9965-17-119-X

© Қапашев Л., 2004
© «Арыс» баспасы, 2004

*Ақын-абыз Хамит Ергали
агамыздың аруагына бағышталады.
Автор*

Сұрасаң менің атым Аманғали...
Болғай ед қудай панам — Аллам жары.
Қазағым мені көрсө “банды” дейді,
Мен, сірә, шапқаным жок қазынаны.

Мен өзім Аманғали атанамын,
Байлардан таңдал-таңдал ат аламын.
Кешегі көрген түсім рас болса,
Басында туар айдың шаталамын...

Атаным Аманғали — сәлінгірдей,
Соныма неге түстің бөрін бірдей.
Әділет іздең жүріп, “банды” атаным,
Мен емес жүрген адам өлін білмей.

(Аманғали өлеңі)



*Кажығали МҰХАНБЕТҚАЛИУЛЫ,
жазушы, Қазақстан Республикасына
еңбек сінірген қайраткер*

ӨКІНІШТІ ӨМІР, ӨКСІКТІ ӨЛІМ...

Әлкисса, бұл кітап туралы сөз қозғамас бұрын, оның басты кейіпкері Аманғали туралы өңгімелей кеткен артық болмас. Өйткені, ол нақты өмір сүрген, өз түсінда да, өмірден озған соң да аты аңызға айналған тұлға. Біреулер “Е, әлгі банды Аманғали ма?!” – десе, енді біреулер заманында басынан ешкімге аттаптаған, ер намысын ешкімге таптаптаған, улан даланың бұлан тектес бұла өмір сүрген бір перзенті санайды оны. Сөйті тұра, “банды” дегені де, “батыр” дегені де Аманғалидың өкінішті өмірі мен өксікті өлімін қабыргала-ры сөгіле отырып сөз етеді, кейбіреулер жауапсыз сауалдарды алға тосады. Міне, осындаи сауалдардың бәрінің жауабы – Л.Қапашевтың “Банды” Аманғали ісі” атты кітабында тұр.

Еңбек мұрагаттарда жатқан мізбаклас құжаттардың негізінде жазылған. Не туралы, кім туралы айтылса да, автор біздің алдымызға құжаттарды жайын салады немесе қозімен көргендер баяндайды.

Аманғали секілді ер көнілді, ерен өнерлі тұлғаның мундай трагедиялық хал кешуінің негізгі себептері кітапты әқып шықсаныз айқын қозге түседі...

Біріншіден, бұл – казак арасында ежелден келе жатқан “жесір дауының” бір жалғасы іспетті. “Бесік күда” болысып, баласына айттырып койған келінін, күйі сөл тайған кезде, кұдасы Қайыр Карымбаев бергісі келмейді де, даудың басы осыдан туады.

Екіншіден, осы жерде А.С.Пушкиннің асқынған байы Троекуров пен кедейленген аксүйегі Дубровский арасындағыдай әлеуметтік теңсіздік жастыр.

Ушіншіден, керісін қалған құдалар қайтадан келісер ме еді, кім біледі, бірақ мыңдаған жылдар бойы қалып-тасқан қазақтың жол-жоралғысы, салт-дәстүрі, әдет зандарапы бұл кезде билерден билік кетіп, дау-шарлар мен адам тағдырын шешу қолдан тағайындалған судьялардың құзырында еді.

Төртіншіден, сонау патша заманынан келе жатқан жыныскы саясат – езілген ұлттың бетке үстар азаматтарын сүт бетіндегі қаймактай қалқып алғып, жоқ қылып жіберу, елдің нағызы бар азаматтарының еңесең езіп, бойын қөтерткізбеудің Кеңес өкіметі тусында әрі қарай жалғасқанының да бір көрінісі бұл.

Бесіншіден, орыс өкіметі езілген ұлттар өкілдеріне ешқашан сенбегені, сол сенімсіздіктің аяғы – бас қөтерген азаматтардың ағайын-туысы да бізге жау деген піғылға әкеп тірегені баршаға аян және тарихта талай болған оқиға. Аманғалиға қоса туысы Тайырдың, бауырлары Мұқанғали мен Әндіргалидың да Кеңес өкіметі өкілдерінің қолымен өлтірілгендігі, оған катысы бар көп адамның еш айып-анжысыз пәлен уақыт бойы түрме азабын тартуы – соракылықтың ен жексүрын түрі.

Атыс-шабыс кезінде, Аманғалилар қолынан қаза тапқандар болған шығар, бірақ олардың бәрі – амалсыз арпалысуға, қорғануға тұра келген кездердегі құрбандықка үшырап кеткендер.

Әйтпесе, Аманғали (немесе оның тобындағы біреулер) әдейі барып біреуді бауыздап кетіпті деген құжат еш жерде жоқ. Керек десеңіз, өзіне жаман қастық қылған Отарғали Мұқышевтің өзі туралы: “Үйіне Отарғали екі барып, Хайуанды өлтіруге кия алмадым”, – дер ме еді Аманғали.

Аманғалидың “тентектік” істері болса, олардың бәрі – қазақы ескі мінезден, әдеттен туындан жатқан тентектіктер болады. “Қанға – қан, жанға – жан” деген әдет зандарапы санасына сіңіп қалған Аманғали

секілді адамдар ескі жесір даулары тұсында, есесі кеткен жесірінің орнына, сол елден немесе нақты кегі кеткен кісінің аулынан әлдебір қызыды, яки әйелді тартып әкетуі – қазак арасында ертеден бар нәрсе. Оны жақтырысаныз да, жек көрсөніз де амалының жок – сол кездің дәстүрі солай. Аманғали туыстарының әйелін дүшпандары тартып әкеткеннен кейін, сондай қастыққа катысы бар адамдардың қызын алғып кеткен кездері бар. Мұны жеке бастын өштік-қастығы дейсіз бе, әлде руаралық араздықтан туған кектесу дейсіз бе, қалай болғанда да, нақты бастан өткен жайттар. Бұлар қоғам өмірінде бұрыннан бар нәрселер болғандықтан, сол заман адамдары үшін аса соракы іс көрінбеген. Мұндай жайттарға оқырман бүгінгі заман адамының емес, сол заман адамының көзімен қараганы жөн болмак.

Қысқасы, бұл бір – тірлігінде еңсесін ешкімге басқызбай, әділетсіздіктің ешқайсысына қөнбей, арамдақ пен қараулық атаульмен арпағысын откен, өзегі өкінішке толы жсан. Ондай тұлғаның трагедиялық халін түсініп, тағылым ала білу де – кейінгі үрпаққа үлкен ұлагат болуға тиіс. Ал ағын – ак, карасын – қара деп, архив құжаттары арқылы қандай адам екені айқын көрсетілгені Аманғалидың өзі үшін – оның аты бұдан былай үрпақтар аузында құбыжық секілді атап майтыны – марқұмның көрінде тыныш жатуына жақсы болмак.

Ақиқат айтылмаса – адам баласы ілгері баса алмайды. Коптен бері ізі комескіленіп, күнгірт тартқан бір шындықтың бетін ашқан мұндай кітап қалайда оқырмандардың қолына тиуюге тиіс және лайықты бағасын алатынына анық сенемін.

СӨЗ БАСЫ

1990 жылдың қараша айында "Қазақ әдебиеті" газетінде белгілі композитор, жазушы Илия Жакановтың "Мен өзім Амангали атанамын" деген колемді макаласы шыкты. Сол тұста жергілікті журналист Тасмұқан Тінолиевтің жазған деректі повесін "Жалын" журналы "Банлы" Амангали" деген атпен жариялады.

Бұл екі туынды кешегі Кеңес оқметтің алғашқы онжылдығында Нарын құмында туып-өсқен әрі өніш, әрі сері, кейін "банды" атандып, қайғылы қазага үшыраган Амангали Кенжакхметұлына арналған. Оның артында азалы, реквиемдей әні қалды.

Ал атыраулық ақын Табылды Досымов осы тақырыпка "Кім мені халық жауы атандырган" атты олен жазып, өнін де шыгарды. Ол Амангалидың сонғы монологіндегі және кейінгі үрпакқа тапсырган аманатындағы еді.

Оз басым тың деректерге нетізделген "Сұрасан менің атым Амангали" атты деректі фильм түсіріп, 1993 жылы еліне апарып көрсеттім, көрермен қауым разылыштарын білдіріп, анысын айтты. Бұл озі болашакта түсірілстін, шытырман оқигаларға толы, үлкен коркем фильмге барада жолдагы алғашқы барлау жұмыс еді. Эзірше алғашқы байқау, тақырыпқа бойлау осылайша жостарланған...

1991 жылы Атырауда Исарай Тайманулының 200 жылдық мерейтойы өтті. Кинорежиссер Амангелді Тоғжбаевпен бірігіп батыр бабамыз туралы деректі фильм түсіріп жургенде, сол онірге танымаған әнші Куандыл Жұмалиевпен таныстырылған. Ол Амангали ондерін нәшине келтіріп орындаушы және біраз деректер біледі екен. Кейінірек архивте Амангалидың жеке ісімен танысуга мүмкіндік туды. Сол кезде баспасозден біраз материалдар таптым, оның көзі тірі үрпактарымен әнгімелестім, талай конекоз, құймақұлақ қариялармен кездесіп, естеліктерін қағазға түсірдім. Амангали хикаясы туралы бірнеше колжазбаларды оқып шықтым. Сондықтан менің мақсатым – Амангалиды мактау не даттау смес, көрініше, аты анызға айналған адамнын, оның трагедиясының қыры мен сырын оқырман қауымға жеткізу, ақиқатын айту.

Оз басым Амангали ондерін бала күнімде анамнан тындағанмын, ал ол кісі Амангалидың үлкен қызымен күрдас болып шықты. Осылайша естіп-білгенімді, ізден таңқанымды осы кітапқа пайдаландым.

Тек бір нәрсені ашық айтуга міндеттімін. Од мынау: "Қазақ әдебиеті" газетінің 2000 жылғы желтоқсан айындағы санында "Архив бар жерде ақиқат бар" деген мақала жарияланды. Онда мұрагаттарда сакталған деректер мен құжаттардың аса құндылығы және маңызы туралы әнгімелей кеп ұлагатты пікірлер айтылған.

"Ей, азамат, киянат жасама, осек тасыма, жікшілдікке салынба, откінші саясаттың құлы болма, омірде өз орнынды біл, ауызбірлікте бол, халқының мүддесі үшін тер тек, олай болмagan күнде сенің пәнілік омірдегі істеген киянат, кесапатың тек өзінмен кетпейді, артында қалған үрпағының, туган-түйс, ағайын-жеккетиңиң бетіне шіркеу, сүйегіне таңба болады!" – деп ақыл айттып, торбие беріп тұргандай. Сосын: "Бізде коммунистік идеядан арылып кете алмаган екі әдіс бар: не қаралап жазу, не ақтап жазу. Сонда өзінен-өзің "Япыр-ау, тарихта болған тұлғалардың бірде-біреуінің оғаш ісі, кия басқан жері, қалтарыс сөттері жоқ па екен?" деген ойға қаласын.. Немесе біреуді қаралагысы келсе бірынгай жағымсыз етіп жазады. Сонда іске асарлықтай иненің жасуындаи халқына деген жақсылық ниеті, ықыласы болмаган ба? Шырылдаган шындықты дол осы кезде ашпасак, айтпасак кім, қашан айтады. Сондықтан не жазсак та, не айтсак та дұрысын да, бұрысын да өзгеріссіз, боямасыз ағын актай, қарасын қарадай катар койып халық безbenіне салғанымыз жөн гой. Бұл үрпакты әділдікке, үлтжанды стүге, үлттық салт пен нағызының қастерлеуте, орі жастарды жағымсыз аурулардан сактандырудың бірден-бір жолы", – дедінеді.

Бұл тұрғыдан осынау сөздер біз әнгіме еткелі отырған кейіпкерлермен катар тіршілікте орқайсымызға да арнағы айтылған осиет, қагида сияқты. Сондықтан біз мұрагаттық деректерді арқау еттік, материалдарды қазакшага аударып, сол күйінде қолданық. Онда Амангали Кенес оқіметтіне қандай жау адам ретінде көрсетілсе, оның карсыластары туралы айтылғандар да сол қалпында жарияланды. Алайда, киын да кым-куыт көзеннен боямасыз сыр шерткен бұл деректер кейібір қоғаныс адамдарға "Неге олай болды? Неге бұлай айтты?" деген өкпе туғызбас дейміз.

Қазақтың белгілі жазушысы Бек Тогысбаевтың кейіпкерінің сөзімен айтсақ: "Адам денесі жерлентенмен, болған оқигаларды, аши шындықты кому мүмкін емес. Ақиқат түбінде бір жарып шығады, ол кейінгі үрлакқа сабак болып, зұлмат пен алатап қайталанбауга тиіс".

Сосын сұрап-жаяуп алу хаттамаларының немесе қатынас қағаздарының мазмұнын берген тұстарда сол кездегі оқыған адамдардың білім деңгейін сактауга тырыстық. Оған коса хаттамалар орысша жазылғандыктан кей адайдардың аты-жөнінен, жер аттарынан кате кетуі мүмкін екенін де ескертеміз.

Сонымен айтып пікірімізді оқырман қауым дұрыс түсінсе, мақсатымыздың да орындалғаны дейміз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Адам дегеніміз құпия.

*Оның сырын ашу керек, егер оған бар өмірінді
сарп етсең де, уақыт откізгеніңе өкінбе!*
(Ф.М.Достоевский)

Қазақстан Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлыктын иегері, ақын Хамит Ергали ағамызы Амангали хикаясының сырынан біраз хабары бар сөзін былай бастап еді:

“Саф алтындаі саз берін создің майталманы Амангали хакында әңгіме таусылмайды. Әлкисса,

*Оқымай жас күнімде қара таныдым,
Хәрпін келтіре алмай шала таныдым.
Аралап кең Нарынды жүргенімде,
Себектен Амангали банды атандым...*

Іә, қазақтың осынау серісі қалай банды атанды?.. Немесе Амангалиды осынша ашындырыған қандай трагедия? Соны ғана соз етейін.

Отызыншы жылдардың басында Атырауда ФЗО-да менің аға досым Амангалиұлы Нагымжан болған. Осы Нагымжанға сәби күнінде атастырган қыздың өкесі Қайыр Қарымбаев әрі бата бұзып, әрі алған қалынмалды қайтармаған. Ардан жаратылған Амангали Қайыр ауылын шапқан.

Серіні судья Жұмагали Жангожин соттамасқа шарасыз. Ауыл төрагасы Отарғали да солай. Ақсақалдар бітістіре салатын заман емес. Өз ауылынан үкім арқалап сыйылып келген Амангалиды коріп отырып, үстап беремесе Адай ueziniң правителі Тобанияз да өз басына пәле тілеп алады.

Ал Орал түрмесінен қашып шыққан Амангали жан сактау үшін енді жалғыз журмей, жасактанып, бой тасалайды. Бірак іс насырға шапты. Елдің бетке үстар беделділерін бір-біріне айдал салып құрту, ГПУ-га керегі де осы еді. Ол Амангалидың сонына атты ескер салды, елдегі туыстарын түгелдей құғынға үшыратты, бір орайда орыс ескері Амангали тобынан Нагымды да қолға түсіреді. Қаскейлік онимен тынған жоқ. Жұмағалидың інісі мен баласын Амангали өлтірді деп келдік. Бұдан кейін ол банды

атанбаганда қайтеді? Бірақ кейін есі кіріп, көзі ашыла бастаған елден естігенім: әлгілерді Амангали тобына кірген чекистер жансызы өлтірген. Сол расқа келеді. Бәсе, бәсе, ойткені: "Үйіне Отарғали екі барып, Хайуанды өлтіруте кия алмадым", — деп кісі қанын төгуте колы бармайтынын ол өзінің өлеңінде де айтады. Қас дүшпанына соншалық кимастық жасаған адам бейкунә балалар обалын арқаламайды... Сол жансыздың бірі сонынан Амангалидың жансерігі — жұбайы Мұхсинаны да үстап береді...

Ел іші Амангалиды қанша жасырса да үш жылдан артық сақтай алған жок. Оған қоса талай боздақ қыршынынан киылды. Ал сонын артынша Амангалиға қарсы жұмсалған Жұмағалиды да, Отарғалиды да, Тобаниязды да сол ГПУ, сол НКВД өз қолынан о дүниеге аттандырды.

Бұл трагедия қурбандарының, яғни бейкунә төгілген қаннның отеуі — Амангалидың осынау саздары мен сөздері. Оны халық жетпіс жылдай жең ішінде сактады. Иә, бұл аяулы азаматтың аса қымбатка түскен асыл аманаты еді-ау..."

Хамаң сексеннің сенгіріне шығар алдында оз үйінің төр жағындағы кен жұмыс белмесінде жұмсақ орындыққа жайлы орналасып, сөрелері толы кітаптарын жанарыммен барлай шолып, түйдек-түйдек ойларын, түйінді пайымдауларын кейде аса бір сабырлы, байыппен сабактап, кейде толгана тебіреніп, ақынга тән еркін дауыспен сахарадай кенсарайын жангырықтырып, осылайша санқылдан сойлеп кеткен. Сол бір сөттерде баяғы бала кезінде өзінің туған өлкесінде откен аласапыран кезеңнің айқыш-үйқыш, атыс-шабыс оқигаларынан сұрыптап сыр тартып, оны ой елегінен откізіп, ағынан жарылған-ды. Әңгімесін осылай сабактаған.

Амангали туралы сөз қозғар алдында оның өлеңдерінің бір-екі шумагын нақышына келтіріп, үлкен ақындық шабытпен:

*Үстіме кидім бешпет қыл қарадан,
Түймесін қыл қараның қыз қадаган.
Нагымжан қапияда қолға түсті-ау,
Жан тәтті, ол шіркінге кім қараган??!*

*Ақбоз ат жау көрмеген еліреді-ай,
Мұхсина өзімізге серік еді-ай.*

*Шырқырап Нагым аттан құлаганда,
Алам деп екі айналып келіп еді-ай, –
деп өз мақамымен әнін шырқап та жіберген.*

Жоғарыда айткан оқиғалар рет-ретімен көз алдынан өтіп жатқандай жаңары кейде жарқылдаپ, кейде тұнғиық мұнлы ойга шомып, үзак бір нүктеге қадалып, кас қақпай отырып алған-ды. Оның сырын үту үшін ақынның “Ғұмырнамасын” оку керек-ті.

Енді Хаманның осынау ой пайымдауларын сол кезеңнің оқиғаларымен нақтылаپ, сараптап көрелік, ақиқатын айтальык.

* * *

*Сұрасаң менің атым Амангали,
Болгай ед құдай панам – Аллам жары.
Қазагым мені көрсө банды дейді,
Мен, сіро, шапқаным жеке қазынаны...*

Осылай басталатын олел жолдарының иесі Амангали туралы, кешегі Кенес өкіметтінің алғашқы жылдарында Серов, Киселев сиякты ақ гвардияшылармен де айқасқан, Горбунов, Шалимовтей қызыл бөлшебегімен де шайқасқан, “сайынан сайғақ күрлы сая таптай” Мәдидей басын тауга да, таска да үрган қазақ серісінің сергелден тағдыры мен қайғыға толы өмірі туралы сөз қозғаганда, оның ата тегінен мағлұмат бере кеткен артық болмас.

Жалпы Нарын құмын, Ішкі орда жерін, Кіші жүздің он екі ата Байұлы үрпактары 1801 жылдардан бастап кайта жайланаған. Қазіргі кезде Нарын құмында сол он екі атаның барлық үрпактарының өкілдері бар. Бұл жерлерде кезінде сақтар мен сарматтар тайпалары да, кейін қыпшақтар да мекен еткен.

Атакты Мұрын жырау жырлаган “Қырымның қырық батыры” кейіпкерлері мінген тұлпарлардың түяқтары осы жерлерді дүбірлетіп еткен. Кешегі Алтын Орда мемлекеті кезінде де стратегиялық аса манызды Жібек жолының бір атырабы еді.

Бұдан бұрынырақ бұл өнірді біраз уақыт қалмақтар қоныс еткен. Тіпті “Нарын құмы” деген сөз қалмақтардан қалған, мағынасы “шагын құм” деген ұғымды білдіреді. Нарын шагын-шагын он екі құмнан тұрады. Бөрінің де аттары бар.

Исатай-Махамбеттей батырлардың жорыққа шыққан, Құрманғазы, Дәuletкерей, Динадай күйшілердің күй

шерткен, кешегі 1916 жылы патша жарлығына қарсы жігіттерімен атқа конған Исатай урпағы Өтепқали Дінбаян-ұлының табаны тиген жер осы.

Амангалидың ата қонысы Нарын құмының күншығыс жағындағы Тума деген жер, Кекалашағыл деп те аталады. Қазіргі Индер ауданына қарасты “Нарын” кеншарының жайлауы, Молшағыл құмының жалғасы болып келеді.

Амангали он екі ата Байулының Беріш руынан. Оның ішінде Кемесей-Себек Беріш. Экесі Кенжакмет, аргы атасы Коржымбай деген адамдар. Анасы – Тағжан. Кенжакмет пен Тағжан балаларының туған жылдары: Амангали – 1888 ж., Зияш (қызы) – 1890 ж., Мұқанғали – 1892 ж., Куангали – 1894 ж., Сакыш (қызы) – 1896 ж., Әндіргали – 1899 ж., Қалиша – 1900 ж., Сундеткали – 1902 ж., Үмбеткали – 1905 ж., Нөсия (қызы) – 1907 ж.

Амангали он баланын үлкені. Ор мінезді, намысқой, оте пысық, батыр тұлғалы палуан, оған қоса сауықшыл-серілігі тағы бар. Ал бәйгеге түссө, өз үлесін жібермейтін ат бапкері, тазы жүтіртіп аң аулайтын сүрмерген.

Амангалиға бар өнер әкесінен жұғысан деседі. Осы күнге дейін ағайындардың арасында ол туралы мынадай бір әңгіме бар. Кенжакметтің жастау кезі болса керек. Бірде казактар мен орыстар жиналған жәрменкеге бара калса, бірнеше казак-орыс жалғыз қазаққа жабылып, кекала койдай етіп сабап жатқанының үстінен түседі. Шамасы, Кенжакметке сол орыстар ептең таныс. Үстіндегі бар киімін шешіп тастап, шілдімімен басқа атқа отыра сап, қолына дойыр қамшы алып, алғілердің арасына жалғыз өзі түскен екен. Казак-орыстарды онды-солды шынғырта сабап, үйді-үйіне қуып тығып, алғі қазак бауырды арашалап алады. “Енді көзінді құрт, әйтпесе мыналар сені олтіреді” депті. Басы жарылған қазекем өрен қашып құтылады. Әлгі казак-орыстар құллі селен болып бәрі жиналыш келгенде Кенжакмет киімдерін кіп, өз атына мініп үлгеріпті. Орыстар өздерін соққыга жыккан казакты іздел сабылып журсе, орталарында танысы Кенжакмет те бірге болты. Таба алмай, айрандары кара су болып, әбден шаршаган казак-орыстар өздерін жәбірлеген адамды тауып, сазайын беруді ақыр сонында Кенжакметтің өзіне тапсырыпты дейді.

Кейір деректерге қарағанда, Кенжакметтің аргы аталары ауқатты, ал өзі кезінде Бегалі правительдің писарі болған

деседі. Көбіне жой шаруамен айналысып, омірінің соңғы кездері саудамен күнелткен.

Амангали Нарын күмын кезінде дүбірлеткен “Кырымның қырық батырын” былай қойғанда, Исатай-Махамбет жорықтары туралы аныз әңгімелерді, естеліктерді ел аузынан естіп оскен. Жалпы қаншама дұллұл күйшілер, жez таңдай әнші, сал-серілер өті бұл дуниеден! Көбісінің құпиясы ашылмай алі жабық жатыр. Тағдырдың талкегі, заманның ағымы жақсыны жаманға, батырды үры-карақшыға айналдырып, халықтың санасына сондай үгымды екпеді ме сол кезен?

Амангалидың бәйбішесі – Сәбила, Беріштің Бегіс руынан, қажы Алдонғардың ұлы Құбаштың кызы. Амангалидың Сәбидадан туған бес баласы болды.

*Сұрасаң менің атым Амангали,
Болғай ед өзі пана Алла жары.
Азамат қайда журсе күнін корер,
Артымда қалып барад бес жас сәби...*

Сөз жок, бұл олен жолдары Амангалидың өмірдегі ең соңғы қысылтайың күндерінен хабар береді. Оның айттып отырган балалары:

1. Қызы Рахила – 1910 жылы туған. Атырау облысы, Исатай ауданы, Жамбай аулында тұрган. Он баласы бар. 1997 жылы қыркүйек айында дуниеден озды.

2. Нагымжан – 1912 жылы туған. Оның үлкейтілген фотосын ақын Хамит Ергали ағамызға көрсеткенімде біраз үnsіz елжіреп, толғаныс үстінде отырып: “Қайран аға, досымай, қор боп кеттің-ау, бұл дуниеден!.. Арысым-ай! Отызынши жылдардың басында ФЗО-да бірге оқыдық. Менен уш-төрт жас үлкендігі бар. Өзінде алапат күш болды. Маған: “Мен Исатаймын, сен менің ақын інім Махамбетсің, бірге боламыз” дейтін. Тұған ағамдай болды, бізге еш жан қол жұмсай алмайтын. Мен оны достық әзілмен “торт бұрыш” деуші едім, сойтсем тұла бойы тұнып тұрган қайрат екен гой” – деген.

Нагымжан Ұлы Отан соғысында бір аяғынан айрылған, алпысынши жылдары үйымдастан есерлердің қолынан Атырау қаласында қапыда қаза тапқан. Әйелі, уш қызы Атырауда тұрады.

3. Ұлы Қадымжан – 1915 жылы туған, Фин соғысында қаза тапқан.

4. Қызы Рахима – 1918 жылы туған, Атырау облысы, Мақат станциясында тұрады, бір қызы бар.

5. Кіші ұлы Қадыржан – 1921 жылы туған, Ұлы Отан соғысынан оралмаған.

1920–1921 жылдары Амангали өuletі екі рет казалы болған. Әуелі әкесі Кенжахмет кезік ауруынан қыста, ал келер жылы жазда Амангалидың бәйбішесі Сәбила дүние салады.

Амангалидың үлкен қызы Раҳила әжейдің айтудынша: “Шешеміз Сәбила қайтыс болғанда ен кіші інім Қадыржан тек қырқынан жаңа шыққан сәби еді. Ол кенжесін алып, торкініне қыдырып барған, қайтарында нагашылары жиеніне корімдік ретінде бір кара сиырды қанжығаларына байладап жібереді. Жолда шешеміз шаршап, бір жерге тыныстайды. Көз шырымын алып, оянса, бір жағымсыз істі сезеді. Сойтсе, отырган жері ескі мурденің үсті екен, секем алып, үтеге ауырып келді. Артынан көп ұзамай дүние салды. Шешеміз анау-мынау сырқатқа күш бермейтін оте мыным адам еді. Артық соз ол кісіде болмайтын. Марқұм ожеміз де сондай жан, екеуінің шаруадан басқа істері жок. Конактарын үн-түнсіз қабылдап, атқарып жататын.

Атамыз бертін келе саудамен айналысты, бақалышы болды. Артынып-тартынып базардан келгенде, шешеміз екі колтығына қос қашықты қыстырып алып, бар жүкті атамыздың қоймасына өзі тасып орналастыруши еді. Келініне дән риза болған атам: “Әй, осы Сәбила болмаса, мен қайтер едім” деп қайран қалатын. Осындай қадірменді жандар бірінің сонынан бірі көзді ашып-жүмғанша дүниеден отті”, – дейді.

Амангали шешесі Тағжанды “женеше” дейтін корінеді. Себебі, ол “ата баласы” атанған, әкесі мен бәйбішесі қайтыс болған соң, аны Тагжанның өз балалары, оған қоса Амангалидың бес баласы мойнына жүктелген. Сол шешесі кейінгі омірінде балаларының бар қайғы-касіретін көзімен көріп, итымен кетеріп, қайыспаған кейуана беріректе, 1947 жылы дүние салған. Бейіті Ақтогай ауылындағы қорымда, бесінші ұлы Сүндетқалимен бірге жатыр.

Бір жағынан әкенің жоктығы, бір жағынан бәйбішесінен айрылып калған Амангалидың болашақ тағдырының қисыны осы кезеңнен басталған сынайты. Соңықтан оның қыры мен сырын ашудағы жүк салмагын ескеріп, Амангалидың жастық омірін, серілік-саятшылық кезеңін өнгіме етпелік. Бір ақиқаты, Амангали өз алдына бала-шагалы болғаннан кейін,

1916 жылы патша жарлығы бойынша қазақ азаматтарымен бірге ел кетарлы шет жақтарға кара жұмысқа барып, одан туған жерге тек Ресейдегі Ақпан революциясынан кейін оралғаны анык. Екіншіден, Нарын өнірінде Кенес өкіметі орнаган алғашкы жылдары Амангалидың милиция қатарында қызмет істегені рас. Ушіншіден, Азамат соғысы жылдары қызылдардан соккы жеп, шегінген Серов, Киселев отрядтарына қарсы Шолантау жерінде жорықта жүргені, қарамағындағы 30-40 қызыл өскерге командир болып, қазак жерін ақ бандылардың қанды сойқанынан азат етуде еңбек сініргені шындық. Ол кезең әлі дүрыс зерттеуді керек етеді.

Мине, осы кезде Амангалидың өмір сахнасына оның бұрынғы құласы, Жаппас руының адамы Қайыр Қарымбаев келіп шығады. Қайыр кім? Ол Амангалимен корші ауылдардың бірінде тұратын өзінің замандасы, әрі саудагер бай, әрі карта ойынына оте құмар адам. Қайырдың бойбішесі пүшшагы қанамаған кісі екен, тек бауырына басып осірген бір үл, бір қызы болған. Сол қызға Амангали ұлы Нагымжанға бесік құда болып, әрі калышмалын беріп қойған.

Хамит Ергали ағамыз бір әңгімесінде быттай деген: “Амангали тағдырының әлеуметтік негізінде не жатыр? Қайыр – бай... Рас, Қайыр мен Амангали бесік құда. Қайырдың оған кім итермеледі, бір құдайдың өзі біледі. Амал не, жаратылсы дәйексіз Қайыр құдалық сертінен тайды. Амангалидың кедейсін, теңім емессін деп кемсітті. Қызын бермеді...”

Шынында да, Қайыр мен Амангалидың құда болуына екі сәбидің келешегінен басқа не себеп болды? Енді сол Раҳила ожейдің әңгімесіне құлақ түрініз.

“Бірде қонақта отырганда құдалық туралы сөз болған, сонда алымен Қайыр қолындағы ұлына әкемізден мені сұрапты. Бірақ әңгіме барысында әкемнің созі отіп, ол керісінше Нагымжанға оның қызын атастырган. Сонда Қайыр:

– Ойбай-ау, қызым сенің ұлыннан үш жастай үлкен гой, – деген.

– Оқасы жок. Үл бала гой, сонынан тагы үйленер, – деңгі әкеміз. Әңгіме о баста осылай болған”, – деген Раҳила ожей.

Осыны пайдаланған Қайыр Амангалиға мынадай әктемдік айтқан: “Құда, менің оз кіндігімнен үл жок, мен де артымда мұрагер қалдырғым келеді, сен бір қарындасыңды маған ойелдікке бер!” – деген. “Әкеміз Тілек атты үлкен агасының қызы Ақкенжені қондіріп, Қайырга берді, –

дейді Раҳила әжей өткенді есіне түсіріп. – Соңдықтан ол бізге бір жағынан күйеу болды. Ал Ақкенже апамыз әкемізбен бірге каза болған інісі Тайырдың тұған қарындасты еді”.

Раҳила әжей енді бір әңгімесінде: “Әрдайым бәйгіге сәйгулік қосатын ат балкері әкеміздің жақсы көретін үш аты болды. Соның біреуі “Қара жорға” атанған, шапқанда жорғалап отыратын жүйрік еді, соны Қайыр калынмалға косып сұрап алды.

Ал келесі бір жолы Қайырдың той маңына деп екінші жүйрігі “Қара бедеуді” сұрауы әкемді ренжітіпти. Соңда ол: “Айырылысар дос ердің артқы қасын сұрайды” деген, мен саған мінген атымды түсіп бере алмаймын деп Қайырға жауап берді”, – дейді. Міне, бұған Қайырдың да көнілі қалады. Осылай іштей араздықтың оты кезекті бір кездесуде лап ете түскен.

Жоғарыдағы аталған әңгімелерден екі құда арасындағы араздық карта ойынынан болған дейді. Ал біздің ойымызша, одан біраз тереніректе жатқандай, оған оқырман көзі алда жете жатар...

Амангалидың ен кіші қарындасты Нәсиядан тұған жиені, қазір Атырау облысы, Индер ауданы, Орлік ауылының тұргыны Фабит Мәсалімовтің айтуынша бұл оқига басқаша өрбиді. Ол өз әкесі Есеттен, атасы Әбдірахманнан (Амангалидың тұған құдасы) естіген әңгімесі бойынша: “Амангали астындағы мініп келген атынан Қайырмен коршілес ауылдағы ойында үтылған корінеді. Жаяу қалған Амангали ер-турманын арқалап, құдасы Қайырға кеп, ауылға жетіп қалуга ат сұрайды. Үйде Қайыр жалғыз екен, ол Амангалиға, алдында атын ала алмаган өкпесі бар, онша он қабак танытга қоймаған. Оған коса Қайыр бай соңғы кездері біраз кедейленіп қалған Амангалиды менсініңкремей жүрген. Амангали да сол кезде құдасы туралы ел арасында бір жағымсыз әңгіме естігендей. Қайыр тағы күлық жасап, Нагымжанға айттырған қызын бір милиция бастығына беруте жасырын құда түсіп қойған корінеді. Сол жерде екі құда арасында онаша біраз үрыс-керіс болған. Осылай ренжіп этырган екі құданың үстіне Амангалидың інісі Мұқанғали кіріп, оған ағасы болған жәйді айтады. Соңда інісі “біз құдандалы адамдармыз ғой” дейді, бірақ ор мінезді Амангали көнбей: “Сен барып ана құдық басындағы биені маган ертте, желіні кес, қалған жылқыны айдаң әкетеміз”, – деп Қайырға естірте айтады және соны інісіне істетеді. Ал Қайыр жүмған аузын ашшастаң өз үйінде, сыртқа

F СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ

ОБЛАСТСТЫК ФЫЛЫМИ

ӘМБЕБАП КІТАПХАНА

да шыклай қала береді. Ол кезде Амангалидың тұрган жері Бокей губерниясы (орталығы Орда) Теніз уезіне (Ганюшкін) караган. Міне, сол Ганюшкинге Қайыр үсті-үстіне арыз түсіреді.

Әнші Куангали Жұмалиевтің айтуынша: “Сол кезде болім милициясы Амангалидың бәйбішесі Сәбіланың інісі – Алдонгаров Табылды екен. Оған адам қосып, бастығы “сен жездене айтып, Қайырдың малын кайтарғыз, конбесе озін осында жеткіз” деп жібереді. Ал Амангали олардың сезін тыңдамай, каруларын тартып алып, өзлерін коя береді”.

Амангали хикаясы туралы Атырау қаласының тұрғыны Мұборәк Кенжегалиұлының колжазбасынаң үзінді

Окушыларға арналған қалың дөптер жазуга толы. Ішінде Амангалидың біраз өлеңдері де бар. Керек жерлерге мысалға келтірген. Колжазбаның ұзын-сонар әңгімесінің негізі томендеғідей.

“Мениң әкем Кенжегали Қазыкеев 1948 жылы бұрынғы Есбол ауданы Тайсойған құмындағы жайылымда мал дәрігері еді. Ол кезде жасы 60-та. Қызылқоға ауданының шығыс жағындағы “Жарыпшыққан” шағылышында малшылармен бірге тұрдық. Сол жылы мен аудан орталығы Кулагино ауылындағы орта мектепте оқып журдім. Әкем екеуміз ат-арбамен жолға шыктық. Екі жуз шақырымдай жол – екі күнлік журіс. Жол-жонекей әңгімемде мен әкемнен: “Амангали деген атамыз болыпты той. Соны әңгімелесеніші”, – деп сұрадым. Сонда әкемнің айтқаны:

“Амангали маған ағайын, орі қурдас. Ол бізге торт атадан қосылады. Кемесей-Себек Беріштің Байшагыр деген баласынан Амангали, біз Жылқайдар деген ұлынан тараймыз. Жылқайдар атамыз кезінде Сырым Датов жорығына қатысып окка үшкан. Артында Кенес пен Жанай деген екі ұлы қалған. Кенес біздің атамыз...

Амангали өзіміз сиякты қарапайым изамат еді. Бірақ қайсар, бірбеткей. Денесі ірі, оте қуатты адам болатын.

Амангали оқиғасының негізгі себебі – әкімдер мен байлардың жарлы-жакыбайларға жасаган озбырлығы, ойыннан өрбіген орт.

Патша әкіметі құлап, Кенес әкіметі келген соң шала сауатты белсенділер: “Еллі серіктестікке біріктіреміз, үлкен

озгеріс болады. Байларды қуамыз, кедейлер өкіметін орнатамыз”, – деп ұран тастаған. Сол кезде елге бір милиция керек болып, оған Аманғали үйлесімді деп қөндіріпті. Бұл 1920 жыл. Әкесі Кенжахмет орта дәүлетті адам, малын алты балаға белгендегі, алты кедей үй болып шыға келген.

Аманғалидың қолына винтовка беріп, өзінің міндетін түсіндіргенде қобалжып қабылдаған деседі. Осы елдегі халықтың бәрі ағайын, бәрін жақсы таниды. Сол жылы жоғарыдан әкімдер келіп, ауылдан бай адамды алғаш компескелеп, өзін Үйшікке (Атырауга) тұрмеге жонелткен. Оны Аманғалиға айдатады. Сонда Аманғали уездік милиция боліміне қаруы мен құжаттарын тапсырып, өзі қайтып кеткен. Кездескен таныстарға: “Маган бұл жұмыс үйлеспейді екен, өзім жақсы білетін ағайындарды тұрмеге айдалап апару оңай емес”, – деп түсіндірген.

Екі құда арасындағы керістің соны жанжалға айналады. Аманғали Қайыр құдасынан малдарын өкеткенде, ол үн-түнсіз қалған. Арада бір жеті өткен соң сот Жұмағали Жангожин Қайырды өзіне шақырып: “Ay, Қайыр, сені Аманғали шауып, малыңды өкетіпті ғой. Неге маган келмей жатырсын?” – деп ұрсады. Сөйтсе бұлар алдында бәрі бірге карта ойнаған, Жұмағали мен Қайыр алдын-ала келісіп, Аманғалиды үтқан екен. Қайыр:

– Мал алуының негізі бар, тек соны үстемелеп өкетті, дегенмен қалғанының қайырын берсін. Малды енді үкіметте алатын сияқты, соны сізге айтып қайтем деп едім.

Жұмағали:

– Ay, сен жұрттың зорлығына көне бересін бе? Өйтсек малың қала ма? Қазір қолыннан болысқа арыз жаз, Аманғалиды занға тартамыз! – дейді. Және оны қөндіреді. Жұмағали арызды уез басшыларына апарып, болған жағдайды айтып, карымта қайыру үшін адам сұрайды. Шыққан адамдар Аманғали ауылына келіп, малын Қайырга қайтарады. Артынан Аманғали уезге шақыртылады, бірақ ол бармайды. Оны ұстауга енді милиция отряды шығады. Аманғали атысады, бірақ берілмейді. Болған жәйді түсініп, Аманғали Қайыр мен Жұмағали ауылына барса, олар қашып, үйлеріне жоламай қояды. Жұмағали қауіптеніп, Аманғалиды ұстап өкетуге бірнеше рет милиция шақыртып, ұстай алмаған соң, енді айлаға көшеді. Қыс айы желтоқсанда:

— Амангали! Сенен де, менен де кәте кеткен болар, бітімге келейік, бір-бірімізді кешірелік. Осыған қарсы болмасаң мен сөүір айында шағылдың етегіне жайлалауга кошем, сол жерге менің үйіме қонаққа кел, — деп нақты жерді белглеліді. — Жолдастарынмен кел, бірақ қарусыз бол. Шын концімен әңгімелесейік, — дейді Жұмагали.

— Кезінде көрерміз! — деп Амангали Жұмагали жіберген қағазды оқып, келген адамды қайтарады. Уәделі кезде Амангали інілерін шақырып алыш:

— Ал, інілерім! Жұмагали дос болайық деп қонаққа шақырады, бірақ қарусыз келіндер деген. Сендер бұған не айтасыңдар? — дейді.

— Еріп баруга біз өзірміз. Қарумен барамыз ба, жок па оны озініз шешініз, ал біз дайынбыз, — дейді інілері бір ауыздан.

Ақыры борі де қарумен аттанады, бірақ тізілген акбоз үйлерді көргенде, сол мандағы мола ішіне бар қаруларын жасырып кетеді. Үлкен қонырлыққа тігілген акбоз үйлердің орта тұсында бір топ адам бұларды күтіп тұрады. Орталарында Жұмагали, ауылдың ақсақалдары да осынша. “Қош келдініздер!” деп қарсы алып, колтықтап түсіріп, күтушілер қонақтардың аттарын ер-турманнан босатып, жүтептерін сыйырып, отқа жіберіп жатқанынан Амангали секем алады, бірақ онысын білшірмей үйге кіріп жайғасады. Оттырыс та аралас болады. Кезек-кезек әңгімелер айтылып, қонақтарға шай беріледі, мал сойылып, казан кайнап жатқандай сезіледі. Шайдан кейін Амангали:

— Келгендерімізге біраз болды, рұқсат етіндер, сыртқа шығып бой жазайық, — деуі мүн екен жан-жактан отыргандар ортадагы қонақтарға бас салады. Қонақтар да қарап қалмайды, үстаса кетеді. Алысып-жұлысып, үйдің астан-кестенің шығарады. Кім астында, кім үстінде айырып болар емес. Сөйтіп жүргенде Амангали киіз үйдің керегесін котеріп сыйылып сыртқа шығады, оған бір інісі қосылып үлгереді. Олар бірден манагы молага қарай жүтіреді. Үйдегілер обден шаршаш, алыс-жұлысты тоқтатып қараса, араларында Амангали жок. Жұмагали дереу қалған жігіттерді босатады. Сөйтіп Амангалиды үстап, оқімет орындарына тапсырмак болған айла да іске аспай қалады. Енді Амангалиға бой тасалап жүруге тұра келеді.

Ал келер жылы жазда Амангали Жайыктың Бұқар бетіне шығып, Адай правителі Тобаниязга жолыгады. Тобанияз Манғыстаудың аукатты адамы, әрі оқыған, білімді. Ол келген Амангалиды қонақ етіп, үзак сойлеседі. Осы жерде Амангали

алансыз екі айдай болады. Уездік милиция бұл кезде Амангалидан мүлдем көз жазып қалған. Бірақ жер-жерге тыңшыларын, жансыздарын жіберіп, қалайда ұстауды жоспарлайды. Осындай ұсыныс Тобаниязға да кеп түседі. Ол Амангалиды езіне шакыртып кенес береді.

— Сен, Амангали, еш нәрседен сескенбе! Адам өлтірген жоксың, ешкімнің нәрсесін жөнсіз алған емессін. Осы жүрісің не, озіне де бос сергелден, тыныштық та жоқ, ел де кейде дүрлігіп қалады. Кенес оқіметі кінәсіз жанга, жарлы адамға тимейді. Мен уез басшыларын білемін, милиция жағын да танимын, соларға айтайын. Сен өзің кейбір кінәнді мойындаш барып, кешірім сұрасан қалай болар екен?

Амангали біраз ойланып келісім берген соң, Тобанияз хатпен уезден милиция шакыртады. Келген қазақ офицер мен солдатты қарсы алып, Амангалиды шакыртып, офицермен бірге қонақ етеді. Қай-қайсысына да айтып түсіндіріп, өзі де қағаз жазып береді. Амангали қаруын Тобаниязға қалдырып, келгендермен ілесіп Үшікке кетеді. Бірақ мұнда Амангалиға Қайырдың, Жұмагалидың, Отарғалидың арыздары бойынша кіно тағылып, бес жылға Оралға айдалады. Тұрмада алты ай жатып, келер жылды жазғытурым, қасында Мухамбетберлі және біреу бар, тас үйдін іргесін түнде шам жағуга берген керосинді қызыл тасқа күнде құйып, ерітіп теседі де қашып шығады. Сойтіп Амангали өзі жауласқан адамдарынан кек қайтару үшін ауылтына келеді. Сонын ол Қайырдың ауылын шауып, малын жарлы-жақыбыларға таратады. Сонынан Жұмагалидың да ауылын тонап, малын қару-жаракқа айырбастауға қарекет жасайды. Қайыр, Жұмагали, Отарғали үстаптай кетеді, тек Амангали өлтөн соң конфескеге ұшырап, өздері айдалып, жоқ болады...

Енді Амангалидың өкеммен ең соңғы кездескенін кішкене әңгіме етейін. Менін өкем сол кезде подрядчик бол жұмыс істепті. Жұмысы балықшыларға барып, олардың басшыларымен келісім-шартқа отырып, балық аулауга елден жігіттерді апарады екен. Олар бес-алты ай балықтан көсіп тауып, ауылға көп олжамен оралатын және орысша үйреніп қайтатын.

Амангали соңғы жылды өкем көсіптен оралғанда келіп, әңгімелесіп, қонақ болыпты. Сонда сыртта күзет тұрган. Экем мынадай кенес берілті: “Аты-жоніңді өзгертіп үлкен шәрға жұмысқа кіріп кетсен, мына пәледен құтылар едің. Егер осыған кенесен, басқа жанға білдірмей өзім-ақ орналастырайын”, —

деген. Оған Аманғали көнбепті. “Аман-сау бол, енді қайтып келе алмаспын. Жағдай киындау”, — деп аттаныпты. Ой, асыл азамат-ай! Көрер күннің ақырын сезген-ау, жарықтық!

Осылдан кейін Аманғалиды қолға түсіруге белсенділер кобейе бастаған. Сонда ол:

*Атандым Аманғали – сөліңгірдей,
Соңыма неге түстің бәрің бірдей?
Әділет ізден жүріп “банды” атандым,
Мен емес жүрген адам әлін білмей,*

деген екен.

Аманғали ең сонында көп әскермен жалғыз озі атысып олғен...”

* * *

Мұның бәрі тірі қуәгерлердің есіндегілері. Ал енді Аманғали хикаясына байланысты архив материалдары не айтады, баспасөз не жазды, соған коңіл аударалық. Аманғали тарихына байланысты маған архивтік үш іспен танысуға мүмкіндік болды. Олар:

1. № 67118/192-ic – “Ергали Аязбаев, Кенжахметов және басқалары туралы” (14 том).
2. № 92-ic – “Сабитов Бокай және басқалары туралы” (5 том).
3. № 289-ic – “Кенжахметов Эндиғали туралы қылмыстық ic” (2 том).

Бірінші және үшінші архивтік істермен Алматыда ҚР Бас прокуратурасының ғимаратында 1993–1994 жылдары (желтоқсан – наурыз айларында), ал екінші (№ 92) іспен 1993 жылы мамыр айында ҚР Жоғарғы Сот кенсесінде таныстым.

Жалпы, Аманғали мен Қайыр арасындағы араздасу қайкезенде басталды, қалай өршілі, арты немен аяқталды, ендігі өнгіме желісін архивтік құжаттарға бұралық. Оқырман қауымға түсінікті болу үшін оқигаларды әр жылға бөліп, даралап баяндауға тұра келеді.

1923 жыл

Қолымда бір қамшым бар сәлінгірдей,
Атандым елге тентек кәдімгідей.
Бір тентек ел ішінде журмей ме екен,
Соныма неге түстің бәрің бірдей.

Оқымай жас күнімде қара таныдым,
Қарпін келтіре алмай шала таныдым.
Аралап кең Нарында жүргенімде
Себектен “Аманғали банды” атандым.

Нарынның сырты айдала, іші пана,
Ат міндім өзі – ақ моншақ, көзі – ай қара.
Сыртымнан мені қазақ “банды” дейді,
Банды бол қамшы ойнаттым қайсысына?

(Аманғали өлеңі)

Архивтік істермен танысу барысында екі құданың арасындағы араздасу 1923 жылдың жазында басталғанына көзіміз жетті. Оған дәлел ретінде мына құжаттарға назар салайык.

Хаттама

1923 жыл, маусымның 6-сы күні.

Теңіз уезі, Бает болысы, Қаңбақты ауылының азаматы Қайыр Қарымбаев маган, яғни Қаңбақты ауыл төрагасы Наурызғалиевке келіп, жылқы үрлаушылар: Сейітбаттал Есениязов, Амангали, Мұқанғали Кенжакметовтар қаруланған бір неше адаммен ауылымды шапты деді. Оның арызы бойынша мен тездеміп ауылана барғанда көргенім, шындығында Қарымбаевтың мал-мұлқін тонап кетіпті. Атап айтсам: екі құлынды бие, бір жібек жейде, он күміс тенге, бір жібек күлтара, уш текемет және бес миллион сом ақша. Қарымбаевтың айтуынша, он винтовкасы, екі наганы бар он адам, бес-алты рет мылтық атқан. Сондықтан мынадай қаулы шыгардық; осы хаттауды жасып, қол койдырып, Бает, Қамыс-Самар болыстарының ага милиционері Алдоңгаровқа хабарлау керек. Өзім із кесуге үрлардың соңынан кеттім.

Теңіз уезі, Бает болысы, Қаңбақты ауыл төрагасы: Наурызғалиев (қолы)

Күдегерлер: Жұбан Исалиев, Тілепберген Айтманов, Әусен Әжгалиев, Хисмет Стамгазиев, Жақып Дәuletov, Әбіл Исалиев, Мұқан Ахметов.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 15-б.)

(Кошірмесі)

Жалпы хаттама

1923 жыл, маусымның 7-сі күні.

Бает болысының Қаңбақты ауыл төрагасы Наурызғалиев, ага милиционер Алдоңгаров жолдас төмендегі хаттауды жасадық: Есениязов, Кенжакметовтардың тонаушылық істерін анықтау кезінде Қаңбақты ауылның азаматы Жұмаш Сарбасов бізге мынаны хабарлады: кеше үйіме аталған

адамдар бастап оншақты кісі түс кезінде келіп, баламды ұрып, қазан мен бір текеметті және үйдегі бар тамақтың ішкенін ішіп, ішпегенін өздерімен бірге алып кеткен. Олардың іс-орекеттеріне және кейбір сөздеріне қараганда нағыз бұзақылар.

Олардың қарулы қолы бізден көбірек болған соң мынадай қорытындыға келдік: бұларды ұстау үшін айрықша отряд керек. Сондықтан Алдоңгаровты Тәңіз УИК-ке жіберіп, ол оралғанша Сыдықов, Эбдімамоновты бес винтовкамен тұргындарды қарауылдауга Қаңбақты ауыл төрагасы жолdas Наурызалиевтің қарамагына беру керек.

Қаңбақты ауыл төрагасы: Наурызалиев (қолы)

Бает болысы ага милиционер: Алдоңгаров (қолы)

Мөрі. Хаттаудың осы көшірмесі Уезкомга ұсынылады.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 7-б.)

№ 2 хаттама

1923 жыл, маусымның 8-і күні.

Мен, Тәңіз уезі, Бает болысы, Қаңбақты ауыл төрагасы, төмендегідей хаттау жасадым: осы күні күд ретінде шақырылған бірнеше адамдарды алып, ұрылардың ізіне тустық. Сейітбаттал Есениязовтың ауылына келсек, олар жоқ болып шықты. Біз амалсыз ауылга қайттық. Артынша Есениязовтың інісі Сейітқали ұрыларға хабар беріп, олар үш адам болып артымыздан күді. Мен үйге жалғыз кетіп бара жатқанымда бірнеше рет артымнан мылтық атып, ақыры тоқтатып, ұстады. Өлтіреміз деп қорқытып, қолымдагы іс қағаздар мен мөр салынған сөмкемді тартып алды. Тіпті біреуі мені мылтықпен жауырынман түйгілеп те жіберді. Әбүйір болғанда Сейітқали араша түсіп, олардан өрен құтылып, өз жолдастарыма қосылдым. Олар кешікпей бізге таяп келгенде мылтық, атуға әмір еттім, қарсыластарымыз да атты. Артынан біздің оғымыз таусылып, шегінуге мәжбур болдық, олар да қайтып кетті. Екінші күні қайда кеткендерін білу үшін тағы жолға шықтық, сөйтсек олар жол-жөнекей Ищен Исаевтың ауылына тоқтапты, онда сөмкемді тастан, өздері әрі кетіпти. Сөмкені тексерсем, ішінде бірнеше парак ақ қағаз жоқ, шамасы керектеріне жаратайын деген. Сондықтан оқ-дөріміз таусылып, ортамызда қаруланған әскери адамдардың

жыгынан біз олардың артынан қууды тоқтатып, оларды ұстau үшін Ганюшкиннен отряд шақыртып, оны күтуге қаулы шыгардык.

Хаттаған:

Қаңбақты ауыл төрагасы: Д.Наурызғалиев (қолы)

Күөгерлер: Убіш Иманов, Жубан Исалиев, Жақып Дәүлетов, Хами Даuletъяров, Кали Есмаганбетов, Ыбраш Абдолмамонов, Жұмаш Сарбасов, Қайыр Қарымбаев, Жарылғас Сыдықов, Сентігали Жұмагалиев, Фабдықен Мұқаметов, Сафан Дәүлетов, Ысқақ Исатаев.

(№ 67118/192-іс, 1-т., 8-б.)

Міне, архивтік істе Аманғалидың Қайырға қарсы қарекеті осылай басталып, жергілікті өкімет адамдары тарапынан солай қабылданады. Бұл өкіғалардан кейін коп үзамай уез орталығы Ганюшкиннен шыққан отряд Аманғалиды ұстau мақсатымен оның ауылына келген.

Сол көріністі Аманғалидың үлкен қызы, о кездегі он үш жасар Рахила былай әңгімелейді: “Әкеміз үйде еді, құрбан айт кезі болатын, мал сойылып жатқан. Үйге Әжен деген атамыз келіп: “Айналайын, Аманжан, үйдің артында әскер келіп тұр, сен екі қолыңды көтеріп, соларға бара койшы, ойтпесе, атыс болатын түрі бар, бара қойшы”, – деп қоймайды. Сейтсе, әлгі әскерді Әжен атамыз бастап әкеліпті. Оны қорқытып әкелді ме, әлде өз еркімен келді ме, білмейміз. Сонда әкем сойып жатқан малын тастай салып: “Аға, бұ не істегениңіз, мен бір туыппын да бір өліппін, несіне оларға қол көтеріп барып берілемін. Мен қандай опасыздық істеппін, а? Өз жайынызга журініз, ал енді мен былай кеттім”, – деп қыстауға карай бет алды. Біз киіз үйдің есігінен қарап ан-тан тұрып қалдық. Бір кезде оқ қарша борап берді. Әкемізге оқ тиіп кетпесе еken деп бәріміз жыладық. Оқ болса әкеміздің біресе он жагынан, біресе сол жагынан жерге түсіп, бұрк-бұрк шандатып жатыр. Әйтеуір, құдай сактап, әкеміз аман-есен қыстауға кірді. Терезеден бірдене қарауытып корінді. Атыс. Екі ара көк түтін болып, тұманданып кетті. Біраз уакыттан соң оқ ату екі жақтан да басылды. Келген әскер де, әлгі

Әжен атамыз да кетіп қалды. Әкеміз аман-сау үйден шықты. Ешқандай шығын болған жоқ, бірақ біздер ете қатты корқып кеттік...

Әлгі Әжен атамыздың туыстырын айта кетейін. Аргы атамыз Коржынбайдың алты ұлы болған – Мақат, Сарт, Фабдрахман, Тілек, Мырзахмет, Кенжахмет. Әжен – Сарт атанын үлкен ұлы”.

Міне, осылайша Теніз уезінен келген отряд Амангалиды үстай алмай қайтады. Бұдан кейін азын-аулак тыныштық орнады. Әйтсе де, бул алдамышы құбылыс еді.

Әзірше демін ішке тартып саябырсығанмен, артынша бар күшін сыртқа теуіп құтырынып, төнірегіндегінің бөрін үршиқша үйіріп, өзімен қоса ала кетіп, күллі дүниенің астан-кестенің шығаратын алапат дүлей-дауыл алда болатын...

Осы кезде Қайыр да, Амангали да кезек-кезек өздерінің судьясы Жұмағали Жангожинге жүгінгендей. Жангожин құдалар арасындағы араздық бітіспей, ушыға берген соң, өзі араласады. Бұл келенсіз жәйіді өзінше шешпек болған. Сойтіп, Жангожин Амангалидың өмір-тіршілігіне қатысты адам болып шығады. Сонда Жұмағали Жангожин кім? Бұл сұракқа Қуанғали Жұмалиев: “Жұмағали Жангожин жас кезінде Орда қаласында хан Жәнгір салғызған төрт кластық мектепте оқыды. Кейін оқытушылар даярлайтын курсы бітіріп, мұғалім болып істеді. Ал жас Кеңес өкіметі тусында өуелі халық тергеушісі, сонынан болысаралық халық судьясы қызметін атқарды”, – дейді.

Әрине, алдына келген құдалардың арасын татуластыруға Жұмағали Жангожин біраз сибек сініреді. Бірақ оның нәтижесінде алдымен Амангали, сонынан Жұмағали өзара өкпелеседі. Осы өкпелесудің қыры мен сырын сонынан Амангали Гурьев уездік милиция бастығы Куляшовке жазған хатында айткан. Оның мазмұнымен оқырман кейіндеу танысады. Міне, осындағы екеуара өкпенің арты өліспей беріспейтіндей өштесуге, ал оның соны қайғылы қазага үшыратады. Қуанғали Жұмалиев: “Сол кезден бастап Амангали ауылына тек туыстарынан басқа адамдар баруга батылы жетпеген. Ал барғандар тізімге алынып, хабарланып отырган. Осындағы күндердің бірінде әрі істі, әрі әйелі жоқ, шаруасы қожыраган Амангалидың ауылына бір танысы – Есентемір руынан Қашық деген адам барған. Бул

кісі Жұмагалимен рулас, агайын адам. Үйде әйелі жок Амангали қонақ келген соң, басына киім бүркеніп, құдыктан су алып, шай қойған. Ол кезде ер адамға суга бару салт-дәстүрге жатпайды. Шай үстінде Қашық сөз қозғап: “Ер адамға әйелсіз күн көру киын ғой, Амангали. Менің үйде күйеуден шыққан Мүгілсін деген қызым отыр. Қабыл етсең сен соған үйлен”, – деп кеңес берген. Амангали мұны мақұл коріп, артынан өздері кездесіп, ақыры үйленген”, – дейді.

Бұны Амангалидың үлкен қызы Рахила да растайды. “Әкеміз екінші шешеміз Мүгілсінге үйленген соң Нагымжан мен Қадымжанды сүндепке отыргызып, тойға бір ту сиыр сойдық. Алайда шешеміз көп түрган жок, төркініне жіңі-жіңі кетіп қалып тұрды. Ақыры біржола кетіп тындығой”, – дейді Рахила әжей.

1923 жылдың айтарлық оқиғалары осындай.



1924 жыл

Жылқыдан өрен жүйрік бір ат алдым,
Әбзелдеп күміс ерді соған салдым.
Құмында Бекайдардың құдай айдал,
Дұшпаным Жұмағалиды үстап алдым.

Жауызды қолға түскен аяу бар ма,
Біраз-ақ ашуменен қамшыладым.
Бір окпен өлтіріп-ақ кетер едім,
Қайтейін, Мұқанжанның тұлін алдым.

Түйемді ойпаң жерге шөгергенмін,
Сонына сал-серілік көп ергенмін.
Жарты құрт жанқалтадан жарып жеген,
Құрбыдан қатар өскен не көрмедім?!

(Аманғали өлеңі)

Тарихи жыл. Пролетариат көсемі Ленин дүниес салған жыл. Амангали және оның інілеріне болашақ қайғы-қасіреттің басталған да жылы. Уш ай қыс мезгілі бар тіршілікті өз кұрсауына алып, қысудай-ак қысып, дәм-түздары біткендері о дүниеге аттанып, тірілері конін сүйретіп қоқтемге шыкты, бар тіршілік қайтадан жандана бастады. Ал, осы коктем Амангалилар үшін қандай сый-сияпат даярлап тұрды? Мұнын мән-жәйін ашу үшін аз уақыт ілгеріге коз жіберуге тұра келеді...

“1927 жыл. Қарашаның 19-ы. Таңғы сағат 9-та келініз”. Қолында осы күнге шақыру қағазы бар орта бойлы, мығым денелі, жирен шашты орыс жігіті Орал қаласындағы Уралгуброзыск мекемесінің ага тергеушісі Фаббас Жәнібеков отырган болменің есігін ашты. Жалпақ бетті, ашан жұзді жігіт ағасы келушіні қарсы алып, өзі орналасқан сырлы емен үстелдін қасында тұрған орындықты көрсетті. Келген Евгений Шкоков қолындағы шақырту қағазын Жәнібековке ұсынған соң екеуара әңгіме басталды. Ол, әрине, Амангали туралы, оның іс-әрекеті туралы болды. Екі күнге созылған әңгімелесудің арты жауап алу хаттамасы болып қағаз бетіне түсті. Енді соның мазмұнымен танысалық.

Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, қарашаның 21-і күні.

Мен, Уралгуброзыск мекемесінің ага тергеушісі Фаббас Жәнібеков, төмөнделгідей күәгерлік жауап алдым. Ол мынаны хабарлады: Аты-жөні – Евгений Шкоков. Жасы – 27-де, партияда жоқ, кеңсе қызметкері, бұрын сотталмаган, Орал губерниясының азаматы.

“1924 жылдың көктемінде, ол кезде мен Орда қаласында Бокей ГубУРО мекемесінде тергеуші болып істеуші едім. Баёт болысинаң (бұрынғы Теніз уезі) агентурамыз тексеріп үлгермеген бір хабар кеп түсті. Онда Баёт, Шолан болистарына қарасты жерде торт адамнан қуранған қарулы үры тобы пайда болыпты.

Сөүір айының алғашқы кундері мен үш тапсырмамен сол жаққа жолсапарға шықтым. Олар:

1. Ахмет және Манаш болыстары бойынша бір қылмысты істі тексеру керек. Онда біреулер қарулы қарекет жасап, жесір әйелдің жалғыз қызын (аты-жөні есімде жок) алып қашқан.

2. Бокей губпрокурорының тапсыруымен бұрынғы губсоюз мүшесі контрагенттің (фамилиясы есімде жок) мүлкін тізімге алып, өзін тутқындау керек. Өзі Нарын болысының азаматы болатын, ол атамыш одактың заттарын жок қыл, мойнына ілген.

3. ГООГПУ бастығының, Губпрокурордың, Бокей губисполком төрагасының тапсыруымен аталаң топтың баржығын, дұрыс-бұрысын тексеріп, егер рас болса, сол жерден ерікті әтірәт құрып, оны жоюдың шараларын ойластыру керек.

ЧОН (части особого назначения) рота командирінің колыма берген қағазына қараганда, барған жердегі ЧОН-ның қызыл әскерлері маган көмек көрсетуге, тапсырмаларымды орындауга міндетті.

Губсоюздың ісі бойынша атамыш агенттерге адвокаттар коллегиясының мүшесі Фабдықайыр Әзербаев іздеуші, жоқтауыш ретінде бірге жүрді. Ол барған жерде екі жақты шарт жасап, айыптылар жетпеген нәрселердің орнына малдарын салды, сондықтан маган оларды тутқындаудың қажеті болмады.

Бұдан кейін уез орталығымен байланыс жасау үшін мен Жаңақала поселкесіне кеттім. Келсем, ОГПУ-дің Жаңақала уезі бойынша өкілі орнында болмай шықты, жұмыс бабымен бір жаққа кеткен, сондықтан мен Жаңақала уездік атқару комитетінің төрагасы Магауия Отегеновке кірдім (Ол қазір Совпарт мектебінің окушысы). Келген шаруамды айтты ем, атамыш топ туралы еш нәрсе естімеген болды.

Содан кейін мен Жаңақаладан Ахмет болысына баяғы жесірдің қызын үрлаушыларды тексеруге аттандым және жол-жөнекей әлгі топ туралы деректер жинастырайын дедім. Тексерудің соңында Манаш болысына да баруға тұра келді. Сөйтсем, ол өзі екі ру арасындағы келіспеушіліктен тұган күкілжің керіс болып шықты. Сол Манаш болысында мен финансент Молдагалиевпен кездестім (Ол қазір Орал ГЗ мекемесінде істейді). Ол маган Баев болысында шын мәнінде үры барын айтты және менімен сонда барып, бір айдай болып, комектесті. Баев болысына келісімен жұмысты ВИК-тің төрагасы Әзмұқан Ерекеновпен, орынбасары Хами Фабдировпен бірге жүргіздім. Сосын олар маган сенімді әрі тәжірибелі екі

адам қосып берді. Олар Жұмагали Жанғожин мен Әли Ныгметов болатын.

Мен өз ісімді былай бастағым келді. Қасыма өлгі сенімді деген екі адамның бірін алғып, үршар тұрагына барып, оларға өз еріктерімен беріліп, қаруларын тапсыруды талап етейін дедім. Бірақ сенімді адамдарым олай барудан бас тартты. "Себебі, — деді олар, — қарсыластар өздігінен берілмейді, керісінше, кісі олтіруге дейін барулары мүмкін". Ал олардың қару-жарақтарын өз еріктерімен тапсыруды талап ету жоспарымды күттады. Ол ушін маган: "Шоланды болысындағы бір адамга жолық" деді. Оның да аты-жөні есімде жоқ (Ол Сапаралы Мәмеметәлиев болатын. Ол кісі туралы кейінірек әңгімелейміз — Л.К.). Ол адам келісім беріп, мениң ұсынысым бойынша үршарға аттанды. Олар сол кезде Шоланды мен Баёт болыстарының шекаралас жерінде тұрады екен. Кейінірек естідім, Сейітбаттал Есениязов деген үры менің адамымның кеткенін естіп, ағайынды Амангали, Мұқанғали Кенжакхметовтерге тездеп барып қосылыпты, ал Тайыр Тілековтің қалай барғанын түсінбедім. Міне, атальыш төртеуі осылар болатын. Келесі күндердің бірінде жіберген адамым оралып: "Олар қару-жарақтарын тапсыруға көнбейді, оны басымызben бірге береміз деп отыр", — деді. Бұдан кейін мен отряд қуру қамына кірестім. Оған қоса Жаңақаладан ЧОН тобынан бес адам шақыртып, үршардың ізіне түстік. Олардың жолдары Каспий тенізінің жағасынан Калмыково қамалына дейін созылып жатты. Арттарына түсіп қудалаудың сергелдеңі айдан астам уақытымызды алды, бірақ бірде-бір оқ шыгарға алмадық. Себебі, қарсыластарымыз сол өлкені жақсы билетін бол шықты, оған қоса олар түнгі қарандылықты оте қолайлы пайдаланды. Жергілікті тұргындар қорыққанынан олардың тұрақтар жерлерін тістерінен шыгармай, бізден жасырып, айтпады. Қашқындар әр кез бізге білдірмей, құтия жолдармен жүріп отырды. Осы штабылыс жүрістің бөрін баяндамай-ак, бірекі гана тұсына тоқталып, соны әңгімелейін.

Бірі: жорықтың ортасына таман сергелдең жүріспен, қуалай-қуалай, біз олардың іздерін мұлдем жсогалтып алдық, тек әйтеуір белгіленген бағытымызben ілгері жылжып отырып, қалың құм арасына кіріп кеткенімізді бір-ак, білдік. Сондықтан біз жүрісімізді тоқтатып, төрт адамды төрт жаққа барлауга жіберіп, өзіміз тыныстауга жайгастық. Қөп

кешікпей жіберген барлаушыларымыздың бірі қайтып оралып, қарсыластырымыздың өткен түнде бар-жогы 6-7 шақырым жерде түнеп шыққандарын хабарлады. Біз сол сәтте тез жиналдып, соңдарына түстік. Бұл кезде олар бізден отыз шақырымдай қашықтыққа кетіп үлгеріп, тынығып та алыпты. Бізді көре сап, тұра безді. Өздері асып-сасқан болса керек, бір түйе, азық-тұліктегін тастай қашты.

Отыз-қырық шақырым тынымсыз шабыстан кейін аттарымыз болдырып қалмас ушін мен Әли Нығметовке жәй жүріспен артымнан келерсіндер дедім де, өзім үшін адаммен қосақ аттар алып, алға кеттім. Сонымен күн батар алдында ара қашықтығымыз біраз қысқарып, біз оларды анық көре бастадық. Бірақ оқ атуға алі ерте еді, ол үшін тагы да төрт-бес миноттей дамылсыз шабыс керек. Осы екі арада олар менің таңертеңе жіберген төрт барлаушымның бірі – Жұмагали Жанғожинің тагы бір адамымен кездестірген екен, оларды ке-неттеп түткіндап, қаруларын тартып алып, маган: “Күгінди тоқтатсын!” деп елші жіберді. Егер орындаламасам, менің барлаушымды өлтіреді екен. Мен амалсыз өз жауынгерлерімнің өмірін сактау үшін жүрісімді додардым. Кешікпей артымныздан қалған тобымыз келіп жетті. Енді сол адам арқылы Амангалимен келіссөз жүргізуге кірістік. Мен оларға қару-жа-рактарын тапсыруды үсынғам, олар келіссөз жүргізуге келісті, бірақ түн болып кеткендіктен ертенге қалдырыды. Оларға тап бермеуіміз үшін Жұмагали Жанғожинің таң атқанга дейін өзімізде қалдырамыз деп хабарлады. Мен шарасыздан қондім, біз сөйтіп демалысқа жайгастық. Бірақ арада бірер сағат уақыт отер-отпестен біздің топқа Жұмагали Жанғожин өзі жаяу әрі қарусыз қайтып оралды. Өзін қатты соққыга жық-кан, біраз қамышылапты. Оның айтуы бойынша, мұның атын алып қап, өздері ары қарай тайып отырыпты. Сол жүрістерімен олар таса-тасаны куалап, ақыры багыттарын теңізге бурды. Маусым айының ыстық күндерінде қашындар аттарын кездескен құдықтардан сұарып, тың аттармен ай-ырбастап отырган. Олар сонынан құдықтарды кеміп кеткендіктен біздің аттарымыз сусыз болдырып, узақ шаба алмады. Сондықтан күндіз тыныстап, тек түнде жүргүгө мәжбүр болдық. Сөйтіп, олар бізді осылай біраз әуре-сарсанға салды.

Екіншісі: бір күні кешкісін мен Амангалилардың сонына түскен Тәңіз uezінің ОГПУ өкілі Кулагинді өз тобымен

кездестірдім. Біз бірге жүріп, келесі күні тацертен қарсыластырызың қалдырып кеткен аттарына тап болдық. Сөйтсек, олар аттарын жағада қалдырып, өздері бір балықшының жалкенді қайыгымен теңізге шығып кетіпті. Біз тағы олардың орындарын сипап қалдық. Ашуланган Кулагин өз тобымен моторлы қайық тауып, оларды кууга теңізге кетті. Ал менің қасымдагы Жаңақаладан келген ЧОН өскерлері құм арасындағы бір ай нәтижесіз жүрістен кейін өбден азып-тозып, енді қарсылық білдіріп, саботаж жасап, кейбіреулері тіпті бойсынбай үйлеріне кетуге айналды. Мен сондықтан оларды жіберіп, өзіммен тек ерікті топты қалдырдым. Амангалилардың теңізде онша көп уақыт жүре алмайтындарын ескеріп, тобымдагы он сегіз адамды төрт-бес кісіден боліп, олардың қайтып оралады-ау деген жерлеріне қарауыл-пикет қойдық. Сонымен біз қарсыластардың ендігі шаруалары осымен біржола бітті деп ойладық. Өзім қасыма аудан милициясының бірін алып, қашқындардың дүние-мүлкін тізімге алып, тұтқындауга кеттім. Кешікпей өз ісімді бітіріп, қайтып оралдым. Ойым, осы уақыт ішінде қашқындар да үсталған болар дедім. Сөйтсе, естігенім, ОГПУ өкілі Кулагин теңізде екі тәулік жүріп, ешкімді таба алмай тобын таратып, өзі үйіне қайтып кетіпті. Амангалилар болса, осыны пайдаланып, артынша жағага қайта оралып, менің жігіттерімнің тунде үйықтап жатқанында үстерінен шыққан. Бает ВИК торагасы Әзмұқан Ерекеновті, коммунар Сираж Лұқпановты және оның агасы, аты қазір есімде жеке (ол Қамалиден Лұқпанов еді – Л.К.) соққыга жығыпты, үсті-бастары күп болып ісіп кеткен. Оларды тұтқындан алып жүріп, тацертен күн шыгарда менің қоның жатқан үйімнің жанынан отіп бара жатып, байлауда тұрган аттарды көріп, “бұл болыстық ага милиционер екен, бұны да тұтқынга алайық” деп ат басын бұрады.

Мен азгана мүмкіндікті пайдаланып, тез күнін, қолыма винтовка алып, жолсерігіме “тығыл, не болса да бойынды көрсетпе” деп, бір ыңғайлы жер тауып, соган жасырындым. Амангали, Мұқанғали және Сейітбатталдар киіз үйден қашықтау келіп тоқтады. Тайыр Тілеков тұтқындарды қарауылдан қалған. Үй иесін шақыртып, одан орыс барын біліп, тездеп үйді қоршауга алды. “Сдавайся!” деп орысша айтайга басып, арасында тіпті боктық сөздерді де жаудырды. Олардың бұл айқайынан қорыққан менің жолсерігім мен

жатқан жерге қарай тұра шапқаны. Осы кезде аналар да оқ атқылады. Мен де бір-екі рет аттым. Сол сәтте бір салт атты маган қарай тұра шаппасы бар ма? Маган тығылған тасадан оқ атуға өте ыңғайсыз болды, сондықтан мен орынман түрдым да, бір оқпен оның астындағы атын омақастыра құлаттым. Ал екінші рет өзіне кезенгенімде ол екі қолын көтерген күйі: “Мен емес, мен емес!” – деп қазақшалап, өзіме қарай жүгірді, сойтсем, ол бір жай адам болып шықты.

Ал қарақышылар маган қарай оқ атқылат, “Сдавайся!” деп айқайлаумен болды. Осы сәтте мен мынадай бір шешімге келдім: “Егер мен бұлардың біреуін атып өлтірсем немесе жаралы етсем олар тұтқындалған адамдарға қайтып барып, бөрін атады, ал менің өзімді қарумен, әйтпесе аштан қатырып қолдарына түсіреді”. Осыны ойлан және бұган қоса бұдан бұрынырақ мен олардың атаманы Аманғалимен кездесуді сұраганымды, олардың туыстары мен таныстарына өзімде кешікпей-ақ оқ-дәрі таусылатынын хабарлаганымды ескеріп, мен олардың мына айқайынан кейін винтовка мен наганымды жерге лақтырып таstadtым да, өзім ордан шықтым. Осы кезде маган бірінші бол Сейітбаттал Есенязов атын борбайлатып шауып кеп, қамшиның астына алды, сосын боктап, балағаттады. Екінші бол жеткен Мұқанғали да қамшилады, оның артын ала жеткен Аманғали мені қамшилауды дереу токтатты. Осылайша қарсыластарымызды үстаймыз деп жүргенде, мен өзім керісінше тұтқынга түстім.

Тұтқында болған кезімде олар бізге дөрекілік жасаған жок. Әйтсе де егер “Өкімет жағынан отряд келсе, төртеуінді де құртамыз” деп қорқытты. Мен қолымнан келгеніне қаруларын тапсыруды үгіттедім. Олар тек төрт-бес күндік жүрістен кейін барып қаруларын тапсыруға келісім берді. Бірақ жергілікті болыстың аса сенімді, абыроілы азаматтары қол қойып, бітімгершілік келісім жасап және үйлерінде екі айдай демалған соң өздері Ордага барып қаруларын тапсыратын болды. Ондай келісімге бізді тұтқыннан құтқаруга келген азаматтар қол қойып берді. Бұдан кейін біз де Аманғали тобымен келісім-шарт жасап, қол алыстық. Соның олар біздің қаруларымызды түгелдей қайтарып берді, алайда патрондарды өздеріне қалдырды. Сонымен біз үйді-үйімізге қайттық. Кетерде олар Эли Нығметов арқылы маган сыйлық ретінде

мануфактура бергілері келді, бірақ мен одан бас тарттым, әйтсе де олар бөрібір сыйлықты жеткіземіз деді.

Тұтқынга түскенімді естіген Жаңақала ЧОН-ы мені азат етуге отряд жіберіпті, бірақ қайтар жолда ол топтен кездесе алмадым. Сондықтан олар Амангалиларга тағы да тарпа бас салған, ал қарсыластар қашып құтылып, баяғы қаракеттерін қайта бастаган. Мен Ордада қызмет істейтін жеріме оралып, кешікней ГФО жұмысына ауыстым. Амангали тобының кейінгі іс-әрекеттерін тек жоғарғы лауазымды адамдардың әңгімелерінен естіп жүрдім.

Басқа бөтен алып-қосарым жсоқ. Егер айтқандарымның кейібір тұстарын анықтау керек болса, оны толықтырып хабарлауга мен дайынмын.

Жауп берген:

Е.Шкоков (қолы)

Жауп алған тергеуші:

F.Жәнібеков (қолы)

(№ 67118/192-іс, 4-т., 1174–1181-66.)

Енді сол Е.Шкоковтың қатысуымен жасалған екі құжаттың мазмұнымен танысалық, себебі, онда бүтілген біраз сыр бар.

Екі жақты келісім хат

Мен, Бокей губерниялық атқару комитеті әкімшілік белемінің УРО инспекторы Евгений Шкоков, 1924 жылдың 16 маусым күні төмөнде қолдарын қойған азаматтардың қатысуымен мына жағдайлар жонінде екі жақты келісім қолхат жасадық.

1. Қолда бар қаруларын тапсыруға Кенес өкілінің талабына мойынсынбай, мамыр айының бірінен бастап осы уақытқа шейін қашып жүрген азаматтар: Амангали Кенжахметов, Мұқанғали Кенжахметов, Тайыр Тілеков, Сейітбаттал Есенязов енді мынадай келісім қолхат берді:

1923 жылы жергілікті әкімшіліктермен ерікті түрде өзара азаматтық келісім болғанмен, кейін сол басшылықтардың өкілдері жоғары жақтан қарулы отряд шақыртып атамыш азаматтарды ұстауга әрекет жасағандықтан, олар қызыл-әскер қатарында жүргенде сақтаған қару-жарактарын

жергілікті өкімет ішелеріне табыстауга сенбейді, оны осы келісім жасалған күннен бастап екі айдан кейін гана тапсыруға уәде береді, онда да ешкім қудаламайтындығына әбден көздері жеткеннен кейін гана тапсырады.

2. 1924 ж. 20 мамыр күні Бағыт болыстық атқару комитеті төрагасының орынбасары Х.Ғабдыровтың Амангали мен Мұқанғали Кенжахметовтар, Сейітбаттал Есениязов салық ақшаларын тонады деп жасаған хаттамасы, олардың өзара келіспеушілігінен, ашу үстінде жасалды деп танылсын.

3. Төмендегі қол қойған лауазымды азаматтардың берген уәдесі бойынша, Амангали, Мұқанғали Кенжахметовтер, Тайыр Тілеков, Сейітбаттал Есениязов осы келісім қолхаттың бірінші пунктіндегі көрсетілген мерзім ішінде ешқандай отрядтармен қудаланбайды.

4. Төмендегі қолдарын қойған өкімшілік адамдары және жеке азаматтар менің бірнеше рет қайталап қойған сұрагыма ешқандай арыз, қарсылық білдірмәді. Керісінше, оны макұлдады. Сондықтан атамыш төртеудің әрекетінен тек өкімет өкілінің талабына бойынбагандығынан басқа ешқандай қылмысты іс байқалмайды және ол екі жақтың да адамдары қайта қозғамайды деп уәделесті.

5. Тайыр Тілеков бұл іске 1924 жылдың 1 мамырынан бері қатысады. Колхаттың түпнұсқасы Амангали Кенжахметовте сақталады, ал көшірмесі іске тіркелген.

Инспектор: Е.Шкоков

Айыппалушылар: А.Кенжахметов, М.Кенжахметов,
С.Есениязов, Т.Тілеков

(Айыппалушылардың үшеуі қол таңбаларын, Тілеков – орысша қол қойған)

Азаматтар: А.Ерекенов, Х.Ғабдыров, Ж.Жангожин,
Т.Алдоңгаров, К. және С.Лұқпановтар, Т.Ғабдырахманов.

(23 адам қол қойған).

Мөр басылған.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 373-б.)

Бітімгершілік үкім (Мировой приговор)

1924 жыл, 16 маусым.

Біз Бөкей губерниясы, Теніз уезі, Баект болысының азаматтары:

1. Хами Фабдыров, 2. Эли Ныгметов, 3. Ғұбаш Талгарин, 4. Салық Ыдырысов, 5. Қалмұқан Ерекенов, 6. Көшбай Есқалиев, 7. Сагындық Қаржаубаев, 9. Жаншак Құлмаганбетов, 10. Исмайыл Ақшолақов, 11. Майрам Омаров, 12. Хамалиден Жақыпов, 13. Тау Фабдырахманов, 14. Жүсіп Әубекіров, 15. Габдол Жалгутов, 16. Тапаш Қайыров, 17. Меңдігали Бижанов, 18. Смадияр Үсмагұлов, 19. Камалиден Лұқпанов, 20. Габдеш Қайықбасов, 21. Тайыр Үсмаилов, 22. Табылды Алдоңгаров, 23. Жұмагали Жанғожин, 24. Имаш Бокеев, 25. Сираж Лұқпанов, 26. Әзмұқан Ерекенов, 27. Көшкінбай Шотыбаев, 28. Ғылымғали Жәңғіров – осы үкіммен мынадай қысқаша мінездеме бердік.

Шоланды болысының азаматтары – Амангали, Мұқанғали Кенжахметовтар, Тайыр Тілеков және Баект болысының азаматы Сейітбаттал Есенязов, бул төртеуі 1920–22 жылдары Совет өкіметі құрылсының басына түскен сын сагаттарда олар Қызыл Армия қатарында болып, Бөкей, Орал губернияларында зұлымдық әрекеттер жасаған ақ гвардияшыл Серов, Киселев, Тогызбаевтардың бандыларынан қазақ халқын қоргауда табанды және батыл іс-қимылдар көрсетті. Өздері талай рет батырлық ерліктер істеп, жалпылай Совет өкіметіне және жекешеленген жергілікті тұргындарга орасан зор көмек көрсетті.

Олардың осындай ел қоргаудагы ерліктері үшін біз, атамыш азаматтар, Баект болысы тұргындары атынан жалынды пролетарлық раҳметімізді айтамыз және соттексеру органдары алдында, олардың жоғарыда атап көрсеткендегі КСРО үшін жасаған еңбектерін ескеріп, азын-аулақ агаттықтарын кешіріп, мүмкіндігінше заңды жеңілдіктер беруін сұраймыз.

Сол ушін қолдарымызды қоямыз.

*Мор
басқан*

*ВИК төрагасы:
Орынбасары:*

*Ә.Ерекенов
Х.Ғаббыров*

Азаматтар: Ж.Жанғожин және басқалары

(Борінің де қойған қолдары бар)

(№ 67118/192-іс, 1-т., 374-б.)

* * *

Міне, Евгений Шкоковтың екі айдан аса сергелден жүрісі осылай сөтсіз аяқталады. Сөуір айының басында жолсапарға аттанған ол Орда қаласына тек маусым айының аяғында қайтып келді. Еш нәрсе тындырмасстан Жаңақала ЧОН отряды да азып-тозып, уез орталығына оралды. Қайта-қайта орталыққа хабарлап, өрісі губерниядан, берісі уезден өскер шақыртып, Амангалиды ұстамақ болған болыс өкімдері, губерния өкілі, кейбір коммуналар керісінше өздері тұтқынға түсіп, ақыр соңында сол лауазымды адамдар, болыс атқамінерлері, екі жақты келісім-шартқа да, Амангалиларды ақтайтын бітімгершілік үкімге (мировой приговор) де қолдарын қойып, өтініштерін айтып, бұдан былай Амангалиды мазаламайтындай, қудаламайтындай болып, уәделерін береді.

Ордаға оралған Шкоков өз бастықтарына қандай есеп берді одан бізде мәлімет жоқ. Әйтсе де Бөкей губерниялық ЧОН штабы күткен есепті хабарламаны жеделдетіп Жаңақала ЧОН болімінен алды. Ал уездік болім атальыш баяндаманы өз Кенесінде талқылап, қаулы қабылдап, жиналған құжаттарды соңына тіркеп, шұғыл шара қолдануга “жедел-құпия” түрінде губерниялық басқармаға жонелтті. Оған уездік ЧОН болімі төрағасының орынбасары Кононенко өз түсініктемесін косты. Енді сол құжаттардың мазмұнымен танысалық. Онда Е.Шкоковтың жауап беру хаттамасына қосымша мәліметтер бар.

Бокей губерниялық ЧОН штабына

Рапорт

Жаңақала ЧОН Советі мәжілісінің қаулысына сәйкес (№ 4 хаттау, 2 маусым 1924 ж.), мен 17-рота, 1-взвод болімі командирінің орынбасары Кононенко Сіздің қарауызызга және шешім қабылдауызызга мына төмендегі материалдарды жіберіп отырмын:

1. Фаязов пен Шкоковтың операция жүргізілген жерден жолдаган жедел-құпия мөлімдемелері мен хабарламалары (тіркелген № 7; 8; 9; 10; 11; 12)

2. а) Жаңақала ЧОН Советі мәжілісінің № 3 хаттауы (5 мамыр 1924 ж.).

б) мәжілістің № 4 хаттауы.

в) Нигматуллин, Абдешев, Шокиндердің рапорты.

г) Шкоковтың 1924 ж. 27 мамыр күні жазған № 46 қатынас хаты.

3. а) Фаязовтың Жаңақалага қайтып оралғанда 1 маусым 1924 ж. жазған № 15 рапортының көшірмесі.

б) Шкоковтың 2 мамыр 1924 ж. № 33 хатының көшірмесі.

в) Фаязовқа 5 мамыр 1924 ж. берілген № 30 тапсырманың көшірмесі.

г) Фаязовқа 5 мамыр күні берілген № 29/с куәлік қағазының көшірмесі.

д) Фаязовқа берілген № 880 ашиқ тапсырманың көшірмесі

е) Бает болысының төрагасы Е. Ерекеновтің 5 мамырдағы жазған № 31/с қатынас хатының көшірмесі.

ж) Шкоков Фаязовқа 29 мамырда жазған № 16 хатының көшірмесі.

з) Шкоковтың отрядындагы ерікті қызылоскерлердің Фаязовтан оқ-дәрі, патрондар алған қолхаты мен тізімінің көшірмесі.

и) Шығындалған патрондар мен винтовкалардың жоғалған штыктары мен тіреуіштеріне жасалған 19 мамыр 1924 ж. № 18 акттың екі данасы.

Осыған қоса өзімнің қорытынды тікірімді және керекті түсініктемелерді бірге жіберіп отырмын.

1924 ж. 5 мамыр күні мен Жаңақала ЧОН-н 17 рота I взвод командирінің орынбасары міндеттім кірістім, ЧОН Советінің мәжілісіне қатыстым. Сол мәжілісте бес коммунарды боліп, оған Fаязовты бастық етіп тағайындалап, қашқындарды құртуга тапсырма берілді. Ол үшін қосымша адамдар жіберуге қаулы алынды. Сондықтан мен Fаязовқа керекті құжаттар дайындауга кірістім және оған қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-тұлік бергіздім.

3. Рогачев жолдастың Fаязовка берген нұсқауынан менін түсінгенім: ол бүйректың орындалуына басымен жауап береді және қылмысты істер болімі нұсқаушысымен, болыстық атқару комитеттерімен, РКП(б) ячейкаларымен байланыс-қанда Fаязов жолдас тек қана өзінің тікелей бастығына багынады, алайда өзінің барлық іс-қарастарін, қашқындарды құртуға ат салысқан басқа қарулы отрядтардың барлығымен бірге келісіп отырып орындауга міндетті.

Бірақ Fаязов жолдас өз тобын Шкоковтың отрядына қосып, соның қоластына көшіп, үріларды жоюдагы барлық жауапкершілікті өз мойнынан босатып, Шкоковқа жүктелеген. Жөне ол туралы тікелей бастығына хабарламаган, одан рүқсат та сұрамаган. Ол тіпті Рогачевтың аса қатты ескертүіне қарамастан Шкоковтың отрядына қолхат бойынша 200 оқ-талган патрондар берген. Оның жазған хабарламаларының түсінікесіздігі соншалық, тіпті Fаязов оралғаннан кейін де оның магинассын ажырату оқайлықса түспеді.

Коммунарлар да оған багынудан қалып, тұрактарын тастап, өз еріктерімен үйлеріне қайтып келді, ал Fаязовтың өзі де ешбір рүқсат алмастан соңғылардың бірі болып Жаңақалага оралды. Сонда оның айтып түсіндіргені – қашқындардың теңізге шығып кетулеріне байланысты Шкоковтан ол рүқсат алған болды.

Мүмкін ол дұрыс та істеген шыгар, әрине мен оны кінәлай алмаймын, себебі жауашылық, согыс жағдайында өскери багыну жолын өзім де жете білмеймін, бірақ винтовканың штыктары мен тіреуіштерді жогалтуын, оған қоса рүқсатсыз Шкоковқа патрондар беруін дұрыс деп айта алмаймын. Ал Шкоков сол патрондарды I маусымға шейін, үш күннің ішінде қайтaram деген, бірақ ол Жаңақалага қайтып оралған жоқ және патрондар туралы ешнөрсе жазған да емес.

Жоғарыдагы түсініктемелерімді корытындылай келе айттарым, бұған коммуналар да, Fаязов та айыпты емес.

Керісінше, жас, тәжірибесіз және білмі төмен коммуналарға осыншама аса жауапты, орі маңызды тапсырманы жүктеген ЧОН Советі кінәлі.

Егер Рогачев жолдас ал Ордада жүрген болса, ол Сізге осы туралы айрықша айттып түсіндірген болар. Ал менің басқа алып-қосарым жок, себебі бұл мәжіліске дейін Фаязов және басқа коммунарлардың қандай адамдар екенін мен білмедім.

Ескертту: қосымша қағаздар 21 парапттан тұрады.

Командирдің орынбасары:

Кононенко

(қалы)

(№ 67118/192-іс, 1-т., 350–351-бб.)

* * *

Біз Кононенконың жазған рапортына тіркелген тізімдегі құжаттардың орналасуына сол өзгеріс енгізіл, яғни құжаттарды операцияның басталып, одан әрі дамуына қарай сойкестендіріп қайта курдық. Және оны Евгений Шкоковтың Жанақала ЧОН боліміне арнап жазған жедел хатының ЧОН Кеңесінде талқылануынан бастадық. Себебі, ол аталмыш операцияның бірден-бір бастамасы және Е.Шкоковтың Жанақала уезінде кайта оралып, атқару комитетінің төрагасы Магауия Өтегеновке хабарлаған екінші накты дерегі еді.

Енді Жанақала ЧОН Кеңес құрамының қараган Е.Шкоковтың жедел хатының мәселелеріне назар салайық.

Жанақала уезі ЧОН Советі мәжілісінің № 3 хаттамасы

Қатысқандар: ГОГПУ уәкілі – Куличкин жолдас,

Военком – Кононенко жолдас,

УИК төрагасы – Өтегенов жолдас,

Уком РКП(б) хатшысы – Шамшединов жолдас,

ЧОН комбыводы – И.Рогачев жолдас.

5 мамыр 1924 ж.

Тыңдалды:

Қаулы қабылданды:

1. УРО инспекторы Е.Шкоковтың хабарламасы бойынша Шоланды болысындағы үрыларды жою үшін коммунарлар отрядын жіберу туралы.

1. Комбывод орынбасары ж. Ә.Фаязовтың басшылығымен 5 коммунардан отряд жіберу керек. Тапсырма – үрыларды жою міндеттесін.

2. Коммунарларга берілетін
ат-көлік туралы.

2. Уездік атқару комитетінен коммунарларга ат-
көліктермен қамтамасыз
етуді сұрау керек.

ЧОН Советінің төрагасы: Шамиединов (қолы)
Мүшелері: Өтегенов, Кононенко, Рогачев, Кулічкін (қолы)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 358-б.)

ЧОН Кеңесінің құрамы, әрине, осал адамдар емес.
Керісінше беделді, Жаңақала уезінің бетке үстар үлкен
лауазымды адамдары: ГПУ губерниялық бөлімінің үәкілі,
уездік әскери комиссар атқару комитетінің төрагасы. РКП(б)
уездік партия комитетінің хатшысы, ЧОН комвзводы. Қолдың
бес саусағындау мығым, жұдырықтай күш.

Кононенко өз рапортында операцияның сөтсіздікке
ұшырауына коммунарлар емес, осы ЧОН Кеңесі кінәлі дейді.
Кемпілік тіпті екі жақтан да болуы мүмкін, қай-қайсысының
да сапасына байланысты, ал ол төмен сатыда болған сыңайлыш.
Оны істің нәтижесі көрсетті. Енді Шкоковтың жолдаған
хабарламасының мазмұнымен танысының.

(Жедел, құпия)

Жаңақала уезі ЧОН комвзводына
Бокей губаткомы әкімшілік болімінің
УРО инспекторы Е.Шкоковтан

5 мамыр 1924 жыл.

Жаңақала уезі, Шоланды балысында жүрген үш бұзық
белгілі болды. Амангали, Мұқангали Кенжакметовтер және
Сейітбаттал Есениязов. Олардың тұрагы Шоланды
балысының "Байжан шағыл" деген жері.

Мен оларға қаруларын тапсырсын деп Шоланды балысының
азаматы Сапаралы Мәметәлиевтің жіберген едім. Кімнен екенін
білмеймін, үстауга 80 адамнан тұратын отряд шығыпты деген
лақапты есепті, олар соңғы оғымызың қалғанша берілмейміз деп
қарсылық білдіріпті. Өздері бірінши округтегі балыстық атқару

комитетінің № 12 үйіне бекініп алып, отрядтың келуін күтіп отыр. Барып келген Мәметәлиевтің байқауынша, олардың Звинтовкасы мен 1 револьвері бар, оғының қанша екенін білмейді, себебі ал атқа салған ердің қасына байлаулы қоржында көрінеді. Маметәлиевтің айттуынша, өздері өте ыңғайлыш орналасқан.

Осыларды хабарлай отырып, Амангали тобын тез жөнө ойдагыдай жою үшін Сізге қарамагызыздагы взводпен Шоланды болысы аумагына негұрлым тезірек жетуіңді сурар едім. Ол үшін алдын ала Баёт болысы атқару комитетінің төрагасы Ерекенов жолдасқа жолыгу керек. Оның үрүларды бақылап отыруга жіберген қупия адамдары бар. Осы мәліметті апаратын сенімді адам, ол сізге жол бастауши болуга да жарайды. Қарсыластар сезбей қалу үшін межелі жерге жақындалған кезде түнделетіп жүрген жөн.

Озім тағы ЧОН отрядын шақыруға Гурьевке жүремін, оған қоса Текіз уезінің Баёт болысы төрагасымен, оның орынбасарымен де байланыс жасап отырмын, ал тұрагыма, ягни Шоланды болысына 5-ші мамырда оралатын шыгармын.

Сіздерге аталғандардың жеке істе өте тәжірибелі адамдар екенін ескерткенімнің артықшылығы болмас, өсіресе, Амангали Кенжахметов 1923 жылы Текіз уезінің 18 адамнан тұратын ЧОН отрядына үстептады. Сандықтан оларды тұтқындау кезінде немесе шабуыл жасағанда өте сак болған жөн.

Инспектор: Шкоков (қолы)

2 мамыр 1924 ж. № 33 (оп.) "Мейірман" мекені.

Көшірмесі дұрыс: қолы бар.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 363-б.)

Е.Шкоковтың бул хабарынан нені үтгуга болады? Ол соңынан Фаббас Жәнібековке берген жауап хаттамасында өзінің Амангалиға жіберген адамының аты-жонін үмітқанын айтады. Арада бірнеше жылдар өткен соң, ол адамды үміттүү да ғажап смес, әрине. Ол Сапаралы Мәметәлиев болды. Оны Шкоковтың мына жазған хабарынан енді анықтап отырмыз. Сапаралы Мәметәлиев Амангалидың етене жақын таныс адамы. Ол да бір кезде ВИК төрагасы болған. Ол Амангалиға Шкоковтың үсынысы – каруларын еріктерімен тапсыруды айтып

барғанмен өз сөзін өткізе алмады. Аманғали бұл ұсынысты қабылдамады, керісінше, оларды үстауга сексен адамнан тұратын отряд шыққанын естігенін Мәметәлиевке хабарлап, “өліспей беріспейміз” деп қаруларын тапсырудан бас тартады. Өтіркті қашанда асыра айту қазағымның әдеті емес пе, ондай лақапты кім таратқанын бір құдайдың өзі біледі. Шындығында, Аманғали уез басшыларына, лауазымды азаматтарға сенбейді. Қаруын тапсырса, оны үстап, Кенес өкіметіне жау адам ретінде сот орындарына табысталап, тұrmеге қамап, намысын аяққа басқандай сезінеді. Ал Шкоковтың максаты Аманғали тобын құрту немесе қолға түсіріп, өкімет орындарына табыстау. Осы қағиданы Баet болысының төрагасы Ә.Ерекенов те үстанады. Жоғарғы жакқа жиі-жіі хабарлап, қайта-қайта отряд шакыртып, Аманғалиды тұтқындауды көздейтін де солар.

Оған Ерекеновтың Е.Шкоковтың артынша іле-шала жазылған мына арызы дәлел.

(Күпия)

Шоланды болысы, Жаңақала уезі
4 мамыр 1924 ж. № 576

Уездік атқару комитетіне
Кошірмесі: Уездік әскери комиссариатқа

Менің тексерген мәліметтерім бойынша, Шоланды болысының № 2 ауыл тұргындары Аманғали, Мұқанғали Кенжахметовтер және Баet болысының екі адамы винтовка, револьвермен қаруланып, Теніз, Гурьев уездерін үнемі кезін жүр. Олар туган-тұысқандарымен тек анда-санда жасырын ғана кездеседі. Естіген хабарларға қараганда, қарулану себебі Теніз уезінің өкімет орындары сонына түсін, ал олар болса сот пен тексеру орындарынан бас тартады, яғни оған барғылары жоқ.

Казір олардың үсталғаны немесе үсталмагандары туралы менде ешқандай мәлімет жоқ, және қарулангандарға қарсы қолданған әрбір амалым нәтижесіз қалуда, себебі, олар әкімшілік орындарына мұлдем жоламайды. Кенжахметовтерді үстау тек арнайы күшті, ерекше отрядты керек етеді.

Осыны хабарлай отырып Сіздерден аларды қогамға зиянды
зәзектер ретінде тұтқындауды отінемін.

ВИК торагасы: Э.Ерекенов (көлі)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 354-б.)

Осыдан кейін Жанақала ЧОН Кенесінің қаулысына сойкес
ЧОН командирі Рогочев комвзвод орынбасары Фаязов пен Баєт
болысының төрағасы Э.Ерекеновке арнап нұсқау хаттар
жолдайды. Бұған Фаязовка арнайы күалік пен ашық жарлықты
косады. Осы екі хаттан со бір кезде-ақ әкімшілік-оміршілдік
жүйенін қызмет өдісі байқалады. Енді солардың мазмұнымен
тәнисының.

(Жедел құтия)

КССР
Бекей болысы
ЧОН 17-рота
1-взвод бөлімі
№ 30/с.
5 мамыр 1924 ж.

Милиция қурамындағы взвод
командирінің орынбасары
Фаязов Эдият жалдасқа

Бекей болысы УРО инспекторы Шкоков жолдастың
2 мамыр 1924 ж. жолдаган № 33/оп/с хабарламасына қараган-
да Жанақала уезі, Шоланды болысы "Байжан шағылында" үш
уры сонда жасырының жүрген көрінеді. Олар винтовкалармен,
наганмен қаруланған, оқ-дорілері қаша екені белгісіз.

Жанақала уезі ЧОН Советі мажлісінің 5 мамыр 1924 ж.
№ 3 хаттау қаулысына сойкес

Бүйір амын:

Сіз ЧОН-ның 1-бөлімшесінен 5 коммунармен Шоланды
болысына барып, сол елден шыққан үршлардың көзін жойып немесе
аларды үстап, Жанақалага өкелу үшін "Байжан шағылына"
аттанаңыз. Егер үршлар шынымен қаруланған болса және өділ
соттың қолына түскілері келмесе, яғни ешір шарасыз жағдайда
сол жерде атып жойындар, ешқайсысына қашуга ешқандай

мүмкіндік берменіз. Реті келсе, түгел қолға түсіріңіз, ал келмесе, екіге боліп, әрқайсысын жеке-жеке ұстап Жаңақалага джелуге тырысыныз. Сізге сеніп тапсырган коммунарлар аса қызынбасын, тапсырманы орындауга кедергі болатындағы өздігінен ештеңе жасамасын, ондайга руқсат берменіз. Эр коммунардың өз беттерімен әрекет жасауга болмайтынын оларға айтып тусіндіріңіз. Егер үрүлардың қурамы көп болса, яғни атамыш ушеуге тағы басқа қауіпті, немесе жергілікті тұргындардан қосылғандар болса, бұл жағдайда өз отрядыныңдың қатарын күшейту үшін коммунарларды 1, 2, 3-болімшелерден алыңыз және осы жөнінде тез маган, ЧОН-ға жедел хабарлаңыз. Оnda үрүларға жаңадан қосылғандардың да санын, жаяу немесе аттылы екенін, қарулары қандай, қанша оқ-дәрілері бар, қандай көлікпен және қайда бет алғандарын, сондай-ақ осыған сәйкес өз қимыл-жоспарыныңды хабарлап отырыңыз. Бокей губерниялық бандитизм мен қарулы барымташыларға қарсы курсу болімінен арнағы жіберілген УРО инспекторы Шкоков жолдаспен тығыз байланыс жасасын. Сосын Баев болысының торагасы жолдас Ерекеновпен хабарласыныз, ол да үрүлардың ізін торуда. Шкоков жолдас рапортында солай дейді. Басқа да уездердің милициясы мен ЧОН болімдерімен хабарласып, егер соңғылар үрүлардың артына түсіп журсе, іс-қимылдарыныңды солармен байланыстырыңыз. Шкоковтың хабарлауынша, ол Гурьев ЧОН-ынан көмек сұрауга кеткен, сондыктан, мениңне, сіздерге Гурьевтеп де коммунарлар жіберіледі.

Үрүлардың тұрактарын қупия түрде барлау үшін Жаңақала уезінің дағы коммунарларын пайдаланыныз, аларды танымайтын болсын. Және олар онша көзге түспеу үшін мүмкіндігіне қарай қаруандырмаңыз, тек өзін қорғау мақсатында қалтага салатын револьвер сияқты жеңіл қару беріңіз. Егер сіз барлауга жіберіп, ал өзіңіз Ілгері жылжытын болсаныз, онда барлаушыларының керекті мәліметтер жинағаннан соң сізге келу үшін, оларға кел деген жеріңізге адам қалдырыңыз да оған өз бағытыныңды айтыңыз. Сізге ЧОН Советі мушелері 5 мамыр 1924 жылы қол қойып, мор басып берген № 880 ашиқ жарлық бойынша ауыл советтен немесе болыстық атқару комитетінен ат-қолік аласыз, әйтпесе өз бетіңізben алушы болмансыз, тек олардың рұхсатымен гана алыңыз.

Тапсырманың орындалуына қауіп төнгенде гана, яғни қарақыштар қашса, өз еркінізбен қымылдайсыз, бірақ оның бөрін күн сайын маган Жаңақалага немесе мениң орынбасарым Кононенко жолдасқа хабарлап отырасыз. Ал, кенет, аяқ

астынан өзгеріс болса, оған тез арада немесе дереге шара қолдану керек болса, ол жөнінде айтып, арнаіры шабарман жіберініз. Біз оған осы жерден басшылық жасауымыз керек.

Жаңақалага сіздің хабарламаңыз немесе бізден маңызды нұсқау тез жету үшін, ауыл советі мен болыстық атқару комитеттерінің келісімімен постылар белгілеңіз. Егер постагылар партияда жоқ болса, ондайлардан құпия сырды жарияладайтыны және Жаңақалага апарылатын хабарламаларды, ал одан қайта ЧОН болашақтаріне берілетін нұсқауларды тездеп кезекті постыга жеткізіп беруге міндетті екендері туралы алардан қолхат алу керек. Атыс үстінде коммунарлардың бірі жаралы болса, оған жедел жардем беру үшін жақын жердегі фельдшер пунктіне апарылады, ол пункттердің мекен-жайын Жаңақала уездік деңсаулық сақтау бөлімінен аласыз, таңғыш материалдарды да солардан қабылдан, коммунарларға үлестіріп бересіз. Шоланды болысына барғаныңызда атамыш үрүлар болмаса, мынаны анықтаңыз: "Байжан шагылында" олар шынымен бар ма? Болса, олар қанша, немен қаруланған, қайда тығызып жүр? Бандыны жою үшін қандай шара қолданып, қалай қимыл-брекет жасауды УРО инспекторы Шкоков жолдаспен келісініз. Егер сіз барлау жасап, олар мұлдем болмаса және жолдас Шкоковтың маліметті қате десеңіз, онда жұмысынызды аяқтап, дереге Жаңақалага оралыңыз.

Тапсырманы оскери маңызды деп есептеңіз. Осы тапсырма түргел немесе ішінара орындалмаса, сол алдында басыңызбен жауап бересіз.

Жаңақала ЧОН командирі:

И. Рогачев

ЧОН командирінің орынбасары, военком:

Кононенко

(№ 67118/192-ic, 1-т., 364-6.)

Ә.Фаязовқа берілген куаліктін мазмұны.

ҚССР

Бөкей губерниясы

ЧОН 17-рота бөлімі

Күзделік

ЧОН 17-рота бөлімі 1-взводы командирінің орынбасары азамат Фаязов Әдиятке осы куалік берілді, себебі ал шын мәнінде

коммунарлар командасымен Шоланды бөлісінан шыққан үріларды жоюға арнайы тапсырмамен жіберілді.

Фаязов жолдасқа берілген өскери тапсырманың өте шұғылдығынан Жаңақала уезінің барлық басшы қызметкерлері үріларды жою жөнінде сұраган заңды талаптары кезектен тыс орындалуы және мүмкін боларлықтай көмек көрсетулері тиіс. Фаязов жолдас операцияның жауапты қызметкері ретінде уездің рұхсатынсыз тұтқындалмайды.

Сондықтан осыны қол қойып, мөр басып куәландырамыз

ЧОН Советінің төрагасы (қолы)

ЧОН командирі

Мүшелері: Бокей ГО ГПУ

УИК төрагасы (қолы)

Военком

(Күнілік 1924 жылдың 10 маусымына дейін жарамды)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 366-б.)

Ә.Фаязовқа берілген Ашық жарлықтың мазмұны.

ҚССР

Бөкей губерниясы

Жаңақала уезі атқару

комитеті. 5 мамыр 1924 ж.

№ 880 хаттауы

А ш ы қ ж а р л ы қ

Осыны көрсеткен ЧОН-ның I-вズводы командирінің орынбасары Фаязов Әдият жолдасқа және онымен бірге жіберілген отрядқа Жаңақала уезі жерінен қажетті ат-қолік алуына рұхсат беріледі.

Сондықтан барлық болыстық, аудостық атқару комитеттері, іс қызметкерлері және жекелеген азаматтар жолдас Фаязовқа мүмкіндігінше кезек күттірмей көмек беруге, сондай-ақ алып журуге қажетті барлық алгаушқы жабдықтарымен қамтамасыз етуге міндеттеп, оны қол қойып, мөр басып куәландырамыз.

Жаңақала Уезатком төрагасы М.Өтегенов (қолы)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 367-б.)

И.Рогачевтің Бает ВИК төрагасы Ә.Ерекеновке жолдаган хатының мазмұны.

КССР

Жаңақала уезі

ЧОН взвод командирі

5 мамыр 1924 ж.

№ 31/с

Бает балыстық атқару комитетінің төрагасы
жолдас Ә.Ерекеновке

Мен Жанақаладан Шкоков жолдас айтқан жерге қарулы коммунарлар жібердім. Шкоковтың айттынша, Сіз сондагы үрүларга бақылау жүргізесіз, сондыктан олардың қайда екенін білсіз. Сізден соларды ұстауга көмек сұраймын. Осы хабарды алған соң бір минутта кідірмesten Ахмет балыстық атқару комитетіне аттанаңыз, онда Сіздің біздің жіберген коммунарлар отряды күттеде.

Егер бір жағдайлармен өзіңіз шыға алмайтын болсаңыз, ол жөніндегі адамыңыздан дереу Ахмет балысындағы біздің отрядтың командиріне хабарлаңыз, кейін баратын кезіңізді айттыңыз. Сондай-ақ жолдас Шкоковтың қайда екенін білсекіз, онда бәрін егжей-тегжейлі оған да айтып, тез хабар беріп, адамыңызды ж. Шкоковқа жіберіңіз, оған отрядтың шыққаны туралы түгел жазыңыз және мына мен жіберген ашық жарлықтың кошірмесін беріңіз.

Осының бәрі оте құпия сақталсын.

Жаңақала уезі

ЧОН взводы командирі

И.Рогачев

(№ 67118/192-іс, 1-т., 368-б.)

Енді құжаттардың бәрін тізе бермей, Ә.Фаязов пен Е.Шкоковтың бір-екі хабарламалары мен рапорттарының мазмұнын берелік те, оқырманға операцияның қорытындысын хабарлайық.

Жаңақала уездік ЧОН командиріне

Х а б а р л а м а

Сізге мынаны хабарлаймын. Шоланды балысына 8 мамыр 1924 ж. таңғы сағат 6-да келіп жеттік. Шоланды балыс-

тың атқару комитеті УРО инспекторына хабарлады. Төрт қашқын Шоланды мен Баев болыстарының шектесер жерінде екен, олар винтовка, нагандармен қаруланған. Жергілікті коммунарлардың жоктығынан біз өз барлаушыларымзды жіберуге мәжбүр болдық. Ахмет болысынан Шоландыга жіберген екі барлаушымыз жергілікті сенімді азаматтардың жәй адамдардан естігендеріне қараганда, қашқындар бір куні Баев болысында журсе, ертесінде Шоланды жеріне көшіп үлгіретін, тым шапшаңдық қарекеттер жасайтынын айтады.

Мен өзім қазір Шоланды болысының кеңесіндемін, екі барлаушым қашқындар тұрагынан қайтып оралды, бір сенімді адамды Баев болысы Ерекенов жолдасқа жіберіп, содан хабар күтіп отырмыз.

Взвод командирінің орынбасары:

Ә.Ғаязов
8 мамыр 1924 ж.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 353-б.)

* * *

(Өте күпия)

ЧОН-ның 17-рота
1-взвод командирі
И.Рогачев жолдасқа

Сізге томендергіні хабарлаймын:

Мен өз коммунарларыммен Шоланды болысындамын. Баев тұрагасына жіберген адамым үшінші күн болды, қайтып оралған жоқ. Ал Бөкей губерниялық УРО инспекторы Шкоков жолдас та Шоланды болысына келді, сонымен біз үстіміздегі айдың онынши жүлдізынан осындамыз. Жолдас Шкоковтың айтуыша, бандиттер отбасымен бұрынғы тұрактарынан басқа бір белгісіз жаққа көшіп кеткен көрінеді, мүмкін олар Орал губерниясына өтіп кетуі ықтимал.

Бізге жолыққан Шоланды болысының бір адамы айтқандай, алдыңғы күні Мұқанғали мен Аманғали Кенжахметовтер солардың ауылдасы Шәріпов дегенниң Бесқұдық тұрагында бір

айғырын ала кетіпті. Ол жер Шоланды болысының Орал губерниясы Кулагин болысымен шектес тұсы.

Сізге хабарларым осы. Өзім отрядыммен өлгі айғырды алған Бесқұдық тұрагына барамын.

Взвод командирінің орынбасары:

Ә.Фаязов
10 мамыр 1924 ж.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 352-б.)

* * *

(Өте қупия)

ЧОН-ның 17-рота
1-взвод командиріне
Комвзвод орынбасары
Фаязовтан

Х а б а р л а м а

15 мамырда мен Шкоковтың отрядымен Шоланды болысында бандиттердің ізіне түсіп, қуып бердік. Олар Теніз уезі, Бает болысы, Хами ауылына бағыт алды, бірақ ауылга жетпей бізге бір адам кездесіп, ол бандиттердің осы жерден бар-жогы бір жарым шақырым алда екендігін және олардың екі барлаушыны түткіндаганын бізге хабарлауга және жүрісті бұдан әрі дереу токтатуды талап еткен, әйтпесе екеуін де өлтіреміз деп осы адамды жіберген.

Бұдан кейін Шкоков жолдас екеуміз қашқындардың соңынан қумақшы едік, бірақ оған Шкоковтың ерікті тобы қонбеді. Сондықтан бұл шешімге қонған ол, өз тілмашын жіберіп, оларға қақтығыссыз-ақ берілсін деп ұсыныс жасады. Кешкі сағат бесте кеткен адам тогызда оралып, олардың келіссөзді макулдаганын, бірақ оны ертеңгі таңға, яғни 15 мамырга қалдыратынын айтып келді. Шкоков жолдас оған да келісті, сонымен біз Хамидың ауылына кеттік, оймызы сол жерде келісім-шарт жүргізіп, сол жерден шабуыл бастармыз дедік. Бірақ түн болып кетті де, біз жолда адасып, айдалада қонып шығуга мәжсүр болдық. Ал таңертең бізге түткіндалған барлаушыларымыз қайтып келіп, бандиттердің ізім-қайым

белгісіз жаққа жоғалғандарын хабарлады. Барлауды алға қарай жалғастырудамыз, қашқындар саны өзгерген жок.

Комвзвод орынбасары:

Ә.Фаязов

Тіркелген № 11/сс. 25 мамыр 1924 ж.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 356-б.)

Урылар жонінде мәлімет (27 мамыр 1924 ж. № 47/1)

Бает болысынан қашқан урылар 24 мамырда Орал губерниясындагы Калмыково жерменкесіне жетті. Оларды ұсташа туралы Калмыковога бірнеше жеделхаттар жібердім. Калмыково жімшілігі, басшысы ЧОН комвзводы болып, аларды ұстай алмады, барлаушылармен бірқатар атыстан кейін қашқындар қайта Шоланды арқылы Бает болысына кетті. Сондыктан біздің қарулы отряд екіге беліндік, бірі жолдаға Фаязовтың басшылығымен Шоланды болысында болады, егер урылар қайта оралса, аларды сол жерде күтіп қарсы алады. Ал өзім 9 атқышы жігіттен урылардың соңына түстім, яғни Бает болысы жерінде боламын. Олардың баратын жері қалмады, сейтіп алар енді Бает, Шоланды болыстары арасында, калың күм ішінде қашып отырмак, демек операция аяқталуга жақын.

Постарын тастап кетіп қалған ЧОН коммунарларының орнына жаңадан үш адам жіберсеңіз дұрыс болар еді, себебі, қосылған еріктілер әскери іске үйренбеген адамдар екен.

Инспектор:

Е.Шкоков

Комвзвод орынбасары:

Ә.Фаязов

(№ 67118/192-ic, 1-т., 357-б.)

Жаңақала уезінің ЧОН комвзводына

КССР

Бекей губаткомы

Әкім. болімі

УРО инспекторы

27 мамыр 1924 ж.

№ 46/л

Сіздің ЧОН-нан жіберген 5 адамыңыздан коммунарлар Нигматуллин, Абдошев, Шокин өз беттерімен постарын

тастап, тапсырмаларын орындамай жөне бұдан әрі бұл жерде қала алмайтындықтарын хабарлап, қайтып кетті. Сондықтан мен олардың қаруларын қайтарып алдым, себебі үрүлар олі үсталған жеке, олар қызмет адамдарына, мекемелерге жөне жеке түргындарга кесірлерін тигізуде.

Осы жөнінде Сізге хабарлап отырмын.

Инспектор:

Е.Шкоков

(№ 67118/192-іс, 1-т., 361-б.)

Ә.Фаязов Жаңақалага қайтып келген соң ЧОН командиріне рапорт жазған.

ЧОН 1-воздвотың командиріне

R a p o r t

Мен ЧОН командирінің берген № 29 жөне Жаңақала уезі атқару комитетінің № 880 күнөлік қағаздарына сәйкес мамыр айының бесінен алтысайна қараган түнде отрядтен үрүларды үсташа мақсатымен Шоланды болысына аттандым. 8 мамырда атамыш жерімізге жеткен соң, мен үрүлардың тұрагын білу үшін барлаушыларымды жібердім. Барлаудың анықтаганы – олар он күн болыпты тұрактарында жеке, қай жаққа кеткендегір белгісіз. 10 мамыр күні бізге Бает болысынан Шкоков келіп косылды да отрядтың басшылығын өз колына алды. Тагы екі күн барлаумен отті. 12 мамырда Бает болысының отрядына косылдык. Шоланды болысының "Баршағылдан" Мұқанғали мен Амангалидың отбасыларын кездестірдік. Содан кейін "Баршағылдан" сезіз шакырым жерде "Ахун мешіт" тұрагында үрүлардың ізіне түстік те соңынан күтпіл бердік. Шоланды мен Бает болыстарының шектесер жерінде екі шакырым жетпей олар Әбу дегеннің қыстауына тығылған екен. Содан олар Теніз уезінде бет алған, кейін Шоланды болысына оттіп. "Шошалы" мекенінде Арапов деген азаматтың тарантасын алып, Орал облысына беттеген. Коммунарлар отряды үрүларды өкшелей отырып, Кулагин жерінде жете бергенде, олар Калмыковога бет алып, көзден таса болды. Кулагиннен деруе Калмыковога төлеграмма берілді. Одан қарсы сезіз адам отряд шығып, Калмыковдан 25 шакырым, Кулагиндан 30 шакырымдай жердегі "Шондыржай" мекенінде кездескен. Бул жерден де қашқындар күтылып шығып, Шоланды болысына қайта

оралып, турғындардан аттар алып, енді олар Бает балысы арқылы
тенізге шығып кетті.

Комвзвод орынбасары:

А.Фаязов

1 маусым 1924 жыл. Тіркелген № 15. 01.06.24 ж.

(№ 67118/192-іс, 1-т., 362-б.)

Жаңақала уезі ЧОН командиріне
Коммунарлар: К.Нигматуллин,
А.Абдошев және Б.Шокиннен

Р а п о р т

1924 жылды 5 мамырда біз – коммунарлар Шоланды болысына үрыларды ұстауга аттанған болатыныз. Сізге айттарымыз, 27 мамырда біз өз еркімізден тұрагымызды тастап, қайтып Жаңақалага оралдық. Шоланды болысында одан артық тұра алмадық, себебі өзініз блетіндей бізде тек қана бір-бір іш күймдеріміз болғандықтан әбден биттеп кеттік, күймдеріміз де жыртылды, оның есесіне үрылар Шоланды болысынан тым әрі қашты, айтуышлардың сөздеріне қараганда, олар тіпті Каспий теңізіне шығып кеткен көрінеді. Сондықтан біз Жаңақалага оралуға мәжбүр болдық. Оған қоса біздің взвод командиріміз Фаязов жолдастың да келісімі болды.

Көл қойғандар:

Абдошев

Шокин

Нигматуллин

(№ 67118/192-іс, 1-т., 360-б.)

Көшірме

Жаңақала Райком РКП(б) хатшысы Ізбасаров жолдастың басшылығымен откен Жаңақала уезі ЧОН Советі мәжілісінің

№ 4 хаттамасы

Қатысқан мушелер: Жаңақала уезінің ГПУ уәкілі –
Куличкин жолдас, УИК төрагасы – Отегенов жолдас,
Военком ЧОН комвзводының орынбасары – Кононенко жолдас.
2 маусым 1924 ж. болды.

Тыңдалды:

1. Ұрыларды үстап, жою жөніндегі берілген тапсырманы орындаудан өз еріктемін бас тартқан коммунарлар – Нигматуллин, Абдошев, Шокинің 31 мамыр 1924 ж. жазылған рапорттары және ЧОН-ның 17-рота 1-взводы командирінің орынбасары Ә. Фаязовтың 1 маусым 1924 ж. ұрылар теңізге шыгып кетті деген себептен Жаңақалаға өз еріктерімен оралғандары туралы, УРО инспекторы Шкоковтың 27 мамырда жазған хабарламасы оқылды.

(27 мамыр 1924 ж. № 49)

Мәжіліс торагасы:

Қаулы қабылданды:

Барлық материалдар Бөкей губерниялық ЧОН штабының қарауына жіберілсін. Жаңақала уездік ЧОН-ның 17-рота 1-взводы командирінің орынбасары Кононенко жолдастың түсіндірмесі қоса тапсырылсын.

Мүшелері:

Д. Избасаров (қолы)

М. Отегенов, Куличкин, Кононенко (қолы)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 359-б.)

Міне, оқырманға біраз шындықтың беті ашылды. Бірақ біз танысқан архивтік істен, осы ай жарым уақыттың оқиғасына байланысты Шкоковтан басқа да қатысқан адамдардың күәгерлік немесе айғақ пікірлерін оқырмызын деген үмітіміз, өкінішке орай, акталмады. Аманғалидың немесе інісі Мұқанғалидың ой-пікірлерін архивтік істен кезде стіре алмадық. Тек қана конілге медет тұтарымыз, шырақ жарығының сәулесіндегі ғана анық түсінік, аттары аталған тортеудің бірі – Сейітбаттал Есениязовтың тексеру барысындағы берген жауабы. Онымен оқырман кейінрек танысады. Шкоковтың өнгімесінің аяқ жағына шағын ғана қосарымыз мынау: осы оқиғаға қатысқан адамдар ауыл ауылына қайтып оралғаннан кейін, Шоланды болысына келтен кезекті ЧОН отряды, Шкоков айтқандай, Аманғали тобына тарпа бас салған жоқ, атыс-шабыс та болмаған, тек Аманғалиға жолығып, болған істі анықтаған соң, оның қаруларын жасалған келісімдегідей екі айдан соң емес, дереу, тез арада тапсыруларын

талаң еткен. Амангалилар да каждыган шыгар, оны амалсыз орындауга мәжбүр болған. Оған дәлел мына бір құжат.

Қ о л х а т

1924 жыл. Шілде айының I-ші жүлдізы.

Мен, төмөндегі қол қойған Шоланды балысының төрағасы міндеттін уақытша атқарушы Халилин, азаматтар: Амангали, Мұқанғали Кенжакметовтер және Тайыр Тілековтің өз еріктерімен маган тапсырған қаруларын, үш винтовканы және 44 дана патрондарды қабылдадым. Винтовкалардың номірлері: № 78820, № 1610, № 195309, екеуі кавалериялық, біреуі жаяу өскердікі.

Сол үшін мөр басып, қол қойдым.

(қолы)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 377-б.)

Колдарындағы қаруларын тапсырғаннан кейін Амангалилар тыныш, үйлерінде болған көрінеді. Өйткені Амангалидың үлкен қызы Рахиланың айтуыша: “Әкемдер екі айдай үйде болды, тек содан кейін гана Тайыр екеуі ел аралап шығып кетті”, – дейді. Осы кеткенде қайда кетті, о жағы беймәлім. Олар тіпті баяғы жасалған келісім бойынша Ордага, Шкоковқа баруды да ұмытып кеткендей. Мүмкін, сол келісім мезгілі күрт өзгеріп, қаруларын тез арада тапсырған соң, Шкоковқа барудың енді не қажеті бар деп ойлады ма, әлде болыс бастықтары сондай кеңес берді ме?

Дегенмен, оны айтпағанның өзінде бір уәде бар еді гой. Дүниеде біреуте берген уәдені орындағаннан жаман не бар? Ол адам кезінде бас тартқанмен, өмір бойы ойында сақтамасына кім кепіл? Әсіресе уәде лауазымды немесе орган адамдарына берілген болса ше? Амангалидың өзі сондай берген уәденен опық жеп журген жоқ па? Евгений Шкоков күәгерлік айғағының аяқ жағында “Амангалилар қоштасарда маған Әли Нығметов арқылы сыйлыққа мануфактура бергілері келіп еді, мен одан бас тарттым” деген жоқ па? Уәде берген соң олар Шкоковқа бір барулары керек еді...

Осылай жүріспен 1924 жылдың күзі де болды. Бұл кезде Ордадан Бекей ГубУРО бөлім бастығы Жаңгазиев оз отрядымен Амангалиға келген, оны кездестіре алмаған, ал Мұқанғалиды үйінен үстап әкетіп, Орда түрмесіне апарып камаган, осы жерде ол Шкоковпен қайта кездеседі.

Шкоков бұл кезде баяғыша өз қызметінде болатын. Жазғы оқигаларды алі үмытта қоймаған жас Кенес өкіметінің екілі, таяққа жығылған заң қызметкері Е.О.Шкоков енді колға түсіп, тұра алдына келген Мұқанғали Кенжахметовты аясын ба? Еш жаққа мойын бұргызбай дереу төмөндегідей қаулы шығарды.

Қаулы

1924 жыл, 25 қараша

Орда қаласы

Мен, қылмысты іздестіру болімінің уақытыша бастығы Шкоков Е.О., тұтқынга алынған Мұқанғали Кенжахметов туралы Бекей губерниялық ОГПУ болімінен 24 қараша, 1924 ж. келіп түскен № 1032 хатталған іс қағаздарын қарап отырып, Жаңақала уезі, Шоланды болысының азаматтары – ағайынды Амангали мен Мұқанғали Кенжахметовтердің, Теңіз уезі, Бает болысының азаматтары Сейітбаттал Есеніязов пен Тайыр Тілековтің қараеттерін Қылмыс кодексінің № 77-і бабымен айыптауга жетатын құжаттар деп таптым.

Оның себебі: бұл азаматтар 1 мамыр 1924 ж. біздің арамыздагы келіссөз жүргізуге қатысқан Шоланды болысының тұргыны Сапарғали Мәмбетәлиев арқылы қолдарындағы қаруларын өз еріктерімен тапсырысын деген мениң ұсынысыма көнбеді. Оған қоса олар бір ыңғайлы сәтті пайдаланып, мениң қолдарына түсіргенде, екі айдан соң қаруларын тапсырып, Ордага тексеру орындарына айыптылар ретінде келетін бол берген уәделерін де орындаамады. Міне, енді солардың бірі – Мұқанғали Кенжахметовты Бекей губерниялық қылмысты іздестіру болімінің бастығы Жаңгазиев жолдастың отряды қолға түсірді.

Сондықтан жоғарыда атап көрсетілгенге байланысты мынадай шешім қабылдаңады:

1. Атамыш іс тездеп тергеуге алынсын.

2. Осы іс бойынша Шоланды болысының азаматы Мұқанғали Кенжахметов жауапқа тартылсын. Ол үйленген, 32 жаста, сауатсыз, партияда жок, бұрын айыпқа тартылмаган. М.Кенжахметов Қылмыс кодексінің № 77-і бабымен айыпталып, Орда түрмесінде тұтқындалды.

3. Осы қаулының көшірмесі Бөкей губерниясының прокурорына, губерния сотының тергеушісіне және Орда түрмесінің бастыгына жіберілсін.

Қылмысты іздестіру
болімінің уақытша бастығы: Е.Шкоков (қолы)

Айып маган 25 қараша 1924 ж. таңылды:
М.Кенжахметов (арабша таңбасы)

Көшірмелер дұрыс: Е.Шкоков

(№ 67118/192-іс. 1-т., 384-б.)

Міне, Мұқанғали Кенжахметов алғаш рет осылай тұтқындалады. Эрине, тергеу орындары бір гана Мұқанғалимен шектелмеген. Енді Аманғали туыстарын жаппай кудалау осылай басталған. Оның інілері Сұндетқали мен Үмбетқали Кенжахметовтер, сыйбайластары ретінде ағайынды Сейітбаттал мен Сейітқали Есениязовтар тұтқындалып, уез оргалығы Ганюшкинде тергеуден отеді. Ал Үмбетқали мен Сейітқалига Аманғалидың “шпиондары” деген айып тағылады да, Сейітбатталды жазғы әрекеті бойынша жауапқа тартады. Оларды соңынан Мұқанғалидың қасына Орда түрмесінә жеткізеді. Ал Аманғали мен Тайыр ебін тауып үстептей кеткен. Аманғалиды кудалап жыл аяғында Жұмағали Жанғожин, Сираж Лұқлановтар тобы да келген. Бірақ оның орнын сипап қадған. Дегенмен олардың осы жолғы бітірген шаруасы Аманғалидың бір кора малын айдалап, әйслін қоса өздерімен күштеп ала кетіп, оны Жұмағали өз тобындағы комсомол туысына әйелдікке береді. Бұл туралы Аманғали соңынан уездік милиция бастығы Куляшовқа жазған хатында да хабарлайды. Әйелді ертіп кету немесе алып кету өдісін осылайша қарсылас топтағы адамдар бастайды, сейтіп өздері Аманғалиға бірінші болып

жол көрсетеді. Сүндөтқалиға тағар кінә болмай, оны он бес күннен кейін қолхат алып босатады. Рахила өжейідің айтуыша: “Сүндөтқали ағамыз қақаган қыста қол-аяғы үсіген күйде, катты ауырып, жаяу ауылға өрен жетті. Сөйтсе мінгел түйесі орта жолда арам өліпті. Ағамыз: “Сол түйені уландырып жіберді-ау, сірә, әйтпесе анау-мынау сұыққа қысылмайтын мал еді”, – деген. Сүндөтқалидың айтуыша, бір тунде оны айдалага апарып өзіне қабыр каздырган. Сосын оны ернеуіне тұрғызып: “Бандит екенінді мойында!” – деп ақырган. Ол мойындаамаған. “Әйтпесе табанда атып олтіреміз!” – деп алтыатарды кезегенде, бұл: “Атсан, ат! Өтірік мойындағанша осы жерде өлтегім артык!” – деген. “Әлгі басымды көздел атып жіберді. Сонда қыска қиырған шашым быж етті. Қазулы корге құлауга аз-ақ қалдым, әбиір болғанда, сол орнында қатып қалыптын. Артынан тұрмеге кайта алып келгенде қарасам, тобемде оқтың шашымды күйдірген ізі жолак боп қалыпты”.

Аталмыш жыл осылайша аяқталады.



1925 жыл

Ақ берен, алты қарыс ата алмадым,
Қайғы жеп өз үйімде жата алмадым.
Үйіне Отарғали екі барып,
Хайуанды өлтіруге қия алмадым.

Тәнірім, жәрдем бергей адасқанға,
Шығады қара жердің шаңы аспанға.
Хабар жоқ, көптен бері Мұқанжаннан,
Берейін бес жұз теңге бал ашқанға.

Келеді Жайық сұзы тасайын деп,
Барамын аргы бетке асайын деп.
Дініме бір кеселдік шылым тартам,
Күйігін Мұқанжанның басайын деп.

(Аманғали өлеңі)

Бұл жылдың басында тұтқындалған адамдардан жауап алу алдымен Теніз уезінің орталығы Ганюшкінде отеді. Оған дәлел мына төмөндегі күжат:

Қ а у л ы

1925 жыл, 5 қаңтар. Мен, Бөкей губерниясының Теніз уезі бойынша ОГПУ өкілі Евдеенко, бүгін қолға түскен бандиттер – Құнтуған Ақшерин, Сейітбаттал Есениязов, Қайдарғали Жұмашев және А. Кенжакхметовтың жансыздары – Сейітқали Есениязов пен Үмбетқали Кенжакхметовты, кепілдік ретінде тұтқындалған Сұндетқали Кенжакхметовтер туралы түсініктемені қарап шығып, Қылмыс процессуальдық кодексінің 100, 104-бабтарын басшылыққа алып, мынадай қаулы қабылдадым:

Аталған адамдар туралы көмекшім Мұлақаев жолдас құжаттар жасап әкелгенше, Тұтқындар үйіне қамалсын, артынан сол бойынша кінәлар тағызып, жауапқа тартылсын.

Осы қаулының көшірмесі Теніз уезі прокурорына жіберілсін.

Теніз уезі ОГПУ өкілі:

қолы

(№ 67118/192-ic, 1-т., 297-б.)

Аманғали мен Мұқанғалиға қоса олардың туысқандарын кудалау осылайша басталады. Архивтік істе адамдардан жауап алынған бірнеше хаттамалар сақталған. Енді соларды оқып танысалық. Алғашқы кезекте Қайдарғали Жұмашевтан жауап алынған.

Қайдарғали Жұмашевтан жауап алу хаттамасы

1925 ж. 13 қаңтар. Мен, Бөкей губерниясы ОГПУ Теніз уезі өкілінің көмекшісі Мұлақаев Елемес, Шолан болысының бандиті Қайдарғали Жұмашевтән жауап алдым, ал 17 жаста, үйленбеген, партия мүшесі емес, бір гана сиры бар, жарлы, промысылда жұмысшы.

Сұрақ: Кенжакхметов бандысында қай уақыттан бері жүрсін?

Жауап: 1924 жылдың аягында. Ол мені ауылдан тауып алды, сауда жасайық, ақынды төлеймін деді.

Сұрақ: Сенімен Кенжахметовтің өзге адамдар болды ма? Олар кімдер?

Жауап: Бізбен бірге Тайыр Тілеков болды.

Сұрақ: Сендерде қандай қару болды?

Жауап: Уш винтовка мен 150 патрон, винтовкани жасырып текеметке орап, түйеге артып жүрдік, ашық алып жүрген жокпыз,

Сұрақ: Сендерге 1924 жылғы желтоқсанның 6-нан 7-не қараган түні отряд келетінін кім хабарлады?

Жауап: Амангалидың інісі – Үмбетқали хабарлады, содан кейін біз тездеп қаштық.

Сұрақ: Сен олардан қалайша белініп қалдың, винтовканың қайда?

Жауап: Мен олардан 1924 жылғы 9 желтоқсанда қалдым, қашып жүргім келмедин. Ал винтовкани олар өздерімен алып кетті.

Сұрақ: Қандай тонаушылықпен шүгүлданыңдар, қайда және кімді тонаадыңдар?

Жауап: Тонаушылық болған жоқ, тек 7 желтоқсанда Баев болысының Сыралы ауылы маңынан екі атты ала кеттік.

Сұрақ: Өзінді кіналі санайсың ба?

Жауап: Иә.

Сұрақ: Тағы не айтасың?

Жауап: Жарлы болған соң, мен Амангалига бес қап тары ушін бір жарым айға жылқыларын багып беретін болып жалданғам, сойтсем бандыға шатасып қосылып жүр екем. Басқа айттарым жоқ.

Саятсыз болғандығынан таңбамды қойдым

Жауап алған: қолы бар

(№ 67118/192-ic, 1-т., 299-б.)

*Умбетқали Кенжахметовтің
жасаул алу хаттамасы*

1925 жылғы 13 қантар. Мен, ОГПУ өкілінің көмекшісі Мұлакаев, Умбетқали Кенжахметовтің жасаул алды: 18 жаста,

үйленбекен, сауатсыз, сол пен тергеуге бұрын түспеген, агаларымен бірге тұрады.

Сұрақ: Сен отрядтың келетінің қайdan білдің?

Жауап: 1924 ж. желтоқсанның 6-нан 7-не қараган түнде мен шағылда жылқы багып жүргем, түйе мінген бір бейтансыс адам келіп менен: "Кімнің баласысын?" — деп сұрады. Мен Кенжакметтің ұлымын деп ем, ол өзін: "Сейітқали Есениязовпын", — деді. Содан соң: "Амангалига барып айт, оган Жұмагали Жанғожин мен Сираж Лұқпанов топ бастап келе жатыр", — деді.

Сұрақ: Сойлескен соң Есениязов қайда кетті, сен қайда кеттің?

Жауап: Ол қайтып кетті, мен агама келдім. Олар аула ішінде еken, қасында Тайыр Тілеков пен Қайдарғали Жұмашев бар. Мен оларға айттым да жылқыларыма қайта оралдым. Басқа айттарым жоқ.

Міне, сол үшін таңбамды қоямын.

Жауап алған:

қолы бар

(№ 67118/192-ic, 1-т., 300-б.)

Сейітқали Есениязовтан жауап алу хаттамасы

1925 ж. 15 қаңтар. Мен, ОГПУ оқілінің көмекшісі Мұлақаев, бандит Сейітқали Есениязовтан жауап алдым: 42 жаста, үйленген, төрт баласы бар, партияда жоқ.

Сұрақ: Амангалимен қалай таныстыңыз және қандай байланысыңыз бар?

Жауап: Мен Амангалиды білемін, бірақ ешқандай таныстығым да, байланысым да жоқ.

Сұрақ: Сіз отрядтың келетінің қайdan білдіңіз?

Жауап: Мен отрядтың келгенін және олардың Амангалига бара жатқанын 7 желтоқсан күні кешкісін ауылдасты Гұсманғали Досназовтан естідім.

Сұрақ: 1924 ж. желтоқсанның 6-нан 7-не қараган түні сіз Үмбетқалига отрядтың келе жатқанын айтқан жоқсыз ба?

Жауап: Жок, мен айтқаным жсөк,

Сұрап: Тагы айтарыңыз бар ма?

Жауап: Қосатыным, мен Үмбетқали Кенжахметовты бұрын көрген емеспін, түрттүсін де білмеймін. Басқа айттарым жсөк.

Сол үшін таңбамды қоямын.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 301-б.)

Козбе-коз беттестіру

1925 ж. 15 қаңтар. Мен, ОГПУ-дың Текіз уезі өкілінің комекшісі Мұлақаев, Үмбетқали Кенжахметов пен Сейітқали Есенязовтан жауап алдым.

Үмбетқали Кенжахметовке сұрап: Отрядтың келе жатқанын айтқан осы ма?

Жауап: Түн қараңғы болатын, ол ма, ол емес не, қазір есімде жсөк.

Сұрап: Ал Есенязовтың дауысы сол түнгі адамның дауысына үқсай ма?

Жауап: Есенязовтың дауысы сол дауысқа үқсайды.

Сұрап-жауап аяқталды.

(Аталмыш істін 302-беті)

Сейітбаттал Есенязовтың бірінші жауабы

Жауап алу хаттамасы

1925 ж. 16 қаңтар. Мен, Мұлақаев, бандит Сейітбаттал Есенязовтан жауап алдым. 45 жаста, үйленген, екі әйелі бар, саутасыз.

Сұрап: Бандыда қай уақыттан бері жүрсіз?

Жауап: Мен 1924 жылдың көктемінен Кенжахметовпен біргемін.

Сұрап: Кенжахметовтен қашан бөліндіңіз және неліктен?

Жауап: 1924 ж. қарашаның ортасында бөліндім. Мені Амангали Орал губерниясы, Жаманқала станицасының тұргыны Таскентаев Мұстагалиға Орда қаласына інісі

Мұқанғали туралы жеделхат салуга жіберген-ді. Сол кеткеннен кейін оған қосылым келмедин де, мен Амангалига қайтып оралмадым.

Сұрак: Сіз үйіңізде тағы қандай қару-жарақ сактайсыз?

Жауап: Мен ауылда ешқандай қару үстамаймын.

Сұрак: Сіз Кенжахметовті жасыратын адамдарды білесіз бе?

Жауап: Амангалиды жергілікті тұргындар жасырмайды, себебі олармен араз.

Сұрак: Сізді кім үстады?

Жауап: Мені Орал жерінде Сымадияр Исатаевтың ауылында Убіш Иманов үстап, сіздерге тапсырды гой.

Сұрак: Сізді бандыга баруга не мәжбүр етті?

Жауап: 1924 ж. көктемінде Бает болысының тұргындары мені үстап Ганюшкінге жібермек болды. Мен мұны білгенім де жоқ, бірақ бұл туралы маган болысмыздың азаматы Сафан Даулетов айтты. Сондықтан мен Амангалига барып қосылдым, қолыма винтовка алдым. Маган оны Бает болысының тұргыны Төлепберген Айтжанов берген.

Сұрак: Қысқа үңғылы (обрез) винтовка кімдікі?

Жауап: Мұқанғали Кенжахметовтікі.

Сұрак: Сіз өзіңізді бандитизмге қатысқаныңыз және өкіметке қарумен қарсылық көрсеткеніңіз үшін кінәлімін деп мойындайсыз ба?

Жауап: Бандитизмге қатысқанымды мойындаймын, ал өкіметке қарсы дегенді мойындаамаймын.

Осы үшін таңбамды қоям.

Жауап алған: қолы бар

Косымша: винтовка (обрез) № 125306 қосылды.

(№ 67118/192-іс, 1-т., 303–304-бб.)

Бұдан кейін тұтқындарды уез орталығынан Орда каласына ауыстырады. Құнтуған Ақшорин туралы істе ешқандай құжат жоқ. Ал Сұндетқали Кеңжахметовты он бес күндей қамауда үстап, соңынан қолхат алып босатқан.

Төрт тұтқын: Үмбетқали Кеңжахметов, ағалы-інілі Сейітбаттал мен Сейітқали Есениязовтар және Қайдарғали

Жұмашев Орда түрмесіне Мұқанғали Кенжахметовтің касына ақпан айында кеп түседі.

Аға тергеуші А. Дауылбаев күмәнді болды ма, Үмбетқали мен Қайдарғалидың жас шамаларын анықтау үшін медициналық комиссиядан откізеді және оны төмендегі актімен бекітеді.

АКТ

Тергеуде жатқан Кенжахметов Үмбетқали мен Жұмашев Қайдарғалиды медициналық тексеру

1925 жылы 14 ақпанды аға тергеуші жолдас Дауылбаев, дәрігерлер өкілі Герасимов пен Шевердов – комиссия осы куралында тергеуде жатқан Ү. Кенжахметов пен К. Жұмашевтің неше жаста екенін анықтау үшін медициналық тексеруден откізіп, былай деп тапты:

1. Кенжахметов Үмбет – 20-21 жаста.
2. Жұмашев Қайдарғали – 17 жаста, одан үлкен емес. Осыған қол қойып бекіттік.

Губерния сотының аға тергеушісі: А. Дауылбаев
Дәрігерлер: Шевердов, Герасимов

(№ 67118/192-ic, 1-т., 285-б.)

Бір гажабы, Орда қаласында бұл төрт тұтқыннан жауап алышыбап. Себебі, сакталған құжаттар жок. Сол сияқты архивтік істен Мұқанғали Кенжахметовтің алынған жауап хаттамаларын да кездестіре алмадық. Оның орнына атальмыш істе Мұқанғалидың жоғары жакқа жазған бірнеше арызы бар. Енді соның мазмұнымен танысалық. Арыз 1925 жылы жаз айында жазылған сыңайлы. Оны Бокей губерниялық прокурорына жолданты.

*Бокей губерниялық прокуратурасына
Жаңақала уезі, Шоланды болысының
тергеуде жатқан азаматы
Кенжахметов Мұқанғалидан*

АРЫЗ

1924 жылғы 24 қазаннан бері тұтқында жатып, Сіздің атыңызға өзімнің отбасымның жөнне басқа да жайлар туралы,

сондай-ақ кейбір жау элементтердің заңға қарсы қылыштарына қатты ашу үстінде менің тарапымнан болған азын-аулак қателіктерім туралы жазып, бірнеше арыз берген. Менің арызым 4-бөлімнің тергеушісіне жетекшін айында тапсырылған, содан осы күнге дейін жабулы қазан жабулы күйінде жатыр.

Бұрын да айтылған жағдайларга байланысты УПК (қылмыстық-процессуальдық кодекстің) № 116 және № 159 бабына сәйкес ережелері бұзылатынына көніл аударып, солқа дейін мені тұтқыннан босатуызызды, әйтпесе сотыңызды бастауды сұраймын.

Кол қойған:

М.Кенжахметов

(арабша)

(№ 67118/192-іс, 1-т., 242-б.)

Мұқанғалидың келесі арызы 1925 жылы кыркүйек айында жазылған. Онысы Орал губерниясы прокурорына арналады. Ол кезде Орда (Бекей губерниясы таратылып) уезденгейінде калған.

Орал губерниялық прокурорының атына жазған арызында Мұқанғали Құдалар арасындағы араздасудың біраз кыры мен сырны тұнғыш рет ашық хабарлайды. Арызбен танысқан прокурор Жетпісбаев оны дереке Бекей уездік прокурорына жіберіп, шара қолдануға тапсырма береді. Енді соның мазмұнымен танысалық.

Орал губер-лық
прокуроры
кіріс № 7676
18.09.1925 ж.

Орал губерния прокурорына
Жаңақала уезі, Шоланды болысының
азаматы Мұқанғали Кенжахметовден

АРЫЗ

Патша оқіметі кезінде менің туган ағам Амангали Кенжахметов өзінің кәмелетке толмаган ұлына Теніз уезі, Бает болысының азаматы Қайыр Қарымбаевтың кәмелетке толмаган қызына құда түскен болатын. Амангали құдасына қалың малға б бұзаулы сиыр берген.

Кеңес оқіметі қыздарын осылайша сататын адамдарды қатты айыпта, қалыңмал алуға тыйым салған. Осы айтылғандарға орай Кенжахметов Амангали Қарымбаевтан өзі берген малын

алмак, себебі Қарымбаев қызын бермеді, алған малды қайтармады. Осыдан араларында араздық басталды. Қарымбаев бай адам болғандыктан бірқатар беделді адамды өзіне жақтас етіп алды, олар: Жұмагали Жангожин – осы іс басталған 1922 жылы – халық соты, бүрынғы Николай заманында старшын болған, Ерекенов Әзмұқан, Алдонғаров Табылды жөнө басқалар. Осы ықпалды адамдар бізді қаралауга тырысып, жала жаппак, олар бізге "бандиттер" деп айып тақты.

Мен откен 1924 ж. қазан айында, ал інім Кенжахметов Үмбетқали желтоқсан айында үсталғанбыз, бірақ 1925 жылы тамыздың аяғында түрмеден шықтық. Мен қазір Орда қаласында турамын. Менің ісімді неге екені белгісіз Теніз уезінің тергеушісіне жіберіпті. Ол тергеуші, яғни Теніз уезі милиция бастығы Қайдарғали Көпжанов менің қарсыласым Қарымбаевпен туыс болған, сондыктан Қарымбаевтың айыптауы бойынша қаралап отырган менің ісімді Орал губерниясы прокуроры Теніз уезі милиция бастығының қарауынан алып, басқага беруін сұраймын. Себебі, жогарыда сөз болған ықпалды адамдар: Жангожин жөнө басқалары бірігіп, тергеу барысында қажетті адамдарға қысым жасап, мені жазықсыз кінәлайды. Ал мен жазықсыз жапа шеккім келмейді. Сондыктан менің ісімді ешқандай кедергісіз тессеретін арнағы тергеушіні Ордадан жіберуінізді сұраймын. Екіншіден, тергеу кезінде Жангожин, Иманов, т.б. жогарыда аталған адамдар Теніз уезінде болмаса, немесе оларды тергеу откеніше Ордада үстай тұрса жақсы болар еді.

Оган қоса айтарым Жангожин 1919 жылы Ордада қызылдарға жасалған шапқынышылқта ақ бандиттермен байланысып, оларға колік беріп, жол бастаушылармен қамтамасыз етті жөнө тағы-тағысын сол сияқты істер жасады.

Арызга қол қойған: М.Кенжахметов (арабша)

1925 ж. 12 қыркүйек (Арыз орысша жазылған)

Кошірмесі Бекей сотының прокурорына жолданған.

Бекей уезі прокуроры

№ 1424

17.09.25 ж.

(№ 67118/192-ic, 1-т., 140-б.)

Мұқанғали Кенжакметов осының алдында өз арызын Қазақстан Республикасының Прокурорына да жіберген. Ол төмендегідей.

Прокурорга
№ 1199
28.08.1925 ж.

*Қазақ Республикасы Прокурорына
(Тексеру комиссиясы төрагасына)
Жаңақала уезі, Шоланды боялысының
тергеуде жатқан азаматы
Мұкансали Қенжсахметовтән*

АРЬІЗ

1924 ж. желтоқсан айында мені түрмеде ұстаган соң ісімді ага тергеуіш Дауылбаев жолдас 4-учаскенің тергеушісіне берген, бірақ ол тергеу жүргізбестен істі Төңіз уезі тергеушісіне откізіл жіберді. Ол бізден ошін ала алмай жүрген нағыз ата жауымыз – Төңіз уезі, Баект болысының байлары (буржуйлары). Біздің жаууларымыздың ықпальымен бұған дейін де талай кесірлік жасаған.

Бұл жонінде мен Бокей уезі прокурорына екі рет егжей-тегжейіл арыз жазғам, бірақ әлі күнге дейін нәтижесе жок.

Осыларды хабарлай отырып, менің ісімді ілгері журғізу үшін екінші бір әділ де адаптация бул іске бейтарап қарайтын басқа бір таргы органына бергізүйізді. Сізден отіне сұраймын.

Олай болмаган жағдайда Теніз тергеу органдары таратынан өділдік болмайды және олардың кесірінен кейбір жазықсыз адамдар айыпталуы мүмкін.

Сіздің үкіміздің мазмұнымен түрме бастығы арқылы таныстырыуыңызды сұраймын.

Мұқанеали Кенжакхметов қол қойған.
27.08.25 ж.

Мұқанғалидың бұл арызына томендеңі анықтама косылған.

АНЫИКТАМА

Тергеуде отырган М.Кенжахметов ҚҚ № 77 бабымен айыпталады. Іci 1924 жылы 24 қарашадан бері Жаңақала уезі 4-учаскениң халық тергеуісінде деп есептеледі.

Тергеуші ҚОЛЫ

(№ 67118/192-ic, 1-T., 143-6.)

Бекей уезі прокурорының көмекшісі губерния прокурорынан тапсырма алған соң, Мұқанғали Кенжахметовтің тағдырын жөнілдеткісі келгендей, тездетіп 15-учаскениң тергеушісіне дереу төмендегідей тапсырма береді.

*Кіру № 6, 7, 8
(екінші рет)*

**Бекей уезі прокурорының
15-учаскениң халық тергеушісіне**

15-ші бөлімнің халық тергеушісі қарауында Қылмыстық-процессуальдық кодектің 184, 77 және т.б. баптарымен айыпталған Мұқанғали Кенжахметовтің ісі бар.

Прокуратураның көмекшісі істі төзірек қарап, аяқтау керек деген 07.10.1925 ж. № 19 ескертпелеріне қарамай іс үзаққа созылып кетті. Мұқанғали Кенжахметов 1924 жылдың 24 қазанынан 1925 жылғы 25 тамызына дейін қамауда болды. УПК-ның 6 бабы негізінде прокуратура оны Исалиев Алдоңғардың, Сарбасов Мұхаметтің, Әбдірахманов Шәмештің, Есенғалиев Төлеуіштің кепілдік беруімен Орда қаласынан ешқайда кептейтіндей етіп түрмеден шыгарды (Прокурордың қаулысын тіркең отырмыз).

Бекей уезі прокуратурасының қаулысын хабарлай отырып, ұсынған істі тергеуді тездеп бітіруді міндетті түрде талап етеміз. Сонымен бірге Кенжахметов Мұқанғалига қолданылатын айыптау шаралары туралы мәселені де талқыга салуды ұсынамыз. Егер Мұқанғалидың Орда қаласынан шығып тұруы кедергі келтірмесе және ол сот пен тергеуден қашпайтын болса, онда кесілген шара сенімді адамдардың кепілдікке алуымен өзгертуілсін. Осылардың нәтижесінде қабылданған шаралар туралы осы ариаулы тапсырманы апарушымен қайта прокуратурага хабарлансын.

*Прокурор:
Хатшы:*

*қолы бар
қолы бар*

(№ 67118/192-ic, 1-т., 146-б.)

Осының артынша, көп ұзамай Бекей уезі прокурорының көмекшісі Б.Мусин өз қаулысымен Мұқанғалиды түрмеден босатып, Орда қаласынан өз тұрагына баруға рұксат етеді. Оны мына төмендегі қаулы растайды.

Қаулы

1925 ж. 31 қазан

Орда қаласы

Мен, Бокей уезі прокурорының көмекшісі Б.Мусин, айыпкер Мұқанғали Кенжахметовтің тұратын жеріне кетуге рұқсат сұрап және Гурьев уезі, Манаш болысының азаматтары Қабен Жакиев, Жұмайдолла Құрманбаев, Сундетқали Қоржынбаев пен Әубекір Саршевтің кепілдікке беруін өтінгендері туралы арызын қарап, М.Кенжахметовтің КК № 76 бабы бойынша айыпталу ісі 15-учаскениң халық тергеушісінде жатқанын, оның үзак үақыт болмауына байланысты тергеудің әлі аяқталмaganын, кінәлі М.Кенжахметовтің 24.10.1924 жылдан 29.08.1925 жылга дейін түрмеде отырғанын ескеріп, УПК бабы негізінде аталаған адамдардың кепілдігімен Орда қаласынан ешқайда шықпайтында болып, түрмеден босатылды. Тергеудің үзап кеткенін, Кенжахметовтің ешқайда кетпеуі керек дегендеге қашуга орекеттенбегенін және оның өзінің арызда көрсетілген мұқтаждықтарын, оның устіне кепілдікке алған адамдардың арыздары М.Кенжахметовтің болашакта да сол пен тергеуден қашпайтынына негіз бола алғатын ескеріп, УПК № 161-бабын басшылыққа ала отырып, оған өзінің тұрагына баруга рұқсат етілсін.

Бокей уезі прокурорының көмекшісі:

Б.Мусин

(№ 67118/192-іс, 1-т., 127-б.).

Орда қаласына соңынан іздел барған Сундетқали Кенжахметов ағасы Мұқанғалиді ауылға алып келеді. Содан кейін Мұқанғали Сарытобе болысының аға милиционері Д.Келісбаевқа барып тәртіп бойынша есепке тұрады. Оған төмөндегі анықтамасын корсетеді.

№ 40 картотеканың кошірмесі

АНЫҚТАМА

Шоланды болысының азаматы Мұқанғали Кежахметовке беріледі. Ол прокурор көмекшісінің қаулысымен және Манаш болысының азаматтары Қ.Жақаев, Ж.Құрманбаев,

*С.Кенжахметов пен А.Сарисевтің кепілдікке алуымен
31.10.1925 ж. жіберілді және Орда қаласынан өзінің тұратын
жеріне баруға рұқсат берілді.*

Прокурордың комекшісі:

Б.Мусин

Көшірме дұрыс.

*Сарытобе болысының
ага милиционері:*

Д.Келісбаев

(№ 67118/192-ic, 1-т., 87-б.)

Міне, Мұқанғали Кенжахметовтің бір жылдан кейін
сottалмастан үйіне оралуы осылай болған.

Ал мұнын алдындағана прокурор комекшісі Б.Мусин
өз шешімімен Үмбетқали, Сейітбаттал мен Сейітқалиды
тұрмеден босатып, Орда қаласында тұруына рұқсат берген
еді. Оған дәлел мына томендегі қаулы мен тұтқындардың
берген тілхаттары.

Қаулы

1925 жылы 28 маусымда Орал губерниясы, Бөкей уезі
бойынша прокурордың комекшісі тергеуде жатқан Үмбетқали
Кенжахметовтің, Сейітбаттал мен Сейітқали Есениязов-
тардың арыздарын қарап:

1. Айыптылардың Қымыс кодексінің № 6 және № 184 статья-
ларымен 1925 жылдың 30 қантарынан тұтқындалғанын ескеріп;

2. 15-учаскенің халық тергеушісіндегі тергеу бірқатар үзап
кеткендіктен тергеуде жатқан Үмбетқали Кенжахметов
пен Сейітбаттал және Сейітқали Есениязовтарды сенімді
адамдардың кепілдікке алуымен тұтқыннан босатылсын.
Орданың сот, тергеу органдарының өкіміне дейін ешқайда
шықпайтын болсын деп қаулы етеді.

*Прокурордың комекшісі:
Хатшысы:*

*Мусин
колы бар*

(№ 67118/192-ic, 1-т., 118-б.)

ТІЛХАТ

1925 ж. 28 шілде. Мен, төмөнде қол койған Үмбетқали Кенжахметов, сот-тергеу органдарының ерекше өкіміне дейін Орда қаласынан ешқайда шықпаймын жөнө сот органдарының шақыруымен тез келемін деп осы тілхатты бердім. Тәртіпті бұзғандарга айып тағылатынын жақсы білем.

Сол ушін қол қоямын: қол койған (арабша)

Сауатсыздығымызға байланысты біз ушін Орда қаласының азаматы Әлімбаев Бекмырза қол қояды.

Бекмырзаның қолы:

Тілхат алынды:

қолы бар

(Осындай тілхат Сейітбаттал мен Сейітқали Есениязовтардан алынган)

(№ 67118/192-ic, 1-т., 122–123-бб.)

Бұл уш адам да ешқандай үкім алмастан, 1925 жылдың аяғында Мұқанғалидан біраз кейін өз ауылдарына оралған.

Енді Амангали туралы хабарлайық

1925 жылы Амангалидың өзіне байланысты оқиғаны баяндау ушін алдымен Фабит Мәсөлімовтің әңгімесін одан өрі өрбіту керек. Фабит қазір алпыстың ішіндегі ауыл ақсақалы, зейнеткер. Кезінде Алматыда оқып, ауышшаруашылығы институтын бітірген соң еліне оралып, кеңшарда инженер болып істеген. Оған бұл әңгімелерді атасы Әбдірахман Жүсіпов айтқан. Фабит әңгімесі төмөндегідей:

“Атам Әбдірахман – Амангалидың туган құдасы, Жайық-Беріш руының беделді азаматы, орысша-казакша оқыған, сөзге де жүйрік. Осы кісі ел ағаларымен, ішінде дәрігер Отарғали Мұқышев, тағы басқалары бар, хабарласып, Амангалиды қаруларын тапсыруға көндіріп, екі ортада келіссөз жүргізуге біраз ат салысқан. Сол Әбдірахман құдасының Амангалиға сөзі откен болса керек, ол Отарғалиға өзі барып: “Откенде ел азаматтары жиналып, мениң қару асынып жүргенімді өкіметке қарсы шыққаның деп айыптаң еді. Мен олардың

айтқандарына құлақ аспағанмын, сот тергеу орындарының шақырғанына бармағанмын. Енді сол қару-жараптарымды тапсырайын. Соны сіз қағаз жүзінде зандастырып беріңіз. Осы мәселені дұрыс шешуге көмектесініз. Мен бар қаруымды қағаздақсан соң тапсырайын, әйтпесе жауласып жүрген адамдар мені ұстауга өрекет жасайды гой”, – депті.

Міне, осыдан кейін елдің ігі жақсылары, ішінде құдасы Әбдірахман бар, “Толыбайдың тасы” деген жерде жиналып, киіз үй тігіп, келіссөз жүргізеді. Бұл жерге Амангали төрт адам боп келеді, бірақ сот Жұмағали Жангожин, құдасы Қайыр Қарымбаев қатысты деп ешкім айтпайды. Екі жақтың келіссөзі аяқталып, келісім жасалып, арты төп-төуір мөслихатқа айналады. Сосын біреулердің ұсынысы бойынша жиналған адамдар сол жерде қонатын болады. Осы тұста Амангали бұл шешімге қоңбей, керекті келісім құжаттарын алыш, қару-жараптарын тапсырып: “Жок, енді бізге мұнда аялдаудың ешбір қажеті жок, тұнгі салқынмен жүріп кетеміз. Жаңақала жағына барып қонамыз”, – деп тездеп аттанып кетеді. Өзгелері сол жерде қалады. Біраз жол жүрген соң Аманғали қасындағыларға: “Мыналар біздің бар қаруымызды алды. Егер келіссөз шын достық ілтифатпен жасалған болса соңымыздан қумас, ал алдаған болса, құйрығымызға біреулерді байлаған болар”, – дейді. Аманғалидың бұл сезіне жігіттері ац-таң қалады. Сонымен біраз жүрістен кейін Амангали өз тобын жолдан шығарып, ирелендеген басқа бір жолға түсіп, манағы өздері шығып кеткен жерге басқа бір жағынан жақындалап кеп тоқтайды. Аттарынан түсіп, Тайырды қарауылға қояды да, жігіттері бір жерге, ал озиң оқшауланып, биіктеу құмдақ жерге ертүрмандарын жастанып үйқыға кіріседі.

Тансәріде Амангали оянса, әлі алакөленке сөт, оларға оншақты қаруланған атты адам жақын кеп: “Бері келіндер, беріліндер!” – деп анадай жерден айқайлап түр екен. Амангали олардың кімдер екенін бет-жүздерінен ажырата алмаса да кешегілердің келгендерін сезіп, қойнына жасырған шолақ мылтығын (обрez) шығарып, катар түрган аттылардың алдынан оқ атады. Келген топ бұларда қару барын көріп, кері шегінеді. Сойтіп болыс азаматтары жасаған келісімге басшылары қоңбей, Аманғалиды қалай да ұстап, өкімет орнына табыстау керек деген, сейтіп басылмақ дау қайта өрбіген.

Амангалилар жол-жөнекей Нөсия қарындасының үйіне соғып, түстеніп: “Қарагым, Нөсияжан! Біздің осы кетуіміз біржола кету шығар, – деп қоштасыпты. – Эбдірахман қудага сөлем айт, қорықпасын, біздің үйге келіп жүрсін”, – деді.

Амангалидың соңына түскен топ келіссоз жүргізген адамдарға Амангалида қарудың өлі барын хабарлағанды олар аттарына міне ауылдарына қаша жонелген. Эбдірахман да үйіне келген сон, Нөсия келінінен құдасының сөлемін естігенде үлес: “Қор етті-ау, арыстай азаматты!” – деп өте ренжілті.

Амангали да қатты ащуланып:

– Қаруларымызды тапсырғызып өздері құлық жасады, бізді аллады, – деп атының басын енді Отарғали Мұқышевтін ауылына бұрган...

– Бізге Отарғали Мұқышевті, Ізімқұловты тауып беріндер! Сендер білесіндер! – деп олардын тоқалдарын ілестіріп ала кеткен.

Осы уақиғага байланысты тағы бір куәгерді сойлетейік

Ол – Алматы қаласының тұрғыны, дербес зейнеткер Орайхан Құспанғалиев аксақал, 1915 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Толыбай ауылында туған. Ол кісі былай дейді:

“Амангали тақырыбын котеруді өз басым өте дұрыс деп санаймын. Керек-ақ... Әсіреле жастар білу керек, одан сабак алу керек...

Амангали уақиғасы сол кезеңдегі тап куресінің нәтижесі. Ол өзі жай, кара шаруа, әрі кеткенде орта шаруаның адамы. Бірақ батыр, ор мінезді. Амангали тағдырының бұлай болуы – ол байлардың жасаған ісі деп білеміз. Оның құдасы Кайыр Қарымбаев та, дөрігер Отарғали Мұқышев пен сот Жұмагали Жанғожин де бай кісілер болған. Олар қарапайым Амангалиды өздеріне қаратқысы келді, оның басын өздеріне итілере келді. Амангалиды менсінбеді, жарлы деді. Мүмкін Амангалиды барымташы ретінде қолшоқпар етіп жумсағылары да келген шығар, кім білсін. Өздері біркыдыру қатар қоныстанған, бұл азаматтар бір-бірімен арасқан ауыл адамдары. Соңынан Амангалиды банды атандырып жүргендеге де солар.

Мұнысымен қоймай олар Оралдан, Ордадан, Атыраудан дүркін-дүркін отряд шақыртып, атыс-шабыс болып тұрганы да сондықтан. Эйтпесе Аманғалидың қара бұқара халыққа зияны тимеген. Оны халқы әр кез құшақ жайып қарсы алушы еді, оған ән салдырып, әнін тыңдаушы еді. Елдегі ауыл қарияларынан естігенім: “Сол байлар Аманғалидың қыр сонына түсіп қайтеді екен? Мазаламай-ақ қойса да болады ғой”, – дейтін. Ел болған соң ауыл арасында ондай бір намысқор, өз дегенімен жүріп, өзгеге көнбейтін, батыр мінезді адамдар міндетті түрде болады.

Енді сол Аманғалиға байланысты бір-екі эпизодты айтайын. Бірі – өзіміз жәй шаруа ауыл болдық. Біздің ауыл Аманғалидан ешқандай зәбір көрген жок. Бала күнімде бірде қызырыстан жазда нағашыларымның ауылына бардым. Барсам, ол ауыл абыр-сабыр. “Ойбай, Аманғали келеді екен. Ол келсе ауылды шабады” деп әбігерге түсude. Кіз үйлерін қонырлықтан кошіріп, құм ішіне, ойпан жерге тіккен, шағыл басына қарауыл койған. Маган осының бәрі ерсі көрінді. Онымен Аманғали келген жок. Кейін ол туралы ауыл ұмытып та кетті.

Екінші көрініс – шамамен 1925 жыл ғой деймін. Менің әлі бала кезім. Үйіміз сол Толыбай деген жерде, қонырлықта, киіз үйдеміз. Таңертеңгі сөт. Ауылдың күншығыс жағынан мылтық даусы шанқ-шанқ естілді. Үйдегілер үрейленген күйде бәріміз тездеп сыртқа шықтық. Қоп кешікпей со жақтан төрт аттылы адам корінді. Бәрі асығыс, олар ауыл жанынан өте шықты. Аттарына жайдақ мінген. Біреуі анда-санда артына бұрылып мылтық атып қояды. Соңғысы бұрылып кеп ауыл шетіндегі үйден атына терлік сап алды.

Олар кеткен соң, артынан оншақты аттылы топ көрінді. Әлгілерді қутандар. Алдыңғы зор денелі адам, кекшіл атка отырган. Үстінде акшыл түсті шапан. Ол атына қамшы басып, біреудің атын атап айқайлад: “Мать твою, стой!” – деп орысшалап, боктық создерді жаудырып барады.

Сонынан естігеніміз – бұл Отарғали Мұқышевтің тобы екен. Аманғалилар қаруларын тапсырған, солай келісім болты. Олар Аманғалиға Оралға барып, бәрін мойындалап айтындар деген. Бірақ Отарғали “буларды тек үстап алу керек” деп көнбекен. Әлті қутындар солар екен. Онымен Аманғалиды үстай алмаган. Ал Аманғали сосын Отарғалидың ауылшына барып біраз шатақ шығарған, оның тоқалына қоса тағы біреудің тоқалын ілестиріп ала кеткен. Құғыншыларды

көргенде әкем есік алдында етік тігіп отырған: "Апыр-ай, мыналар Аманғалиды қудалай беріп қайтеді! Не істемекші!" – деді кейіп...

Ал 1928–1929 жылдары мен Атырауда сол Аманғалидың баласы Нагымға жолықтым. Ол сонда приютте екен, озі ФЗО-да электрикке оқиды. Оның жас жігіт кезі, біздей оқушыларға камқоршы болды. Дене дегенініз керемет, озі төртпақ, колдары балғадай, үрганды қатырады. Қазак балаларының қамқоршысы болды, біз соның артынан еріп жүрестін едік...

Мен озім 1990 жылы Ілия Жақановтың "Қазак әдебиетіндегі" мақаласын оқыдым. Газетті үйде сактап та койдым. Дұрыс жазылған. Бірақ бір ойыма келгені: "Әттеген-ай, ана бір Отарғали Мұқышевке байланысты оқиганы неге жазбады екен", – дедім. Өзім кездесіп соны айтқым да келді, бірақ онын сөті түспеді...".

Міне, осы екі адамның әнгімелерінен енді қандай ой туындаиды? Алдымен Аманғалидың қаруын тапсыруына не себеп болды? Әрине, Аманғали тыныш өмірді ансайды. Ел қатарлы бейбіт гүмым кепкісі келеді. Бірақ қарсыластары ондай мүмкіндік бермейді. Олардың мақсаты Аманғалиды колға түсіріп, козін жою немесе өкімет аламдарына табысталап, түрмеге жабу. Бірақ каской ойларын орындаіт алмай дінкелері құрыды. Жарайды. Ондай мүмкіндік енді туды ғой. Аманғалиды қаруларын тапсырган бойда неге бірден со жерде үстамады? Себебі, қорықты. Оларға Аманғалиды үстайтында шақырылған қарулы күш алі келіп үлгермеген еді. Қазақтың кара дүрсін әдісіне, қос білеңтің күшіне салса, әрине, Аманғали жағындағы арасалмақ бой бермейтін, басым болатын.

Ал енді осы шаруаның басы-қасында журген, Аманғали отінішін орындауга жанашыр жандай көрінген, Шоланды болысының ең сенімді деген адамы – дәрігер Отарғали Мұқышев не істеді? Ол опасызыңық жасады. Жанын шүберекке түйіп, сенім артып алдына барған Аманғалиды алдаң сокты. Бірақ Аманғалиды ол үстай алмады. Аманғали да сактық жасап, тап қаруын тапсырап тұста тағы бір әдіс қолданды. Оны оқырман кейінірек Әбдірахман Жүсіловтің берген куәгерлік хаттамасынан оқып танысады.

Сонымен Отарғали Мұқышев ел адамдары сеніп тапсырган келіссөзді қалай орындалды? Келісім-шарт 1925

жылды сөүір айының соңғы күні, яғни 30-шы жүлдізында жасалған. Ал Отарғали мамырдың 18-ші жүлдізында Орал губерниялық атқару комитетіне өз аягымен барып, болған оқиғаны баяндап, өз қолымен өрбір өріпті көркем каллиграфиялық турмен, кок сиялы қарындашпен мәнерлеп, орысша нақышына келтіріп, арызын жазады. Енді архивтік істе сакталған сол арыздың мазмұнымен танысыныз. Онда болған оқиғаның біраз шындық беті ашылады.

18.05.1925 ж.
№ 2806 кіріс

Орал губерниялық атқару комитетіне
Шоланды дәрігерлік пунктінің
фельдшері Отарғали Мұқышовтебен

АРЫЗ

Осы жылдың 1 мамыр күні Шоланды фельдшерлік пунктін және менің отбасымды белгілі бұзықтар, Шоланды болысының азаматтары Амангали Кенжахметов, Тайыр Тілеков, Бисен Жұмагалиев, Сұлтан Ерментаевтар тонар кетті. Булар 1923 жылдан бері белгілі және губерниялық әкімшілік бастығы жолдас Исенбаевқа да мәлім.

Атамыш үрілар сөүір айының соңғы күндері Шоланды болысының лауазымды адамдарына мынадай талап қойған-ды: ҚазЦИК-ке (Орынборга) немесе Орал губаткомына барып ақталау үшін оларды құптақ ақтайтын үкім және тагы басқа қажетті құжаттармен қамтамасыз ету керек. Сондықтан өздері қолдарындағы 4 винтовканы 85 оқ.-дөрісімен, 1 қылыш, 2 тапаншаны тапсырамыз деп уәде етті.

Біз бұлардың шаруашылыққа келтірген зиянды істерін, болыстың тұрғындары арасында бірнеше мәртебе жасаған зорлықтарын білеміз және біздің уездің үш жыл бойы оларды үстай алмай жүрген әлсіздігін ескеріп, өзіміздің азаматтық парызымыз және қызметтіміздегі міндеттіміз деп түсініп, оларды қалайда кедергісіз қолга түсіру үшін сұраган құжаттарын б мамырга дейін Орал губаткомына барсын деп шектеп бердік.

Осы саясатты үстанин, өзіміздің № 1 және № 2 қупия қаулыларымызben Жаңақала уездік атқару комитетіне хабарлап, қаруларын тапсыратын күнін көрсетіп, оларды үстауга көмек сұрадық.

30 сәуірдің кешінде Амангалилар арада жүрген адамдар арқылы (Шоланды болысының азаматтары – Амангалидың інісі Эндергали Кенжахметов, Сайхан Жұмахметов және Әбдірахман Жұстіпов) бізден № 603 және № 333 құжаттарды алып, уәделі қарударын – 4 винтовка, 85 оқ-дәрі, 2 тапанша мен 1 қылышты тапсырды. Осы кезде Жаңақаладан оларды үстауга уез милициясының бастығы жолдас М.Сыйыков бастаған 7 адамнан отряд та келіп жетті.

Отряд 1 мамыр күні таң алдында еріктілер ретінде менің інім Молдагали Мұқышов пен ККОВ болыстық төрагасы Ізімқұлов, ішінде мен де бармын, қаруланып алдық та қашқындардың ізіне түстік. Таңертеңгі сағат 8-дің шамасында Шоланды болысының салтустігінде 20 шақырымдай бүрынғы казактар жерінде қуып жеткенімізде олар бізді көріп, оқ атты. Шамалы уақыттан соң олар бір шагылдан асып түсіп, қайта Шоланды болысына кейін шегінді. Отряд олардың ізін бағумен болды. Бұл жерде таңғы сағат 10-да тағы екі рет сәтсіз қақтығыс болып, осыдан кейін олар жол-жөнекей аттарын ауыстырып, тездеп ілгері үзап кетті. Ал біздің отрядта өзара келіспеушілік пен алауыздық жік шығып, әрі батыл басшылық жасайтын адам болмагандықтан бұл жүрістен әбден шабандап қалдық. Қашқындар өздерінің жансыздары арқылы отрядпен олардың артынан күганымызды естіп, өш алу мақсатымен менің інім Сапарғали Мұқышовты сокқыга жығып, өз мүлкіме қоса қазынанікін де тонап, әйелімді зорлықпен 4 жасар ұлымыздан айырып ертіп кетіпти. Олар ауылдан шыгарда ККОВ-тың қоғамдық ақшасын, Ізімқұловтың мүлкін және оның да әйелін ала кетіпти.

Біз ауылга жақын келгенімізде олардың үзап бара жатқанын бір шақырымдай жерден көрдік, алайда қуып жеттіп, әйелдерді алып қалуга отрядымыздың батылы жеттеді, сөйтіп бүкіл жүрт алдында Ізімқұлов екеуміз мазақ бол қалдық. Мамырдың бірі күні кешінде Жаңақала отряды болған істі УИК-ке шабарман арқылы жеткізген. УИК милиция бастығын қылмысты іздестіру болімі бастығы Нұрпейісовпен алмастырып, оған үріларды үстауга нұсқау берген. б-ши мамырда Шоланды болысынан шығып, қашқындарды қуып отырып, 9-ши мамырда Сахарный поселкесіне келдік. Бұл жерде олардың 8-ші мамыр күні таңертең ауылсоветтің көзінше Жайықтың Бұқар бетіне өтіп кеткені анықталды. Бұл

мәйметті ауылсоветтің өзі берді. Осы жерде біз ҚазЦИК-ке жаңадан мүше болып сайланған Қашым Тоқтамысовпен кездесіп, өзім және отряд бастығы болған істі түгел ауызша айтып, ауылсовет төрагасы мен ҚазЦИК-тің мүшесінен көмек сұрадық, бірақ одан ештеңе шықлады.

Отряд бастығы мандатының Жымпіты уезіне күші журнегендіктен және дұрыс көлік болмагандықтан біз амалсыз қайтып оралдық.

Болған сәтсіздіктен басыма түскен бақытсызыдықты қысқаша айтып, оған қоса мәжілістің он екі дана құтия құжаттары мен үрілар тонаған мүліктердің тізімі, халық үкімінің қошірмелерін тапсыра отырып, губаткомнан қарақышыларды Орал губерниясынан немесе тіпті күллі Қазак республикасы бойынша іздестіріп, тезірек үстауга, мүмкіндігінше шұғыл шара қолдануын сұраймын. Оларды үстаганша Шоланды болжында қалған Кенжахметовтің екі інісі мен Тілековтің, Жұмабалшевтің отбасыларын өкімет өзінің назарына алса, сөйтіп Шоланды болжынан оқшауласа. Эйтпесе олар қашқындарға үнемі құтия мәліметтерді жеткізіп, әрі материалдық көмек беріп отырады. Қашқындарды үстай алмаган жағдайда оларды тутқындағанша біздей жапа корушілерді өзімізді қорғау үшін қаруандыруызызы, тонаған мүлкіміздің есесін Кенжахметовтің мал-мүлкінен қайтаруга шара қолдануызызы сұраймын.

Ең соңында айтарым, Сіздің қамқорынызга үміт арта келіп, өкімшілік басшыларынан, яғни ГИК басқа да органдармен келісе отырып, жауымның әйеліме көрсеткен зорлық-зомбылығын тек мениң қара басымның ар-үжданы ғана емес, сондай-ақ, ешқандай үақытымен де, жолдастық рухымен де санаспай еңбек етіп жүрген өкімет қызметкерлерінің үяты деп санап, әйелдерді қарақышылардың езгісінен құтқару үшін барлық мүмкіншілікті пайдаланады, оларды үстауга автомобиль мен қарулы күші жауынгерлерін жұмсайды, жетімсіреп, көз жастарын бұлап қалған сәбілдердің ана әлдінен тездеп қосылуына атсалысады деп сенемін.

1925 жыл, 18 мамыр.

Жәбір корген фельдшер:

O.Мұқышев

(қолы)

(№ 289-іс, 1-т., 1-4-бб.)

* * *

Аманғали сол кеткенде қазіргі Атырау облысы, Кызылқоға ауданы Сагыз өзенінің бойында отырған Адай уезінің правителі Тобанияз Элниязовты сағалап барған. Онда біраз уакыт болғанмен, Аманғали осы жерде алғаш рет тұтқындалады. Ол туралы Тасмұқан Тінәлиев деректі повесінде бірқындыру жазды.

Тек біздің соган қосарымыз – Тобанияз Аманғалиды үстеган әдісімен бұдан бұрынырак атаман Толстовты қонақ етіп отырып тұтқындаған. Сонынан түрмеде отырып күнделігін жазған Толстов: “Осьдан аман шыксам, бірінші өш аларым Тобанияз хан болсын!” – депті.

Екіншіден, Аманғалиды тұтқындағанда Атыраудан барған отрядка Отарғали Мұқышев та бірге еріп, қайтар жолда өзінің Сагида, Ізімқұловтың Іznura токалдарын алып қайтқан.

Атыраулық ардагер журналист Әбугали Фабдуллиннің айтуынша, тұтқындалып, қол-аяғы байлаулы жатқан Аманғалидың мұртын Отарғали тарамдаған жүлған. Сонынан қан аралас түкірікті коріп ол мысқылмен:

– Қалай, Аманғали, қанаған жеріне дөрі жағайын ба? – депті кекетіп.

Сонда Аманғали:

– Сенін дәрінен Сагидаңын зорі артық... Сагидаң үшін сақал-мұртымды қоса берсем де болады... – деген.

“Іздегенге – сұраган” деген осы да.

Мезгіл 1925 жылдың күзі болатын.

Әбекенниң айтуынша, Аманғалидың анасы Тағжан осы үліна жүкті кезінде қылыштың татына жерік болған корінеді. Бұл қазақ ырымында батыр үл туады дегенді білдірсе керек.

Мұрагаттық істен Аманғали Тобанияз қолына қалай тұтқындалғаны жөнінде сакталған ешбір күжат кездестіре алмадык. Тек “Адай уезіне барып, біраз жасырынып жүрген, сонынан оны үстап, өкімет орнына тапсырган” деген жолдарды ғана оқыдык.

Бірақ бір ақиқаты, Аманғали тұтқындалғаннан кейін Атыраута (Гурьевке) емес, бірден Орал қаласына жөнелтілген. Сонда түрме үйінде тұтқында болған. Таілай тергеуден откен. Оқініштісі, мұрагаттық істе Аманғалидан ешбір жауап алу хаттамасы сакталмаған. Тек осыншама үлкен архивтік істің он үшінші томының бір бұрышында Аманғалиды айыптау

корытындысы ғана тіркелген. Онда тек жалаң айыптау корытындысы ғана. Оның мазмұнынан үққанымыз: Амангалиға Орал түрмесінде жеке-дара іс жүргізгендей, себебі, айыптау корытындысында соның беттеріне сілтемелер жасаган. Ал Амангалиға қандай сұраптар койылды, оған қалай жауап берді, екінішке орай, одан мәлімет жоқ. Тек қолға түскен Амангалиға барлық айыптарды аямастан үйіп-төккен, оны айыптау корытындысы бастаң-аяқ айқындал түр жөнө оның мазмұнын да қайталап жаза берген.

Ал осыдан кейін Амангалиға сот болды ма, болса, оған қандай жаза берді? Ол жайлы бірде-бір құжат сақталмаған. Осы материалмен таныса отырып көзіміздің жеткені Амангалиды, әрине, кесестік заң жолымен Жұмагали Жанғожин соттамаған. Бұл – ақиқат. Айыптау корытындысы 1925 жылдың аяғында дайындалған.

Тексеру орындарының тәртібіне сенсек, архивте сақталған “істерді” жыл өткен сайын қайталап қарап, құжаттарды тексеріп отыратын корінеді. Оның күштерін жойған кейір жарамсыз немесе басы артық деген парактары архивтік істерден алғынып тасталады екен. Сондай парактар Амангалидың ісінен де алғынып тасталынбады ма? Осындай күдікті ойдың туындауы занды гой.

Ал енді оқырман қауымға Амангалидың жеке басына дайындалған айыптау корытындысымен танысуға мүмкіндік туды. Ол мына төмендегідей.

Айыптау корытындысы

Орал губерниясы, Бөкей уезі, Шоланды болысы, екінші ауыл азаматы Амангали Кенжахметовті сотқа тарту туралы.

Амангали Кенжахметов, жанында тагы біреулер бар, 1922 жылы жылқы барымталаумен шүгылданған (Іс беті – 40). Буган қоса Амангали Кенжахметов бұрынғы милиция қызметкери, взвод командирі болып; ақ гвардия бандыларына қарсы күрескен, ол 1923 жылы өз айналасына қылмыскерлерді, партияда жоқтарды жинап, Орал губерниясы аймагында өскери әрекеттер көрсете бастаган.

1923–25 жылдар аралығында Амангали Кенжахметов Кеңес әкіметі орындарына және жекелеген адамдарға қарудың күшімен дүркін-дүркін қыр көрсеткен. Совет мекемелеріне

шабуыл жасап, өкімет уәкілдерін тұтқындаган. Оларды қарусыздандырып, мор, басқа да іс қағаздарын қолға түсірген.

Амангали Кенжахметов қасындағы серіктерімен осы жылдың мамыр айында (демек, 1925 ж. – Л.К.) Бает болысындағы мал дәрігерлік пунктін талқандап, дәрігердің әйеліне тағы біреудің зайыбын қосып, өздерімен бірге ықтиярсыз ілестіріп әкетеді. Сосын Бает болысынан өтіп, Адай уезіне барған, сонда біраз жасырынып жүрген, тек оны устап, өкімет орнына тапсырган соң серіктепі жан-жакқа қашып үстаптай кетті.

Амангали Кенжахметовтың қылмысы агентуралық мәліметтермен дәлелденген. Оган ОГПУ Орал губерниялық болімінің және тағы басқа органдардың, бірнеше уездердің көрсеткен қағаздары куә.

Алдын ала жүргізілген тергеуде мыналар анықталды:

Айыпкер Амангали Кенжахметов өзі мойындағандай, айналасына өкіметтен қашып-псып жүргендерді жинап, қарулы топ құрган. Өзі бұрын Бает болысының кейбір тұргындарымен рулық қатынаста жауласу әрекеттерін жасаған. Осындаи әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар (Амангали өзі атап көрсеткендегі) оны қарулы топ құруга мәжбүр еткен (Іс беттері – 67-74).

1924 жылы Амангали Кенжахметов өзінің сыйайлостьюмен бірнеше дүркін арандатушылық әрекеттер жасады, соның ішінде егінді жерді дұрыс пайдалану жөнінде бас қосуда жүрт алдында шатақ шыгарып, мылтық атып, адамдардың тарауына жол берді (Іс беттері – 47-48).

1925 жылы 1 мамыр күні Бает болысының малдәрігерлік пунктіне шабуыл жасап, дәрігер Мұқышев Отаргалидың әйелін өздерімен бірге алып кетеді (Іс беттері – 32-42).

1923 жылы оның бір серігін аудандық милиция бастығы жолдас Әлдіжаров (мүмкін Алдияров – Л.К.) тұтқындағанда, оған шабуыл жасап, сыйайласын босатуды талап етеді (Іс беті – 47).

1924 жылы Амангали өкімет уәкілдерін, губерниялық қылмысты істер болім инспекторы Шкоковты, болисполком төрагасы Ерекеновті, РКП (б) мүшесі Лукпановты тұтқындаған, кейбіреулерін соққыга жыққан (Іс беттері – 45, 105).

1923 жылы оның тобын құрту үшін Бокей губерниясынан ЧОН отрядын (басшысы Агеевті) жібергенде Амангали

олармен атысқан, мақсаты – қалайда қолга түспеу болды (Іс беттері – 47-48).

1924 жылы Калмыково поселкесі тубінде Амангали тобы телеграф линиясының қарауылымен атысқан. Сегіз адамнан құрылған отряд Амангали жолын кеспек болғанда үстараттай, ақырында қайыққа мініп, теңізге шығып кеткен (Іс беті – 119).

1925 жылы Амангали тобын құрту үшін милиция отряды, қурамында алты адам, бастықтары ГПУ өкілетті өкілінің көмекшісі Испанский Амангалилардың артынан қуганымен үстараттай, Адай уезінде біраз уақыт жасырынып журді (Іс беті – 117). Оны кешікпей өкімет орына қылмыстары үшін соттауга үстап береді.

Амангали Кенжахметов Бөкей губерниясының тұргындарынан және жергілікті өкімет басшыларынан өзін ақтайтындағандағанда үкімдер алған, тұргындарға жогарғы өкімет орындарына айыпты басымен барып берілуге үзде еткен, бірақ ол қайта қаруланып, баяғы әрекеттерін қайта бастаган.

Сұрак-жасаудан алу хаттамасында Амангали Кенжахметов кінәлі екендігін мойындайды (Іс беті – 97).

Жоғарыда айттылғандарды қорытындылай келіп, мынадай үсінис жасауга болады:

Амангали Кенжахметов, 37 жаста, Орал губерниясы Бөкей уезі, Шоланды болысы, екінші ауыл тұргыны, кәсібі малышы, үйленген, отбасында – б адам, партияда жоқ, сауатсыз, үй тұрмысында сиры, аты, түйесі, қыстауы бар, жоғарыда көрсетілген қылмыстары үшін оны Қылмыс кодексінің № 76-бабы бойынша сотқа беруге болады.

Сондықтан Қылмыстық-процессуальдық кодекстің (УПК) № 24-бабына сәйкес бұл істі губерниялық прокуратурага жіберу керек.

ІБ үәкілінің комекшісі:
“Келісім берген”

Байсуаров (қолы)

ІБ бастығының орынбасары:
“Бекіткен”

Рязанцев (қолы)

Орал ОГПУ губерниялық
болімі төрагасының орынбасары:

Тихонов (қолы)

Тізім:

1. Айылкер Амангали Кенжахметов губерниялық түрмеде отыр. Сотқа мыналар шақырылсын:
1. Сагида Мұқышева – Бекей уезі, Шоланды болысы, I-ауыл турғыны.
2. Ізнура Ізімқұлова – бул да сонда тұрады.
3. Отарғали Мұқышев – сонда тұрады.

(№ 67118/192-іс, 13-т., 368–370-66.)

Ал обелдерді ауылға алыш қайткан Отарғали Мұқышев оқімет орындарына өзінің кезекті арыздарын өзірлең, Амангалиды түрмеде шірітпек ниетпен талай қағаздарды Сарытобе болысының милициясына табыстаған. Аға милиционер Д.Келісбаев түскен арыздарды тіркеуден откізіп, өз қаулысын шыгарып, жоғарыға жолдаған. Оның мазмұны төмөндегідей:

Корытынды қаулы

1925 ж. 24 желтоқсан. Мен, Сарытобе болысының аға милиционері Д.Келісбаев, бұрынғы Шоланды болысының аға милиционерінен Кенжахметовтерді Мұқышев Отарғалидың айыптайтын материалдарын қарап, былай үйгардым:

Бұл іс қылмыс белгілеріне қарай ҚҚ № 76-бабына жатады және айыпты Амангали Кенжахметов үсталып, қазір Орал губерниялық тұтқындар үйінде отыр. Осындағы іс Орал округтік сотының 9-шы участекінің халық тергеушісінде бар. Мына материалдар міндетті түрде алдын ала тексеруді талап етеді, сондықтан УПК №№ 34, 106-бабтарын басшылыққа алып,

қ а у л ы ш ы ғ а р ұ м:


Бұл жазбаларды іске қосу үшін және алдын ала тексеру үшін Орал округтік сотының 9-болімінің халық тергеушісіне жіберу керек.

**Сарытобе болысының
ага милиционері:**

Д.Келісбаев

(№ 67118/192-іс, 1-т., 88-6.)

1925 жыл осылай аяқталады.



...and the desert
is a barren land
where the sun
burns like fire
and the sand
blows like
a tempest.

1926 жыл

Астыма мінген атым күренім-ай,
Біткен-ді күреніме бір елі май.
Тәңірім өлде болса берер-дағы,
Қайғырып қапаланба, жүрегім-ай.

Үстіме кидім бешпет қыл қарадан,
Түймесін қыл қараның қыз қадаған.
Елімнен нақакпенен “банды” атандым,
Болады деп мұндай заман кім ойлаған?!

Мұхсина, иықты ішік киесің бе?
Мойныңды өзге адамға иесің бе?
Аға өлсе, женге — мұра деген сөз бар,
Мен өлсем бәлшебекке (күмүнске) тиесің бе?

Әкесі Мұхсинаның Әлімтай ғой,
Мұхсина өзір менің қасымда ғой.
Әтірет мені ұстап, жалғыз қалсан,
Жарқ етіп жоғаларсың жасындей-ақ!

(Аманғали өлеңі)

ЕКІНШІ БӨЛІМ

*Момынга залалым жоқ жалғыз тиын,
Кегім кеткен кердениң бердім сыйын.
Михнатым-мұхрабым осы кегім,
Оныз өмір сүрмestей көкірегім.*

(Пушкин – Шекспир – “Дубровский”)

Бұл жыл Аманғалиға өте ауыр және құрделі окиғаларымен есте қаларлықтай болды. Тергеушінің айыптау қорытындысы бойынша Аманғалидың ісі сотта қаралып, Қылмыстық кодекстің № 76-бабымен бес жыл отырып шықса, оның ештесе кетпес еді. Тіпті жаны да, ары да тазарып, өмірге деген, адамдарға деген көзқарасы озгерер ме еді, қайтер еді? Бірақ амал қанша, тағдырыңың сыбағасы ма, әлде өзінің бірбеткей мінезі себепші болды ма, қайткенде де кисыны кеткен шаруа одан бетер кисайып, наразылығы оршіп, соны кектенуге үласып, Аманғалиды “эттеген-ай” дейтіндей әрекеттер мен содырлықтар жасаута мәжбүр еткізеді. Оның бәрінің қызыры трагедияға айналып, жұмыр басын өлімге жеткізеді... Оған алда үш жыл бар.

Ал әзірше Орал түрмесінің бір камерасында қыс бойы азап шеккен Аманғалидың жанына коктем шыға, дәлірек айтсак, сәүір айының тоғызыншы жүлдэзында Мұхаметберлі (Мұхамберлі) Орынбаев деген өзімен жасы құралпы біреуді отырғызады. Ал бұдан ертерек оның қасына жастау Сұмбет Қалиев деген келген болатын. Бұл екеуін Аманғали қасына отырғызу кездескіткіш па, әлде жоспарланған шаруа ма, оның себептері бізге беймәлім. Олар туралы Аманғали өзі де еш жерде тіс жарып хабар бермейді. Сұмбет Қалиев туралы архивтік істе деректер де жоқтың қасы. Ал Мұхаметберлі Орынбаев туралы біркелкі мәлімет бар. Ол Аманғалиға осы жылы біраз уақыт серік болған. Сондыктан біз аз-мұз шегініс жасап, оқырмандарға ол туралы түсінік берелік.

Сонымен Мұхаметберлі Орынбаев кім? Біз танысқан екінші архивтік іс Сабитов Бокай тобына арналған. Бұл топ 1927 жылы 17 шілдеде сотталғандар – № 92 архивтік іс. Онда Орынбаевқа мынадай мінездеме беріледі:

“Мұхаметберлі Орынбаев – 34 жаста, Орал губерниясы, Орал uezінің азаматы, сауатсыз, жалғыз басты, жой шаруа адамы, партияда жоқ. Ол 1920 жылы жылқы үрлаганы үшін

Халық сотының шешімімен екі жылға бас бостандығынан айрылып, оны күшпен кара жұмысқа салған. Содан кейін 1923 жылы 30 наурызда Ревәскери трибуналдың шешімімен, кару қолданып, ірі қара мал үрлаганы үшін, ең ауыр үкім – олім (ату) жазасына кесілген, бірақ РСФСР Жоғарғы Соты Қазак болімшесінің отініші (ходатайство) бойынша ВЦИК оны бес жылға бас бостандығынан айыруға алмастырады (“по частной амнистии” деп өзгерілген). Бұдан кейін Ерекше комиссияның қаулысымен түрме орындарын босату (по разгрузке мест заключении) мақсатымен 1925 жылдың аяғында тұтқыннан босатылады. Тұрмеден шыққан М.Орынбаев енді Касталовка ауданындағы Нұтман Досқалиев дегенде келіп, артынша екеуі Сабитов Бокай тобына қосылады да, келер жылдың (1926) наурыз айының аяғына шейін талай бүліншілік әрекеттерге катысады...” дейді. Бұл озі ұзак-сонар әңгіме. Біз қыска ғана кайыралық.

Сол наурыз айында Касталовкаға Оралдан келген ГПУ орталығының өкілетті өкілі Фукс деген бастықтың үйымдастырган операциясының нәтижесінде ешбір окатылмастан алдаң қолға түсірілген Сабитов тобының ішінде осы Орынбаев та бар. Ал Нұтман Досқалиев сол кезде ізін жоғалтып тынады.

Жалпы оқырмандар осы уш адамды – Фукс, Орынбаев, Нұтман Досқалиевті естерінде сактағаны жон, себебі оларды Амангали ісінде де кездестіреміз.

Оқіл Фукс бастаған топ бұлармен біраз уақыт өзара келіссоз жүргізуің нәтижесінде Сабитовтерді 29 наурыз 1926 жылы кондіріп, озі бастап Касталовкаға алып кеп, РИК-тің жаңында қаруларын тапсыртады. Қолдарына “акталды” деген жалған құжаттар береді. Бірақ артынша: “Сіздерді телеграммамен Оралға шақыртып жатыр”, – деп хабарлап, берген қағаздарын қайта жинап ап, сегіз адамды сол жерде тұтқындал, темір жол арқылы конвоймен Орал түрмесіне жеткізеді (№ 92-іс, 280-б.).

Осылайша тұрмеге қайта оралған М.Орынбаев енді Амангалидың қасына отырады. Аталмыш архивтік істін корытындысының кырық бесінші тарауында былай жазылған:

“М.Орынбаев, Орал изоляторында Амангали Кенжахметов жоне Сүмбет Қалиевпен бір камерада отырган үшеуі 9 май 1926 жылы тұрмеден қашып шығады да, 10 майда түнде Орал уезінің Шаган болысының тұрғындары

Александр мен Георгий Кулагиндердің үш атын үрлап мініп, қаруланып Аманғали ауылына бет алады..." (№ 92-ic, XXXV тарау). Сондықтан ел арасындағы әңгімелерде айтылатын, Аманғалилар тұрмеден кашқанда қарауыл күзетшілерді өлтіріп, үрлаған аттардың иелерінің де көздерін құртып кетіпті деген сөз, шындыққа жана спайды.

Аманғали ауылына келгенде інісі Мұқанғали ағасының ендігі жорықтарына катыспайды. Себебі, Мұқанғали Атырауга шакыртылып қайта қамауга алынған-ды. Ол жөнінде архивтік істе мынадай құжат бар.

Каулы

1926 жыл, 19 мамыр

Гурьев қаласы

Мен, Гурьев уез милициясының ага милиционері Грачев, былайша шешім қабылдадым. Қупия хабарга қараганда Мұқанғали Кенжахметов бандитизмге көмектескен, сондықтан оны Қылмыс кодексінің № 76-бабымен айыптан, ол II категория бойынша тұтқындалып, Гурьев уездік түрмесіне жиберілсін. Бұл жөнінде Мұқанғали Кенжахметов хабарлансын.

Гурьев уездік ага милиционері: Грачев (қолы)

Милиция бастығы: (қолы)

Каулымен хабарландым: М.Кенжахметов (арабша)

(№ 67118/192-ic, 2-т., 106-б.)

Осыдан бір айдан кейін, яғни 15 маусым 1926 ж. Мұқанғали Кенжахметов екі адамның кепілдігімен (олар: Ақкозов Сәрсен – Гурьев қаласының тұрғыны, Сундетқали Кенжахметов – інісі) Орда қаласына жеткізілуге тапсырылады...

Аманғали қасындағы екі адаммен ауылға келген күннің ертесінде Қайырга аттанады. Сол кезде үйден бірге шықкан анасы Тажжан: "Қарағым, Аман, өсөн қаһарынан кайт! Аналық ак сүтімді кешіп отінемін, аман-есен оралдың той, енді тыныш жүрші!.." – депті.

Бірақ Аманғали алған бетінен қайтпаған. Қасындағы екеу де бұған ләм-мим тоқтау айтпаған. Қайыр ауылынан таптырмайды. Бұдан кейін келесі бір ала таңда олар Жұмагали Жангожиннің ауылынан бір-ак шығады. Алайда оны да жолықтыра алмаған. Себебі, бұл кезде Аманғалидың

түрмеден қашып үйіне келгенінен хабардар олар бой тасалайды. Кектеніп іздел келген адамдарын кездестірмеген соң Амангали енді ызага бой алғызыды. Жұмагали ауылындағы сол қарбаласта онын туысы Қанатқали атты жігіт қапияда окка үшады. Амангалидың бұл сапарын журналист Тасмұқан Тінәлиев өзінің деректі повесінде біркелкі шынайы суреттейді. Бірақ Қанатқалиды атып салған Мухаметберліні Жұмагали ауылынан аттанған соң Амангали аттайды да, олтірмейді де. Керісінше, Мухаметберлі Амангалидың қасынан екі елі қалмай қара күзге шейін, дөлірек айтсақ, қазан айының орта шеніне дейін, талай қарекеттерге бастап бірге жүреді. Ол тіпті Жұмагали Жангожин ауылын екінші рет шабу операциясына да қатысады.

Кастасқан адамдарын кездестіре алмаган Амангали енді Отарғали Мұқышевтің ауылын бетке алады. Бірақ барғанымен оның да орнын сипап қалады. Отарғалилар кошіп кеткен. Қайда?.. Белгісіз.

Осындай сергелден жүрістен кейінгі Амангалидың бір сапарының сөті түседі. Ол – Амангалидың Мұхсинаға үйленуі.

Біз енді Мұхсина туралы аз-мұз мағлumat берелік. Раҳила әжейден естігеніміз: “Көкем Мұхсина шешемізге Орал түрмесінен келген жылы жазда үйленді. Мұхсина Нарын құмының “Айбас” деген жерін қоныстанған Айбас-Жайық Беріштің Сары атасынан тарайтын Әлімтай деген кісінің қызы. Естуімізше, Мұхсина үйінде отырыңқырап қалған қыз екен. “Отырган қыз орнын табады” демекші, байгустың қайғы-қасіретте жүрген әкемізді үнатып, соган тап болғанын қаранызыны. Мұхсина бұрын нағашылары жағының, Есен-Беріштің бір жігітіне айттырылып қойған екен, оған өзі қонбекен деседі. Бір женгесінен көкеміз келгенде хат беріп, оның оңаша келіп кетуін өтініп, өзінің түрмисқа шықпак ойы барын білдіріпти.

Мұхсина шешеміз біздің үйге келін бол түскенде, мен өзім де бойжеткен қызыбын. Әлі бөрі де көз алдыма, бөрі де есімде. Ауылымыз Халидолла акұн-хазірет атамыздың “Шошак үй” дегенінен (бул балалар оқитын үй) он шакырымдай жерде жеті-сегіз үй жаз жайлауда отырмызы. Бір күні әкеміз үйге кіріп келіп: “Ал, Мұхсина шешелеріңізді алып келім, қарсы алуға шығыңдар!”, – дегені. Бөріміз үйден жүтіре-жүтіре шықтық. Ауыл жаңындағы Қоқалашағыл етегінде қасында 2–3 жігіт бар, олар аттарынан түсіп күтіп түр екен. Біз алдарынан шықтық. Мұхсинаның үстінде алтын

өркештеп зер салған қызыл макпал мол бешпеті бар. Кок жібек кең етекті койлектін астыңы жиегінен көкшіл етігінің басы анда-санда бір көрінеді. Басында балтырына дейін түстін күрең шашақты шарқаты бар. Шарқаттың маңдайына торт елі катырма етіп қатты қағаз қалтаған, ал мойнына жанжагы қулаштай қызыл орамал бос орай салған. Бет жузіне дәлдеп қарауга дәтім бармады. Откір көздері өзіне тіктеп қараган адамды шыдатпай тайдыра береді. Тек байқап үлгергенім, шешеміз ете ажарлы адам екен. Өзім де бойжеткен болған соң оның киіміне зер сала қарадым. Қызыл макпал бешпетінің сыртынан салған қапсырма белбеу бар мұсінінің сөнін келтіріп, кең иығы мен омырауын айқындаپ тұрды. Оған қоса жуандығы ірі кісінің білегіндегі қос бұрымы тілерсегіне түсіп, шолпысы сынғыр-сынғыр етеді. Бәріміздің беттерімізден сүйгеніне біз дән риза болдық. Шешемізді ертіп үйге әкелдік. Той жасадық...

Тойдан кейін көп болған жоқ, екі-үш күннен соң, қасында үш-торт адам бар, әкеміз Мұхсинаны ертіп ауылдан кетіп қалды. Осы кеткенде шешеміз өз киімімен кеткен болатын, ал келесі бір келгенде шашын түйіп, басында алшы беркі бар, ер адамша киініп алыпты. Кок жорғамен ағызып келгенде қайсысы әкем, қайсысы Мұхсина екенін танымай да қалдық. Мұхсина әкеміздің салтанатын асырып жіберіпти. Осындаі сөнімен ол өзімізге ете ұнап қалды.

Әкеміз осы келген жолында “Мениң енді сендерге кесірім тиуі мүмкін, біз Терлікбай қыстауының қасына қоныстанамыз” деп, алты қанат киіз үй, төсек-орын, ыдыс-аяқ, тағы-тағысын алып кетті ғой”, – дейді Рахила әжей.

Аманғалидың бұлай айтуының сыры неде? Олар Мұхаметберлінің бастауымен хохолдар ауылына барып біраз шатақ шығарған-ды. Осыдан кейін көп ұзамай Мұхаметберлі де Мұхсинаның ауылласы Балқан Ағыскызына үйленген.

Ендігі әңгімеге Аманғалидың екінші қызы Рахима апай араласты: “Ол кезде мен сегізdemің, Есімдегісі – әкеміз осы кеткенде өзімен бірге Нагымжанды, Қалыржанды және мені ала кетті. Сол киіз үйді Терлікбай қыстауынан бір шакырымдай жерге тікті. Үйдің ішінен шұнқыр қазып, бетін жауып тастады. Үйдің құбыла жақ бетінен ор қазды. Батыстан шығыска қарай созылған құм шағыл бар. Осы шағылдың етегінде қыстау, одан бері біраз жер батысында киіз үй. Біз сонда тұрып жаттық...”

Енді біз осыған орай Орал губерниялық орыс тілінде шығатын “Красный Уралец” атты газеттің 1928 ж. 10 сөүір № 8 санындағы “Сот жөне тұрмыс” айдарымен жазылған мақаланың мазмұнымен танысадайык.

“Ұлы колбасшы”

Амангали Кенжахметов туралы қыр мен құм арасындағы елді мекенде әнгіме коп. Дөкей жігіт корінеді Амангали. Батыл да батыр адам деседі, себебі оған біреуді бауыздап кету, жылқы үрлап әкету бұйым емес. Казактар одан катты корқады екен. Өзі сүрмерген дейді. Атпен шауып келе жатып қоқтегі қарғаны жерге қалпактай түсіретін көрінеді. Оны еске алғандардың етектері жасқа толады екен.

Өкімет адамдары ақыры “докей жігітті” сыйбайластарымен үстап, түрменің тас үйіне қамады. Бірак Амангали ол жерде онша көп отырган жок...

1926 жылы қоқтемнің қаранды тунін жамылған олар – “сыйбайластары” Орынбаев, Қалиев дегендер бар – Оралдың түрмесінен қашып кетті. Сондыктан губерния басшылары жедел жоспар жасап, әкімшілік бөлім бастығы Горбунов жолдас топ құрып, құрамында 10 милиционер және 2 қызыл әскер бар, “Люис” пулеметін жабдықтап жорыққа өзірленді. Сойтіп олар 1926 жылы 16 маусымда қырға аттанды.

Қаракшылар тобы да аз емес-ті. Эйтсе де ешкімнен корықпайтын ержүрек Горбунов өзінін женетініне сенімді, өзін дарынды қолбасшыдай сезінеді, әрі қару-жарагына улken уміт артады. Ол тіпті қасындағы комекшісі, тәжірибелі командир, губерниялық қылмысты істер бөлімінің бастығы жолдас Фукстің пікірімен де санаспады. Айбас ауылына жетіп, жол бастаушыларды ілеңстіріп, құм ішіне терендеп ене түсті. Олар жол-жөнекей ат үрлап келе жатқан біреуді үстады. Біраз қысымға алғаннан кейін ол өз сыйбайластарының “Тортқол” жайлауында қоныстанғанын, бастығы Физат Мұхаметғалиевпен бірге екенін айтты. Фукс жолдас Горбуновка мынадай ақыл-кенес берген: ауылға ете сақ барып, қаракшыларды үйықтап жатқан кезде қоршап үстau керек деген. Бірак “ұлы колбасшы” мұны тыңдамады. Төйірі, шабуылға айғағлап, атой сап шығу керек кой. “Әтірет” осылайша қылыштарын шолтандастып, тұрақтағыларды қоршап алды. Әттеген-ай, амал канша, іздеғен қаракшылар жоқ болып шықты. Айқай-шуды

естіген олар аттарына міне шауып, табандарын жалтыратып отырыпты. Бұлар тек қолға түскен дүние мен бірнеше тұргын адамдарды ұстаганына мәз болды...

Калмыково ауылынан Горбунов Гурьевке телеграф шалып, тағы бес милиционер сұраган. Ол қалайда Амангалиды өлі, не тірі күйінде ұстап козін жоятынына уәде береді...

Бұл жолы күн ете ыстық болды, қызған күм аяқ бастырап емес. Оның есесіне ауыз су да жоқ, ал құдықтағы су тым ашы. Олар Амангали тұрагын іздел біраз сабылды. Кенеттен жақын шағылдың астынан гармонь өүені естилгендей болды. Тездеп барлаушылар жіберілді. Олардың айтып келгендері, киіз үй тігілген, оның жаңында ор қазылышты.

Горбунов өткендеңідей тағы айғайына басып, шабуылға шықты. Бірақ олардың аттары ыстық құмға малтығып, жүрістері нашарлады. Ал бұны сезген қарақшылар орга тығылды. Екі жақтан да атыс басталды. Ысқырған оқ бірнеше рет Горбуновтың төбесінен зулап өтті. Зәре-кұты қашқан “қолбасшы” шабуылды дереу тежеді. Бұл қарақшыларға, әрине, дем бергендей болды.

“Колбасшы” Горбунов осы сапарында су ала жүруді де ұмытып кеткен екен. Кешікпей винтовкалар жарыла бастады, пулемет та істен шықты. “Батырымыз” құмға басын тығып жатып та басшылық жасай берді. Енді ол қарақшыларды коршауга алуға ашық жермен бірнеше адамды жіберді. Оның екеуі табанда окка үшты. Этірет амалсыз кері шегінуге мәжбур болды. Олар тоз-тоз боп Калмыковога қайтып оралды. Ал қарақшылар, әрине, тағы қашып құтылды...

Облыстық сот Горбуновты алты айға сottап еді, бірақ... амнистия бойынша ол босап шықты.

Владимир.

Мақала мазмұны осындай.

* * *

Осы Терлікбай қыстауындағы өқіғаны Рахима апай былай әңгімелейді. Бұл 1926 жылы тамыз айында болған.

“Бір күні түсте Терлікбай қыстауы жағынан мылтықтың дауысы шықты. Үйде қекем, Мұхамберлі, шешеміз Мұхсина, ас пісіретін бір әйел бар, балалардан Нағымжан, Қадыржан және мен. Әкем Нағымға шықпа деді. Қадыржан екеуін үй ортасындағы қазылған шұнқырга түсіріп, үстіне алаша жауып, текемет төсеп тастады. Әкемнің мұнысы

қалай да үл балаларды сақтау той. Мұхамберлі мылтықтарды алып, әкемді ілеңстіріп үй жанындағы орга түсті. Мұхсинаны да ала кетті. Ас пісіретін әйел маган бие сауатын кішкене шелекпен су береді. Мен оны ордагы атысып жатқан әкеме тасимын. Орга жеткенімде әкем төмен тартып алады. Атылған октар менің алдынан да, артынан да құмға түсіп, бұрқ-бұрқ етіп жатты. Кейде шелектегі суды төгіп алам, кейде әрен-әрен әүпірімдеп жеткізіп берем. Сол екі арада әкем мені қайта жүгіртеді.

Мұхсина шешеміз мылтықтардың үнгыларын сулы шуберекпен таңып байлаш, әрі оқтап үлгереді. Қымылы оте шапшаң. Өзі қекемнің екі жағына кейде зып беріп шығып, келіп түсіп жатқан бораған оқ пен әкем арасына қалқан болғандай. Әкемді қоргаумен алек. Кобірек ататын Мұхамберлі. Атқан сайын ышқынып кояды. Күн сондай ыстық. Мылтықтар шыдамайды, үнгысы ысып, суды көп керек етеді. Сөйтіп жатқанда Мұхамберліге оқ тиді. Оған Мұхсина бір-ақ қарғып барып, қан ағып жатқан жарасын шуберекпен таңып таставды.

Мұхамберлі атуын қайта бастады. Сол кезде үй жанында бір ат байлаулы түрған, оған оқ тиіп, аяғын бір-ақ серпіді.

Әйтеүір түс ауа атыс тоқтады, екі ара қекпенбек мұнартып кетті. Әлті келгендер кетіп қалды. Кейін қекем мен Мұхсина қыстаудын ішін, айналасын арапап қарады. Мен арттарынан еріп жүрдім. Естүімше, екі адам шығын болған. Атқа сүйретіп кеткен, екі жерде қанның ізлері жатты. Әкемдер мені қорадан кайтарып жіберіп, өздері бір жакқа кетіп қалды. Қайда барды білмеймін, тек кештетіп келгенде онғимелерінен естігенім, келген топ бір жерге барып сусын ішіп, әрі кетіпти. Сонда алғілер: “Бұл Аманғалидың ырысы қайтпаган екен, құрттай қызына да оқ тиғізе алмадық, ол су тасып жөрдем жасады”, – депті...

Сол кеште әкемдер үйді жығып, басқа бір жерге көшіп бардық. Кошерде бір кісі кеп комектесті. Ол бізben бірге барып үй көтерісті. Үй тігіп болған соң әкем Мұхсина мен Нагымжанды алып тағы бір жаққа кетті. Мұхамберлі де бірге. Біз төртеуміз қалдық. Түнде бізге солдаттарша кінген бірнеше адам келіп, үлкендерден жауап алды. Менен біреуі: “Әкен қайда?”, – деп сұрады. Мен білмеймін дедім.

Жауап алып болған соң тамақ ішті. Бір адамын қарауылға қойды. Ас ішіп болған соң біреуі: “Әке үшін бала күймейді”, – деп, бізді бір кісіге тапсырып: “Тұстарына apar!”, – деді.

Таңертең олар киіз үйді жықты. Барлығын (ыдыс-аяқ, тосек-орын, киім) арбага тиеді, сосын бөрін алыш кетті.

Мені, бес жасар Қадыржанды әлгі кісі бір қашыққа салған киімдерімізben рулас туысымыз Сидақ деген кісінін үйіне өкеп таstadtы. Ол кісі бізді Тумадағы үйге жеткізді", – дейді Рахима әжей.

Жоғарыдағы мақалада корсетілгендей, жазалау әтіретінің бастығы Горбунов мырза Калмыково ауылында болғанда сол болыстың аға милиционері Евгений Кунцевичті де қасына ертіп жүрген. Ал ол кездескен адамдардан сұрап-жауап алыш, оны хаттамамен толтырып отырған. Енді олардың бірнешеуімен оқырмандарды таныстырылыш.

Қанбақты ауылының тұрғыны
Жанузаков Жамарданың жауабы
Жауап алу хаттамасы

1926 жылғы шілде айының 9-шы жүлдізы. Калмыково елді мекені.

Жауап алған – Калмыково болысының аға милиционері Кунцевич Евгений.

Жауап берген – Жанузаков Жамардан, 17 жаста, Сарытобе болысы, Қанбақты ауылының тұрғыны, үйленбеген, орта шаруа иесі, 20 жылқысы, 90 қойы, б түйесі бар.

Ол мынаны атап айтты:

Мамыр айының орта кезінде, шамамен жулдыздың 14-і күні болар, күндіз көз алдында менің бір атым жоғалды. Ол былай болды. Киіз үйімізден онша қашық емес құдық басына бір адам келип, әлгі атты үстап, оған жайдак мініт жүре бергені. Ол Амангали екен. Үстінде ашаң түсті шинель, басында қара қалтак, өзі орта бойлы, қолында орыс винтовкасы бар. Ол бізге жақын келмес бұрын өзінен алыстан қашып бара жатқан бір қазақтың артынан мылтық атып қорқытты. Шамасы, атын бергісі келмеген біреу шыгар. Амангали менің атымды үстеган кезде оған баруга асығып едім, бірақ әлгідей мылтық атқан соң, жсанына жақын баруга мен де қорықтым. Экеткен ат туралы ауылсоветке арыз бергем және оны алған Амангали деп корсеткем, бірақ ол қам-қарекет жасамады, себебі ол Амангалидан қорқады.

Амангали біздің болыста екі рет болған: бірінші рет қазақ мейрамында келді. Кай жерде өткені есімде жок, әйтеуір

мейрам өткен соң кетіп қалды. Екінші рет Амангали келіп көлік үшін ат жинапты, сонда қасында түрмеден бірге келген екі жолдасы бар және бір қазақ келіншек болды. Кімдерден ат алды, оны мен білмеймін, әйтеуір алыпты деп естідім. Амангали мениң атымды алған кезде әлгі екі қашқын бірге болған. Олар қара күімді еді, бірі ұзын бойлы арық, үстінде қара бешпеті, басын қазақы орамалмен байлап алған, өзі жас, қолында винтовка бар, ал екіншісі орта бойлы, жалаңбас, онда да винтовка болды. Амангалида қоржын сумка, патрон бар-жоғын білмеймін. Басқа айттарым жоқ. Сол үшін қол қойдым.

Жауап берген:
Жауап алған:

Ж. Жанузаков (қолы)
Е. Кунцевич (қолы)

(№ 67118/192-ic, 2-т., 16-б.)

Отарғали Мұқышевтің жауабы
Жауап алу хаттамасы

1926 жыл, шілде айының 19-шы жүлдөзы. Айғырбел күтірі. *Жауап алған – ага милиционер Евгений Кунцевич.*

Жауап берген – Отарғали Мұқышев, 40 жаста, Орал губерниясы, Ілбішін болысы, Панин күтірінің тұргыны, сауатты, үйленген, отбасы – 6 адам, партияда жоқ.

Ол мынаны көрсетті:

Біз Сарытөбе болысынан Орал губерниясының Ілбішін ауданына көшуімізге байланысты жол-жөнекей Калмыково болысының Каленый ауыл советі аумагында 15–20 шақырымдай жердегі Егоров күтірінде уақытша тұрақтап қалдық. 24 мамыр күні таң алдында (мамыр айының 23-нен 24-не ауган тунде) Орал губерниялық түрмесінен қашқандар келіп біздің ауылды шапты. Атыс-шабыс болды. Мен бұдан бұрынырақ естігем, олар мені біраз іздепті. Сондықтан мен ОГПУ-дың руқсатымен алған винтовка, патрондармен қорғандым. Өзім күзеттен таң алдында босап, орныма қарауылга ауылдағы жолдасым Үйсан Ізімқұлов тұрган-ды. Осы кезде үй артындағы ордан қарақышылар шыға кеп, киіз үйлерді атқылай бастағы. Атқандар үш адам, оның бірі аттылы, ал төртінші адамы ескі күтір жақта, екі жуз қадамдай қашық жерде болды.

Мен де жауап ретінде оларға оқ атқыладым. Осылай атыс бір сағатқа созылды. Кешікпей атысты естіп, ауыл адамдары

жинала бастады, таң да білінді. Бұл кезде Каленый жақтан келе жатқан адамдар және осындағылар да көріпті, сөйтіп қарақышылар енді қашуга мәжбүр болды. Олар сол жерде оң аягынан оқ тиген бір ат қалдырыпты. Үстінде қазақы ер-тұрманы бар. Және бір боз түсті жәй қалтақ пен қырыққа жуық босаган патрон табылған. Оны ауылсовет жинап апты.

Шабуыл жасаған, әрине, Амангали болатын, ол маган орысша айқайлады, "Калайда беріл, бәрібір көзінді жоям, ешқандай кешірім болмайды" деп ақырды. Онымен бірге екі бейтансыс адам болды. Мениң киіз үйімді оннан астам оқ тескен екен. Олар ескі күтірде де біраз болыпты, кірпіштен қабырга қалаған, өздерінше көзге түспеу үшін жасаған болса керек, жерде темекі түкүлдәр мен қорабы шашылып жатты. Олар менің үш атымды шығындаған. Оның бағасы 8300 сомдай. Алдамжар Балжановтың бір сиыры, Сатай Карагуловтың бір түйесі, Молдагали Мұқышовтың, Іксан Ізімқұловтың, Финаят Бисенгалиевтің бір-бірден сиырлары шығын болған.

Сарытөбе болысында Амангалидың тұган інілері бар – Мұқанғали, Әндіргали, Сундетқали, төртіншінің аты есімде жоқ. Және бір Темірхан деген туысы бар. Сірә, солар оған кемектеседі. Оларға қарсы бір шара қолданбаса, ұстау мүмкін емес. Біздің ауылда болғаннан кейін Амангалига Гизат Мұхамбетқалиев деген тағы біреу қосылыпты. Ол Глинин болысының тұргыны, Едігей Сұтбеков дегеннің туысы. Осыған тағы бір адамның атын қосайын, ол – Қамыс-Самар болысының ага милиционері Амангали Сүйінеліев. Міне, осылардың бәрі әлгі қарақышыларды мені құртуға жұмысашылар. Сондықтан менің сурайтыным, осыларды тұтқындау керек, тек сонда гана Амангалидың көзін жоюға болады. Әйтпесе Амангалиды үстап беруге ешкімнің батылы бармайды. Басқа айтарым жоқ.

Жауп берген:

О.Мұқышев

(қолы)

Жауп алған:

Е.Кунцевич

(қолы)

Есіме түсті – Темірханның фамилиясы Сариев, оның тұгандары сол Сарытөбе болысында тұрады.

Отарғали Мұқышев

(№ 67118/192-ic, 2-т., 128-б.)

Осылайша екі адамнан сұрақ-жауап алған Е.Кунцевич Горбунов мырзага жағдайды түсіндіріп, томендергі отініш хат жазып, одан көмек сұрайды.

*Орал губерниялық
әкімшілік болім бастығына*

Сіздің құзіретіңзеге мынаны хабарлаймын:

Мамыр айының он төрті күні Амангали Кенжахметов қасында түрмеден бірге қашқан, винтовкамен қаруланған екі адаммен Сарытөбе болысының Қаңбақты ауылына келіп, Жанұзақов Жамарданның бір атын мініп кеткен.

Ал мамырдың жиширма үшінен жиширма төртіне қараган түнде олар Каленій поселкесінен он шақырымдай жерде орналасқан қазактардың көшпелі ауылына шабуыл жасап, атыста сол тұрғындардың төрт өгізі, бір түйесі және бір торнагы оққа үшікан, уш атын алғып кеткен. Ауыл тұрғыны Отарғали Мұқышевті өлтіруге өрекет жасаған. Бул жолы Амангалидың қасында уш серігі болған.

Бұдан басқа олар Сарытөбе болысында казақтың Құрбан айт мерекесіне қатысып, аттар жинаған. Бул жолы олардың саны бес адам болған.

Жоғарыдағы жағдайларды әдейі хабарлап, Амангали тобының Калмыково болысына да тым жақын келіп жүргенін ескертемін. Оған қоса олардың біресе Гурьев уезіне, біресе Орал губерніясының жеріне емін-еркін ауысып жүрүлеріне байланысты Калмыков болысына уш қарулы атты әскер және екі бос ат (біреуін жол көрсетушіге, бірі маган) жіберсеңіз деп отінемін. Олардың көзін күрту үшін маган негізгі тұрагы Сарытобе болысына баруга рұқсат етуіңізді сұраймын.

Орал уездік Калмыково

болысының ага милиционері: Е.Кунцевич

(қолы)

Ескертпе. Амангалидың серіктегі: бірі – ұзын бойлы қара, жастау; екіншісі – орта бойлы, сары адам.

(№ 67118/192-ic, 2-т., 22-б.)

Е.Кунцевич бұдан кейін де кездескен ауыл тұрғындарынан жауап алғып, оларды хаттап отырған.

Кенжебек Бұқаевтың жауабы
Жауп алу хаттамасы

1926 жыл, шілде айының 21-ші жұлдызы. Көшімдегі Бахирев ауылы.

Жауп алған: ага милиционер Евгений Кунцевич

Жауп берген: Бұқаев Кенжебек, 45 жаста, Соломахин болысының тұрғыны, сауатсыз, үйленген, партияда жок, кедей, қара жұмысшы.

Оның корсеткені:

Шілденің 4-ші жұлдызы күні кешкісін Молдагали Нагиевтың үйіне Амангали тобымен келді: бес еркек, бір әйел. Амангалидың үстінде ак плащ, басында қалтақ, асынган винтовкасы, кабурада револьвері бар, басқаларын танымаймын. Олар Молдагали үйіне қонды, үй иесі қой сойды. Таңертен шай ішіп, олар Бекқазы ауылына кетті. Арттарынан мен де ілестім, себебі Молдагалидың әйелі жұмсаған болатын. Олар үй иесі атының тартта айылын алған екен, соны алып қайту керек болғаны. Мен оларды Бекқазы ауылында құып жетпіп, одан әрі Мурзин, Айғырбел күтіріне дейін бірге бардым. Жол-жөнекей олар мениң көзімше ештеңе әңгіме айтпады, мен де бөтен ештеңе естімдім. Мен Айғырбелге бір шақырым жетпей кері қайттым. Бірақ оны ауыл советке айту керек екенін білмедім. Олардан тек Отарғали Мұқышевтан өзи алуға, оның көзін жоюға бара жатқанын естідім. Мен оны тарантасын мінуге алған орысқа қайтар жолда айттым. Ол жер Лаптев күтірі деп аталатын тұрақ болатын. Оны да ежімет орындарына айту керектігін мен білмедім. Амангалидың қасындағы адамдар: бірі – қырма сақалды, үстінде женіл қара бешпеті бар, ұзын бойлы, жас шамасы қырыққа жақын, қараторы, шашы да қара, винтовкасы бар; екіншісі – қызыл жейделі, орта бойлы, аксары жұзді, дene құрылышы да орташа, жас мәншері отыздарда; үшіншінің үстінде қара шапаны бар, ұзын бойлы, сары, шашы қара, сақал-мұрты жок, жас шамасы жиырмада, оның да винтовкасы бар; төртіншінің ак түсті шапаны бар, жас жігіт, оның да винтовкасы және қанжары бар. Алтыншы – жас келиншек, оның ашаң түсті көйлегі болды. Бәрінің астарында аттары бар. Басқа айттарым жок.

Мен үшін қол қойған – Карпенко

(қолы)

Жауп алған: Е.Кунцевич

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 2-т., 20-б.)

Бұл кезде Аманғалидың қасындағылар Мұхаметберлі, Сұмбет, Айтжан Қазиев, Физат Мұханбетқалиев және Мұхсина болатын.

Бұдан кейін жазалаушы отряд, жоғарыдағы мақалада көрсетілгендей, енді Физат Мұхамбетқалиевті үстамақ боп, "Мәлен құдық" деген жердегі онын тұрағына барады. Ондағы болған өрекетті Е.Кунцевич төмендеғідей суреттейді. Оны да табылу хаттамасы деп іске тіркейді.

Табылу хаттамасы

1926 жылы шілде айының 23-ші жүлдөзы. "Мәлен құдық" тұрагы (түнгі сагат бір).

Мен, ага милиционер Евгений Кунцевич, Орал губерниялық әкімшілік бөлімі бастығы жолдас Горбунов және губерниялық қылмысты істер бөлімі бастығы жолдас Фукстің қатысуымен осы хаттаманы жасадық. Дәлрек айтсақ:

Осы жылдың шілде айының 23-ші жүлдөзы күні түнде сагат бір кезінде біз Мәлен құдық тұрагына келіп, отрядпен киіз үйлерді қоршадық, және оның бірінен бандит Мұхамбетқалиев Физатты үстамақ болдық. Сөйтсек, ортадагы киіз үйде ауылсовет төрагасы Мұхаметқалиев Мұхтар бар екен және ол Физатпен бірге шай ішіп отырыпты, ал олар ағайынды адамдар болып шықты.

Тексеру кезінде козіміздің жеткені, біз келмestен бурын өлгі бандит Физатты үстауга отряд келеттін ескертпіл қойғандықтан, әрі оның ағасының ешбір қарекет жасамағандығынан Физат қараңғылықты пайдаланып тайып отырыпты. Демек, оның ағасы Мұхтар бұзықтарға жасырын қол үшін беріп көмектеседі, сондықтан оларды үстау мүмкін емес.

Осы негізде аталмыш хаттаманы жасадық. Қол қойдық, Горбунов (қолы), Фукс (қолы), Кунцевич (қолы)

Мұхамбетқалиева Үміт – Физаттың әйелі

(№ 67118/192-ic, 2-т., 24-б.)

Осы жерде келген отряд біраз дүниес-мұлік пен адамдарды тұтқындауды. Ол туралы "Ұлы қолбасшы" мақаласында көрсетілген. Олардың бірі сол ауылсоветтің төрагасы, Физаттың үлкен ағасы Мұхтар Мұхаметқалиев еді. Бұл

жорыққа сол отрядпен бірге Отарғали Мұқышев өз ауылдасы Мұстафинмен қатысқан. Олар Амангалидың жақсы танысы Сапарғали Мәмеметәлиевтің үйін тінтүге араласады.

Тінту хаттамасы

1926 жыл, шілде айының 30-шы жүлдізы.

Мен, ага милиционер Евгений Кунцевич және күөгерлер: Отарғали Мұқышев пен Сұлтан Мұстафиннің қатысуымен азамат Сапарғали Мәмеметәлиевтің киіз үйін және оның тоңірегін тінту алдында әйелі Бизита Мәмеметәлиевага олардың иелігіне жетпайтын тыгулы қару-жарақтарды, тағы басқа бөтен дүниелерді шыгарып беруін талап еттім. Сонда Бизита Мәмеметәлиева үйде азаматының да, тығылған бөтен дүниелердің де жоғын хабарлады.

Бұдан кейін біз киіз үйді және үй тоңірегін тінтуге кірістік. Тінту нәтижесінде біз ешбір бөтен нөрсе таппадық, және еш нөрсе үй иесінен тартып алғанымыз да жсок. Сондай-ақ тінту барысында үй иелерінен қарсылық та, арыз да естігеніміз жсок.

Сол үшін осы хаттаманы куәландырып, қалдарымызды қоямыз.

*Мұстафин
Фукс*

*(қолы)
(қолы)*

*Мұқышев
Кунцевич*

*(қолы)
(қолы)*

(№ 67118/192, 2-т., 46-б.).

Е.Кунцевич бұдан кейін де жолыққан бірнеше ауыл тұрғындарынан сұрақ-жауап алғып хаттама жасаган.

Енді солардың мазмұнымен танысалық:

Зейнолла Газизиновтың жауабы Жауап алу хаттамасы

1926 жыл, шілде айының 30-шы жүлдізы

Жауап алған: ага милиционер Евгений Кунцевич.

Жауап берген: Зейнолла Газизинов, 26 жаста.

Ол мынаны корсетті:

Амангали Кенжакметовтің Уалиден Қалулинов деген агайыны бар. Соган Амангали Қурбан айт мейрамында қыдырып келіп, ат жарысқа қатысты. Ол Сарытөбе болысы жерінде откен болатын. Сонда Амангали қыдырыстан жүрді.

Ал Сарытобе болысының милиционері (атын білмеймін) сол кезде “Амангали көрсө мені өлтіреді” деп қашып, тығызып журді. Бұдан басқа айтарым жок. Сол ушін қол қоям.

Жауап алған: Е.Кунцевич (қолы)

(Сонда. 2-т., іс беті – 43)

Жеден Сұндетқалиевтің жауабы
Жауап алу хаттамасы

1926 жылғы шілде айының 31-ші жүлдізы. № 6 ауыл

Жауап алған: ага милиционер Е.Кунцевич.

Жауап берген: Жеден Сұндетқалиев, 27 жаста, жарлы, үйленген, бір баласы бар, шаруасында бір сиыр бар, қазақша хат таниды.

Ол мынаны көрсетті:

Амангали Зейнолла Фазизиновтың ауылына 25 маусым 1926 жылы өз сыйбайластарымен келді. Мен құдық басына сиырымды суаруга барғанымда көрдім. Өздері бес адам, оншакты аттары бар. Олар да құдық басына келді. Сол жерден көрістік. Менен Әбдірахман Жүсіповтің ауылына баратын жолды сурады, бірақ өздері Сапаргали Мәметәлиевке кетті. Олардың бір аты жүре алмай қалды, соны маган қалдырыды. Амангали маган багып бер, қайтар жолда алармын деді. Мен мұны ауылсовет Лұқпан Әбугалиевке хабарладым. Ол менің ісім емес деді, келсе, қайтарып алар деді. Ал Амангалилар қайтып келмеді, сондықтан ат менде тұра берді. Басқа айтарым жок.

Жеден арабша қол қойған

(№ 67118/192-іс, 2-т., 52-б.)

Сидагали Ермековтың жауабы
Жауап алу хаттамасы

1926 жыл, шілде айының 31-ші жүлдізы. № 6 ауыл.

Жауап алған: ага милиционер Е.Кунцевич.

Жауап берген: Сидагали Ермеков, 35 жаста, шаруа адамы, қазақша хат таниды, үйленген, уш баласы бар, 2 аты, 3 түйесі, 17 ірі малы, 30 қойы бар, партияда жок, 11 жыл Астраханда балық көсібінде, 1925–26 жж. тері синдикатының агенті.

Ол мынаны көрсетті:

Мен Амангали Кенжакхметовті 1919 жылы қарындастымды күйеуге берген кезеңнен бері білемін. Ол 1921–22 жылдары бандитизмге қарсы отрядта болып, ақ бандымен құресті, олармен шайқасқа қатынасты. 1923 жылы Амангали Жангожин Жұмагалимен қатты араздасты. Не ушін екенін мен білмеймін, әйттеір, бір-бірімен жауасты. Әтірәттар уш топқа болінді, олар өзара қырқысып, бір-бірін қуысты. Отарғали Мұқышевтің да өз әтірәті бар. Ал Жұмагали Жангожинның әтірәтінде тогыз адам. Олар қалайда Амангалиды үстап, өкімет адамдарының қолына тапсырмақша болды. Ал Амангали оларга үстаптады, міне, содан бастап өзара атыс-шабыс көбейді. Амангали үстаптаганы бір басқа, ол енді өзі шабуылдан, тиісе бастады. 1925 жылы Отарғали Мұқышевтің әтірәтін шабуылдан, соңынан оның дүние-мұлкін алып, тоқалын ілестіріп кеткен. Артынан үсталып, түрмеге тусти. Ол 1925 жыл. Ал 1926 жылы түрмеден қашып шыққан, қай айда екені есімде жок.

Амангали Кенжакхметов осыдан бір айдай бұрын маган келіп кетті. Өз әтірәті бар. Бес адам, оның бірі әйел, олар қаруланған, уш винтовкасы, 1 револьвері бар. Өзім қатты ауырып жатқанмын, онымен дұрыс сөйлесе алмадым. Ол маган бір қасқа биені қалдырып кетті. Соны Сапарғали Мәмәтәлиевке берерсіз, оның табынында жүре берсін деді. Үақытша ма, алде біржола ма, оны айтпады, сондықтан мен ол жағын білмеймін. Мен мұны бірден ауылсоветке айттым. Төрага Лұқлан Эбугалиев еді, ол маган атты Мәмәтәлиевке апарып бер деді. Мен солай істедім. Амангали түнде қонғанда мені де, басқаны да ешқайда шыгармады. Ал күндіз мен ентек, жай гана ауылсоветке бір адамымды жүгіртпін алдым, ол менің ағайын інім, бізде қонақ еді. Аты Хамидолла Нұрмагамбетов. Біздің үйге Амангали келгенін айтқан. Сойтсе әлгі ауылсовет: "Мен оған еш нәрсе істей алмаймын, себебі менде қару-жарақ жок", – депті. Жоне айтыпты: "Амангали жүрсе, жүре берсін, менің шаруам қанша, мен бәрібір оны үстай алмаймын", – деген екен. Соңынан Амангалидан қалған бір хат табылды. Оны Хамигеге бердік (фамилиясын білмеймін). Ол ауылсоветке берген, төрага соны маган оқыған болатын. Оны тағы бір адам көшіріп алды. Бұл хат емес, Амангалидың әні, олеңдері болып шықты. Орал түрмесінде отырганда шыгарған екен.

*Ал Амангали мен Сапаргали Мәмәтәлиев қандай қарым-
қатынаста екенін мен білмеймін. Маган келердің алдында ол
Сапаргалига согып, қонған екен. Мениң естігенім Амангалилар
Жумагали Жанғожиннің бір ағайынын өлтіріпті-міс. Одан басқа
оның үрлаганын-жырлаганын естігенім жоқ. Қасындағы
сыбайластары кім, мен оны білмеймін. Амангалидың қасында
жас әйелі болды, ол озі қашықта тұратын біреудің жалғыз
қызы көрінеді, созіне қараганда үшінші ауылдың қызы гой деймін.*

Басқа айтарым жоқ. Сол үшін қолымды қойдым.

*Жауп берген: С. Ермеков (қолы арабша)
Жауп алған: Е. Кунцевич (қолы)*

(№ 67118/192-ic, 2-т., 51-б.)

*Орал губерниялық әкімшілік
болім бастығы жолдас Горбуновқа*

Түсініктеме

*Сіз өзіңіздің қолхатыңызда маңызды іс бойынша жолыгуга маган
кел деген ұсыныс айттысыз. Сіздің қона тың жерінде, ол мениң
турғымнан 30 шақырымдай қашықтықта екен, соган мен келдім,
бірақ одан ері Бает-Шоланды балысына мен қанша тырысқанмен,
өкінішке орай, жете алмадым. Себебі, ревматизммен қатты
ауырып қалдым. Ауырып жүргенім Сіздің қасыңызданы Мұстафин
мырзага жақсы белгілі. Міне, сондықтан Сізден кешірім сұрауыма
және осылай жарты жолда қалуга мәжбүрмін.*

1926 жыл, 1 тамыз, күндізгі сағат 12.

Сапаргали Мәмәтәлиев (қолы)

*Толықтыру: Төртінші күнгі Сіздің адамдарыңыз алған қоңыр
айғырды қайтаруды сұраймын.*

С. Мәмәтәлиев (қолы)

(№ 67118/192-ic, 2-т., 59-б.)

*Отарғали Мұқышев үйіне шабуыл жасағандардың бірінің
айтқаны.*

Айтжан Қазиевтің жауабы
Жауап алу хаттамасы

1926 жыл, тамыз айының 1-ші жүлдізы. Жетінші ауыл.

Жауап алған: ага милиционер Евгений Кунцевич.

Жауап берген: Айтжан Қазиев, 48 жаста, шаруа адамы, Гурьев уезі, Камыс-Самар балысы, № 6 ауыл, үйленген, сауатсыз.

Ол мынаны көрсетті:

Мен Амангалидың жасасына 1926 жылдың мамыр айында қосылдым. Қай күні екені есімде жоқ. Олар қаруланған үш адам болып таңертеп келді. Бірі Амангали, екіншісінің аты Сүмбет (фамилиясын білмеймін), үшіншінің атын, фамилиясын да білмейді екем. Біздін үйден кейін бірінші ауыл түркесінде (фамилиясын білмеймін) бардық. Шай ішіп, әрі кеттік. Ол күні адам турмайтын айдалада, бір шагылга жетіп қондық. Ертесінде тагы жүріп, күндіз шабындық күзетшісінде түстендей, шай ішіп, тұс ауа тагы жүрдік. Бул жолы Төле Тұрақбаев деген азаматтікіне согыт, одан тагы шай ішіп, ілгері кеттік. Содан Қараойдың күнишығыс жасына шығыт, одан екі шақырымдай жердегі орыс күтіріне бардық. Ол жерден жол көрсетуши бір адам алып, бесеуіміз Егоров күтіріне кеттік. Күтірге кірген соң жер қазып, кірпіштен қабырға қаладық. Ол жерге күн бата келгенбіз, содан таң атқанша болдық.

Біраздан соң бірі атқа мініп, екеуі жаяулатып Амангалилар Отаргалидың күйі тұрған жерге барды. Олардың үш винтовкасы, бір наганы, бір қылышы болды. Бір сагаттан кейін атыс басталды, ол тагы бір сагаттай созылды. Сол атыс кезінде ат оқша үшікан, үшегі жаяу оралды. Біреуіне оқ тиіпті, мұрынның үсті мен маңдайында жаракат бар. Біз бесеуіміз жаяу жүріп отырып күтірге оралдық. Қараойдан шыгарда мен Амангалидан босатуын сурап ем, ол мені жіберді.

Басқа айтарым жоқ.

Сауатсыз болғандықтан А.Сапаргалиев қол қойды.

Жауап алған:

Е.Кунцевич (қолы)

Орал уезі, Калмыково балысы, Каленый ауылсоветі, Егоров күтірі.

(№ 67118/192-іс, 2-т., 57-б.)

Аманғалиды тірілей үстап, қайта Оралға жеткізу немесе қарсыласса сол жерде көзін күрту мақсатымен шыққан

Горбунов, Фукстің жазалаушы отрядының бұл операциясы осылайша сөтсіздікпен аяқталды. Екі адамнан өлідей айрылып, бұл топ азып-тозып Оралға қайтып оралды. Әрине, олар тек бірнеше адамдарды тұтқындаш, Амангалидың біраз дүние-мұлқін әкеткендеріне разы. Ал Аманғали ебін тауып тағы ұстаптай кетті. Бұл, әрине, Аманғалига, оның қасындағыларға әжептеуір дем бергендей. Бұдан кейін Аманғали бұрынғы қарсыластарына еселең кайта соққан.

Осының куәсіндегі архивтік істе Қайыр Қарымбаевтың зәбір көріп, Гурьев ОГПУ-на жазған мына бір арызы сакталыпты, мазмұны төмендегідей:

*Гурьев уезі бойынша ГПУ өкіліне
Сарытобе болысы, Жаманқала поселкесі
тұрғыны, азамат Қайыр Қарымбаевтан*

Отініш

1926 жылдың қыркүйек айының орта шенінде Аманғали тобы ауылымды шауып, менің ескі қорамды, онда сақталған пішенді, жиналған ағаштарды, тағы басқа да мұліктерді өртеп жіберді.

Шығын шамамен 800 сомдай.

Соңғы кезде мен үнемі олардан қашып-тығылып жүрген-діктен, керекті мөлшерде шөп жинап алу мүмкіншілігі болмады. Сондықтан менің шаруашылығыма қазіргі кезде қындық қаупі төніп түр.

ГПУ-ден маган дұрыс ақыл-кеңес беруін және осы қындықстау жағдайдан құтқаруын сұраймын.

2 қазан, 1926 ж.

Қарымбаев

(белгі қойған)

(№ 67118/192-ic, 3-т., 278-б.)

Қайыр Қарымбаевтың мына отінішіне бастық Лысенко: “Хат Гурьев уездік атқару комитетіне жіберілсін, себебі комек сұрайды”, – деп бұрыштама жазып, қолын қойыпты.

Өкімет тарапынан дұрыс комек көрмеген Қайыр Қарымбаев бұдан кейін Астрахань губерниясына қошіп кеткен.

* * *

Бұл кезде Амангалиға жер түбі қияннан, Орал губерниясы, Казталовка ауданынан (екі ара бес жұз шақырым) Ергали Аязбаевтың қонакқа шақырта жіберген, кару-жарак асынған екі адамы – Мұхамбетқали Қашқынбаев пен Теміргали Үбырашев келген-ді. Жазғы сөтсіз компаниядан кейін Амангалиды енді осылайша қолға түсірудің жаңа бір кезекті өдісі еді. Бұл Орал губерниясы Ішкі істер баскармасының бастығы Шалимов мырзаның Ергалиға жасаған отініші. Келген екеуі еруліге – қарулы бол қосылып, Амангалидың қасында біраз уақыт бірге журді. Олар егер мал болса, Ергалида оқ, кару-жаракқа айырбастауга то-лық мүмкіншілік бар деп Амангалидың қасындағыларды ынталандырып, жігерлендіріп те қойды. Осы кезде Мұхаметберлі Амангалиды Жұмагали Жангожинның ауылын қайта шабуға бастайды. Мақсат біреу – Жұмагали Жангожинды колға түсіру және онда мал да бар. Бірақ сапарлары сөтсіз аяқталады, Жұмагали Жангожин отряды бұларды окпен карсы алды. Амангали тобынан екі адам – Қаби Сұлтанғалиев, Жұмағали (ф.б.) дегендер оққа үшады, Аманғали өзі жаракаттанады. Аманғали тобы Жұмагали ауылынан жырымаға жуық жылқы айдал әкетеді. Енді Ергали жігіттері елге қайтпақ болғанда Аманғали өзі бара алмайтынын айтып, Мұхаметберліні басшы етіп төрт адамды, Жұмагалидан келген жылқыны түгелдей қоса аттандырып, Мұхсина екеуі үйде қалады. Казталовкаға барғанда Ергали осынша олжамен келген жігіттерін қалай карсы алды? Ол дереу Мұхаметберліні адамдарымен тұтқындалап, кару-жарактарын, ат-әбзелдерін түгелдей тартып алады, бар жылқыны өкіметке откізеді. Мұхаметберліні қасындағы екі адаммен милиция арқылы Орал түрмесіне жонелтеді. Оның әйелі Балқанды кәмелетке жасы жетпеген соң Казталовкада қалдырады. Сойтіп Балқан енді қайтып өке-шешесіне, тұтан жерге орал алмайды, кейін түрме жанындағы бір адамға әйелдікке буйырады. Бұдан кейін Аманғали мен Мұхаметберлі қайтып кездеспейді.

Орынбаев Мұхаметберлі болса, 1927 ж. 17 шілде айында ОГПУ Үштігінің шешімімен Сабитов пен Аманғали Кенжакметов тобында болғандығы үшін ең жоғары үкім – ату жазасына буйырылады. Бірақ соңынан бул шешім тагы өзгеріліп, ол он жылға кесіледі. Оның будан кейінгі тағдыры бізге белгісіз.

Осы кезде іс сапарымен уезге – Гурьевке келген губерниялық Ішкі істер басқармасының бастығы Шалимов арнары күм ауылдарына шығып, тұрғындарга Амангалиды қөргендегі бар, оған жасырын көмектескендегі барларға жазаламайтындығына кепілдеме беріп, керісінше, Амангалиды ұстауға көмектесіндер деп өтінеді. Олардан жәрдемдесуге келісімдерін алыш, әдейі тапсырмалар береді. Осы істі жүзеге асыруды Жұмагали Жангожинге тапсырған.

Осыдан бастап Жұмагали Жангожин Амангали соңына мықтап түседі. Ел арасында Жангожин әрекеті туралы қанку сөздер де тарайды. Бұл пікірлер Амангалиға да, оның інілеріне де жетеді. Сондықтан мұны естіген інілері Гурьев уездік ОГПУ боліміне мынадай арыз-өтініш түсірді.

*ОГПУ Гурьев уездік боліміне
Сарытобе болысы, Жаманшолан ауылы
турғындары ағайынды Мұқанғали,
Әндіргали, Сүндепқали Кенжакметовтерден*

Өтініш

Халық арасына тараған ашық хабардан естігеніміз – ағамыз Амангали Кенжакметовтің қас жауы Жұмагали Жангожин және тағы сол сияқтылар қаза болған інісінің кегін енді бізден алмақ, яғни бізді өлтірмекші.

Сондықтан Сізден бізді қоргайтын шара қолдануыңызды сұраймыз.

Бізге қарсы арандату әрекеті болары анық.

18 қараша, 1926 жыл (қолтаңбалары арабаша)

(№ 67118/192-ic, 3-т., 274-б.)

Шалимов Гурьев уездік милиция басқармасына осындай тапсырмаларды да береді. Мәселе, қолдағы мүмкіншіліктерді барынша пайдаланып, қалайда Амангалиды қолға түсіру немесе көзін жою. Енді уездік милиция басқармасы Амангалимен хат арқылы келіссөз жасау тәсіліне көшкен. Аталмыш архивтік істе Амангалидың Гурьев уездік милиция бастығы Куляшовқа жазған екі хаты сакталған, енді солардың мазмұнымен танысыңыз.

*Гурьев уездік қылмысты істері
болімінің бастығы Куляшовқа
азамат Амангали Кенжакхметовтің*

Хат

Мен Сіздің бірінші хатынызды алғаным жок, ал мына екінші хатынызды алған бойда жауабын жазып, Сізге өз іс-әрекетімді, хал-куйімді, алдагы мақсатымды хабарлап отырмын.

Біріншіден, будан ертеректе, яғни патша заманында мен өзімнің үлкен ұлыма, сәби кезінде, Қайыр Қарымбаевтың кішкентай қызын айттырып, бесік қуда болғанбыз. Ата салтымен сураган қалыңмалын беріп, баталасқанбыз. Сонымен біз қудалар бол біраз уақыт тату-төтті өмір сүрдік.

Соңғы кездері мен біраз кедейленіп қалдым және сойтін жүргенде Қенес өкіметі кеп орнады. Сондықтан сәтті күндердің бірінде мен өзімнің құдам Қарымбаевқа қызын, яғни менің келінімді өз қолыма түсірейін деп өтініш жасадым. Бірақ құдам Қарымбаев бұган қарсы болды, менің сөзім оған ұнамады. Сонда айтқаны: Қенес өкіметі көмелетті жасқа жетпеген қызды қалыңмалы алынса да үзатуга рұқсат етпейді деп жалтарғаны. Бұны естіген соң мен мәселені тұрасынан қойдым. Олай болса, бірінші тойға деп алған қалыңмалды қайтар дедім. Бірақ ол бұл ұсынысъма да көнбеді, айтқанымның бірін де орындамады. Бұнысы менің намысъма тигені соншалық, мен өз кезегімде, ақ адап малым тек босқа кете ме деп, мені еш нәрсемен ризаламаған Қарымбаевтың бул әрекетіне ашуланып, өкпеледім. Содан өшімді алмақ бол, оның малын барынталадым. Бұдан кейін Қайыр өзі бастап он төрт адаммен келіп, оның жетеуі қаруланған, менің он екі бас ірі қара малымды айдал әкетті. Сосын мен қайта барынталап, оның тогыз жылқысын алдым.

Міне, содан кейін Қайыр Теніз уезіне арызданып, қасына әтірет (қосын) ертіп, мені барынташы ретінде үстамақ бол, ауылым келді. Мен олардың қолдарына түспеу үшін қарумен қарсы түрдым. Екі жақты атыс болды. Бірақ олар мені үстай алмады, сөйтін қайтып кетті.

Екіншіден, со бір жылдары біздің екі-үш болысқа сот болып Жұмагали Жанғожин істеді. Жоғарыдағы айттылған қақтығыстан кейін мен сот Жұмагалига барып жағдайымды айттым. Қайыр екеуміздің арадагы келеңсіздікті қарап, реттеуін өтіндім, мені

дұрыс түсініп, қолдауын сұрадым. Жангожиннің сонда маган айтқаны – ол сол ретінде бұның бәрін жөндей алды және нара ретінде бір ат беруімді сұрады. Бұган қоса, ол маган: "Колыңдагы қаруыңды алда-жалда тастама", – деп уағыздады. "Себебі, – деді ол, – менен басқа ешбір жсан қаруыңды ала алмайды, ал қаруың барда саган турғындар керегінің бәрін береді, сондыктан сен өз кезегінде алғандарыңан маган да беріп белсін түр дегені". Мен оның бул пікірімен келісіп, сұраган атты беретін болды, солай уәде бердім.

Арада біраз уақыт өткен соң сол Жұмагали Жангожин бұрынғы Шоланды, Баект болыстарының ел азаматтарын, ақсақалдарды жинап, атамыш болыстардың шекаралығы – "Байжаншагыл" деген жерде солардың қозінше өз үкімін шыгарды. Үкім бойынша, мені Қарымбаевпен татуластырды, барымталаған малдарын қайтарғызыды, сөйтіп істі осымен бітіргендей болды. Оған қоса үкімде көрсетілгендей, сол шешімнің бір данасын қолыма беріп және өзімді Теніз уезі бастықтарына ертіп барып табыстырмак болды. Бірақ Жұмагали Жангожин сол үкімінде өзі көрсеткендерді істемеді. Маган түсініксіздігі сол, ол артынан "уез орталығына үкімнің данасын өзім апарып, сениң ісіңе байланысты шаруаны өзім жайластырамын" деді. Осы уәдемен мені қалдырып, о жақтан істі тындырып келген соң, атты алатын бол, уезге бір өзі кетті. Мен курақан қала бердім.

О жақтан қайтып келген соң, ол маган атты сұратта бір адамды жіберіпті. Мен атты оған бермедім, бірақ шарт қойдым, сосын атты он бес күннен кейін беремін дедім. Бұдан соң Тенізден бір уәкіл келіп, Жангожиннен біздің ісімізді уезге алып кеткен. Сондыктан мен атты Жұмагалига бермей қалдым.

Осының салдарынан Жангожин әрі өкпелеп, әрі Қарымбаевты азғырып, маган қарсы қойып, енді екеулеп неше түрлі әрекеттер жасады.

Мен бірде Жұмагали Жангожинді қолга түсірдім, мені алдан, ал өзі Қайыр Қарымбаевтың жағына шыққаны үшін оны сабапта алдым.

1924 жылы олар тағы бірлесіп, әтіретпен кеп ауылымды шапты, бар малымды сыйрып айдал, оған қоса әйелімді де ертіп әкетті. Ал Қайыр Қарымбаев қызын – баяғы менің келінімді, маган қарсы әтіретпен шыққан, милиция бастығы Көпжановқа қалыңмалға әйелдікке беріп жіберген.



Амангали Кенжакхметұлы
(1888 - 1928)
Суретші - Нагым Нұрмұханбетұлы

Рахила Амангалиқызы
(1910 - 1997)



Рахима Амангалиқызы
1918 ж.т.



Нагымжан Амангалиұлы
(1912 - 1960)



Тұысқандардың кездесуі. Хельсинки, 1970
Үмбетқали, қыздары: Дидаш, Үлкен, Түркен, Зияш.
Жиені - Фабит (ортада), туысы - Есмұрза (шеткі)



3 үш күйеуі Ярол Жамалдинмен жөненің Шанинмен бірге.
Хельсинки, 1970



Үмбетқалидың қызы - Улкен.
Швеция, Стокгольм



Финляндияға екінші сапар, 1980
Ғабит пен Сұндетқали Мәскеу қаласында



Үмбетқали Кенжахметұлы
(1905 - 1985)



Сұндетқали Кенжахметұлы
(1902 - 1987)



Амангалидың туысы
Есмұрза Оспаниның
отбасы



Зияш ұлы Шаинмен.
Хельсинки, 1980



Амангали
Суретші - Табылды Мұқат

1925 жылы мен өз басым ауыл азаматтарына өтніш жасадым. Мына жүрісім мені де әбден қажытты, сондыктан бар қаруымды тапсырып, өкімет орындарына берілемін дедім. Сондыктан мен ВИК-ке бар қаруымды тапсырдым, тек өзіме бір винтовканы қалдырып, Оралга барып өкімет орындарына өз әрекетім туралы айтып, кінәм болса, мойныма алайын дедім.

Жол-жонекей қонган жерде Қарымбаев, Мұқышев және басқалар мені үстап өкімет орындарына өздері тапсырмақшы бол әрекет жасады. Сойтсе олар осының алдында мені бандитизмге қатысы бар деп неше түрлі документтер даярлап, Теніз уезіне хабарлап, одан 8-9 адамы бар әтірөт шақыртып, мені қарусыз Оралға бара жатыр деп үстамақшы болды. Мен бір винтовкамен қарсы түрдым, берілмедім. Себебі, менің қарсыластарым – Қарымбаев, Мұқышев, Жангожин қолдарына осылайша түсім намысъима тиді, жсаныма батты. Олар өкімет алдында бар пәлені басыма үйіп-төгетін еді.

Мен олардан құтылып шығып, жолда Отарғали Мұқышев ауылына барып, оның әйелін ертіп әкеттім, ал қарсыластарым Жангожин мен Қарымбаев кездеспеді. Содан Адай уезіне бардым, бірақ мені қапияда үстап, өткен қыста, өзіңіз білесіз, Орал губерниялық еңбекпен түзеу үйінде қамауда болдым.

Атапмыши адамдардың азбырлығы өткені соңшалық, олардан өш алу мақсатымен Орал түрмесінен қашып шығып, келісімен Жангожиннің ауылын шапқанымызда бір інісі мерт болды, артынан Қарымбаевтың малын барымталадық. Бұған қоса өзіммен Оралдан еріп келген серігімнің суралымен хохолдарды тонадық, сосын артыныздан қуган жазалаушы әтірөтқа төтеп бердік, атыста екі милиционер оқца үшқан.

Сонымен айтارым, менің өкіметке ешқандай қарсылығым жок, бар іс-әрекетім Қарымбаев, Мұқышев, Жангожин дегендегерге қарсы наразылықтан туындағы, сойтіп ақыр соңында олар мені “банды” атандырды.

Тек осыған қосарым, егер өкімет адамдары менің қарсыластарымды қарусыздандырып, оларды тұтқынға алса, мен өз аягыммен сіздерге барып, істеген әрекеттерімді мойындаап, үкімет алдында жауап беруге дайынмын.

Сау болыңыз.

Амангали Кенжакхметов

(№ 67118/192-іс, 4-т., 1376-1378-бб.)

1927 жыл

Қақпанды қатты жерге құра алмадым,
Тар жерде аттың басын бұра алмадым.
Нарынның адыра қалғыр тар қанауы,
Нагымжан, балалықпен шыға алмадын.

Әуелі мергендікпен бір түлкі аттым,
Түбі жоқ терең ойға неге баттым?
Баламыз қазынаға өткеннен соң,
Дініме бір кеселдік шылым тарттым.

Шоқытып шауып шықтым ақ шағылға,
Қалампыр талшын түйдім ақ шалыға.
Біздерге бұл дүниеде бала қайда,
Киямет қосылармыз мақшарында.

Әкесі Мұхсинаның Әлімтай-ды,
Азамат адам дейді елге жайлы.
Айырылып Нагымжан мен Мұхсинадан,
Басыма енді түсті-ау қасірет-қайғы.
(Аманғали өлеңі)

1927 жылдың басында Амангали Куляшовтан жауап хат алады да, оған төмөндегі мына хатын жолдайды.

*Қылмысты істер болімінің
бастығы Куляшовқа,
Оқілетті үәкіл Азбантаевқа*

*Сіздің он екінші қантардагы жазған хатыңызды алдым
жөне жазған барлық сөздеріңізді жақсы түсіндім.*

Мен енді қысқасын айтсам, бұрынғы хабарлаганымдай сөзімді орындаі аламын. Яғни сіз менің уш қарсыласымды түткүнданызыз, сосын мен он бес күн ішінде өзім-ақ сізге барамын. Ал егер бұны істей алмасаңыз, онда мен сізге бара алмаймын. Себебі, менің қарсыластарым Жангожин мен Қарымбаев қазір Гурьев қаласында, олар жайбаракт тұрып жатыр, оның есесіне Жангожиннің ауылында әттәті де бар, ал мен болсам қыстың күні қырауда аш-жалаңаш күй кешудемін. Сондықтан қайталап айтам, егер қарсыластарымды менен бір ай бұрын түткүнданап, олардың әтіреті қарусызданбаса — мен сізге бара алмаймын, менің баруыма мүмкіндік те жок.

Өзіңіз жазып корсеткендей, мен Кеңес өкіметіне жау адам емеспін, мен өзіме таныс жеке адамдармен жауласып жүрмін. Менің қарсыластарым — Жангожин, Қарымбаев жөне сол сияқтылар, міне, осылардың кесірінен жөне менің кейір қарекеттімнен басқа бейтаныс адамдар жәбір көруде. Осының салдарынан мен адамдардан ат алуға мәжбүрмін, бірақ оны соңынан қайтарып отырамын.

Бұнымен қатар мен осы жүргенде темір жол торабы, телеграф сым бағандары бойынан жіңі өтемін. Әрине, сөз жок, олар Кеңес өкіметіне орасан зор пайда келтіреді. Егер мен осы жолдарды қираптасам, бағандарды кесіп бүлдірсем, онда мен сөзсіз Кеңес өкіметіне қарсы жау адам болам. Мен бірақ олай істемеймін. Мен Сізге де қарсы адам емеспін. Менің мақсатым — өз қарсыластарымнан кегімді қайтару. Міне, сондықтан мен елден ат, керек-жарақ алуға мәжбүрмін, бірақ соңынан қайтарамын.

Сонымен, жолдастар, бұл менің ақырғы жазғаным, айттарым, егер сіздер менімен жеке сөйлескілеріңіз келсе, айтпағым да осы хаттагыдай.

Егер сіздер жогарыда жазғанымды орында масаңыздар, онда маган өкпелемендер, келіссоз жүргізуге енді адам жіберменіз, хат та жазбаңыз.

Сау болыңыз.

Жолдастық сәлеммен Амангали (колы)

Арабша әріппен жазғандарды орысшалаган

Қылмысты істер басқармасының қызметкері:

Ақсонақов

(колы)

24.01.27 жыл.

(№ 67118/192-ic, 4-т., 1398–1399-бб.)

* * *

Міне, осылайша хат алысқан уездік ГПУ өкілдері Аманғалидың енді өзі аяғымен бұларға келмейтіндігіне көздері жетіп, ортақ тіл табыса алмаған соң, оның артына өздері мықтап түседі. Сондыктan бұл іске уездік милиция бір жағынан оз отрядын дайындаса, екіншіден, жергілікті тұрғындардан ерікті топ құру керектігін де құптаиды. Және оған Аманғалидың негізгі қарсыласы Жұмагали Жанғожиннің озін жұмсайды.

Аманғалиға қарсы ендігі операцияны үйымдастырушы да, басшылық етуші де Орал губерниялық ГПУ өкілі Шалимов болады. Ол қыр еліне өзінің жергілікті серіктесі Бектемировті жібереді. Оған дәлел ретінде Бектемировтің мына хатымен танысыныз.

Губерниялық ГПУ өкілі Шалимовқа

Біз аман-есен Жұмагали Жанғожин ауылына келіп, ерікті әтіретқа жігіттерді қабылдай бастадық. Бірақ бір қын нэрсе, Амангали Кенжахметовті тұтқынга алғанга дейін, олардың қаруларын жинап алмайтыныңызға Сіздің кепілдік берер уәденізді білгілері келеді. Әйтпесе олар өз өмірлеріне, мал-жандарына келетін зиян болса, одан бас тартпақ. Шындығы да солай гой, қаруларын жинап алсаңыз, олардың жағдайлары да қын болады.

Екіншіден, олар мінеттін аттармен қалайша қамтамасыз етіледі, себебі ерікті топтагылардың көбі жаяу адамдар. Сондыктан хатпен жазба турінде кепілдік беріңіз – банды құртылғанша, олардың қаруларын жинап алмайтыныңыз туралы.

Сосын мініс аттармен қамтамасыз етуге ВИК-ке тапсырма берсөніз.

Негізінен еркіті топты үйымдастыруға жігіттер тым аз, себебі, көктемдегі маусымның басталуына байланысты олардың көбі жұмысқа жалданып кеткен.

Жанғожин ауылына, оның сырқаттанған жиелін емдеуге адам дәрігері Мамеков Қажығали келген екен. Ол жақсы сауатты адам және өкімшілік өкілдеріне көмектесуге өр кез дайын тұратын азамат.

Ол Гурьевке журмекші, бандитизм ісіне байланысты жауапқа тартылған екен, ал шындығында ол бандымен ешқандай байланысы болмағаны бізге мәлім. Қазір ол осы жерге аудай қажет, себебі, біріншіден, оның қарамагында бірнеше сенімді жігіттері бар, екіншіден, ауыл тұргындары арасында грипп эпидемиясының тым асқындауына байланысты аларды емдеу керек-ак. Сондықтан халық арасында осындай іскер адамдарды мына шаруага жұмылдырыган дұрыс. Осы туралы да нақты түсінік беруінізді сұраймыз.

08.04.27 ж.

1. Бектеміров. 2. Ж.Жанғожин. 3. Жұмагалиев Жүсіп.

Косымша тіркеме: Сарытөбе болысының грипп эпидемиясымен курсу комиссиясының жиналасы хаттамасының көшірмесі және Сарытөбе фельдшерлік пунктінің леккомының 27 наурыз, 1927 ж. қатынас хатының көшірмесі.

(№ 67118/192-іс, 3-т., 102-б.)

Арада екі күннен кейін осындай хатты Шалимовқа Жұмагали Жанғожиннің өзі де жазады. Ол орыс тіліне жетік адам. Сондықтан оның хатын қазақшаламай түпнұсқасын сол күйінде жариялауды дұрыс көрдік.

(Совершенно секретно)

Уважаемый, товарищ Шалимов!

Добровольный отряд организован и готов к бою с завтрашнего дня. Неудобство только в том, что у многих не имеются собственных лошадей, которых в силу необходимости

приходится доставить через ВИК (волостной исполнительный комитет) и Аулисполкомы от населения, хотя на это не было Вашего распоряжения.

Но, я думаю, что Вы будете согласны с этим, так как отряду пешком нельзя. Посланник Ваш, секретарь Айбасовского аула, прибыл 9 апреля вечером, который привез Ваш пакет в Гурьев, вручил мне и Ваше письмо, в котором Вы предлагаете выехать с отрядом в Топлинский район и сделать засаду кое-где (у Кабдила) сообщив, что банда 7 апреля находится в ауле гр-на Азгирского аула района Ермекгалия Курманбая недалеко от запада бывшего Уштаганского медпункта. Сведения это он получил от своего родного брата Калия прибытий домой после отъезда от Вас в тот же день. На вопрос почему он не сообщил о банде он ответил: "Не знал что следует сделать так и предпочел вручить пакет по назначению". Судя по этому мы намерены не выехать в Топлинский район с отрядом покамест Вы не пришлете нового распоряжения и точного хабара о направлении банды. Сделать у Кабдила засаду нет смысла — он сегодня кочует в степь. В случае выезда нового отряда под командой Бектимирова в нем будет участвовать я или пред. вик. Жумагазиев, который будет следовать за законностью действий отряда, равно и окажет содействия в широком смысле этого слова.

Обещая такое мы, конечно, делали привышение власти или вернее своего гражданского право. Но оно сделано в целом полагаясь на Ваше добродушие и на основании ударяющей в глаза справедливости требования их. Охотников еще можно найти. Чем больше людей, тем больше шансов так и спокойнее на душе у всех из нас — местных граждан Сартюбинской волости, если будет сила достаточно для преследования и защиты тыла еще лучше. Срочно ждем распоряжения. Привет всем ребятам.

10.04.27 г.

Жанхожин.

Я это письмо пишу без Бектимирова из аула Сейдекеша Жуламанова, куда прибыл с пред. виком для организации отряда. Бектимиров находится в моем ауле ждет нас. Мы свое дело кончили — набрали хороших ребят — человек 15.

(№ 67118/192-ic, З-т., 100-б.)

Ал бұдан бір ай бұрын Ж. Жангожинге Амангалидың кімдермен қандай байланыстары барын білу үшін және сол сияқты керекті деректер жинау үшін тапсырма болғандай. Оны Ж.Жангожиннің мына хатынан байқауға болады. Жұмагали бұл хатын ешкімге арнамай-ақ өзінше жазған:

**Сарытөбе болысы, Бекайдар ауылының азаматы
Жұмагали Жангожиннен**

Мениң хабарлайтыным:

1. *Бұрын Сарытөбе болысында тұрган, ал қазір Қамыс-Самар болысының азаматы Сапарғали Мәметөлиевтің Амангали Кенжакхметовпен ешқашан байланысы болмаган, қазір де солай. Өзімнің С.Мәметөлиевпен жақсы қарым-қатынасым бар, себебі ол маган туысқан болып келеді, сондықтан мениң қайғыма ол ортақ адам.*

2. *Қаңбакты ауылының азаматы Сейтекеш Жоламановтың бандымен ешқандай қарым-қатынасы жоқ, керісінше, ол күгінга түскен адам, себебі Жоламанов 1923 жылдан бері қолындағы қарумен Амангалиға қарсы үйымдастырылған ерікті топтың құрамында болған. Екіншіден, Амангали өзі оған тіпті де разы емес, себебі Амангалидың күштен үйленген қызын Сейтекеш ажыратып, оны комсомол Үмбетияровқа әйелдікке оперді.*

3. *Жақыбалиев Өтеішқали. Мен алғашқыда бұл кісіге құдікпен қарагам, себебі, ол Амангалимен екі-үш рет коріскен адам. Бірақ менімен кездескенде ол Амангалиға қарсы пікірін білдірді. Жөне ол Амангалиға ашық қарсы шығатынын өзірше ашып айттайты, өкімет тарапынан оның өзінің, туыстарының қорғауда болатынына кепілдік алмайныша, ол бандының бас салуынан қорқады. Бұган қарамастаң ол осы қыста Снопов жолдастың тапсырмасымен – іс сапарымен Айбас тұрғындары қогамында болды, уездік өкімшіліктің А.Кенжакхметовке қарсы директиваларын іс жүзіне асуру үшін, осы қогамда Амангалиға қарсы үгіт-насихат жұмысын откізбекші. Міне, осы істелетін шаралар оның бандымен байланысы жоғын дәлелдейтіндей.*

4. *Сарытөбе болысының бұрынғы төрагасы Жұмагазиев, естуімше, откен 1926 ж. және осы жылдың басында*

Кенжахметовтің тапсыруы бойынша, оның отбасын қамқорлыққа алған сияқты. Тек оны осыдан бір жарым ай бұрын Амангали өзі мойнына алған көрінеді.

Амангалидың заңды үлкен әйел өз агасы Сидагали Ермековпен бірге туратын көрінеді. Ол Амангалидан ажырасыпты.

5. Қоқбекті ауылының азаматы Әусен Әжігалиевтің жездесі Сейітбаттал Есениязовтың Амангалимен байланысы бар. Ол Амангалидың бұрынғы жолдасы, онымен бірге болған адам.

Кенжахметовтер б еркек, 2 әйел – жуықта Манаш ауылы арқылы Мыңтөбе балысына аттанаыпты. Естуімше, олар Баймуратов Мұратоліден 2000 сомның жылқысы мен түйесін, Сырым Сәрсенгалиевтен 150 сом алыпты. О жақтан бір жеті өткен соң қайта оралыпты. Қанша қару жарактараты және тобында кімдер бары өзірше белгісіз.

Азамат Жанғожин.

15.03.27 ж.

(№ 67118/192-ic, 3-т., 1–2-66.).

Әмина апайдың әнгімесінен:

Алматы қаласының іргесіндегі Қарғалы шұға комбинаты орналасқан Фабричный поселкесі – көрнекті жазушы Габдол Слановтың “Асау арна” романындағы уакыфа баяндалатын жер. Алатаудың баурайы, табигаты да сұлу, күт берекелі елді мекен. Осы ауылдың тұрғыны Сүндетов Бәкар Жұмашұлы – есімі Атырау өніріне мәшінүр, атакты адам дөрігері Сүндетов Ахмет Жұмашұлының (1897–1977) туған інісі. Ахмет агасы туралы деректер “Атырау” энциклопедиясында да, “Исатай ауданы” шежіре-кітабында да баршылық.

Ал Бәкар Жұмашұлы ағамыз да дәрігер, өте байсалды, жәй сейлейтін, кішіпейіл жан еді. Сол кісінің жошасы Күрманғалиева Әмина Қубанқызы 1910 жылы қазіргі Атырау облысы Исатай ауданы Забурын-Манаш ауылында туған. Апамыз аппак, таза жүретін, жұка, қағылез, жасында сулу адам болғаны көрініп-ак тұратын, сөнді киініп, сырбаз сөйлеуші адам. 1993 жылдың көктемінде көнілін сұрай барғайда сыркаттанып жатқан Әмина апамыз мынадай әнгіме айтып еді:

“...Мен жас күнімде Амангалиды көрдім. Бір кеште олар біздін үйге келді. Мезгіл қыстың күні, екінді мен акшам

кезі болатын. Үй ішіміз өлі кешкі тамаққа отыра койған жокпзы. Даладан бірнеше рет атылған мылтық дауысы естілді. Артынша сырттан кірген ересек әйелдердің бірі апыл-құпым сасқалакта:

— Ойбай, әлгі банды Аманғали деген келіп, үйді қоршап түр. Өздері 7–8 салт атты. “Кім бар үйде. Сейлесуге шықсын дейді”. Әкеміз абыржып, есі шығып кетті:

— Құрыдық. Енді құрымағанда неміз қалды? – деді.

Ал шешеміз Қапиза селт еткен жок: “Әй, шал, қобалжуды доғар! Егер келген менін рулас інім Аманғали болса өзім-ақ шығып сейлесейін”, – деді. Әкеміз шешемізді алдыға салып сыртқа шықты. Бізді, балалармыз, кішкене үйге жасырды. “Шықпандар!” – деді.

Сейтсе Аманғали өздері бізді біліп кеп түр екен.

— Уа, жезде, балдыздарың келіп түр, қарсы алмайсын ба?! – дегені.

Әкеміздің тілі байланып қалған, үн жок. Әкем орнына жауапты шешем берді:

— Аманғали, інім, аман-сая жүрсін бе? Аттан түсіп үйге кірініздер, – деді.

Сосын олар қауғаласып үлкен үйге кірді. Келгендерге төсек салтынды. Тездеп шай қамдалды, өздері де жаурап келіпті. Қазанға ет асылды. Олар жайғасып отырған сон, біздер қызықтап, “булар қандай адамдар болды екен?” деп есік ашылып жабылғанда сығалап қарадық. Сонда байқаганымыз – Аманғали өзі төрде, мойыннан асынған алтыатары көрінеді. Қасында екі әйелі бар. Олар Аманғалидың қатарында, бірақ үйдің пешіне жақын отыр. Қалғандары Аманғалидың екінші жағында жайғасқан. Пеш жанына әкеміз бен шешеміз орналасыпты. Әкеміз бәйек болып, Аманғали не десе де басын шүлгі береді. Қебіне-көп сейлеп отырған шешеміз. Аманғали сақал-мұртты, толық денелі адам екен. Ал әйелдері жап-жас. Қәдімгі апалы-сінлілі адамдардай, бойлары да бірдей. Екеуде бірге отырып, сыртқа бірге шығып журді. Өздері өскери адамдарша киінген. Аяктарындағы былғары етіктері сыйқырысықыр, үстеріндегі киімдеріне әр түрлі бірденелерді тағып алған, олары жарқ-жүрк етеді. Бір кезде Аманғали домбыра сұрап алып, әнге салды...

Бірде:

“Жайықтын аргы басы, бергі басы,
Бозторғай уша алмайды жалғе карсы.

*Күйігін Мұқанжанның ойлаганда,
Агады орамалға қоздің жасы... —*
деп етілсе, енді бірде:

*Адамға қын екен жүртқа жақпак,
Қоңлін бай-жарлының бірдей таппак.
Қак жарып кара қылды айтсандағы,
Кетеді біреу жақтап, біреу даттап, —*

деп капалана толғайды.

Біз ан-тан болдык... Сонынан білдік, Аманғали әңгіме арасында әкемнен Сырым ауылына баратын жолды сұрапты. Ол да бізге туыс адам болатын. Конактар етке отырада түста әкем Аманғалиға сездірмей сресек баланың бірін Сырым ауылына аттандырыпты. Үлкендер бізді тамактандырган соң үйыктатып тастады. Бірақ менің кулагыма көпке дейін Аманғали әнінің әуесі естіліп тұрды. Таңертең үйқыдан тұрсақ, үй іші тым-тырыс. Бөгде адамлар бар-жогы сезілмейді. Шай үстінде әкемнің айтқаны — Аманғалилар астан кейін де біраз отырып, шай ішіп, таң алдында аттанып кетіпті. Бағыттары қырлыққа қарай, бірден Мынгебеге тартқан. “Тұнде Сырымды неге сұралы? — деп танырқап отырды әкеміз. — Мені Сырымға бастап журініз!” — деп айта ма деп өзім де корқып отырдым, — деді әкеміз...

Аманғалиға қарсы негізгі операция енді басталады да оны Шалимовтың өзі басқарып, соуір айында Аманғалимен бетпе-бет кездеседі. Екі арадағы атыс сегіз сағатка созылған. Оны ГПУ Гурьев уездік әкіліне Шалимов өзі хабарлайды:

№ 10 мәлімет

20 соуір 1927 жылы таңғы 3 сағат 30 минутта он адамнан құралған топпен Бекайдар аулы, Азғыр ауданы, Бөкей уезінің түргыны Сейітов Төлеп қыстауына шабуыл жасадық. Бұл үйде Аманғали бандысы болған-ды. Біздің шабуылымызга бастапқы кезде олар қарсы тойтарыс жасап, артынша окопқа түсіп атыса бастады. Біздің отряд барханның екі жағынан оқ атып, қыстаудың терезесі мен окопты нысанага алды. Сегіз сағатқа созылған атыстан кейін (11 сағат 30 минут) олар шегінуге мәжбур болды, жан-жасқа қашты. Біздің отряд артынан күп атысқанда олардың екі адамы оққа үшты (Сәбеш пен Хамидолла), бір адамы қолға түсті.

Алгашқы атыс кезінде қысташау ішінде (үйде) бір бандит оқца ұшқан, бір әйел құлагынан жарақат алған (Амангалидың екінші әйелі Ұлдан). Бұдан басқа үй иесі Төлеп Сейітов аягынан жараланған. Олардың бес аты оқца ұшып және бір аты жарақаттанды. Шабуылдан кейін 4 ат қолга түсті, оған қоса 4 винтовка, 185 патрон, 1 наган, 3 қылыш және біраз дуние-мұлік.

Бандыны соңынан 10–12 шақырымга дейін қудық. Бұдан әрі біздің аттар болдырып жүре алмады. Ал Амангалилардың аттары тың екен, бес адам қашып құтылды. Олардың багыты – Новая Казанка (Жаңақала).

Шабуыл басында бір адамды Бектеміров отрядына жіберген, олар жол қашықтығынан тек 21 сәуір 1927 жылы келіп жетті.

Бектеміров тобын Сарытөбе болысының Жаман Шоланды ауылына жібермекшімін, себебі банды тобы сол жерге бармақшы.

19 сәуір күні банды тобы он адам болған. Сол түнде Мұзафар Бергазиев деген бандит қарусыз қашып кеткен. Қазір Амангали тобында 5 винтовка, 4 револьвер және 1 бинокль болуы мүмкін.

ГОО ГПУ өкілі Шалимов

(қолы)

Жангожиннің уш жігітін конвой етіп жібердім, бір адамды Жангожинге және төрт адамды ВИК төрагасына қаруылға бөлдім.

Шалимов

(қолы)

(№ 67118/192-ic, 3-т., 92-б.)

ГОО ГПУ Гурьев уездік өкіліне

Сізге осы мәліметтен бірге Аманғади Кенжакхметов тобынан тұтқынга алынған бандит – Нұрмагамбетов Хамидолланы (дұрысы Бишіков Науда – Л.К.) жіберіп отырмын. Оған қоса уш винтовка (№№ 237901; 147372; 120832), уш қылыш, төрт ер-түрман жіберілді.

21.04.27 ж. ГОО өкілі

Шалимов

(қолы)

(Сонда, іс беті – 91)

Банды тобындағы өлгөндердің тізімі:

1. Маубасов Нәби, 28 жаста, Жұлдыздықум ауылы тұрғыны, банды тобында 4 ай болған.
2. Бишіков Иауда (дүрысы Нұрмагамбетов Хамидолла – Л.К.), 21 жаста, Жұлдыздықум тұрғыны, бандыда 3 ай болған.
3. Шарипов Сәбеш, 24 жаста, Бекайдар ауылы тұрғыны, бандыда 5 ай.

Ескерту: Өлгөндердің бәрі де одак мүшесі емес.

24.04.27 ж.

Шалимов (қолы)

(Сонда, іс беті – 95).

Банды тобында қалғандар

1. Кенжахметов Амангали – басшысы.
2. Габдуллин Сүлеймен – 28 жаста, Жұлдыздықум ауылы.
3. Амангалиев Нагым – 12–14 жаста (Амангалидың ұлы).
4. Кенжахметова Мұхсина – Амангалидың бірінші әйелі, 17 жаста.
5. Кенжахметова Үлдан – Амангалидың екінші әйелі, 14 жаста.

21.04.27 ж.

Шалимов (қолы)

(Сонда, іс беті – 97).

Тұтқынга алынған

1. Нұрмагамбетов Хамидолла (дүрысы Бишіков Иауда – Л.К.) – 20 жаста, Жұлдыздықум ауылы.

(Астрахань виктер одагының мүшесі, кітапшасы № 44255).

Колға түскен дүние-мұлік тізімі:

Патша акшасы – 1580 сом, Керенский акшасы – 20 сом, ертөкым – 6, жастық – 3, таза қағаздар – 17, ор түрлі ыдыс-аяқ, дүниелер – 75 дана.

Барлық көрсетілген дүние-мұліктегерді Гурьевке жеткізуғе қабылдан алған Жангожин (Жангожин Філім).

Шалимов

(қолы)

(Сонда, іс беті – 98)

Шалимов отрядынан қашып құтылған Аманғали тобындағы бес адамның: Аманғали, Мұхсина, Үлдан, Нағымжан, Сүлейменнің бұдан кейінгі тағдыры қалай болды? Ең алдымен, Сүлеймен бұлардан мамыр айында қашып кетті. Бірақ оны өз үйінде артынан қуған топ тұтқындал, Гурьев, одан Орал түрмесіне жөнелтеді. Бұдан кейін танысы Тасмагамбет Тасқараев үйінде Үлданды оның өтініші бойынша қалдырады. Аманғали мұны өзі де құптайды, Үлданнын кешірім сұрайды. Оны аман-есен өкесіне жеткізуді сол үй иесіне жүктейді.

Енді Аманғали, Мұхсина, Нағымжан үшеуі. Бірақ маусым айында Нағым да құтыншы өтірәтін кольна түседі. Мұхсина екі рет айналып кеп Нағымжанды ат үстіне көтеріп сала алмайды. Бұдан кейін Аманғали Мұхсина екеуі амалсыздан Ергали Аязбаев тобына барып қосылады. Аманғалидың Ергали тобындағы іс-әрекеттерін сонынан Мұхсина өз жауабында хабарлайды, оның мазмұнымен оқырман кейін танысады. Осы жылдың тамыз айында Аманғали сонына түсіп кудалап жүрген Рысөлиев Серікқали тобынан Жанғожиннің баласы Филем окта үшады.

Оны өлтірген Нұғман Досқалиев деген еді. Оқиға былай болған. Құтыншы С.Рысөлиев өз отрядымен бір үйде түстеніп отырғанда сырттан мылтық дауысы естіледі. Кім екенін білуге үй иесінің әйелі жұмсалады. Сөйтіп екі жақта әдіс-тәсілге көшеді. Серікқали өз адамдарын үйде қалдырып, басқалардың сыртқа шығуын талап еткен.

Келгендер үй иесінен Рысалиевкө: “Біз Ордадан шыққан өкімет отряды едік. Аманғалиды құып жүрміз. Егер Гурьевтен келген топ болсаңыз бізге Жұмагали Жанғожинді, не баласы Филемды қарузыз жіберініз. Біз сіздердің өкімет тобы екенінізді осылай анықтаймыз”, — деген қолхат береді.

Филем қаннен-қаперсіз сыртқа қарузыз шыққан. Жанына келген адамның кім екенін анықтамастан Досқалиев бір окпен атып салады.

Аталмыш архивтік істің (№ 67118/192) он төртінші томында 1928 ж. 18 караша күні Қызылорда қаласында КРО ПП ОГПУ-дың Қазақстандағы өкілі Ақольшин Аязбаев пен Кенжахметов тобының (40 адамның) ісі қаралғанын хабарлайды. Осының негізінде Айыптау корытындысы шыгарылады (22 парап, іс беттері – 624–

645). Соның орта жерінде: “26 августа 1927 г. отряд А.Кенжахметова в Айбас ауле через посредника вызвали Жумагалиева Гилим, он выехал один для переговоров и недоезжая несколько сажень до спрятанной банды был убит из винтовки Нутманом Доскалиевым”, – делінген. Досқалиев Нұғман Айбас ауылының тұргыны Емзие Мәден үйіне келген екі аттылы адамның бірі болатын.

Айыптау корытындысының сонында: “Бұл 40 адамның тағдырын шешуші ОГПУ коллегиясының Орал губерниялық болімінің қарауына және осы қүннен бастап тамактарының ақшасы ОГПУ коллегиясынан жіберілсін”, – делінген.

ЗКО оқілі

Ақолышин (қолы)

“Келісім – Согласовано”

KPO бастығы

Линень (қолы)

“Бекітемін – Утверждаю”

Vр ПП ОГПУ по Казахстану

Альшанский (қолы)

Тізім 19/XI–1928 ж.

(№ 67118/192-ic, 14-т., 624–645-66.)

Бұдан кейін Амангали Мұхсинамен Ергали тобынан белініп кетеді. Сонынан Мұхсина да Аманғалидан қалудың амалын қарастырады. Амангали қараша айында амалсыздан Мұхсинаны Әблен Махамбетовтің үйіне қалдырып, ол енді күм ішін жалғыз кезеді. Мұхсина ертесіне тұтқындалып, Орал түрмесіне жөнелтілген. Құтын отрядты бастап келген бұрын Амангали тобында болған Елеусін Нұргалиев еді.

Амангали сол айдың аяғында немере інісі Тайыр Тілековпен қайта қосылған, бұдан кейін олар Әбдірахман Жүсіпов құдасымен соңғы рет кездеседі. Артынан Мынтөбе, Ақбас ауылдарына оралған. Жиырма жетінші жыл олар үшін осындағы сөтсіздікпен аяқталады.

Ал Шалимов, Ж.Жангожин бастаған құғыншы топтар тек бір Аманғалидың сонына түскен жок. Олар күм еліндегі Аманғалимен байланыстары бар дегендерді жаппай тұтқынга алды. Олар алдымен Гурьев, арты Орал түрмесіне дейін айдалды. Бұның өзі бір жағынан тұтқындардың арасында наразылықтар тузызған. Олар ауызша да, жазба түрінде де арызданды. Оның мазмұнымен оқырман кейін танысады болады.

Ал өзірше сол тұтқынға түскен адамдардың бір тобының жауап беру хаттамаларымен танысыныз.

Олардың бір тізімі төмендегідей:

№ 739 аты-жоңи жазылған тізбе – 14 мамыр 1927 жылы Гурьев уездік түрмесінде тергеуден өткендер Орал қаласының түрмесіне жонелтілсін:

1. Кенжакметов Сұндетқали – 27 жаста.
2. Әубекіров Рамазан – 58 жаста.
3. Ондасынов Бәжікен – 25 жаста.
4. Ақмырзин Молдаш –
5. Сапиева Рахима – 16 жаста.
6. Рамазанов Өтебәлі –
7. Рамазанов Конырша –
8. Коржынбаев Тілек – 74 жаста.
9. Жұсіпов Әбдірахман – 41 жаста.
10. Сатқанов Ерғали –
11. Есниязов Сейітбаттал – 48 жаста.
12. Бұқаров Әлімтай – 66 жаста.
13. Қағазов Иман – 38 жаста.
14. Саржігітов Доссор –
15. Наурызбаев Қожан –
16. Бишіков Иауда – 21 жаста.

Олар Орал қаласына жетісімен мамыр айының аяқ кезінде тергеуге алынды.

Рахима Сапиқызының жауабы Жауап алу хаттамасы

1927 жылы мамырдың 26-шы жүлдізы. Орал қаласы.
Жауап алушы Тюменев.

Жауап берген: Рахима Сапиқызы – 16 жаста, руы Себек, Жүлдіздық ауылы, ерге шыққан, үй адамы, қыстауы, бір сиры бар.

Корсеткені:

Әке-шешеден он жасымда жетім қалдым, туысқаным Нәпид Қасымовтың қолында төрбиелендім. Ол мені 1924 жылы Наби Маубасовқа түрмиска берді. Күйеуім жалданып, жұмыс істеді.

1926 жылы желтоқсан айында бізге Амангали, Мұхсина, тағы біреу бар (танымаймын) түнде келіп, Оразгалидың (фамилиясын білмеймін) үйінде болды. Тамақтанған соң кететін болды. Менің күйеуім де кететін болып жиналды. Қайда деген сұрагыма олар мені еріксіз алып бара жатыр деді. Наби солардың бір атына мініп кетті. Бұдан кейін 20. күн откен соң түнделетіп Оразгалидың үйіне Амангалилар тағы келді. Бұл жолы 7 адам. Амангали, Мұхсина, Үлдан, Наби, Иауда, Қамен, Сәбеш. Таңертең олар Оразгалиды басқа үйге көшірді, Оразгалидың қыстауына Қапан, ал оның үйіне Амангали өзі көшті. Мені де сонда қызметшіге алды. Сосын жұмыскер ретінде Божыкен Оңдасыновты үстады. Ол малдарды қарады. Олар согымга бір жылқы, екі сиыр сойды.

Оларға құгынышы отрядтың келетінін бір күн бұрын естідім. Божыкен Оңдасынов айтты. Ол сол күні екі атты апарып Сейілханга (фамилиясын білмеймін) жасырды. Басқа еш нәрсе айта алмаймын.

(№ 67118/192-іс, 3-т., 206–207-66.)

Рахима Сапиқзы жауабын толықтыру

1927 жылы сәуір айының 30-шы жүлдізы. Гурьев қаласы. Жауп алған Fafiatullin.

Мен Амангалидың үйінде бір айдай жұмыс істедім. Корықканнан істедім. Олар көшіп келген соң тағы бір жаққа кетіп қалды. Үйде мен, Божыкен Оңдасынов және Амангалидың екі кішкене балалары қалдық. Екі-үш күн откен соң біз Гурьевтен отряд келеді деп естідік. Үй-мұліктегін, қару-жарақтарды азаматтар Абдеш пен Коңырша Рамазановтың – олар молда Рамазан Әубекіровтің балалары – солардың үйген шөптерінің арасына жасырдық. Рамазан өзі Амангали Қапанның үйінде тұрганда жиілетіп келіп тұратын. Бірде Амангали Рамазанды өзі де шақырган болатын. Келген отряд ертеңінде шөпке тыққан нәрселерді тауып алды, ал біздерді Гурьевке аттандырды.

(№ 67118/192-іс, 3-т., 126–127-66.)

Үлдан Жармұхамбетовының жауабы Жауап алу хаттамасы

1927 ж. 24 мамыр күні. *Фафиатуллин Гурьевте Жармұхамбетова Үлданнан жауап алды. Ол 14 жаста, Манаши ауылы, Сарытөбе болысы, үй шаруасындагы адам, әкесінің қолында тұрады.*

Оның көрсеткені:

1927 ж. 15 қаңтар күні біздің үйге Амангали Кенжахметов өз тобымен — 9 адам болып келді. Келгенде әкемді қамышылады, себебі ол өзінің уәделі ақшасын қайтармаган болатын. Истің мәні былай: 1923 ж. Амангали Кенжахметов барымталап алған малын қайтарып алғанда оның ішінде басқалармен бірге мениң әкем де болды. Міне, содан бері ол әкемнің соңына түсті. Ол турмеден қашып шыққан соң, мениң әкемнен өшін алмақшы болды, бірақ адамдардың арашасымен ойлаганы іске асқан жок, ол әкемді өлтірмеді, бірақ ол әкемнен 130 сом ақша талап еткен. Бұл ақшаның жартысын мениң ағам төледі, ал әкемді үрді. Ол біраз нәрсе, 75 сом ақша және мені өздерімен бірге алып кетті. Он күн откен соң мені зорлықпен күйеуге шығуға келісім берді деп залғске апарды. Корқытып отырып, Айбас ауылының советінде тіркелдік, онда мені 17 жаста, ерге оз еркімен шығып отыр деп жазғызыды. Осы жылдың 15-қаңтарынан бастап мені өз тобымен бірге алып жүрді. Сосын 8-ші мамырда мені Тәңіз ауданындагы Тасмагамбет Тасқараевтың үйінде қалдырып, үй иесіне табыстан кетті. Амангали Кенжахметовтің тобында жүргенде ешқандай істеріне араласқан жоқтын, керісінше, әрқашан қарсы болып, тыңдамайтынмын. Сол қылықтарым үшін таяқ та жеп жүрдім. Мен тезірек олардан құтылудың амалын ойлаумен болдым.

Осы жылғы 20-шы сәуірдегі қақтығыста мен еш нәрсеге қатысқаным жоқ, қыстауда (үйде) тығызып жаттым. Бұл үшін Амангалидан соққы көрдім. Шегіну кезінде, шайқастан кейін қашқым да келді. Тіпті атқа отырган қезде, қалайын деп аттан әдейі жерге құладым. Бірақ мені үстап алып атқа кайта отыргызы да өзімен бірге алып кетті. Міне, осы жерде мен винтовканы таstadtым. Амангали Кенжахметов тобының мен билетін істеген істерін, оның адамдарын, байланыстарын, жасырган заттарын мен осы жылғы 15-ші мамырда Сарытөбе

ВИК-індеңі хаттамада бәрін көрсетіп бергем. Басқа ештеңе айтарым жоқ.

Сол үшін қол қоямын (арабша қолы).

Жауап алған:

Фафиатуллин

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 338—339-бб.)

Әлімтай Бұқаровтың жауабы

Жауап алу хаттамасы

1927 жылды мамырдың 27-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Әлімтай Бұқаров, 66 жаста, руы Жайық-Беріш, үйленген, отбасында — 5 адам, қыстауы, киіз үйі, 4 сиыры, екі түйесі бар.

Корсеткені:

Амангали Кенжахметов бұрын көрген адамым емес-ті. 1926 жылы мамыр айында кешкеп жақын біздің түрган киіз үйімізге жақындан уш аттылы адам келді. Оларды біздің үйге бастап келген Ниязбеков Науан деген он жасар ауылдағас бала. Келгендер мені сыртқа шакырды. Шықсам аттылардың бірі амандасты: “Мен — Амангалимын... Қызыңызды алып кетуге келдім”, — дегені. Мен қарсы болдым. Сосын ол: “Маган қарсылығының керегі жоқ”, — деді. Енді мен үйге кіріп, әйелім мен қызыма айттым. Сонда қызымының айтқаны: “Әке қам жеме. Сіз өлгеніш, мен өлейін, рұқсатыңызды беріңіз”, — деді. Содан олар үйге кіріп отырып, шай ішіп, түнделетіп аттанып кетті. Келген ушеудің біреуі Амангали, ал ана екеуін танымаймын, қару-жарақ асынган. Төрт аты бар. Біріне қызыым Мұхсинаны отыргызыды, тағы жетекте төрт аты бар. Ертеңгісін мен барып осыны Айбас ауылсоветтің бұрынғы торагасы Хайролла Ыдырысовқа айттым. Ол қазаизина жазып алды. Мен Амангалимен ешқандай әңгіме-дужен құрып отырган емеспін, тек кейіндеу естігенім Мұхсина қызымыды ол екінші әйелдікке алынты.

Екінші рет Амангали бізге шілде айының аяғында келді. Естуімше, қызымының отініші болыпты. Олар бес еркек, екі әйел бол келді. Біздे ет жеп, шай ішіп, сол күні кундіз Ағыс Үрпеков (ауылдасты) үйінде де олар қонақ болды. Сосын оның 14 жасар қызы Балқанга Амангалидың қасындағы Мұхамбетберлі

үйленіпті. Ата-анасы қарсы болғанмен Балқан өз еркімен кеткен. Әке-шешесі еш нәрсе істей алмады. Ертесінде Ағыс Үртеков те Хайроллага хабарлады. Амангали мен Мұхамбетберлі ауылсоветте балды ма, қыздарымызben некеге отырды ма, жоқ на, оны мен естігенім жоқ.

Олар біздің ауылдан түнделетіп кетті, ал қайда кетті, оны білгеніміз жоқ. Келесі жолы қыркүйек айында сол бес еркек, екі әйел тағы келді. Амангали қызымызben бізде қонды, Мұхамбетберлі әйелімен Ағыс үйінде қонды. Ертесінде аттанып кетті. Бұл жолы Амангали мен Мұхамбетберлі Ағыс екеумізді қонаққа шақырды, өздері бізге мал бермекші болды (олардың ауылы бізден 100 шақырымдай қашықтықта еді). Бірақ біз Ағыс екеуміз де бармадық, малдарын да алмадық, керегі жоқ, жалпы олармен ешқандай байланыстың керегі жоқ дедік.

Қызыым Мұхсина соңғы келгенде өзімен бірге 12 жасар үлым Бақытқалиды ертіп кетті. Барған жерлерінде қонып шығып, ертесінде үлым қайтып келді. Өзімен екі кішкене текемет алып келіпті. Амангали сақтай тұрсын деп етініпті. Мен оны Айбас ауылсоветінің мүшесі Убікен Ісмагуловка хабарладым.

1927 жылы қаңтар айында жанында екі әйел бар, жолдастары бар тағы келіпті. Мен онда үйде болғаным жоқ, Таңертен қеліп, кешкісін аттанып кетіпті. Осы келгенде екі текеметін ала кетіпті. Бұдан соң Амангалиды көрген де емеспін, қайда екенин білмеймін де.

Сұрақ: Қызыңыз Амангалига өз еркімен шықты ма, әлде сізді қорғап қалу үшін бе? Аяп шықты ма?

Жауап: Қызыым Мұхсина бізге келген сайын жылайды, аттанарда да жылап кетеді. Неге жылайды, оның себебін айтқан емес. Шешесіне бірде айтыпты, “Амангали маган сенбейді депті, мен қайда барсам да қалмайды, тіпті тобы да аңдиды” депті.

Сұрақ: Сіз өзіңзің кінәлі санаисыз ба?

Жауап: Жоқ, Амангали менің қызыымды қарудың қүшімен алды. Мен одан еш нәрсені, ол туралы да жасырганым жоқ.

Басқа айтарым жоқ, Таңбамды қоям. Әлімтай Бұқаров.

Жауап алған: Тюменев (қолы бар)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 209–210-бб.)

Сүндөтқали Кенжахметовтың жауабы Жауап алу хаттамасы

1927 жылғы маусымның 3-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Сүндөтқали Кенжахметов – 27 жаста, Жаманшоланды ауылы, үйленген, отбасында 2 адам, бір аты, 2 сиры бар, сомтамаган, бір кластық орысша-қазақша білімі бар.

Корсеткені:

Біз Кенжахмет Коржынбайұлынан бес үлмиз. Әкем Кенжахмет осыдан алты жыл бұрын қайтыс болған. Біз еншілерімізді алып, көптен болек тұрамыз. Амангали да, Мұқанғали да, менің де отбасымыз дара, болек. Тек Әндіргали мен Үмбетқали бірге тұрады. Мені жас күнімде Коржынбай атам бауырына басып бала етіп алған, фамилиям да сол кісінің атында. Әкем Кенжахмет те, атам Коржынбай да жақсы күйлі-қуатты турған адамдар болды, мал үрлауды қосіп етпеген, онымен біздер де шүгүлданбаймыз. Амангали да, Мұқанғали да бұрын үрлұқ жасаған емес. Мұқанғали 1924 жылы Орда түрмесінде 10 ай отырып шықсан, одан кейін үйде оз шаруасымен айналысқан адам. Әкіметтен жасырының жан бакқан емес. Ол осы жылдың наурыз айында Астрахан жаққа балық қосіпшілігінде жұмыс істеге кеткен, содан әлі оралған жоқ. Оның отбасында 5 адам, уш аты, 3 сиры, 2 түйесі, қыстауы, киіз үйі бар.

Әндіргалидың отбасында 7 адам, 4 аты, 4 сиры, 7 түйесі бар. Амангалидың да отбасында 7 адам, қанша малы бар, мен оны қазір айта алмаймын, себебі онда мал кейде көп, кейде жоқ болады, ол малды кейде адамдардан жинап алады, өзі бізден қашық тұрады, арамыз 60–70 шақырым жер. Мал барымталаумен 1921 жылдан бері шүгүлданады, өзінің винтовкасы бар. Винтовка қолдануды ол сол жылы ак бандыларга қарсы құресте жорықта үйренген болатын. Сол кезде оның жолдастары – Тайыр Тлеков, Бисен Жумагалиев, Мұқанғали Кенжахметов, бәрі туыс адамдар, оның тобында Сейітбаттал Есениязов та болды.

Олар адам өлтірген емес. 1925 жылы Амангали Адай уезінде тұтқындалып, Орал түрмесінде болды. Тобындағылар жан-жаққа қашып, жан саугалады. Мұқанғали мен Сейітбаттал одан бұрын тұтқындалған болатын. Тайыр Тлеков пен Бисен

Жұмагалиев Астрахан губерниясына отіп кетіп, бастарын масалады. Одан әлі оралған жоқ.

1926 жылы Амангали Орал түрмесінен үш адам бол қашып шығып, ауылга келді, үшеуде қаруланған, бес аттепен келді. Олар: Амангали, Мұхамбетберлі, Сұмбет. Соңғы екеуінің фамилияларын білмеймін. Аттарды, қаруларды қайдан алды мен оны білмеймін. Олардың қарулы келгендері туралы мен ертесінде ВИК төрагасы Жұмагазиев Габдешеке хабарладым, сосын Жаман Шолан ауылсоветінің төрагасы Тайши Калиевке де айттым. Соңғысы менің хабарыма жазба түрінде анықтама берді (ол анықтаманы, өзімнің күділігіндегі жөнне Теніз ауданы бойынша ОГПУ уәжілінің анықтамасын менен Гурьев уездік ОГПУ уәжілі алып қалды). Атап алыш әкімдер Амангалиды, онымен бірге келген кіслерді үстәу туралы ешбір шара қолданбады.

Содан бастап олар түркіндарга үріна бастады. Оның тобында қазір мыналар бар: Қаби Сұлтангалиев, Рамазан Бакенов, Жұмагали (фамилиясын білмеймін), Хамидолла (фамилиясын білмеймін), Нәби Маубасов, Иауда Бишіков жөнне басқалары.

Мен өзім олардың тобына еш қатынасым жоқ, болған да емеспін, дүние-мұліктегін жасырығаным жоқ. Амангалидың бұл әрекетін бір жағынан нақты кейбір адамдарға, кей жағынан әкімшілікке қарсы әрекет деп білемін. Біз оның туыстары болып айтқанбыз: "Сен бұл әрекетіндегі қой, қылмысыңды мойындаң, әкімет алдында өзің бар, кешірім сұра", — деп. Бірақ оның жауабы: "Мен енді барып әкімет алдына басымды имеймін, себебі олар мені қорғамайды, сондықтан өздігінен берілмеймін. Керек болса өздері-ақ үстап алсын", — деді. Бұдан кейін біз не дерімізді білмедік.

Менің ойым, оның тобын жою керек, бірақ мен жалғыз өзім оған еш наරсе істей алмаймын, ол үшін мен біраз азап шектім.

1924 жылы соның кесірінен мен де үсталып, Теніз уезінде түрмеде 15 күн текке отырдым. Босатқанда қайтар жолда астындағы түйем арам оліп, қакаған суықта аяқ-қолым үсіп, үйіме әрең жеттім. Соның бәрі не үшін? Енді, міне, соның кесірінен сәуірдің сезігінен бері осында текке отырмын.

Сидагали Ермековті мен білемін, ол Амангали әйелінің інісі (онымен Амангали ажырасқан).

Мұқанғали Кенжахметов үсталғаны қашан болды дейсіз бе, ол 1925 жылы Орда қаласында болған еді. Қай ай екені

есімде жок, бірінші барғанымда жолықтырмады, екінші барғанымда 10 минут сөйлестік. Олек жазған хаттарды алған емеспін. Амангали менде жіңі болып журді, бірақ мен оған қару жарақ берген емеспін. Кім береді – мен оны білмеймін.

1926 жылы желтоқсан айында Амангали өз еркімен өкімет орына берілгісі келді, әрине, әкімдер Жұмагали Жангожиндерді түткүндаса, бірақ олай болмады гой. Амангалидың өз еркімен берілмейтін себебін мен түсінбеймін.

Снопов жолдастың жазған хатын мен Амангалига табыстадым. Жұмагали Жангожинмен атыста Амангали жаракаттанды ма, мен оны білмеймін, кім емдеді көрғенім жок.

Фельдшер Қажғали Мәмековті мен бар-жсогы бір-ак рет Теніз уезінде көргем. Амангали мен оның арасында ешқандай байланыс жок.

Ержанов Сүндепқали дегеніңізді мен танымаймын, білмеймін. Мұхсина Амангалига ерге өз еркімен шықты, ал Үлданның ата-анасы да, озі де қарсы болды.

Айбас ауылы бізден 200 шақырым жер.

Сұрақ: Амангалиды жасырғаныңыз үшін өзіңізді айыптымын деп санайсыз ба? Егер өзіңіз содан біраз қорлық көрсөніз, оны ұстауга неге атсалыспадыңыз, неге ұстан бермедіңіз?

Жауап: Өкімет күгінен мен оны жасырған емеспін. Өзім ұстауга өрекет жасаганым жок, себебі, бір адамның оны ұстауы мүмкін емес, тіпті ұстаптайды ол.

Ал өзімді бұл үшін айыптымын деп санамаймын.

Сұрақ: Амангали неше адам өлтірді, қашан, кімді және не үшін?

Жауап: Олар 1926 жылы қоқтемде Жұмагали Жангожиннің ағайынын, күзде туысы Сүндепқали Ержановты өлтіріпті деп естідім, бірақ не үшін, мен оны білмеймін.

1926 жылы жазда Амангали тобынан да 3 адам өлген.

Жауап алған:

Тюменев

(қолы бар)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 212-215-66.)

Сейітбаттал Есениязовтың жауабы

Жауап алу хаттамасы

1927 жылы маусымның 7-ші жүлдізы. Орал қаласы.

Жауап алушы: Тюменев.

Жауп берген: Сейітбаттал Есениязов – 48 жаста, руы Құлкеш-Беріш, Қаңбақты ауылы, Сарытөбе болысы, сауатсыз, малиш, отбасында – 4 адам, қыстауы, киіз үйі, 1 ат, 4 сиыр, 2 түйесі бар, бұрын тергеуде болған, барымтамен 1922 жылдан бері шүгүлданады. Амангали тобында болған.

Корсеткені:

Амангалиды бала күнінен бастап білемін...

1923 жылы тамыз айында мен түйемен Жаманқалага барып, қайтып келе жатып "Шоқаман қоңыры" деген жерде жолжөнекей Амангали мен Мұқанғали Кенжахметовтерді кездестірдім. Аттылар, бірақ қару жок. Оттініші – құдасы Қайыр Қарымбаевқа бірге бару болды. Ол Сарытөбе болысының Қаңбақты ауылында тұратын. Мен келісім бердім де ушеуміз соган бет алдық. Барсак, ол жайлалауга кошпекші бол жатыр еken, сондықтан біз ауылсовет төрагасы Даulet Наурызғалиевтің үйіне қондық. Ол кезде Амангали әкімшіліктен жасырынып, қашып жүрген жок. Ертесінде біз қайта жолга шыққанымызда жолжөнекей екі аттылы адамға жолықтық. Олар Бекайдар ауылсоветінің тұрғындары Жұмахмет Балмагамбетов пен Махмут Иманалиев дегендер. Қайыр Қарымбаевтың ауылынан келеді еken, айтқандары, Қайырдың ауылында жиырма шакты адам, туыстары жиналыпты, олар Қайырдың малын Амангалидың шапқыншылығынан қорғамақшы. Мұны естіген Амангали ат басын кері Қарымбаев құдасының ауылына бұрды, мақсаты естіген жаңалықтың дұрыс-бұрысын білу еді.

Біз Қайырдың ауылына келгенімізде Амангали Мұқанғали екеуі Қайыр үйіне кетті де, біз – Балмагамбетов, Иманалиев ушеуміз 150 қадамдай жерде күтіп тұрдық. Барғандар не туралы сөйлесті мен білмеймін, олар кешікпей қайтып оралды да біз жүріп кеттік. Жол-жөнекей Амангали мен Мұқанғали Қайырдың табынанан екі құлынды биені үстады, сосын жетекке алып жүрді. Біз олардан оқшаулау тұрдық, неге үстадыңдар деп ауыз ашпадық. Бұдан кейін өрқайсымыз өз ауылдарымызға кеттік. Арада 8–9 күн откен соң менің естігенім – Теніз уезінен отряд келіпті. Амангали, Мұқанғали және мені үстамақшы. Амангали жалғыз, сол топтен атыс болыпты, екі-үш сагаттан соң отряд кері шегініп, Ганюшкінге қайтып кетіпті. Олар Қарымбаевтың екі құлынды биесін қайтарып алған. Амангали жағынан да, келген отрядтан да шығын болмапты. Екі күннен кейін Амангали мен

Мұқанғали Қайыр Қарымбаевқа қайта барып, оның 9 жыл-
қысын айдан көтіпті. Онда мен болған жоқтын. Естігендім –
олар қарулы: бір винтовка, бір шолақ мылтығы болыпты.

Бір жетіден кейін Жаман Шолан ауылының тұргыны
Жанғожин (фамилиясын білмеймін) үйіне сол Жұмагали
Жанғожин, Сарытөбе ВИК төрагасы Әзмұқан Ерекенов,
Қаңбақты ауылсоветінің төрагасы Даулет Наурызғалиев
келіпті. Мен өзім болғаным жоқ. Сол жерге Аманғали да,
Мұқанғали да, Қайыр Қарымбаев та барған. Осы жерде
Жұмагали Жанғожин Аманғали мен Қайырды татуастырып,
Қайырга 8 жылқыны қайтарғызыады, ал бір жирип атты
Аманғалиға қалдырады. Аманғали ақсақалдар кеңесі шешімі
үшін Жанғожинге бір ат бермекші бол уәде еткен. Бірақ оны
кейіннен орындаған. Міне, Аманғали мен Жұмагали
Жанғожин арасындағы бірінші жауласу осылай басталды.

Қайтар жолда Жұмагали Жанғожин маган согып, мені
Бекайдар ауылының тұргыны Жұмахмет Балмагамбетовтің
кеңілдігіне қалдырады. Егер Өкімет орыны шақыртса, бірден
баrasың деп ескертті. Содан бері мен ешқайда шықпастан
ауылда өз шаруамды күйттеп журіп жаттым. Аманғали
тобында інісі Мұқанғали Кенжахметов және Тайыр Тілеков
болды. Аманғалида бір винтовка және наган, Мұқанғалида
бір винтовка, Тайырда қару болған жоқ. Олар тұргындарды
тонаған емес, алған аттарын өз өтініштерімен, өз
еріктерімен береді, артынан қайтарып отыруды. Кімнен және
немене алды олар, мен о жағын білмеймін. 1924 жылы соуір
айында кундіз біздің үйге аттылы Аманғали, Мұқанғали және
Тайыр үшеуі келді. Аманғалида баяғы винтовка, наган және
бір қылышы бар, ал ана екеуінде бір-бір винтовкадан, 30–40
патрондары бар. Шай ішіп отырып айтқандары, бізді үстаяу
үшін Ордадан бір Шкоков деген орыс шығыпты. Жұмагали
Жанғожин де қазактардан отряд құрыпты, бізді Қайыр
Қарымбаевты барымталаганымыз үшін бандит атандырыпты.
Сондықтан олардың қолдарына түспеу үшін жасасынуымыз
керек деді. Мен келістім де сол күні төртеуіміз атқа отырып,
шагыл арасына кеттік. Шагыл арасында жынырма күндей
сергелдеңде жүрдік, бірақ ұстападық. Содан кейін
артымыздан күгіншылар көбейе тусты. Енді бізге шагыл
арасында жүре беру мүмкіншілігі тарылды, сондықтан біз
Каспий теңізіне шығып кеттік. Теңізге шыгар алдында

зорыққан аттарымызды үйде қалдырып, Сыралы Бегалиевтөн, ол Жаман Шоландыда тұрады, төрт ат алдық, ол өзі бізге қарсы адам, өкімет орындарына хабарлап тұруши, әрі Жұмагали Жангожиннің құдасы. Менде қару болмады. Сыралының аттарын жағада қалдырдық та, өзіміз қайыққа мініп теңізге шыктық. Онда да жиырма күндей жүрдік. Әлгі Сыралының төрт атын сол ауылдың тұргыны Қанатқали Оспанов арқылы қайтарып бердік. Ол 3 күннен кейін иесіне тапсырды. Теңізде ұзақ жүру де онай болмады, сондыктан біз қайтып оралдық. Ауылга бағыт алдық. Қайтар жолда Бекайдар ауылында Жалғасбайдың (фамилиясын білмеймін) үйінде Сарытөбе ВИК төрагасы Әзмұқан Ерекеновты, ағайынды Сираж бен Қамалиден Лұқпановтарды қолға түсірдік, тұтқындадық. Олардан Шкоковпен кездестіруді талап еттік. Соңынан Ерекенов бізben жүріп, Шкоковке қонып шыққан жерінде кездестік. Олар екі адам екен. Шкоковтің винтовкасы және наганы болды. Шкоков бізді көріп екі рет мылтық атты. Корқытпақшы. Амангали да екі рет көзdemестен оқ атты. Ара қашықтығымыз онша алыс емес. Бұдан кейін екі жақты айқайласып, сөйлесіп барып, кездестік. Осы жерде біз өкіметке қарсылығымыз жоқ, ешкіммен жауласқымыз келмейді, керісінше, қаруларымызды тапсырайық, әкімдер енді бізді мазаламайтын болсын дедік. Бұған Шкоков келісті, сөйтіп біз Жаман Шолан ауылының Байжан шагыл деген жеріне келіссөз жүргізуге бағыт алып жүріп кеттік. Шкоков біздін іс-әрекеттерімізді тексермек болып, сол жерге Жангожинди, Қарымбаевты шақырды, 60-тай адам жиналдық.

Тексеру кезінде жиналган адамдардың ешқайсысы да "бізді бұрын осылар тонады" деп айтқан жоқ. Бұл мамыр-маусым айы болатын. Сонда Шкоков бізге екі айдың ішінде өз еріктеріңізben қаруларыңызды тапсырыңыз деді, біз оған келістік. Тек сол жерде тапсырмаган себебіміз – біз Жангожин мен Қарымбаевтан сеңкендік. Осыдан кейін біз ауыл-аулымызға тараастық.

Мен өз ауыльма кеттім, менде ол кезде қару болмады. Амангали, Мұқангали, Тайыр да ауылдарына кетті. Арада 4–5 күн откен соң Жаңақаладан құрамында 7 адам бар отряд келіпті. Ойлары – Амангалиды және оның тобындағы адамдарды устау. Жаман Шолан ауылының Байжан шагылында баяғы Шкоковпен болған келіссөздерді естіп,

Амангалиға адам жіберіпті. Амангали, Мұқанғали, Тайыр отрядқа келген, ал отряд бастығы Амангалиларға қаруларыңды бес күннің ішінде Жаман Шоланды болысының төрагасы Салық Есмагамбетовке табыстаңдар деген. Амангалилар келіскең. Бес күн ішінде Амангали болысқа, Есмагамбетовке уш винтовка, бір наган, бір қылыш табыс еткен.

1923 жылдың мамыр айынан 1924 жылдың желтоқсан айына дейін мен өз үйімде болым, ешқайды шыққаным жок, Амангалимен байланысым болған емес, өз шаруамды істей бердім.

Естуімше, Амангали, Мұқанғали, Тайыр да өз үйлерінде, өз шаруаларымен айналысқан, ешқандай үрлық, немесе қақтығыстық жасамаган.

Айтқандарым дұрыс, маган қайта оқыт берді. Сол үшін қол таңбамды қоямын. Сейітбаттал Есениязов.

**1927 жылы 8 маусымда тергеу жалғасуда.
Сейітбаттал Есениязовтың корсеткені:**

1924 жылдың желтоқсан айында, қай күні екені есімде жок, мені Қаңбақты ауылдың тұргыны Эжгерей Сайлыбаевтың үйіне Сарытөбе болысының төрагасы Әзмұқан Ерекенов шақыртты. Қасында Ганюшкиннен келген милиционер бар екен, сол жерде олар мені тұтқындады. Содан Ганюшкин арқылы Орда қаласына жіберді. Қасымда Сундетқали, Үмбетқали Кенжакхметовтер, Қайдар Жұмашев, Құнтуган Ақшориев және інім Сейітқали Есениязов бар.

Такқан кінәлары – Амангали Кенжакхметов бандысында болғанымыз. Мұқанғали Кенжакхметовті 1924 жылдың қазан айында үстаган болатын. Ал Амангали, Бисен Жұмагалиев, Тайыр Тілековтің қандай қарулары болды, оны білмеймін, ол кезде қашып, жасырынып жүрді. Қайда екенін мен білмеймін, Адай уезінде болуы мүмкін. Құнтуган Ақшориевті басқа бір іспен үстаган болды. Ол қазір Оралда изоляторда отыр. Сейітқали және мен 1925 жылдың бірінші қыркүйегіне дейін отырдық. Үмбетқали мен Сейітқали менен бір ай бұрын босап шықты. Сундетқалиды он бес күннен кейін Ганюшкинде босатты, ал Мұқанғали Кенжакхметовті 1925 жылдың қазан айында босатты. 1925 жылдың бірінші қыркүйек айынан менің Амангалимен ешқандай байланысым болған емес, мен оның үйінде болғам жок, ал да солай. Ал 1926 жылдың қыркүйек айында Амангали біздің үйге

келді. Қасында 8 адам бар. Олар Амангали, Рамазан Бекенов, Мұхаметберлі (фамилиясын білмеймін), Құмар (фамилиясын білмеймін), Қаби Сұлтанғалиев, Жұмагали (фамилиясын білмеймін), екі әйел – бірі Амангалидікі, бірі Мұхаметберлінікі (аттарын білмеймін). Сөзізінің аттары бар, жетектерінде уш ат, 7 винтовка, 2 наган, қылыш бар ма білмеймін, түн іші еді. Мен кой сойдым. Олар өздерімен тағы алты адамды ала келіпти. Мақаш Бабішов, Байсұлтан Мақашов, Қурманбай Ісмагулов, Бекеш Қурманбаев, Сейдікеш Жоламанов және Ғабдіжан Амангалиев – бәрі де Сарытөбе болысының Қаңбакты ауылының тұргындары. Мұның себебі, Амангали ат сұраса өлгілер бермепті, базарга саудага жібергенбіз депті. Амангали бул сөздеріне сенбеген. Мұны мен және ауылдасым Қубаш Жәңғиров растадық. Амангали оларды босатып қоя берді. Сол түні тамақтан кейін олар мені жсол корсетуге ертіп, Қаңбакты ауылының тұргыны Дәүлет Наурызғалиевке кеттік, бірақ оған жете алмай далада қондық. Оған ертеңгісін бардық. Ол үйінде еken, шай ішіп, Амангалилар өрі кетті, мен үйіме қайттым. Амангали Наурызғалиевтан екі парақ ақ қағаз, төрт пачке темекі, екі қарындаш сұрап алды. Басқа еш нарсе алган жок.

Бұдан кейін сол 1926 жылдың желтоқсан айының басында мені Жұмагали Жангожин үйіне шақыртты. Барсам уез орталығынан келген үәкіл Снопов бар еken. Олар мені Амангалимен келіссөзге жүмсады. Менің мақсатым – оның турагын дұрыс табу, қандай қарулары барлығын білу. Мен, әрине, оған барып қайттым. Ол кезде Амангалидың үйі “Көтеш Кетау” деген жерде, Жаман Шоланды ауылына қарасты Сарытөбе болысының аймагында, болыс әкімі Жұмазиевтің үйінен уш шақырым жерде еken (ол кезде Жұмазиев Амангалидан қашып жүрген). Амангалига барсам, ол үйде болмады, тек әйелі және балалары болды. Шай ішіп отырғанымызда Амангалилар 4 адам болып келді – өзі екі винтовка, Рамазан Бекеновте винтовка бар. Сабеш және Тиекенов Жұмагалидың баласы (аты есімде жок) “Арыстан” деген жалған аты бар, оларда да бір-бір винтовка. Сөздеріне қараганда, олар Сұндетқалиды (фамилиясын білмеймін) әлтірген және бір жерге көміп кеткен. Кетерде Сұндетқалидікі деді, бір атты қорадан көрдім. Сұндетқалидың етігін, күпісін Сабеш күт алған. Олар Сыралы Бегалиевтен бір жириен ат, Абугали Марабаевтан бір қасқа ат, Әбеннен (фамилиясын білмеймін) бір көк ат алынты.

Мен Амангалидан қалай жарапландың дегенімде, ол өз винтовкамнан саныма оқ тигізіп алдым деді, бірақ қазір жазылдым. Жаңақала жақтан бір дәрігерден дәрі алдым деді, аты-жөнін білмеймін. Осының бәрін мен Снопов пен Жангожинге айтып келдім. Бұдан соң мен Амангалиды көрген еместін. Мен оған, ол маган келген емес.

Амангалимен жақсы қарым-катаңаста болған, үй шаруасына көмектесетін адам – Кубаш Қасымов. Ол Амангалига 1926 жылы жуз пүт құмаршық женип берді. Соңғы қуалап келген отрядты Амангалига хабарлаған ауылдасы Кенжесали Қазыкеев болатын.

1926 жылдың аяғында мен жолдастарым – Отебәлі Айтуаров, Сабыр Сұлтантеміров, Төкебай Ҳұсайнов және Мұқанғали Кенжакхметов бар, Фабдал Қарғоловтың атын сұрап алғам, Астрахань уезінде тұратын туыстарымызыңа қыдырыстап бардық. Ол туыстарымың Құрманғали, Иманғали Ахметовтер, Отеген Рақышов және Адасбай Жұбатыров Астрахань уезінің Житное поселкесінде “Етікіш” деген жылым тартымында тұратын-ды.

Одан мен, Мұқанғали және Отебәлі 1927 жылы наурыз айында қайттық. Содан кейін ауылсовет төрагасының айтуымен Гурьевтегі ОГПУ үекіліне бардым. Сол жерде мени тұтқындады.

1923 жылы мен, Аманғали, Мұқанғали ушеуіміз Баев болысында болдық. Тасмагамбетов, Отегенов, Қази, Әусендерді білемін. Әусен Эжгалиев менің балдызымы, бізben бірге болды. Сейтекеш Жоламановта мен қонғаным жеке, Сыралы Бегалиевте қондық. Оnda менімен әлгі Әусен Эжгалиев, Сираж Лукпанов және Жұмагали Жангожин бірге болды. Аманғали ол жерге таңертеп жалғыз келді, ал Мұқанғалидың қасында бір жолдасты бар. Бегалиевке сокқан жеке, әрі асып кетті. Мұқанғалидың қасында бір жас жігіт болған (аты-жөнін білмеймін).

Мұқанғали үсталған кезде мен Амангалимен бірге жүргенім жеке, оның іс-әрекеттеріне қатысқаным жеке...

Сейтекеш Жоламанов Амангалидың қайнагасы, Сапуа қарындастын Амангалига бергенде 4–5 бас қалыңмал алған.

Сурақ: Аманғали Кенжакхметов бандысында өзіңіздің болғаныңызды кінәлімін деп есептейсіз бе?

Жауап: Аманғали Кенжакхметов тобында болғаныма өзімді айыптымын деп санамаймын. Себебі, мен қару алып жүргенім жеке, өкімет орындарынан тығызып жүргенім жеке, халықты үрлап-жырлаганым жеке, қарулы атыс-шабысқа қатысқаным

жок, өкіметке қарсы болғаным жок. Әрине, ол Қайыр Қарымбаевқа барғанда бірге болдым, бірақ ол екі құлынды биені алып кеткенде мен не сөзбен, не ісіммен көмектескен емесстін, сонда мен қалайша кінәлі боламын.

Сұрак: Оның барымталағанына қалай қарайсыз, себебі езі онымен бірге жүрдіңіз гой?

Жауап: Мен онымен бірге болғанымда, яғни 1923 жылы Амангали ешқандай үрлік жасаған емес. Мен оған қарсы еш нөрсе істей алмаймын. Егер мен жалғыз өзім оны үстап алса, өкімет алдына алып барап едім, бірақ қаруланған Амангалиды жалғыз үсташа мүмкін емес. Бар айтарым осы. Сондықтан таңба басып қолымды қойдым. Сейітбаттал Есениязов.

Жауап алған:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 116—122-66.)

Тілек Қоржынбаевтың жауабы

Жауап алу хаттамасы

1927 жылғы маусымның 13-ші жүлдізы. Орал қаласы.

Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Тілек Қоржынбаев, 74 жаста, сауатсыз, малиши, отбасында — 3 адам, қыстауы, киіз үйі, I түйесі бар, сотталмаган.

Корсеткепі:

Амангали Кенжахметов менің немере інім. Ол буліншілікпен сонғы 5—б жылда айналысып жүр. Бұрын онымен шүгылданбаган, оз шаруашылығы бар, бай-куатты адамның баласы.

Ол оз үліна Қайыр Қарымбаевтың сөби қызын айттырган болатын, ал Қайыр оны менсінбей, қызын бермей қойды, қалың малды да қайтармады. Сол ушін Амангали оның жылқысын барымталаған. Оған қатысқандар інісі Мұқанғали және Сейітбаттал Есениязов еді. Олар Қайырдың 7—8 жылқысын барымталаған. Міне, осыдан кейін Амангали банды атанды. Сосын Амангали Орал түрмесінен қашқан. Қасында Мухаметберлі және біреу бар, аты-жөнін білмеймін. Олар Орал жақтан қаруланып және аттар мініп келді. Амангали үйінде бір тунеді де, ертесінде Қайырды іздеп барған, ол со кезде Амангалидан жасырынып қашып жүрген, ал соңынан Жұмагали Жангожин ауылына барған, олардың дүние-мүлкін тонастар, бір інісін атып кеткен (аты-жөнін білмеймін).

Оларға барған себебі, Амангалига кек қайтаруы керек еді, бірақ Қайыр да, Жұмагали да одан жасырынып жүрген.

Одан басқа отрядтен атысу кезінде екі милиционер оққа үшқан деп естідім. Амангали тобында бұрын менің ұлым Тайыр Тілеков те болған.

Амангалиды Адай уезінде тұтқындаған соң Тайыр мен Бисен жасырынып жүрді, бірақ қайда жүрді, одан хабарым жоқ. Мен балама айтқанмын, сен онда барма деп, бірақ жүгірмек тыңдады ма?! Ал Амангали тек өзінің жек көретін адамдарына қарсы әрекет жасайды.

Оның дүние-мұліктегі інілері ала ма – мен оны білмеймін, біз арамыз қашық тұрамызыз. Мен балам Тайыр кеткелі халықтың комектесуімен гана тұрамын, олардан қайыр сұраймын, көз көрмейді, оның үстіне құлагым да естімейді.

Амангалидың үш әйелі болған, үлкенімен қыста ажырасты, ал екеуі өзімен бірге. Біз жазда, 1926 ж. қай ай екені есімде жоқ, туыстары бол Мұқан, Әндір, Сүндем, Үмбет және мен айтқанбыз: "Амангали, сен мына сергелден жүрісінді қой, кіслерді текке жазалама, оныңды қоймасаң бізден басқа көз көрмейтін, құлақ естімейтін жаққа көшіп кет, мына содырлығынды қой, пәлең бізге тиеді, бізді текке күйдірме", – дедік.

Бірақ ол бізді тыңдады ма, өзі қыстауга Қапан Тасмагамбетовтің үйіне көшіп кетті. Арамыз 30 шакырым, ал жаз бойы киіз үйде тұрып жатты. Ол ара 40–60 шакырым. Ұлым Тайыр Амангалига қосылғалы қайтып үйге келген емес, қайда жүр оны мен білмеймін.

Өзінің еш норсеге қатысым жоқ, айыптымын деп санамаймын. Сол ушін таңбамды қойдым.

Жауп ағсан:

Тюменев (қалы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 223–224-66.)

Каулы

1927 жыл, маусымның 13-ші жулдызы. Орал қаласы.

Мен, Тюменев, істегі материалдарды қарай отырып, айыпкер Бұқаров Әлімтай, Қоржынбаев Тілек, Қагазов Иман, Сапиева Рахима туралы қылмыстық-процессуальдық кодекстің № 161 бабына сойкес мынадай қаулы қабылдадым:

Жогарыда аттары аталған айыпкерлерге қолданылатын жаза орнына олардың тұргын жерлерінен үкім шыққанга дейін ешқайда кетуіне, шыгуына болмайтынын ескертпіл, қамаудан босаттым.

<i>Қолдарын қойған:</i>	<i>Тюменев</i>	<i>(қолы)</i>
<i>"Бекіткен":</i>	<i>Смоленский</i>	<i>(қолы)</i>
	<i>Шевченко</i>	<i>(қолы)</i>

(№ 67118/192-іс, 3-т., 223–224-бб.)

Мұхтар Мұхаметқалиевтін жауабы Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, маусымның 22-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Мұхтар Мұхаметқалиев – 37 жаста, руы Өмірзак-Беріш, Орал губерниясы, Бокей уезі, Глинин болысы, Қисық-Қамыс ауылы, төмөнгі білімі бар, отбасында – 5 адам, қыстауы, 3 сиры бар.

Корсеткені:

1926 жылы 6 маусымда мен Қисық-Қамыс ауылсоветінің төрагасы бол сайландым. Ал 23 шілдеде жолдас Горбунов бастаған бандымен күресу отряды мені түтқынга алып, Орал қаласына жіберді, міне, содан бері осы жерде отырмын. Менің тұган ағам Fizat Mұхамбетқалиев Амангали тобында екенін мен білген емеспін.

1926 жылы тамыз айының басында Амангали алты еркек, бір әйел бол Қисық-Қамыс ауылының тұргыны Едіге Жұнісбековтікіне тоқтап, сонда түстенген. Оның Амангалимен қандай байланысы барын мен білмеймін. Жұнісбеков өте ауқатты адам, 3–4 жылдыры, 20 сиры, 50 қойы, 2 түйесі бар. Мен Жұнісбековтікіне келгенімде Амангали оның үйінен аттанып кетіп, қонуга келесі ауылдағы Fizatтың үйіне барыпты. Мен олардан бәзек тұрамын. Арамыздың қашықтығы 20 шақырымдай. Мен Жұнісбековтің үйіне келген мақсатым – ол "Қосшы" қоғамының мүшесі болатын, бізге тұтынушилар қоғамын құру үшін мүшелікке адамдарды жазуга келгем.

Мен Жұнісбековтікіне келгенімде маган Амангали Fizatтың жіберіп, шақыртты. Мен барғанымда Амангали "сен мені ВИК-ке хабарлапсын, мені үстап бергелі жүрген адамсың" деді. Мен

оны мойындаадым. Сонда ол “болашақта мен туралы ешкімге хабарлама” деп ескертті. “Бүгін Жұнісбековтікіне қон, ешқайда кетпіе, ертең біз Fизатпен аттанып кеткен соң жолға шыгарсың деді. Мен соны орындаадым. Шілденің 23-ші жүлдөзында мен, ВИК мүшесі Батқаев және Кисық-Қамыс ауылсоветінің уәкілі Бисенбаев тунде Едіге Жұнісбековтің үйінде болып, осы ауылдың отбасының тізімін жасап отырганымызда бізге Fизат келді, бірге шай ішті, оның қаруы жсоқ болатын. Шайдан кейін біз қазадарымызды жазып, газет оқып отырганымызда даладан аттардың дүбірі, айқай-шу естілді. Отряд келді деген сөздер естілді. Біз сыртқа жүгіре шықтық. Fизат та бар. Келген отряд “сендерде бандылар бар ма?” деп сұрады. Мен жсоқ дедім. Сосын олар Fизатты сұрады. “Жаңа осында болған, мүмкін үйіне кеткен болар” дедім. Олар Fизатқа шапқылап кетті. Одан қайтып келді. “Fизат жсоқ” деді. Екі үйде де тіншіту болды.

Карпенко, Мостовых дегендерінің білмейді екем. Бірақ естігем, Fизаттың үйін тіншітінде әлгі Карпенко, Мостовыхтардың заттары табылыпты деп, басқа ештеңесін білмеймін.

Ал Амангалилар уш адам болып 1926 жылы мамыр айының басында біздікінде болған. Олар Амангали, Мұхаметберлі, үшіншісінің аты-жөнін білмеймін, қаруланған – екі винтовка, тапанша, басқасын көрмедім, уш ат мінгендері. Түс кезінде шай ішіп, содан кетіп қалды. Басқа айттарым жсоқ.

(№ 67118/192-іс, 3-т., 325–326-бб.)

Фұмар Исаевтың жауабы Жауп алу хаттамасы

1927 жыл, маусымның 24-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауп алған: Тюменев.

Жауп берген: Фұмар Исаев, 16 жаста, руы Тайгара-Беріш, Айбас ауылы, бойдак, сауатсыз, шешесімен – 3 адам тұрады, қыстауы, бір түйесі бар.

Корсеткені:

1926 жылы маусым айында мен Айбас ауылдың маңында, “Тереңқұдық” деген жерде күндіз пішен шауып жатқам. Түс ауа жаныма Амангали бастаган атты 9 адам келді. Амангали, Мұхаметберлі, Қаби, Жұмагали, Рамазан, Құнатыр, Мұхит Ермұхаметов, екі әйел (олар Мұхсина, Балқан). Рамазанның 5–6 ат жетегінде. Мұхсина, Балқан, Құнатыр, Рамазан –

қаруызы, ал қалғандарының қарулары бар (винтовка, наган, екі қылыш). Келген бойда мені қорқытып, “бізді Жамансарының (фамилиясын білмеймін) үйне бастап алып жүр” деп бұйырды. Кешке қарай біз Жамансары ауылына келдік те аттарды корасына кіргіздік. Жамансары Амангалига бір сүмке патрондар, винтовка берді. Сол жерде Мұхит Ермұхамбетов үйне қонаққа шакырды. Біз қонуга соның үйне бардық. Мұхит қонақасыға қой сойды, ал таңертең ол Амангалига “сыйлық” деп бір винтовка, 50 патрон, сосын бір күрен түсті маңдайшасы ақ тобелі торы айғыр берді. Одан шығып, Амангалидың үйне келдік. Мұхит Ермұхамбетов пен Кунатыр үйлерінде қалды. Амангалига 8 адам бол келдік. Сол күні кешкісін Амангалига сол ауылдың кеңес торагасы (аты-жөнін білмеймін) қызыл күрен атпен келді. Бір бөтеге қызыл арақ, желген екен, олар соны ішті. Сол күні олардың тобына Сәлім деген біреу, астында құла қасқа аты бар, винтовкасы жеке, сол қосылды. Келер күні түстен бұрын, қанша адам екендерін білмеймін, күгінши отряд пен екі жақты атыс-шабыс болды. Мен ол кезде үйден қашықтау (200 қадам) ойтаң жерде құдық қазып жатқам. Атыс-шабыс кезінде Мұхаметберлінің он аяғына оқ тиіл жаралы болды, оның аты оққа үшты. Ал келгендерден шығын болды ма, жеке па оны мен білмеймін, Амангалилардан шығын болған жеке. Екі сагаттай атыстан кейін келгендер шегініп, қайтып кетті. Біз де көшуге мәжбур болдық. Амангали киіз үйін қайда қалдырды, оны да білмеймін. Бірақ сол түнде біз – мен, Рамазан, Сәлім үшеуміз Амангали тобынан қаштық. Рамазан мен Салімнің винтовкалары болды. Артымыздан күып берді. Олар Қаби мен Жұмагали болатын, олар да қаруланған. Таң алдында олар Рамазанды күып үстады, ал күн шыққанда мені үстады. Сәлім бір винтовкасы бар, үстаптады, оның жетегінде екі курең ат бірге кетті. Оган жетеп алмады. Ол тоқса қайтып оралмады. Бізді Амангали тобына қайта алып келді, біз сөйтіп оған кіріттар бол қалдық. Одан кейін Амангали бізге сенбеді, қалымызға қару да бермедин, тек аттарды қарауга қойды. Бұдан кейін Амангали Қайыр Қарымбаевты шапты. Одан 4 түйе, 16 жылқы алды, бөрін Мұхаметберлі Ергали Аязбаевқа айдал кетті. Қайыр Қарымбаевқа 8 адам бол бардық. Онда атыс-шабыс болған жеке, тек Қайыр ауылына жақын барып, Амангали Қаби мен Жұмагалиды әрі жіберген, олар кешке таман әлгі малдарды айдал келді. Бұдан кейін Амангали тобына Мұхамбетқали мен Теміргали (фамилияларын білмеймін) келип қосылды. Винтовкалары болды. Олар Ергалидың жіберген адамдары

еді. Олар қосылған соң Мұхаметберлі Амангалиды бастап, Жұмагали Жангөжиннің ауылына барды. Таң алды болатын. Бір жарым сағаттан соң олар қайтып оралды. 20 жылдының айдан келді. Бірақ Қаби мен Жұмагали болмады. Біз олар қайда деп сұрадық, оларды келеді деді, ал қайда қалды, мен оны осы күнгө дейін білмеймін. Амангали Мұхсинамен үйге кетті. Біздер болініп, малды Ергалига айдан кеттік. Жолда Темірғали уш атты алып, винтовканы Рамазанга беріп, болініп кетті.

Ергали Аязбаев бізді келген бойда қарусыздандырыды да Таловканың милициясына тапсырыды. Бізben бірге 23 жылдық, 5 ер-турман, 4 винтовка, екі қылыш, наган қалға түсті...

(№ 67118/192-ic, 3-т., 327–328-66.)

Едіге Жұнісбековтің жауабы Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, маусымның 25-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауап алушы: Тюменев.

Жауап берген: Едіге Жұнісбеков – 59 жаста, руы Өмірзак-Беріш, Қызық-Қамыс ауылы: Глинин болысы, сауатсыз, малышы, отбасында – 5 адам, б жылдысы, 13 сиры, 50 қойы, 2 түйесі бар.

Корсеткені:

1925 ж. соуір айында Амангали біздікіне 6 адам – екі әйел, төрт еркек болып келді. Онда мен оны танымайтынмын. Мен Амангалимын деп езі айтты. Таңертең келіп шай ішіп, аттанып кетті. Мениң сұрагыма Оралга бара жатырмыз деді.

Ал келесі жылы шілде айында сол Амангали 6 адам бол келді. Біреуі әйел, қалғандары еркектер. Жетектерінде 4 аты, әйелден басқаларының қарулары бар. Үйде қонған күйеу балам Тендей ауылының тұргыны Әбугали Талегұлов отбасымен болатын. Кой сойғам, Амангалилар бірге қонақ болды. Қонуга Fизаттың үйіне кетті олар. Амангалилар кеткен соң, күйеу балам қонуга қалды, ал сол кезде біздің үйге Мұхтар Мұхаметқалиев келді, ол бір кеңес шаруасын атқарып жүр гой дейімін, меніңше, ауылсовет төрагасы сияқты, ол Fизаттың агасы болатын. Санак жасап, менің отбасымды тұтынуышылар қогамының мүшелігіне жазуга кепті. Қоң кешікпей Fизаттың үйінен бір қарулы адам келіп, Мұхтарды шақырып алып кетті. Онда Мұхтар үзақ болған жосқ, қайтып оралды. Мениң неге шақырыпты деген сұрагыма, Мұхтар:

"Амангали бізге көктемде келіп кеткен, соны сен өкімет адамдарына хабарлапсың дейді. Сөздің қысқасы, мені қорқытпақшы" деді. Амангалилар Fизаттікінде болғанда мен өзім барған емеспін. Олар таңертең аттанып кетті, Fизат бірге ілесті. Олардан кейін біздің үйдегі Мұхтар да, Төлегұлов та ауылдарына қайтты.

Fизат бір аптадан кейін төрт жастагы жириен ат мініп келді. Мен сурағанымда оны сатып алдым деді. Сөйтін ол өз үйінде шаруашылығын жасап тұрып жатты.

Ал 1926 жылы 23 маусымда біздің үйге Мұхтар Мухаметқалашев, тағы бір татар жігіті, сосын Жангазы Бисенбаев келіп, мушелік тізімдер жасады. Кешкісін, шайдан кейін олар газет оқып, өлгі тізімдерін жасап отырған. Fизат Мухаметқалашев те бірге болды. Бір кездे ат дубірі, айқай-шу шықты. Келгендер — орыстар "сендерде бандиттер бар ма?" деді. Біз жоқ дедік. Сосын Fизат Мухаметқалашев бар ма деп сұрады. Біз осында болған, қазір үйіне кеткен шыгар дедік.

Содан кейін әлгі келгендер шапқылап Fизаттікіне кетті, қайтып келді. Fизатты жоқ деді. Бізді қамауга алды. Fизат үйін тінгілі еді, одан мануфактура тапты, біздің тезектің арасынан тарантас табылды, оны кім тығып жур, мен білмеймін. Агасы Мұхтар інісі Fизаттың Амангали тобында жүргенін білмейді гой деп ойлаймын. Басқа айтарым жоқ,

Жауап алган:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-ic, 3-т., 329—331-66.)

Иауда Бишіковтің жауабы

Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, шілденің 4-ші жүлдізы. Орал қаласы.

Жауап алган: Тюменев.

Жауап берген: Иауда Бишіков, 21 жаста, руы Жайық, Жұлдыздықум ауылының тұргыны, шала сауатты, үйленбекен, балықшы.

Корсеткені:

Мен жеті жасынан ата-анамнан жетім қалдым. Жесір апайым Мұслима Суханованың тәрбиесінде болдым. Оның Оңайбай деген баласы бар. 14 жаста. 1926 жылдың аяғында, желтоқсан айында кешке жақын түйемен келе жатып, жол-

жөнекей 5 аттылы адамды кездестірдім. Төрт еркек, бір әйел. Аман-сау сұрасқан соң біреуі “Мен Амангалимын” деді. Жетектерінде бір түйе бар екен, әбден қалжыраган, оған төрт киіз өңгеріпті, сол түйе жүре алмай келеді. “Сен мына киіздерді өз түйене артып, Оразгали Баймешовтің үйіне жеткізіп сал” деді. Мен қорыққанымнан апарып салдым. Сонда қондым. Ол үйде Амангалимен бірге жүрген Наби Маубасовтың әйелі – Рахима бар екен. Ертеңгісін таңертеп сол үйге Амангалилар келді. Мен кетпекші болып ем, ол маган “Озімнен бұрын ешкімді жібермейтін әдетім бар, бізден кейін кетесің” деді. Сөйтіп олар сонда кешке дейін болды, ал кетерде мені болмай өздерімен бірге ертіп кетті. Он күндей бірге боласың деді, өз аттарының біріне отыргызыды, ал түйемді Сухановага апарып бер деп Оразгалига тапсырды.

Біз сол шыққаннан тоқтамай ұзак, жүріп, Амангалидың үйіне келдік. Ол “Сапар-кетеу” деген жерде екен. Сарытобе болысының Жаман Шоланды ауылына қарайды. Ол үйде екі қондық. Содан шығып, Нарынга бет алып, біраз жүріп, түстенуге Дүйсенгалидың (фамилиясын білмеймін, ауылдың аты жок) үйіне түстік.

Одан шыққаннан кейін Амангали айтты: “Осы маңда Жармұханбет (фамилиясын білмеймін) деген менімен жауласып жүрген адам бар, соның жас қызы бар, біреуіңе әйелдікке алып берсем үйленесіңдер ме?” – деді. “Үйленеміз” деп Сәбеш пен Хамидолла қатар айтты. Содан Жармұханбеттің қыстауына келдік. Мен және Нәби екеуміз аттардың қасында қалдық. Басқалары ішке кірді. Арада бір жарым сағат өткен соң Жармұханбеттің қызын – он төрт жасар Ұлданды алып шықты. Ерттеулі атқа отыргызыды, Хамидолланікі болатын, ол өзі жайдақ атқа отырды.

Жармұханбеттің үйінен 30–40 аршын мата, Ұлданың бар киімін алып шықты. Малга тимеді. Сәбештің айтуына қараганда, Жармұханбет қызды бергісі келмей біраз қигылыш салыпты. Амангали оны 4–5 рет қамшымен тартып-тартып жіберді, сонан соң Жармұханбет үндемеді дейді. Ұлдан үйден шыққанда да, жол бойы да жылаумен болды. Жармұханбет үйінен шыққан соң Айбас ауылсоветінің төрагасы Хайролла Үйдырысовтың үйін бетке алып жүрдік. Жол бойы Амангали жолдастарына айтты: “Осы Хайролла мені өр уақытта өкіметке, жоғарғы бастықтарға хабарлап отырады. Ол тіпті

менің қайын атам Әлімтайды да менімен байланысы бар дейтін көрінеді. Осының бір сазайын беру керек", – деді. Түсте Хайролла Ыдырысовтың қыстауына келдік. Мен, Нәби, Үлдан аттардың қасында қалып, үйге Амангали, Мұхсина, Сәбеш, Ҳамидолла кірді. Олар ұзак болды. Бір кезде Сәбеш ыдырысовтың ер-турманын шыгарып, оның атын ерттеді, сосын өз атының жасына байлады. Содан үйге қайта кіріп еді, байпак, шапан алып шықты. Сәбеш ушінші рет үйге кіргенде мен де бардым. Үйде Хайролладан басқа тагы уш жас жігіт бар екен. Амангали өзін, қайын атасы Әлімтайды неге жоғары жаққа хабарлайсың деді. Ыдырысов мойындамайды, сойтіп өзін ақтаган болады, Амангалидың алдында кінәсізбін дейді. Артынан бәріміз сыртқа шыққанда Амангали бізден сұрады: "Мына Хайроллага не істейін?", – деді. Біз бәріміз отіндік, оған тименіз де, үрыспаңыз да дедік. Амангали келісті. Сосын ерттеулі атын өзіне қайтарып берді. Шапанды Сәбеш, байпакты Мұхсина киді. Ол 18 сом ақшага сатып алдым деді. Хайролла қонақ еттекіші болды, бірақ Амангали күтпеді, бір шай іштік те жүріп кеттік. Түнделетіп Әлімтай Бұқаровтың үйіне жетіп, сонда қондық. Содан шығып Мұхит Ермұхаметовтың үйіне келдік, өзі болған жок, үйде оның әйелі мен қызыметкері бар екен. Сонда қондық. Түнде Үлдан туралы әңгіме қозгалды. Амангали Сәбеш пен Ҳамидоллага "қайсың үйленесің?" деп сұрады. Ана екеуі кезекпе-кезек "мен алам" деп қоймады. Ақыр соны өзара келісе алмаган соң, Амангалига өзіңіз үйленіңіз деп отінді. Амангалиды соган қондірді. Сонымен ол тунде тоғекке Үлданмен бірге жатты. Оған Мұхсина ашуланды, бірақ танертеп Амангали біраз айтып тусіндірді. Содан ет жеп, шай ішіп, оғі аттанып кеттік...

Сол жүріспен Амангалидың үйіне келдік, мен тагы сұрандым, үйге қайтайын деп, бірақ мені босатпады. Келесі күні Қапан Тасмагамбетовтің үйіне көшті. Ол Сарытобе болысының Жұлдызқұм ауылына қарайды. Оіда Оразғали Баймешовтің үйіне қондық. Ертеңгісін Амангалидың әйелі Нәзіпа аула ішінде жүргенді, ал маган өзінің енді ушінші әйел екенін, Амангалидың оған қарамайтынын айтып, егер сен осыдан кетсөң, менің туысқандарыма барып айт, келіп мені алып кетсін деді. Мен келістім. Осыны көріп қалған Амангали мені ата жаздады... "Менің әйелімді азғырып жүрсің" деп қамшының астына алды. Сосын бар киімдерімді шешіп алып, жалаң аяқ, жалаң бас Ахмет

Маубасов деген кедейдің үйіне тастап кетті. Мен со жерде бін жаттым. Артынан Амангали маган Оразгалидың етігі мен тонын беріп жіберіпті. Оны киіп үйге жеткен соң Қалел Жұмагазиев арқылы Оразгалига қайтардым.

Менен кейін Амангали Қапан Тасмагамбетовтің үйіне көшті, сонда қыстап қалды. Ол үй біктесу жерге орналасқан, жан-жасын көргө, қарауылдауга қолайлы үй болатын. Айналасына ор қазбакиы да болған, келген отрядтан корғануга жақсы жер еді...

Менен соң Амангалига Сүлеймен Фабдуллин қосылды. Мен үйде болғанымда Амангали Нәзипадан ажырасынты.

Сөүір айының басында мен балық кәсіпшілігіне Астраханга жүргелі жатқанымда, таңертен Қамыс-Самар балысының тұрғындары Даукеш Елешов, Дүйсекей Төкешов және Куаныш Есмұханов келді. Олар да балыққа жүргелі жатқан. Сол кезде біздің үйге Амангали тобы сау ете қалды. Амангали: "Маган күгін отряд келіп, Қапаның үйін өртеп жіберді, демек олар саған да келеді, сені алып өкіметке табыстыайды, турмеге отыргызыды, ал сен менің бар сырымды соларға айтасың. Олай болмайды, мен саған келдім, сені өзіммен ала кетем", – деді. Мен барудан тағы бас тарттым, бірақ ол болмай мені атқа отыргызып, бірге алып кетті. Сол күні кешкісін барып Әмірхан Құловтың үйіне қондық. Амангали Әмірханның туысын өзінің оқып жатқан баласына жіберді, оны отряд келсе алып кетеді деп өзімен бірге алып жүрді. Таңертен шығып, кешкісін Даулет Ақланбетовтің үйіне қондық. Бір күннен кейін тағы жүріп "Тұрымтай Жайық" деген жерге келдік. Мұнда Сәбеш пен Нәби бір жерге барып екі винтовка өкелді, одан кейін "Ақжүрек-тау" деген жерде болдық. О жерлерден он күн салып, Тәлептің (фамилиясын білмеймін) үйіне келдік. Жетекте 15 жылқы, 11 ер-турман. Тұнгі қарауылга Сәбеш пен үй иесі Тәлеп – 50 жаста, солар тұрды. Отбасында уш әйел: бір кемпір, екеуі жас – 30-да, бір ұлы – 17, екіншісі – 10-да әйелдер кімнің жұбайлары екенін мен білмеймін.

1927 жылы шілденің 6-шы жұлдызында жауап алу жалғасты Корсеткені:

Біз үйқытап қалғанда Мұзафар торы айғырмен қашып кеткен. Ол бүгандай дейін сұранып еді, бірақ Амангали көнбей жүрген.

Таң алдында үйге Сәбеш жүгіріп кірді де: "Тез тұрыңдар, отряд кеп қалды, – деді. – Үйді қоршап жатыр".

Біз бәріміз үйден жүгіре-жүгіре шыктық. Амангали “аттарды базга кіргізіңдер” деді. Өзі қасына Сәбешті алып есік алдындағы окопқа түсті. Мен базда Нәби мен Хамидолла жетектеп өкелген аттарды қабылдап, орналастыра бастадым. Алты ат өкелді, қалғандары қашып кетті, кейбіреулері оққа үшты деді.

Аттарды өкеп болған соң Амангали Нәби мен Хамидоллага үйге барып, терезеден атындар деді. Мен баз ішінде болдым. Атыс түске дейін жалғасты. Түс кезінде атыс тоқтады. Амангали окоптан шығып, Хамидолланы қалдырыды. Өзі мені ертіп үйге кірдік. Кірсек Нәби оққа үшитты, терезе алдында жатыр. Мені үйде қалдырыды да, екі әйелін, баласын ертіп, күндіріп алып, базга шыкты. Үй иесі Төлеп, З әйел, екі бала үйде болды. Амангали қашады-ау деп ойладап, артынша мен де базга шыктым. Сөйтсем олар бес ат пен бар патрондарды алып ашиқ жермен шапқылап барады екен. Мен де алтынши атқа мініп, арттарынан шаптым. Винтовканы жсал-жәнекей лактырдым. Үйден 100 қадамдай қашықтықта алдында Сәбеш пен Хамидолла жағу қашып барады екен. Отряд аттарына міне сап артымыздан құды. Мен аттан секіріп түстім де жерге жата қалдым. Отряд күни жеткенде мен екі қолымды көтеріп орнынан турдым. Отрядта қазактар да бар екен, келе мені қамшының астына алды, бетімнен қан ақты. Атпен жеткен бір орыс қамшылауды тоқтатты. Қазактар мені өттірейік деп өтінді, бірақ орыс оған қонбеді. Мені үрган қазақ Бекайдар ауылшының тұргыны Жауынбай (фамилиясын белгілеймін). Орысты танымадым. Отряд мені үстеди да үйге қайтып оралды. Амангалиларды қумады. Бұл кезде Амангали бір шақырымдай жерге кеткен болатын. Сәбеш те, Хамидолла да қашып бара жатып оққа үшты. Төлеп үйіне мені өкелген соң отряд шашылған дүние-мұлікті жинады: 4 винтовка, 2 наган, 3 қылыш, 4 ат, 5 оққа үшінші ат, 4 ер-турман және тагы басқа күймдер, күміс белбеу, күміс сапты қамши. Содан мені отряд Гурьевке алып жүрді.

Мен Амангалидың тобына қорыққанымнан қосылдым. Ол кез 1926 жылдың аяғы болатын, желтоқсан айы.

Амангалидың агайындарын белемін — Мұқангали, Әндіргали, Сундетқали, Үмбетқали; Амангалига қосылғалы Мұқангали үйінде бір рет күндіз болдық. Ет жеп, шай ішіп аттанып кеттік. Әндір үйінде бір-ақ рет болдық, шай ішіп кеттік. Ал інілері Сундетқали мен Үмбетқалиды көрген емеспін. Інілері Амангалидың малдарын, мұліктерін тыға ма, оны белгілеймін.

Тек бірде Сәбештен естігенім, қыста Амангали Қапанның үйінде тұрганда інісі Әндіргали келіпті-міс. Оған Амангали сақтап тұруға бір сандық дүние берілті деген-ді, рас па, өтірік не – оны мен білмеймін. Отряд оны алган емес.

Сарытөбе ВИК төрагасы Жұмагазиев Амангалимен дос емес деп естідім. Себебі, ол Амангалига қарсы куресуге жоғарыдан қару сұрапты дейді.

Мені отряд устан, киімімді тінктенде қалтамнан Хамидолланың мүшелік кітапшасы шықты. Сураганда мен өзімді Нұрмагамбетовпін дедім, бірақ мені Жұмагали Жанғожиннің үйіне апарғанда өзімнің дұрыс фамилиям мен атымды атадым.

Сұрак: Амангалидың бар жазғандары, қағаздары Төлептің үйінде қалды. Мен отрядқа бірде-бір рет оқ атқаным жоқ. Атқандар Амангали, Сәбеш, Мұхсина, Нәби, Хамидолла, бес рет атты. Мен, Сүлеймен, Ұлдан, Нагым оқ атқанымыз жоқ.

Жауап алған:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-ic, 3-т., 232–236-66.)

Рамазан Бекеновтің жауабы

Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, шілденің 24-ші жулдызы. Орал қаласы.

Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Рамазан Бекенов – 35 жаста, руы Себек, Жаман-Шоланды ауылынан, үйленген, отбасында – 2 адам, 2 сиры бар.

Корсеткени:

1926 жылы маусымның 15-ші жүлдызында маган Амангали Кенжакметов келіп, келіспегеніме қарамай, мені аттарын қарауга алып кетті. Олар бес адам болатын: Амангали, Мұхсина, Мұхаметберлі, Жұмагали (фамилиясын білмеймін), Қаби Сұлтангалиев. Екі күннен соң қайын атасы Әлімтай Бұқаровқа бардық. Сол жерде Мұхаметберлі Ағыстың қызы Балқанға үйленді. Ата-аналары қарсы болғанмен, қызы өз еркімен байга шықты. Бұдан кейін олар Шомбай Байгазиевтің қызын алып кетпекші еді, бірақ қызы үйінде болмады, сондықтан әкесінен бір түйе ала кетті. Оны үйінде үры сақтайтын қамқоршы Бекен

Сейталиевке берді. Одан шығып түнделетіп Жамансары аулына бардық. Амангали мен Жамансары біраз жеке сөйлесті, артынша ол Амангалига 200-дей винтовканың патрондарын берді. Содан кейін Мұхит Ермұхамедовке бардық, ол бізben бірге болатын, сонда қондық.

Балқан Ағысованы әкеткенде, оның аттарын қарауга Ғұмар Исаевты да бірге ала кетті. Ол қарсы бол еді, бірақ онысынан еш нөрсе шықлады. Одан кейін Амангалидың тұрагына келдік, артынша ГОО отряды келіп, сол жерде біраз атыс-шабыс болды. Ол кезде Амангалилар 12 адамдай еді. Амангалида винтовка, наган, қылыш болды, әйелі Нәзипада қару болмады, Мұхсинада винтовка мен қылыш болды, ұлы Нагым қарусыз, қызы – 5 жаста, тагы бір ұлы – 10 жаста, Мұхаметберлі – Амангалидай қаруланған. Балқанда – винтовка мен қылыш, Қабида – винтовка мен қылыш, Жұмагалида – винтовка мен қылыш, Ғұмар – қарусыз, мен де қарусызыбын, бір винтовка болды, ал да аттайтын жарамсыз еді. Бұдан басқа тагы екі винтовка запаста болды, 800-дей патрон. Отрядпен атысу 5–6 сағатқа созылды. Атысу кезінде белсенділік көрсеткендег Мұхаметберлі, Амангали өзі, Қаби, Жұмагали. Бірінші атыста Мұхаметберлінің бір қолы мен аягына оқ тиді, үй жасында байлаулы тұрган оның атына оқ тиіл, өліп қалды. Соңғы он патрон қалғанда атысу да аяқталып, келген милициялар кері кетті. Олардан шығын болды ма, жоқ па, оны білмеймін, бірақ Амангалидың “келгендердің екі адамы шығын болыпты” деп айқайлаганын естідім.

Бұдан кейін Амангалилар Қайыр Қарымбаевқа барып, оның он жылқысын, бес түйесін қолға түсірді, оларды қайда жіберді – оны мен білмеймін. Жалпы, Амангалидың достары көп, бірақ көбін мен білмеймін.

Отрядпен болған атыста жаңадан келген Сәлім Жұмагалиев та қатысты, бірақ ол түнде қашып кетті. Ол өзімен бірге винтовка және уш атты әкетті. Ғұмар екеуміз де қашып едік, бірақ бізді Амангалилар үстап алды.

Қайыр Қарымбаевқа барада Амангали тобына Мұхаметқали мен Теміргали келіп қосылған (Олар Ергали Аязбаевтың адамдары – Л.К.). Олардың екі винтовкасы, шолақ мылтығы болды. Олардың қатысуымен Амангали Жұмагали Жангожиннің ауылын шапты. Ондагы болған атыска Амангали, Мұхаметберлі, Мұхаметқали, Теміргали, Қаби, Жұмагалилар қатысты.

Ал біз – мен, Ғұмар, Мұхсина, Балқан – онда бармай, аттардың жасында болдық. Атыста Қаби мен Жұмагали

окқа үшты. Амангали санынан жаралы болды, біз Жұмагали Жангожиннің 20 жылқысын алып кеттік.

Осы шабыстан кейін біз Амангалиды әйелімен үйіне апарып тастандық та — Мұхаметберлі, мен, Мұхаметқалы, Теміргали, Ғұмар және Балқан — бәріміз малды айдан Таловкага кеттік.

Кім Амангалиды емдеді, оны мен білмеймін.

Жолда Теміргали уш атты болғап алды да, өз ауылы Ордага кетті, ал біз бесеуміз 18 жылқыны айдан Ергали Аязбаевқа бардык. Мақсатымыз — онда малды қару-жаракқа, оқ-доріге айырбастау. Біз Ергалига келгенімізben, ол қару-жарагымызды сыйрып алды да өзімізді, бар малды милицияга табыстыды. Мені, Ғұмарды, Мұхаметберлі мен Балқанды, төрт ер-турман, 4 винтовка, 1 наған, 2 қылыш, 22 жылқыны милиция қабылдады, ал Мұхаметқалыды үстамады, неге екенін білмеймін...

Жауп алган:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 324—327-66.)

Сундетқали Кенжакметовтың арызы

Орал губерниялық ОГПУ болім уәкіліне

Орал түрмесінде тергеуде отырган

Кенжакметов Сундетқалидан

АРЫЗ

1927 жылы наурыз айында біздің ауыл кенесінің төрагасы мені Орал губерниялық ОГПУ болімі тергеуге шақырады деп хабарлады. Ол кезде мен ауырып қалғанмын, сондықтан баруга жағдайым болмады. Тек тәуір болған соң сәуір айының басында Гурьевке өз аяғыннан барып, сонда мені сұрап тексеріп, 8 сәуір күні тутқынга алды, міне, содан бері қамауда отырмын.

Менің түсініміше, мені Амангали Кенжакметовтың інісі ретінде бандыга көмектесті немесе оны жасасыруши деп сезіктенетін сиякты. Ал мен болсам, одан ешқандай хабарым жоқ, қатысқан да, араласқан да емеспін. Керісінше, мен тіпті сол ағамның кейбір істерін жек көремін.

Мен, Сундетқали Кенжакметов, жастайымнан оқумен айналыстым, алдымен жергілікті қазақ мектебінде, одан кейін

ауылдагы Совет мектебінде оқыдым, өрқашанда ағам Амангалидан қашық болым, кішкентайымнан басқа отбасында тәрбиелендім, сондықтан онымен ешқандай қатынасым болған емес. Мен қарт атам Коржынбайдың қолында тәрбиелендім, ол мені бауырына басып өсірді. Ал Амангали болса менің бала кезімде біздің үйден бөлініп, өз алдына отау тігіп, өз отбасымен болек тұрды.

Қарт атам мені бала етіп алуына байланысты мен қазақтың салты бойынша, сол кісінің баласы болып жазылам да менің фамилиям сол Коржынбай атымен аталады. Мен Сұндет Коржынбаев бол аталамын. Бірақ, шыны, Кенжахмет менің туған әкем, оның ешқандай қупиясы жоқ, Амангали туған ағам.

Ал менің Амангалимен ешқандай қатынасым да, байланысмында жоқ екенін ауылдастарымның бәрі де біледі (соның ішінде Кеңес те, ВИК те).

Мен, жас Кеңес өкіметінің әлі уланбаган жас үрпагы, жас адам ретінде айтарым: бұл іске ешқандай қатысым жоқ. Амангалидің бандысына көмектесті, олардың әрекет-қымылдарын жақтады, жасырды деп бостан-босқа айып тағып отыр; мені Амангалидің туған інісі болғандықтан кінолап отыр, шынтуайтынына келсек, мен ақыл-ойыммен, адалдығыммен, ар-үзданымның тазалығымен сол ағамның қылықтарына қарсымын, онысын жек көрем. Мен соның салдарынан, міне, талай азап шегудемін.

Мені тектен-текке қаралауда, туған інісі болғандықтан айыптауда, ал шынымды айтайын, сіз менен ешқандай да кінө таптайсыз. Адамды айыптағанда, оған бұлжытпай кінәсін мойнына тағу керек, тек желсөзді босқа айта бермей, адамның теріс іс-қылықтарын, қылмыстарын нақты фактімен дәлелдеу керек.

Тек шындыққа көз жеткізіп, адамның туыстығын гана желеу етпеу керек. Себебі жас өкіметтің мақсаты да тек шындыққа көз жеткізу арқылы дәлелдеу керек екендігін дәріптейді гой, сол арқылы әр мәселениң шешімін айту керек. Сондықтан айтарым, мен ешқандай да кінолі емеспін – бұл жалған емес, шындық.

Отінішім: егжей-тегжейлі тексеріп, іске тереңірек үңғлуіңізді сураймын.

Мен біздің өкіметтіңіздің даналығы мен әділдігіне сенем, мені осындаи жаладан, өсекшіл ортадан құтқарар деп ойлаймын,

біздің өкімет мендей кінәсіз адамды қорламас, шындыққа көзін жеткізіп, арашалап, ақтап алар деп уміттенемін.

Мені осынау зынданда тектен-тек қамауда ұстаудан азат етіп, бейбіт адал еңбекке қазіргі жастармен бірге алға басуға, жарыққа шыгуга көмектесер деп сенемін.

Сүндепқали Кенжахмет-Коржынбаев
II шілде, 1927 ж.

(№ 67118/192-іс, 3-т., 402—404-бб.)

Рамазан Әубекіровтің арызы

Орал ОГПУ боліміне түткінда
отырған Рамазан Әубекіровтің

Отініш-арыз

1926 жылы Амангали Кенжахметов біздің Сарытебе болысы аймагын кезіп жүріп, тұрғындардың біраз дүниелерін пайдаланды. Сол сияқты Жұмагали Жанғожин деген бай-құлақ төңірегіне қарулы күзет ұстан, сол қарудың күшімен езі де ауылдастарын, қазақ шаруаларын қорқытып, елді тонап отырды. 1926 жылы желтоқсан айының аяғында Жұмагали Жанғожин біздің болыстан онга жуық жазықсыз қазақ шаруаларын Амангалиға жәрдемдесті деген желеумен айыптан, Гурьев қаласына тұрмеге аттандырыды. Бірақ ондагылар жарлыжасыбайларды кінәсіз деп тауып, ауылдарына қайтарды.

Ол тағы бірде Ақбораш деген қазақты ұстан, үрып-согып, қатты жәбірледі, денесіне закым түсірді. Ал ол бейшара прокурорға шағымданғысы келгенде Жанғожин “айтсаң өлтірем” деп қорқытқан соң, зәбір көруші езінің ауыр жарасын жасыруға мәжбүр болды. Алайда, бұл жөнінде Гурьев еуздік прокурордың көмекшісі Байқадамов жолдас сстыртын естіп, Ақборашты келіп тексергенде, ақыры, бөрі расталып, жазықсыз жазаланған адамдар босатылды.

Мен будан бұрынғы арызында да Жұмагали Жанғожин паразиттің жүріс-турсынын, істегендерін Сізге хабарлаган болатынмын. Тағы да қайталаймын: Жұмагали Жанғожин қазақтар арасында жүрген нағыз жауыз-контрреволюционер.

Ол бұрынғы шенеунік-депутат – Ішкі Бокей ордасының түсында басқарма бастығының көмекшісі болды, Алашорданың белсендісі, Азамат сөгісі кезінде Орал казактары өкіметінің саясатын қолдады, оған көп еңбек етті. Оның белсенді көмегімен, қолдауымен казак партизандары сол кездегі Хан Ордасын (қазіргі Орда) талқандады.

Енді Кеңес өкіметі келген кезде ол мәймөнкелеп алдау арқылы жұмысшы-шаруа өкіметінің өкілдеріне жағынды. Ал 1920 жылы Әскери коммунизм кезеңінде қалай екені белгісіз ол кенеттен халық соты болып алды. Бұл қызметте отырып, бұрынғы істегендерінің бәрін қайталады – парапор болды.

Әскери коммунизмді жою және мемлекеттік аппаратты тазартып, тәртіпке келтіру кезінде оны бұрынғы жауыз ретінде қогамдық ортадан шаруалар арасындағы қаупіті элемент деп шыгарып таставады. Жұмагали Жангожин 1923 жылдан бүгінгі күнге дейін сайлауда дауыс беру правосынан аластырылды.

Енді мынадай заңды сұрақ туады – ОГПУ-дың Гурьев уездік өкілдері осы Жұмагали Жангожинге қарулы құзет үстауга қалай гана рұқсат беріп отыр? Қарулы құзет желеуімен және оның көмегімен Жұмагали Жангожин бұқара халықтың ішінде ойна келгенін істеуде және шаруаларды тонауда. Ал халық соның бәріне төзіп шыдауда, себебі олар өкімет орындарына ашық айтуга өте қорқады. Жұмагали Жангожин болса, өзіне қарсы келген адамдарға қорлық қөрсетіп, тек қана жарлыларды үстап беруде. Ал байлар Амангали тобына тікелей қатысты болып, көмек қөрсетіп, оларды жасырып отырса да, Жұмагали Жангожин ондайларға тимейді, керісінше, оларды қоргайды. Себебі, Жангожин олардан керегінің бәрін алады, сондықтан ол байларды өкімет өкілдеріне үстап бермейді. Ашығын айтсам: Жұмагали Жангожин епті адам ретінде, иә, шын мәнінде епті, біздің өкіметтің кейбір тұрақсыз өкілдерін ішкізіп-жегізіп, өз жағына тартып, оларды тұра жолдан адастырып, өзіне қаратып алды.

Мысалы: Гурьев уез орталығының қызметкерлері, тіпті ГПУ тарапына қарасты осы уездің жергілікті қызметкерлері де үшқалақтығынан, мүмкін тіпті ынта-ықыласынан да болуы, осы жауыздың ықпалына түсті, айтқанын істеді, сондықтан да болар, біз, ылғи жарлылар, міне, тұтқында отырмыз. Кара танымайтындығымыздан, бізді тұтқын-

даганда не айтарымызды да білмедік, орыс тілін білмегендіктен түсінісе де алмадық.

Бізге ОГПУ-дан келген орыс қызметкерлері сол кезде орыс тілін жақсы білетіндердің, Жумагали Жангожин сияқтылардың көрсетуімен, біздерге ешқандай айып тага алмаса да бәрімізді тұтқындал жасапты. Және, шынын айтайын, оның көрсетуімен тек қана жарлы-жақыбайлар қамауда отыр. Біз ешбір айыпсыз, Амангали тобымен ешқандай қатысымыз болмаса да, тек босқа отырмыз, ал онымен қарым-қатынасы бар байлар жасырынып, үйлеріне тығылған.

Өтінішіміз: бізді ешқандай айып тагылмагандықтан балаларымызбен бірге тұтқыннан босатуыңызды сураймыз, біз ашықтан-ашық текке қор болып отырмыз.

Рамазан Әубекіров (қолы қарындашпен арабша қойылған).

28 шілде, 1927 ж.

(№ 67118, 3-т., 472-474-66.)

**Үмбетқали Кенжахметовтін жауабы
Жауап алу хаттамасы**

1927 жыл, тамыздың 10-шы жүлдөзы. Орал қаласы.
Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Үмбетқали Кенжахметов, 22 жаста, үйленбеген, қыстауы, 5 сиры, 7 түйесі, 2 аты бар, балықшы.
Корсеткені:

Мен және ағам Әндіргали осыдан 22 жыл бұрын еншіміз болек, ағамыз Амангали Кенжахметұлы өз алдына отау үй болып кеткен. Сондықтан біз болек тұрамыз. Мен де, ағам Әндіргали да үрлықпен шұғылданған емеспіз.

Ағамыз Амангалидың алгаşқы қарекеттері 1923 жылы Жұмагали Жангожинмен араздасуынан басталды, ал оның себебіне Қайыр Қарымбаев қызы ушін кінолі.

Сундетқали Кенжахметов үрлықпен шұғылданбайды. Мұқанғали онымен айналыса ма, мен білмеймін. Оган қоса біз Амангалидың әкелген ешқандай дүние-мұлқін жасырған да, тыққан да емеспіз. Өз басым дәр жылдың жеті айын балық, көспішілігінде жұмыс істеумен Астрахан жағында, балық батагасында откіземін: көктемде — наурыз, соуір, мамыр айлары, сосын күзде тамыз, қыркүйек, қазан, қараша айларында.

Мен Амангали агамды көрмегеніме бес жыл болды. Ал одан кейін ол біздің үйде болды ма, жоқ па – мен оны білмеймін.

Курбан айт мейірамының алдында, екі күн бұрын, Жұмагали Жангожин мені үйден үстап әкетті. Не үшін екенін мен күні бүгінге дейін түсімбеймін (оган Гурьев ОГПУ үәкілінің шыгарған қауулсыз көрсетілген, танысқан қолтаңбасы бар. Ал мен оган түсінбеген күйде қол қоя салдым дейді).

Қазір Амангалидың қайда екенін, қарамагында қаша адамның, қандай қару-жарақ барын мен білмеймін. Сол сияқты оның мал-мұлкінің, дүниесінің бар-жоғынан хабарсызыбын. Бұган қосарым: мені милициямен абақтыга жабарда Жұмагали Жангожиннің туысқаны ат, ер-тоқымды тартып алды.

Мен кінөсіз адаммын, Жұмагали Жангожин мен Амангалидың екеу ара жауласуынан, соның салдарынан азап шегудемін, сондықтан мені босатуызызы сұраймын.

Сол үшін қолымды қоямын (қолы арабша қойылған).

Жауап алған: Тюменев (қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 496–495-66.)

Бұған қосымша:

1927 жыл, маусымның 21-ші жүлдізы. Гурьев қаласы.

Жауап алған: Fafiatullin.

Жауап берген: Үмбетқали Кенжахметов.

Оның корсеткені:

Мениң шаруашылығым агам Амангали Кенжахметовтенн ежелден, яғни, есімді білгелі болек. Мен анаммен және агам Әндіргалимен бірге тұрамын, шаруашылығымыз бар. Былтыр, яғни, 1926 жылы жазда, Орал түрмесінен қашып келгелі Амангалиды корген емеспін. Ол менде, мен оның үйінде болған емеспін. Мен оған, не қасындағы адамдарына үй көрсеткен емеспін. Оның жолдастарын корген де емеспін, қаша адам барын да білмеймін.

Бар білетінім, тек қана Амангалидың болысты аралап жүргендігі, ал қайда барып, не істеп жүргенін мен білмеймін.

Сол үшін қолымды қоям (арабша).

Жауап алған: Fafiatullin (қолы)

(№ 67118-іс, 3-т., 458–459-66.)

Сүлеймен Ғабдоллиниң жауабы Жауп алу хаттамасы

1927 жыл, тамыздың 10-шы жүлдөзы. Орал қаласы.

Жауп алған: Тюменев.

Жауп берген: Сүлеймен Ғабдуллин, 28 жаста, руы Жайык, Жүлдөздөйкүм ауылы, Сарытобе балысы, үйленген, б адам, қыстауы, 2 сиры бар, балықшы, бұрын сопталмаган.

Корсеткені:

Мен 1927 жылы наурыз айының басында ауылдастым Хамидолла Нурмагамбетовтың үйіне бардым, бірақ Амангалидың сонда екенін білмедім. Жалпы мен Хамидолланың Амангали тобында жүргенін бұрын білмеуші едім. Мен түйеден түспестен Хамидолла үйінің тасасынан Амангалидың көрдім. Оның қолында наганы (алтынтары) бар екен, менен тобында болып, қызмет етуімді отінді. Мен көнбестен өз үйіме кетіп қалдым, бірақ төрт-бес күн откен соң біздің үйге Хамидолла келіп, маган Амангали шақырып жатқанын айтты. Мен қорыққанынан барып, оның тобына тоғызынышы адам бол қосылдым, аттарды бағып-күттім...

Бір күні кешкісін Төлеутің үйіне келдік. Сонда Жамансары келіп, кетерінде Мұзафарды бірге ертіп кетті. Не үшін келді – мен оны білмеймін. Біз Мұзафар үйінде қонуга қалдық: Амангали, екі әйелі, Сәбеш, Нәби, Иауда, Хамидолла, баласы Нагым және мен – Нагымұлы. Бізге Әмірхан Сәбеш жүргіріп кеп отряд келгенін хабарлады. Біз жүргіріп аулага шықтық. Амангали өзі болып қазылған орга түсіп, атыса бастады. Мен аттарды жетекстеп базга, дәлізге кіргізе бастадым. Алты ат кіргіздім, қалғандары қайда кетті, мен оны білмеймін. Атыс түске дейін болып, артынан басылды. Сол кезде Амангали ордан шығып, екі әйелін, баласын аттарына отырғызып, өзі кетуге ыңғайланды. Мен де арттарынан бір атқа отыра сап қаштым. Келген отряд артыныздан құган, бірақ жете алмады. Артынан мені үстеганды отрядтан естігенім, сол атыста Иауда қолға түсіпті, ал Сәбеш, Нәби, Хамидолла оққа үшты. Ал біз сол отрядтан құтылып кеткен соң Ғабдештің үйіне бардық. Оның фамилиясы кім, қай ауыл екенін мен білмеймін. Одан бір айғыр алып, содан Менделігерей Көжековке, одан Қабышқа, одан қайтып Сейітбатталға бардық. Оның фамилиясын, қай ауыл екенін мен білмеймін. Амангали оны қамшилап, артынан атын алып кетті.

Осы кезде біздің топқа *Fizat* деген біреу қосылды. Оның винтовкасы, патрондары болды. Ол бізben он бес күндей бірге журді, ол кезде ешкімнен еш норсе алган жокпзы. Артынан олгі *Fizat* қашып кетті.

Содан Махмұт Лезовтың үйіне қонуга келдік, ертеңіне Хайролла Ыдырысовтың үйіне барып, оны өртедік. Ыдырысов өзі үйде болмады. Бір күні Демеудің үйіне қондық, со жерге Жамансары келіп отряд туралы айтты. Артынан біреудің үйінде менің винтовкамды қалдырыдық, сонда жол-жөнекей келе жатып үрген иттің даусын естіп, Амангали мені біліп кел деп жіберген болатын, мен тасалау жерге түскен соң, олардан қашып, өз үйіме келдім. Қайтып оларға бармадым. Осылай үйімде тұрып жатқанымда Шалимов отряды келіп, мені устап, Гурьевке аттандырыды.

Амангали Үлданды мен танымайтын бір адамга тапсырып, оны жекесіне жіберді. Содан кейін топтан *Fizat* қашып кетті. Амангалига ен жақын адамдары және мәлімет жеткізушилер: Жамансары, Жұрынсары, Кунатыр, Демеу, Даuletқалилар.

(Арабша қолы бар)

Жауап алған:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 496–498-66.)

Қосымша

1927 жыл, маусымның 7-ші жүлдізы. Гурьев қаласы.

Жауап алған: Гафиатуллин.

Жауап берген: Сүлеймен Габдулмен.

Корсеткені:

Мен Амангали тобына қосылғанымда, ол Қапан Тасмагамбетовтың үйінде тұрып жатқан. Сонынан біз Тәңіз ауданының түргындары ағайынды Байбатыров дегендеге бардық. Олардан бір ат, 2 түле, 200 сом ақша алып, Амангали ездерін қамишылат кетті, себебі олар ертеректе Амангалидан осыларды тартып алған екен. Одан қайтып келе жатқанда топтан Оразали Баймешов қашып кетті, ауылға 8 адам бардык...

Бір күні Эмірхан Күловқа бара жатқанымызда алыстан түтін көрдік, Амангали бір адамды жіберген, ол Қапан Тасмагамбетовтың үйі өртеніп жатыр деп хабарлап келді. Сөйтсе оны Шалимовтың отряды өртеп кетіпти...

Төлен үйінде келген отрядпен атыста мен шоландагы аттарды қарауылдан түрдым. Бір кезде орда жақтан Амангали маган жүгіріп кеп неге аттай тұрсың деп ақырып, винтовкамен үрып жіберді, мен қашықтан көзdemей 2–3 рет оқ аттым, бұдан кейін винтовкам істемей қалды. Сосын Амангали өзі атты, артынан жүгіріп үйге кірді, әйелдер мен үлын алып шығып, аттарга отыргызыды, өзі де отырды, бір атты маган берді, содан кейін біз бөріміз бірден шығып, ашық жермен атқа қамшы бастық. Бізді көре сап отряд та атқа қонып, артымыздан қуды. Оқ атты, бірақ тиғізе алмады. Отряд артымыздан 15–20 шакырымдай қуды, бірақ, біз жеткізбей кеттік. Бірақ қашқан Иауда Бишковті үстаган.

Біз сол қашқан қүйімізде кешке дейін жүріп отырып қонуга Жаңақала ауданының тұрғыны Жамансарының үйіне жеттік. Оның фамилиясын білмеймін. Келесі күні біз аттарды ауыстырып, жәй жүріспен әрі кеттік. Мінүе ат беріп көмектескендер: Ғубайдолла, Мендігерей Қожанов, Тагат Ғабдеш, Смагул Қосанов, Байқошқар, Бисен, Ермек, Рахмет, т.б. Теңіз ауданының тұрғындары аттарын өз еріктерімен береді.

Артынан Нарын ауданына бардық. Мұнда бізге Fизат қосылды. Бұл сөүір айының аяғында болған. Содан он бес күн өткен соң ол қашып кетті...

Ал өзім үйге қашып келген күннің ертесіне Хайролла деген бір азамат кеп (фамилиясын білмеймін) Амангали шакырып жатыр деді, мен мұлдем бармаймын дедім. Ол мен мініп жүрген атты алып кетті. Содан 2–3 күн өткенде біздің ауылга отряд келді де мені Гурьевке жіберді.

(Арабша қол қойған)

Жауап алған:

Фафиатуллин

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 3-т., 459–462-бб.)

Қаулы

1927 жыл, маусымның 13-ші жулдызы. Мен, яғни Фафиатуллин, Сарытобе балысы, Жаман-Шоланды аулының азаматы Амангалиев Нагымды (банды бастығы Амангали Кенжакметовтің улы) айылтайтын материалдарды қарап, Қылмыс кодексінің 59-статьясының екінші, төртінші

бабтарына сәйкес – банды тобына қатысқаны үшін жауапқа тартылады, бірақ оның кәмелетті жасқа жетпегенін ескеріп, Қылмыстық процессуальдық, кодекстің № 161 бабына сәйкес мынадай қаулы шығарды:

Қылмыс кодексінің 59-бабының екінші, төртінші пункттері бойынша айынталған Амангалиев Нагым қамаудан босатылсын, жергілікті медициналық-педагогикалық тәрбиелеу орына тапсырылсын.

Осы қаулының көшірмесін ОГПУ-дың Орал губерниялық боліміне, Гурьев прокурор көмекшісіне және Гурьев қалалық түрме-үйіне орындалуы үшін жіберілсін.

ОГПУ губерниялық болімінің

Гурьев уездік үекілінің

уақытиша бастығы:

Фафиатуллин (қолы)

(№ 67118/192-ic, 3-т, 427-6.)

Әбдірахман Жұсіповтің жауабы

Жауп алу хаттамасы

1927 жыл, желтоқсан айының 30-жүлдізы. Орал қаласы.

Жауп алған: Тюменев.

Айынкер: Жұсіпов Әбдірахман Мөсалімович, 41 жаста, руы – Беріш, оның Жайық, тармагы, № 7 ауыл тұргыны, малиши, 15 жылжысы, 12 сиыры, б түйесі, 40 қойы бар, Амангали Кенжакметовтің туган құдасы, ол мынадай түсінік берді:

Кенжакмет Коржынбаевтың қызы Нәсия менің үлым Есем Мәсәлімовтің әйелі, сондықтан Амангали Кенжакметов менің туган құдам. Үлым Есем 1917 жылдан бері менен болек, атасы Жүсіп Мәсәлімовпен тұрады. Ол Орал қаласындагы мұгалімдер даярлайтын училищеде оқиды.

Мен 1925 жылдан бері Қамыс-Самар болысында тұрамын, содан бері Амангалимен ешқандай байланысымыз жоқ.

1927 жылы қараашаның 19 куні тунде мен ауылдастым Қапиз Мамешовтен ауылдастымыз Арыстангазы Саршапанбетовтың үйіне Амангалидың келе жатқанын естідім. Мен жасырынып Кулагин поселкесіне кеттім. Онда қараашаның 27-ші жүлдізына дейін Досмұхаметтің (фамилиясын білмеймін) үйінде болдым. Қараашаның жиырма жетісі күні Кулагин поселкесінің тексерушісі

Кадыр Эзмұхамедовтан Амангалидың Таловка жағына кеткенін естідім, сосын үйге қайтып оралып, шөп тасумен болым.

29 караша күні түс кезінде менің үйіме Амангалидың өзі қасында Тайыр Тілеков бар келді. Олардың 4 винтовкасы, 3 наганы, екі былгары сөмкеде патрондары (қанша екенін білмеймін) бар. Жетектерінде екі-екіден алты ат. Біреуіне ағылшын ерін салыпты. Олармен бірге тағы екі казак адам бар. Кейін естіп-білгенім жол көрсету үшін Амангали өртіп шығыпты. Оның бірі Эблен Мухаметовтың малишесі (қай ауылдан екенін білмеймін), Каленый деген күтірge жақын жерден. Онда Амангали әйелі Мұхсинаны қалдырып кеткен болатын. Ал екіншісі (оның аты-жөнін білмеймін) Қамыс-Самар болысы, жетінші ауылда тұратын Нәсітқали Конысбаевтың жағында. Осы екеуін жылқыларға бақташи ретінде алты шықкан екен. Құлагы (затвор) жосқ, екі винтовканы оларға үстаратып қойған, оны алде әдейі жасады ма, мен оны білмеймін.

Олар менің үйімде шай ішіп, куырдақ жеді, бірақ ешқандай әңгіме болған жосқ. Кетерінде Амангали менен 50 сом ақша сұрады. Мен жосқ деп ем, бірақ артынан 30 сом бердім. Амангали еш нәрсе айтпастан ақшаны алды да жүріп кетті. Ат сұраган, мен жосқ дедім. Амангалимен екеу ара ешқандай басқа әңгіме болған емес. Тек үйден шықкан соң Тайыр Тілековтың айтқаны: “Біз Астраханга жүреміз, онда жиырма Амангалиды жасыруға болады, тек ақша керек”, – деді. Менің: “Осы сениң жолдасың Бисен Жұмагалиев қайда?” – деген сұрагыма, “ол өлген” деді. Мен бірақ қашан, қайда деп сұраганым жосқ, ол да ауызын ашпады. Өзі милиціонер болып істеймін деген, бірақ қайда екенін айтпады. Үстіндегі күімі милициянікі, қара мауытыдан тігілген, туымелерінің қандай екенін аңгармадым, басында шлем, аяғында орыс етігі (айрықша белгісі жосқ). Қосымша тағы дөңгелек, қаракұлден тігілген татарша бөркі бар.

Ергали Эбдірахмановты мен білмеймін, естіген де емеспін. Сейітбаттал Есениязов, Мұқанғали Кенжахметов Амангалимен алғашқы күннен бірге болған, қарумен адамдарды тонаған деседі, бірақ кімді тонады, оның анығын мен білмеймін. Әусен Эжгалиевті білемін, ол белгілі мал үрлаушы, Амангалимен байланысы бар, оның ауылдағы көршісі.

1925 жылы сәуір айында мен Сарытөбе болысы, Жұлдыздықум аулының азаматы Қамеш Бейсеновке бардым. Себебі, Калмыков жәрменекесіне бару үшін ауылсоветтен күнгік

көрек болды. Сонда бүрынгы Шоланды болыстық атқару комитеті (ВИК) төрагасы Ыбырай Қалиев, № 1 ауылсовет төрагасы Құлшім Мырзагалиев, № 2 ауылсовет төрагасы Қабдел Жұмагазиев, Отарғали Мұқышев деген азаматтар, ішінде Шоланды болысының милиционері (аты-жөнін білмеймін) бар маган Амангалиды ақтайтын үкімді берді де оны Кенжахметовке апаруды өтінді. Амангали қаруларын тапсырады деді, себебі күні бүрын Мұқышев арқылы келісілген екен. Менімен бірге Сарытобе болысы, Жаңақала аулының азаматы Сайхан Жұмахметов пен Шипық болысы, № 2 ауыл азаматы Асангали Ізімқұлов барды. Амангали Кенжахметов Сарытобе болысы, Жұлдыздықум ауыл тұргыны Камеш Гайсеновтың үйінде екен. Өздері төрт адам – Амангали, Тайыр Тілеков, Бисен Жұмагалиев және мен танымайтын біреу (ол Сұлтан Ерментаев еді – Л.К.). Қарудан – төрт винтовка, 2 наган, 1 қылыш және сексенге жуық оқ-дорі. Келген бойда біз Амангалига: “Біз қогамның үкімін әкелдік. Сіз ақталдыңыз, енді қаруыңызды тапсыруыңыз керек”, – дедік.

Сонда Амангали қасындағылармен Камеш Гайсеновтың үйінен екі шақырымдай жерге шығып, үкімді алды да бізге 4 винтовка, 2 наган, 1 қылыш, 80 патрон тапсырды. Ал өздері солтүстік-шығыска қарай жүріп кетті. Біз қаруларды жолдас Халилин және басқаларына әкеп тапсырдық. Ал Амангали бізге қаруларын тапсырганда өзінде ешқандай қару қалған жок. Оның жасырын қаруының бар-жоғын мен білмеймін.

Сарытөбе болысы, Жаман Шолан аулының азаматы Әбдірахман Жүсіповті мен білмеймін, оның Амангалимен қандай байланысы барын естігенім жок. Оның баласы (аты-жөнін білмеймін) Амангалидың Қайыр Қарымбаевты тонағанда ішінде болыпты деп естігем.

1925 жылы қантар айында Амангали менің бір жақсы атымды – торы атымды алып кеткен, оны тек бір ай жарынан кейін қайтарды.

Осы айтқанымдай мен Амангалимен екі-ак реттен басқа кездесіп, көріскенім жок.

Менің үлым Есем те Амангалимен ешқандай байланысы жок, Амангалидың қаруды қайdan алғатынын, кіммен байланысы барын, тонады деген малын қайда сататынын, оқіметтің оған қарсы ойластырган шаралары жөнінде маглұматтарды кімнен алғатынын мен білмеймін. Өтешті, Төлегенді, Сиражды, Иван

Корневті мен танымаймын. Оз басым Амангалига ешқандай маглұмат, жасырын қару бергенім жок, және бандитизмге қатынасқан емеспін. Сондықтан өзімді кінөлімін деп санамаймын. Өзімді актау мақсатында 1925 жылға дейін түрган Сарытебе болысы, Жұлдыздықум ауыл тұргындарынан, ал 1925 жылдан бастап Қамыс-Самар болысының № 6, № 7 ауылдары тұргындарынан және Каһым Токтамысов пен Жумагали Жангожиннен сұраныз.

Мениң Амангалидан қашу себебім: оның қаруларын алып тұрып артынша оны өкімет әтіретінің күгінга салуы. Басқа алып-қосарым жок.

Жауп берген:

Жауп алган:

Әбдірахман Жұнісов

Тюменев

(№ 67118/192-ic, 7-т, 7-9-66.)

Қаулы

1927 жыл, желтоқсан айының 31-ші жүлдөзы. Орал қаласы. Мен, өкілетті уәкілдің көмекшісі Тюменев, айыткер Жусіпов Әбдірахманды Гурьев уезіндегі әрекет жасап жүрген Амангали Кенжахметов бандысына қатысы бар деп айыптайтын, № 35–27 қылмысты істі қарап отырып, оған Қылмыстық кодекстің № 59–13 бабын үсынам. Өйткені Жұнісов Әбдірахман қарақыштардың жүріп-турганын жасырғаны үшін айыпты, оған қоса олардың қылмысты ісін білдірмей, керісінше, оларға көмектескен, өкімет қолданған шараларды қарақыштарға күні бұрын жеткізіп отырган. Сондықтан Қылмыстық-процессуальдық кодекстің № 126, 179-баптарын басшылыққа алып, мынадай қаулы қабылдадым:

Азамат Әбдірахман Жусіпов айыпты ретінде тексеруге алынын, оған мынадай кінә қойылсын:

а) Ә.Жусіпов – Амангали Кенжахметовтің тұган құдасы. 1925 жылы сөүір айында ол А.Кенжахметовтің өз еркімен қаруын тапсыруда өкімет адамдарымен келіссөз жүргізуге қатысты. Амангали Әбдірахман Жусіпов арқылы 4 винтовка, 2 наған, тағы сол сиякты қаруын тапсырды, әйтседе соншалық қаруды өзінде қалдырды. Қаруын тапсырған бойда әтірет оны үстамақ болғанда, Амангали оларға қарсы оқ атқылады.

Ал Жүсіпов Әбдірахман осыны біле-тұра өкімет органдарына ескертпеді.

б) 1927 жылы 29 қараша айында Амангали мен Тайыр Тілеков (қаруланған және жалдама аттары бар) Ә.Жүсіпов үйінде қонақ болды. Бұл жолы Жүсіпов оған 30 сом ақша берген, бірақ оны өкімет өкілдеріне айтпаған.

г) Ә.Жүсіпов жергілікті тұргындар мен өкімет өкілдері арасында “А.Кенжахметовтен қашып жүрмін” деп лақап таратқан. Ал өзі Амангалиды ұстау үшін өкімет қолданатын шараларды оған жеткізіп отырған.

Айыптау Қылмыс кодексінің № 59—13 бабына жатады. Осы қаулының көшірмесін Орал губерниялық прокуратурасына маглұмат ретінде, ал екіншісін Орал түрме үйіне орындалу үшін жіберілсін.

KPO өкілінің комекшісі:

Тюменев (қолы)

“Келісілген”

KPO бастығы:

Смоленский (қолы)

Мүшесі

Хухарев (қолы)

(№ 67118/192-іс, 7-т., 10-б.)

Tізім

1927 жылы 21 қарашада іс қағаздары № 11 ОГПУ губерниялық боліміне № 1073/с, 1074/ж пакет бойынша Ордадагы түрме үйінде қамауда отырған 35 адам (ишиңде Мұхсина Кенжахметова-Әлімтаева бар) Сайқын станциясынан Орал қаласына ОГПУ-ны губерниялық белім қарауына темір жолмен аттандырылды.

(қолы)

Қамаудагы 35 адам 29 қарашада Орал қаласына келіп жетті.
(қолы — Коваленко)

Айыпкерлерден жауап алууды бастау қаулысы 30 қарашада шықты.

(қолы — Тюменев)

**Мұхсина Кенжахметованың жауабы
Жауап алу хаттамасы**

1927 жылы қазан айының 31-ші жүрдізы. Таювқа ауылы, Бекей уезі.
Мен, милиция бастығы Мұқышев, айыпкер Мұхсина Кенжахметовадан жауап алдым.

Оның көрсеткені: Мен Мұхсина Кенжахметовамын, жасым 17-де, сауатсызын, партияда жоқтын, бұрын сопталғаным жоқ.

Сұрақ: Сен Кенжахметовке қашан және қандай жағдайда күйеуге шыктың?

Жауап: Осыдан он алты ай бұрын біздің үйге Кенжахметов, қасында екі адамы бар келіп, алтындарын кезеп, күін деді. Мен қорыққанымнан кійілдім, міне, содан бері оның отрядында жүрмін.

Сұрақ: Сіз отрядта болған кезінізде Кенжахметов жинаған дүниелерді кімге табыстады, сол есінізде ме?

Жауап: Мені алғанинан кейін Кенжахметов Амангали Кунатыр Бекбенбетовке барды. Сонда қондық. Амангали оған алтындаған күміс белдік берді, Кунатырдан 500-дей патрон алды. Жалпы онда жиі бол түрдік, ол бізді патрондармен қамтамасыз етті, күміспен қапталған ер берді, оны мен мінген атыма салып жүрдім, винтовка, қылыш дегендей. Оларды Сарытобе болысында Масақ деген бір кісіде қалдырық. Фамилиясы есімде жоқ, жасы елулерде, өте кедей тұрады.

Шалимов осы жазда отрядымен бізді алғашқы күгіндаганда тобымызға Ғизат келіп қосылған (Глинин болысында), бір жетіден кейін ол қашып кетті, не үшін екенін мен білмеймін. Осыдан бір ай жарым бұрын, Амангали бар, үйіне сокқанбыз, бірақ ол болмай шыкты. Жүзге жуық патрон қалдырган екен, соны алдық.

Сұрақ: Амангалига отрядтың келетінін кімдер хабарлайды?

Жауап: Сарытобе болысында алғашқы отрядтың келетінін (Шалимовтың) хабарлаган Өтепқали (фамилиясын білмеймін), өзі бай, руы Адай.

Басқа хабарлаушыларын білмеймін.

Сұрақ: Қазталовка ауданында Аязбаевқа, Кенжахметовке мәліметтерді кім беріп отырды?

Жауап: Кімдер мәлімет бергенін мен білмеймін. Амангали Коктерек аулының теріскейінде Садық деген адамга торы биені құлышымен сатты. Онда Амангалидің күрең аты жысырма күндей күтімде тұрды.

Басқа айтарым жоқ. Жауап алу хаттамасы дұрыс, маган оқып берді. Саутым жоқтығынан қол таңбамды қойдым.

Аудандық милиция бастығы: Мұқышев (қолы)

(№ 67118/192-іс, 7-т., 72-73-66.)

Жауап алу хаттамасы

1927 жыл, желтоқсан айының 2-ші жүлдөзы. Орал қаласы.
Жауап алған: Тюменев.

Жауап берген: Мұхсина Әлімтаева-Кенжакметова.

1910 жылы туган, руы – Беріш, Айбас-Жайық, Орал губерниясы. Гурьев уезі, Сарытөбе болысы, Жаман-Шолан аулының түргыны, сауатсыз, ерге шыққан, Амангали Кенжакметовтың әйелі, жәй шаруа, отбасында – 5 адам. Ол мынаны **корсетті:**

Мені әкем Әлімтай Бұқаров 1924 жылы қазақтың салты бойынша қалың малға Жұмаденнің (фамилиясын білмеймін) ағайынына (түрган ауылын, болысын білмеймін) қалыңдыққа айттырган болатын. Бірақ он алты жасыма толғанымда әкеме, сенің малыңа сатылмаймын, мен күйеуді өзім таңдаймын дедім. Мұны біздің көршілер де, басқалар да, әрине, оны Амангали Кенжакметов те естіген. Бұл ойымды мен, әрине, жас Совет әкіметінің жаңа заңына сүйеніп айттым.

1926 жылы жаз айының басында кешке қарай біздің үйге Амангалилар келді. Қасында Иауда Бишіков, Хамидолла (фамилиясын білмеймін), Сәбеш (фамилиясын білмеймін), Нәби, Сүмбет, Мұхаметберлі (фамилияларын білмеймін) бар. Олар біздің үйде отырып шай іشتі. Үйде әке-шешеміз бар, әңгіме-дүкен күрді. Шайдан кейін түн болған соң, қасындағы жолдастарын басқа үйге жіберіп, Амангали менімен төсекке жатты. Таң алдында ол менімен келіспей, әке-шешемің ризашылығынсыз, қасына ертіп ауылдан әкетті. Тек әкеме айтқаны – “мен қызыңды өзіме әйелдікке алдым” дегені.

Өздерінің винтовкалары бар, Амангали мен Сүмбеттің қылыштары, қосақтарында 2–3 аттары бар.

Мен, әрине, риза болмадым, бірақ ешқандай шара жсөк, қайтейін. Үйден таңертең шығып кеткен соң, қайда бардық, кімге тоқтадық, менің есімде жсөк, танымайтын жер, танымайтын адамдар. Себебі, мен басқа ауылдан болған соң, бәрі белгісіз. Мен жастын, өрі сауатсызбын, бәрін есте сақтай алмадым. Менен кейін біздің топқа Қаби, Жұмагали (фамилияларын білмеймін) дегендер қосылды. Олардың винтовкалары болған жсөк. Ал Амангали оларга винтовка, қылыш, патрон тауып берді. Қару-жаракты Амангали Қызыл армия қатарында жүргенде “Шолан” деген жерде бір молага

жасырган. Ал ол қай жерде, қай молада мен оны айта алмаймын. Сол молада бір қызыл сандық бар, үлкендігі мына үстелдей (жазу үстелін көрсетеді), оның ішіне винтовка мен патрондар салынган.

Соңғы барғанымызда, қыркүйек айында болатын, бір винтовка мен мыңға жуық патрон қалған. Амангали бул винтовка мен патрондар жарамсыз деді. Басқа жерде оның жасырган қару-жарагы бар ма — мен оны білмеймін, көргенім жок.

1926 жылдың күздінде, қыркүйек айында, Амангали Қайыр Қарымбаевтың, Сарытөбе тұрғыны, қай ауылы екенін білмеймін, малын шауып, 4 түйесін, оннан аса жылқысын айдан апарып Төлеген, Өтеш, Саржан (фамилияларын білмеймін) дегендеге таратты. Олар Жаңақала ауданында тұратын.

Сол жылы қазан айында Амангали, мен, Мұхаметберлі, Жұмагали, Қаби, Мұхаметқали, Ыбыраш, Балқан, Құмар, Рамазан, бәріміз де винтовкамен қаруланғанбыз, Амангалидың қосымша алтыатары бар, ал қылыш бар-жогы есімде жок, Жұмагали Жангозинге шабуылга шықты.

Жұмагалидың аулына бес шақырымдай жетпей мені, Балқанды, Рамазан мен Құмарды қалдырып кетті. Біз де винтовкамен қаруланғанбыз. Олар бір сағаттан кейін қайтып оралды. Атыста Қаби мен Жұмагали оққа ұшыпты.

Амангали жараланған емес, Жангожиннен олар он сегіз жылқы айдан келді. Сосын Мұхаметберлі, Балқан, Құмар мен Рамазан оларды Таловкага әкеткен, бірақ онда барған бойда Ергали Аязбаевқа тұтқынга түскен.

Мені әйелдікке алғаннан кейін Амангали өз тобымен әкем үйінде үш рет болды, бірақ ешқандай дүние немесе мал-мұлік қалдырган емес. Екінші кезекте болғанымызда мен шешем қасында қонғым келді, бірақ Амангали қаламады, сондықтан өзімен бірге кіші інімді қонуга ертіп кеттім, себебі мен ата-анамды сондай сағынған едім.

Әрбір барып кеткен сайын мен егіліп жылайтынмын, себебі, мен еріксіз кеткенмін.

Балқан Ағысова Мұхаметберліге өз еркімен шықты ма, әлде зорлап әкетті ме білмеймін, бірақ мен оны ешқашан азғырган емеспін. Мұхамбетберлі Балқанга өзі үйленді. Амангали мен Мұхамбетберлі менің жөне Балқанның әкелерін қонаққа шақырган болатын, бірақ неге екенін білмеймін олар келмеді.

Будан кейін мен әкемді көрген емеспін. Амангали ешқашан ауырган да емес, жарапанған да жоқ. Фельдшер Қажығали Мамековты мен білмеймін және ол Амангалиды емдеген емес.

Иман Қазизовты білемін, бірде оның үйінде болдық, ол ет асып, бізді қонақ етті. Амангали оны құда деп отырды, бірақ қандай құдалығы бар — мен оны білмеймін, олардың қандай байланыстары бар мен байқамадым. Иман өзі ғомбыра тартып, өн салып отырды. Иманның үйіне біз алты адам болып бардық. Олар: Амангали, мен, Мұхамбетберлі, Балқан, Мұхаметқали, Ыбыраш.

Қазыбай мен Мәжит Сұлтановты білмеймін.

1926 жылы желтоқсан айында біз — Амангали, мен, Нәби, Сабеш, Хамидолла, Иауда болдық. Біздің алты винтовкамыз, Иауда екеумізден басқаларында наған, Нәбиде қылыш болды, Жармұхаметтің үйіне бардық (фамилиясын, ауылы мен болысын білмеймін). Амангали сандықты ашқызып, ақтарып, бір тон, бір сәттен бешпет, екі шыт көйлек, жиырма метрдей мата алды. Сол жолы оның қызының, он алты жасар Ұлданы бірге ала кетті. Қызға Амангали үйленді, ешкім ештеңе деген жоқ. Мен қарсы болып, қалғым келген, бірақ қолымнан келмеди.

О кезде Амангалида уш әйел болды. Үлкен әйелі, аты Нәзіпа болатын, онымен ажырасты. Ештеңе бермеди. 1926 жылы желтоқсан айында Амангали Қапанның (фамилиясын, ауылын білмеймін) қыстауында тұрды, ал өзін Оразғалидың үйіне көширді. Сол үде турғанымызда Бөжекен Оңдасынов бізге қызмет істеді, оның қаруы болған жоқ, бірақ ол Амангалидан қорыққанынан істеп жүрді.

Ғабдол Рамазанов топта жүргенде менің көзімше қару үстаган жоқ, менен бұрын үстамаса білмеймін. Кім біздің дүниемізді тығып жүрді мен білмеймін, себебі біз әтірәт келмestен бұрын ол үйден кеткенбіз, ол кезде басқа жерде болдық, қай жер екенін де айта алмаймын, танымайтын жер.

Көрсеткендерімді маган қазақша оқып берді, дұрыс, айтқандарымды жазған.

Сондықтан қол таңбамды қоямын.

Жауп алған РКО оқілінің комекшісі: Тюменев (қолы)

(№ 67118/192-ic, 7-т., 94—98-66.)

1927 жылы желтоқсан айының 3-ші жүлдөзы
Мұхсина Кенжакхметовадан сұрак-жауап алу жалғасады

Ол мышаны корсетті:

Біз Қапанның қыстауында тұрғанымызда Амангалишдың туысы Әндіргали Кенжакхметов бізге келген емес. Дүниені, кімдерді сандыққа тыққан жоқтыз. Қандай заттар болды дейсіз бе, атап айтсам: алты әйел көйлегі, күміс біләзіктер, он қадақ шай, екі пүт қант, оралған бөлек-бөлек маталар, бір кілем, төрт текемет, бір жастық, бір құс төсек, он көрпе, бір елтірі борік, екі күміс ыстақан, байпақ етік, тагы сол сияқты ұсақ заттар. Малдан: екі боталы қос інген, бір нар, бір ат, тагы қандай мал барын, сиырдың қанша екенін мен білмеймін, есімде жоқ. Айтылған мал мен дүние-мұлік Қапанның үйінде қалды. Біз Қапанның үйінен кеткенімізде әтірәттің келетінін білгеніміз жоқ. Бұл мал-мұлік Амангалида мен келгенімде болатын. Шай мен қантты, маталарды Амангали өз ақшасына "Қыпшақ" деген (ауыл мен болысын білмеймін) кооперативтен сатып алған-ды. Қанша ақша жүмсады, оны қайдан алды – айта алмаймын, себебі, ол малдарын қайтарған адамдардан біреуден 50 сом, біреуден 100 сом ақша алды. Ол адамдардың кімдер екенін, аты-жонін, мекен-жайын білмеймін.

Қапан үйінде Амангали согымга деп екі оғіз, бір жылқы сойды. Оны кімнен алды – айта алмаймын.

Рамазан Әубәкіров бізде, біз онда болған жоқтыз. Қайыр Қарымбаевтың малдарын алғанда оның ауылдасты Мұратәлі Баймуратовтың малы бірге кетіпті, қанша – мен білмеймін. Кейін Мұратәліден біреу қағаз өкелді, онда Баймуратов малдарын қайтаруды сұрапты, бірақ Амангали оған мал қайтарған жоқ, қағазды жырттып тастады, ал екі мың сом ақша алды ма, жоқ па – мен оны білмеймін.

Біз Қапанның қыстауынан бөріміз атқа мініп қашып шықтық. Бізде 7 винтовка (әрқайсымызда бір-бірден), 3 алтынтар (Амангалида, Сәбеш пен Хамидолла да), бір қылыш Нәбиде, жетекте бес ат болды. Біз сол журіспен Ізім атты азаматтың үйіне бардық (фамилиясын, ауылы мен болысын білмеймін). Онда Амангалидың 25 қойы бар еді, оған бір нарды қалдырып кеттік, оны Жумаганбет деген азаматқа беруі керек (оның фамилиясы есімде жоқ).

Одан кейін Амангалидың бұрынғы танысы Амантайдың үйіне бардық, бірақ ол үйінде болмады. Оның үйінде жатып оқып жүрген Амангалидың ұлы Нагымжанды алып кеттік, сойтіп біз 8 адам болдык.

Артынан топқа Мұзафар деген біреу қосылды (фамилиясын білмеймін), оның қаруы болған емес. Бізben ол бір жетідегі жүрді. Нагым мен Мұзафарда винтовка болмады. Бір жетіден кейін Мұзафар артымызда құгынишы өтірет барын біле тұра бізге ештеңе айтпастан, тунде Амангалидың бір аты мен винтовкасын үрлат, қашып кетті. Ал таң алдында өтірет келіп, үйді қоршап, атыс басталды. Атыс үш сагатқа созылды. Менде винтовка болған жок, оны Амангали алған болатын. Атыста Нәби, Сәбеш, Хамидолла оққа ұшып, Иауда тұтқынга түсті. Мен, Амангали, Ұлдан, Нагым, Сүлеймен Фабдуллин қашып құтылдық. Бес ат, 3 винтовка, 300-дей патрон болды. Сол үрыстан бір апта кейін Сүлеймен Фабдуллин бізден қашып кетті. Оның себебін мен білмеймін. Артынша бізге Fizat Мұхаметқалиев қосылды. Оның винтовкасы жок, еken, Амангали мениң мылтығымды бергізді. Он күн өткенде Амангали бір үйде Ұлданы қалдырыды. Кімнің үйі еkenі есімде жок. Әкесінің үйіне жіберді. Солай табыстады. Сол тунде Fizat қашып кетті, ол өзімен 1 винтовка, 100 патрон, екі ат әкетіпти. Ол Ұлданы Амангалидан сұрады ма, жок па — мен білмеймін. Мұхаметқалиев үрысқа қатысқан жок.

Мұхаметқалиев кеткен соң 15 күннен кейін біз құгынишы өтіретпен ұшырасып қалдық, осы жолы Амангалидың ұлы Нагым тұтқынга түсіп қалды. Оnda бір винтовка, 250 патрон, қоржында Амангалидың бір көйлек-шалбары, күміс белбеуі, мениң бір көйлегім қалды.

Будан бурын Амангали Сабыр атты байдың үйінде болып (ауылын, болысын білмеймін), одан бір күміс белдік, бір кілем, ат алды, ал ақша алды ма, жок па — мен оны білмеймін. Белдік пен кілемді Хамза деген кісіде қалдырыды (ауылы, болысы есімде жок).

Хайролла Ыдырысовты мен білем. Оның үйінде Амангали Ұлданы алған соң болғанбыз: Амангали, мен, Ұлдан, Нәби, Сәбеш, Хамидолла, Иауда. Оны үрді, тіпті өздірмек те болған, не үшін еkenін білмеймін. Ыдырысов маган туысқан болғандықтан мен араша түстім. Соңынан ол Хайролланың киіз үйі мен қыстауын өртеді, бірақ кейін олар достасып, Хайролла

екімет әтіретінің түрган жерін Амангалига қорхатпен хабарлап отырды. Сондықтан Амангали алған аты мен заттарын қайтарып берді. Бір байпагын 100 сомга алды.

Жамансарт Нұржановты білемін, ал Амангалидың малин сатып отырды, ол Жанғожинның жылқысынан алтауын алды. Топтан Fizat Мухаметқалиев кетіп, Нагым тұтқынга түскен соң, Амангалида бір винтовка, 1 алтынтар, елу шакты патрон қалды.

Сол кезде Амангали барада жер таптай, ақыры, Ергали Аязбаев тобына қосылмақ болды. Алдымен біз Нұгман Досқалиевке, сосын Салық Собитовке, содан кейін Ергали Аязбаевқа қосылдык.

Ергалимен алғаш кездескендө онымен Нұгман, Амангали, Тілек, Салық аула ішінде үзак сойлесті, біз үйде болғанбыз (кімнің үйі білмеймін). Не туралы сөйлескендерін кейін мен сүрай қоймадым.

Біз Аязбаевқа қосылған соң менде қару болған жок, бізде екі ат болды. Ол топта болғандар: Ергали Аязбаев, Жұмабай мен Ахмет Ергалиштер, Абдол, Темірболат, Бәлекбай, Тілеп, Салық, Нұгман, Ергали, екі Күсман, Тілек, Салық, Елеусіндер де болды, өркайссызың қоржындарында екі жүзден патрондар. Олар бізді мұсіркеп, жсанашырықпен қарсы алды, содан кейін біз Қамыс-Самар ауданына барғанга дейін бірге болдық. Қосылған соң бір ай өткенде Ергали бізді үйіне қонаққа шақырды. Оған жогарыдагы аталған он алты адам жиналды. Ергали қой сойып қарсы алды, бірақ шарап, ішімдік болған жок. Осы отырыста Амангали Жұмагали Жанғожинның ауылын шабуга ұсыныс жасады. Қалғандары қолдау жасап, бір аптадан кейін Өзен бойында Қажы Айдаралының (ауылын, болысын білмеймін) үйінде кездеспек болды. Ергалидың қонақсыздан кейін біз Бияқаевпен кездестік. Келіскең күні Айдаралының үйінде кездестік. Онда: Ергали Аязбаев, Ахмет пен Жұмабай, Амангали, мен, Тілеп, Нұгман, Салық, Абдол, Бәлекбай, Темірболат, Аман, Елеусін, Сүйініш, Әбдірахман, екі Күсман, Қажымұрат пен Қапан – ұзын саны 19 адам болды, бөрінде винтовка. Нұгман маган винтовка, Амангалига 150 патрон берді, Тілеп пен Салық 100 патрон, Ергали 50 патрон берді. Алтынтар Амангали мен Нұгыманда, Салық пен Елеусінде, Жұмабай мен Ахметте, Темірболат пен Бияқаевте болды, қылыш болған жок. 2 бинокль (Бияқаев пен Салықта), домалак 3 ағылышын гранаты, ол да Бияқаевта болды. Олар Жанғожин де әтіреті әкеліпті дегенді естіп, Жұмагалига барудан бас тартты. Бұл мәліметті олар Тау (фамилиясын

білмеймін) деген адамнан естіпті. Сонда Амангали: "Жангожинды не өйтіру керек, не өзім атуім керек", — деп Жұмагалига қарсы өзі кетті. Оған екі Құсман, Нұғман, Сүйініш және мен — не борі алты адам қосылдық. Содан Жангожинның күзет үйі Серікқалига (фамилиясын білмеймін) келдік, бірақ ол үйінде болмады. Одан 4 жылқы, өр түрлі заттар, киімдер алып Аязбаевқа қайттық. Оларды қайтар жолда күп жеттік, олар Таловка ауданына жиырма шақты жылқы айдан әкелді, оның тортеуін Есенияздан (фамилиясын білмеймін), Айып пен Сыралыдан (фамилиясын білмеймін) алты жылқы, Арыстангазыдан бір жылқы алды, қалғандарын білмеймін.

Келген соң жылқы мен мұліктерді өзара бөлісіп алды, қалай, кім не алғанын білмеймін. Біз Ергалиға қосылғаннан кейін ол екі Құсманды, Сүйінішті біздің ізімізben келе жатқан күгіншы әтірәт жок па еken, байқаңдар деп жіберді. Олар тунде байқамай, үйкітап жатқан әтірәттің үстінен шығып, сасқаннан бір винтовканы ұмытып қаша жәнелген.

Сармалай деген жерде атыста Амангали болған жок, онда Ергали Аязбаев, Жұмабай мен Ахмет Ергалиевтер ушеуі болған, сол жерде Ергалидың ұлы Жұмабай жамбасынан жараланған.

Тамыз айында біз бір адамның (аты-жөнін, жерін білмеймін) үйінде болғанда бір әйел Амангалиға қағаз әкелді, оны досы Сарбала Бекешев жазыпты. Ол хатында Филем Жұмагалиев жеті адамнан әтірәті бар Күнатыр Бекмагамбетовты үстап өзімен бірге алып кеткенін хабарлапты. Ол кезде біз Амангали, мен, Нұғман, Тілек, Салық, Әбдірахман, Елеусін, Сүйініш бірге болдық. Сегіз винтовка, бес алтынтар, өрқайсысында 200—300-ден патрон бар-ды. Хатты алған бойда Амангали жолға жиналып, Жұмагалиевтің артынан кууга шықты.

Олар орналасқан жерге бес шақырымдай қалғанда мені, Әбдірахман, Елеусінді қалдырып, бесеуі әрі кетті, қайда баратындарын айтқан жок. Біраз уақыт өткен соң олар қайтып оралды. Қастарында Күнатыр, жетектерінде жеті ат, киім-кешек. Мен тек ертесінде таңертеп естідім, олар кешегі атыста Филем Жұмагалиевті, ол 19 жаста еken, олтіріпті.

Күнатыр мен Сарбала Амангалидың әрекеттеріне бұрыннан қатысып жүрген.

1926 жылы менің көзімшесі Амангали Күннатырга бір күміс белдік берді, ал одан не алды – мен оны білмеймін.

Жұмагалиевпен атыс болған күннің ертесінде біздің артыйыздан құғынышы әтірет жетіп, асып-сасып жургенде 9 жылқы олардың қолында қалды, оның төртеуін Жұмагалиевтің тобынан алған болатын.

Жиырма күннен кейін бізден Күннатыр қашып кетті. Өзімен екі ат, винтовка, жұздей патрон әкеткен. Неге қашты – оны мен білмеймін.

Жарылғастан (фамилиясын білмеймін) Сарытобе болысының тұрғыны (аулын білмеймін) Амангали күміс ер-түрман алған болатын.

Амангали Ерғали тобынан болініп, екеуміз гана қалғанда Тілеп деген байдың (фамилиясын білмеймін) үйіне барып, одан бір жібек шапан, бір жібек койлек, оюланған етік, сондай-ақ оның бір қызметшісін, аты Сундет (фамилиясын білмеймін), ат багуга еріксіз алып кетті.

Мамыр айында бір кедейге Әнес Өтешев деген (ауыл, болысын білмеймін) бір винтовка мен 60 патрон тастан кетті. Айтып қойсан әлтірем деді, ал оны тамыз айында қайтарып алды. Амангали Өтештің немесе оның ұлының атына хат жазды ма – мен оны білмеймін.

Амангали бірде маган айтты “сені мен өзіме керекті құжаттарды алдым” деді. Бірақ оны кімнен, кімнің атына алды оны сұрамадым. Басқа корсетерім жок, айтқандарымды маган қазақ тілінде оқып берді. Сол ушін таңбамды қоямын.

Мұхсина Кенжакхметова

Жауп алған КРО уәкілінің комекшісі: Тюменев (қолы)

1927 жыл, 5-желтоқсан айы. Мұхсина Кенжакхметова созінің жалғасы

Жармұхаметке барып, оның қызы Үлданды әкеткенде, оның партмонесін Сәбеш алған, бірақ оның ішінде акша бар-жоғын мен білмеймін.

Мен Амангали тобында жургенімде олар үш адамды өлтірді – бірі бандит Сүмбет еді (фамилиясын білмеймін), сосын Жұмагалидың ағайыны Сундет және ұлы Филем – не үшін өлтірді, мен оны білмеймін.

Тілепті тонаған Нұгман Досқалиев еді. Не алғанын білмеймін. Оның қызметшісі Сундетті бір айдан кейін жаяу айдалада

қалдырып кетті. Ол топта жүргенде винтовкасы болды, бірақ оқсыз еді. Сундеттің винтовкасын, оның Нұғыманнан алған қылышы мен күміс ер-тоқымын Каленый поселесінен әрі бір кедейдің (аты-жөнін білмеймін) үйінде қалдырды.

Казан айының басында біз бір бай адамның (аты-жөні есімде жок) үйінде болдык. Каленый поселесінің жаңында. Сонда әдейі ауырамын дедім, себебі қалғым келді. Мен бұдан да бұрын қалдыр деп Амангалидан сұранып едім. Сундетпен бірге қалдыр дедім. Амангали мені олгі байдың үйінде қалдырды. Сол бай Амангалига он бес шақырым жерде құгынши әтірәт барын айтты. Сондықтан Амангали тоқтамастан жалғыз жүріп кетті. Жетегінде торт аты, екі винтовкасы, бір алтындары, уш жүздей патроны болды.

Ертесінде құгынши әтірәт келіп мені алып кетті. Әтірәт бастығы Прилипко еді. Мені тінтіп, қолымдагы атым жазылған алтын сақинамды алды. Басқа алатаудай менде еш нәрсе болған жок.

Біз қару-жарак тыққан молага барғанда ол тек мені гана ертетін. Егер мені сонда апарсандар, мен оны табам деп айта алмаймын. Себебі, біз онда әбден кеш батқанда, алакөлеңкеде, адамдар жоқта баратынбыз.

Қару-жаракты тыққан тағы басқа жері бар ма, жок па — мен оны білмеймін.

Оның ең тығызы байланысы Төлеген мен Өтеш, Саржан мен Кунатыр болды гой. Олар оны винтовка, патрондармен қамтамасыз етіп, малдарын сатып, заттарды жасырды.

Оның мал-мұлкін, қару-жарактарын қайда, кімде екенін, кімнен алғандарын мені сол жерлерге апарсандар көрсете алмаймын, ол адамдардың аты-жөнін, ауылын, боясын, жерін мен ауызша айта алмаймын.

Амангалидың тірілей өкімет орындарына берілгісі жок, ол өзінің нағыз жаууларын құртқан соң бір жаққа жасырын кептекші. Оның бастықтарға, әсіресе милицияга жақын болғысы келетіні — олар арқылы қару-жарак, алғысы келеді.

1927 жылы онымен милиционер Хамидолла (фамилиясын білмеймін) кездесті. Амангали одан алтындары сұраган, ол өзінің алтындарын 7 патронымен беріп кетті. Амангали оған “сен менімен бірге жүр, маган қару сатып алып бер, мен саган ақша берейін” деді, бірақ Хамидолла кейін келермін деп кетті.

1927 жылы тамыз айында Нұғман бір милиционердің (аты-жонін білмеймін) винтовкасын отыз оғымен және қылышын тартып алды.

Егер осыдан аман-есен босап шықсам оқыгым келеді. Кенжахметовке қайтып бармаймын, ол бостандықта жүрген кезде әкеме де қайтып бара алмаймын. Егер мектепке орналаспасам, осында қаламын. Онын киіз үйі Қананның қыстауында болатын, мұмкін күгінші әтірөт әкеткен шыгар.

Милиционер Хамидолла алтындарын өз еркімен берді, ал екінші милиционерден Нұғман тартып алды.

Тагы қосып айтарым: менің әкем үйінен әкелген күмдерім бар еді, шапан, трикодан тігілген іш койлегім, шыттан тігілген койлектерім, тагы басқа койлектерім, құрым етігім, нәнбок бешпетім, ою салынған, қос күміс туýмелі, тагы соларды өзіме қайтаруларыңды сұраймын. Айтқандарымды маган қайта оқып берді. Қосарым: Амангалиға шыққалы мен Әндіргали, Мұқанғали, Сундетқали мен Үмбетқали інілерінде болған емеспін, олар да бізде болған жоқ. Мен оларды білмеймін. Басқа еш нәрсе көрсете де, айта да алмаймын. Айтқандарымды қазақша оқыды. Сол ушін таңбамды қоямын.

Мұхсина Кенжахметова

Жауп алған:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 7-т., 100–107-бб.)

Тергеуші осыдан кейін Мұхсинаның ісіне қаулы шығарады.

Қаулы

1927 жыл, желтоқсан айының 14-ші жүлдөзы. Орал қаласы.

Мен, ОГПУ Орал губерниялық әкілетті әкілінің қылмысты істер іздеу болімі төрагасының комекшісі Тюменев, № 32-27 жылы қылмысты істі тексеріп қарастырылғанда Аязбаев – Кенжахметов тобында болған Мендігазиев Абдолла, Кенжахметова Мұхсина (35 адам) олардың қарекеттерін Қылмыстар кодексінің № 59–3 бабымен айыпталатынын ескеріп, қылмыстық-процессуальдық кодекстің № 128 және 129 баптарын басшылыққа ала отырып, мынадай қаулы қабылдадым:

Кенжакхметова – Элімтаева Мұхсина, 17 жаста, ұлты қазақ, Қазақ ССР азаматшасы, сауатсыз, ерге шыққан, отбасында – 5 адам, партияда жок, кедей, үй шаруасындағы адам, Жаман-Шолан ауылы, Сарытөбе бولысы, Гурьев уезі, Орал губерниясының тұргыны.

1. 1926 жылдың маусым айында әке-шешесінің қарсылығына қарамай, Амангали Кенжакхметовті батыр ретінде қабылдан, оған өз еркімен түрмисқа шыққан.

2. Шілде айында Амангали тобы (7 адам), ішінде Мұхсина бар, Портнов ауылсоветінің Логашкин құтіріне Карпенковтар деген азаматтарға қарулы күш көрсетіп бір тарантас, үш ат, түрлі киім-мұліктер алған.

3. Сол жылдың қыркүйек айында Амангали тобы (10 адам), ішінде Мұхсина бар, он винтовка, екі алтыншармен қаруланған, азамат Қайыр Қарымбаевты шауып, 15 жылдық, 4 түйесін әкеткен.

4. 1926 жылы қазан айында Амангалилар (12 адам) Жұмагали Жангожиннің ерікті тобымен қақтығысып, үш сагаттай атыстан кейін екі бандиті өліп (Қаби, Жұмагали), Амангали тобы кейін шегініп, Жұмагали Жангожиннің 18 жылдықысын айдан әкеткен.

5. 1926 ж. желтоқсан айында Амангали тобы (6 адам) ішінде Мұхсина бар Сарытөбе болысының тұргыны Жармұхаметке барып, оны үйінде сабап, дүние-мұлқін алғып, Үлдан атты қызын – 16 жаста өздерімен бірге ертіп әкеткен.

6. 1927 ж. сәуір айында Амангали тобы (9 адам) ішінде Мұхсина бар арттарынан қуган үкімет әтрәтімен қақтығысып атыс болған. Атыс кезінде Мұхсина жауынгерлерді дамылсыз атқылап, өздерін қорғануда асқан белсенділік көрсеткен. Осының нәтижесінде Амангали, Үлдан, Мұхсина, ұлы Нагым және бандит Сүлеймен Габдуллин атыс тұрагынан әтірәтқа үстептап, қашып құтылған.

Әйтсе де үш бандит оққа үшып (Сәбеш, Нәби, Хамидолла), бір бандит (Иауда Бишіков) біраз дүние-мұліктерімен, қару-жарақпен қолға түсті.

7. 1927 жылдың маусым айында Амангали тобы (3 адам), ішінде Мұхсина бар, қару-жарақтан – 3 винтовка, екі алтыншары, арттарынан қуган өкімет әтірәттарымен қақтығысып, үзак атысқа төтеп бере алмай, ақыры екеуі қашып құтылды. Атыс болған жерде Амангалидың ұлы Нагым – 1 винтовкасы, қоржынында 250 патрон, киім-кешегі бар, бір атымен қолға түсті.

8. 1927 ж. мамыр айында Амангали тобы (б адам), ішінде Мұхсина бар, Айбас ауылы Сарытөбе болысы, Гурьев уезі, ауылсовет төрагасы Хайролла Әбырысовтың қыстауы мен киіз үйін ортеп жіберген.

9. 1927 ж. маусым айында Амангали тобы (18 адам), ішінде Мұхсина бар, Ергали Аязбаев тобымен бірге Қамыс-Самар ауданының түргындарынан 24 жылдық, Серіккали деген азаматтан дүние-мұлік, 4 жылдық әкеткен, Фабдол Жұмагазиев деген азаматтан 1700 сом ақша алған.

10. 1927 ж. маусым айында Амангали тобы (9 адам), ішінде Мұхсина бар. Ораз Бисенгалиевтан – 1 ат, 1 өөзі, 100 с акша алған.

11. 1927 ж. қыркүйек айында Амангали тобы (9 адам) Сламхан ауданының азаматы Тілең Наурызбаевтан – 2 жылдық, 2 түлкі ішік, 100 сом акша, тағы басқа наразелер алған.

12. Сонымен, 1926 ж. маусым айынан бастап Мұхсина Әдімтаева Амангали тобында жүріп, винтовка, алтынтар қаруы бар өкіметтің тіріретімен болған атыстарда белсенделік көрсетіп, тайсалмай қоргана білген (№ 32-27 істі қараңыз), сондай-ақ бейбіт түргындарга тонаушылық, қыр корсетті (бұл істері Қылмыс кодексінің 59-3 бабына сәйкес).

Бұл қаулының көшірмесін мәлімет ретінде Орал губпрокуратурасы, Орал губтурмө үйіне орындау үшін жіберілсін.

КРО өкіметтің комекшісі: Тюменев (қолы)

“Бекіткен”

“Келіскен”

Орал РГО ОГП КРО бастығы

Бастығының комекшісі Смоленский (қолы)

Айыт қаулысын бізге таныстыруды: Хухарев

Мұхсина таңбасы

(№ 67118/192-іс, 7-т., 110–112-бб.)

*Мәден Емзиеvetten
жаяуп алу хаттамасы*

1927 жыл, 19 желтоқсан. Орал қаласы.

Жаяуп алған: Тюменев.

Жаяуп берген: Емзиеев Мәден – 48 жаста, Қызылқұрт руынан, Сарытөбе болысы, Айбас ауынан, сауатсыз, малиши, үйленген, 9 жаны бар, 10 жылдықы, 15 сиры, 10 түйесі, 25 қойы бар.

Оның көрсеткені:

1927 жылы наурыз айында Амангали Кенжакхметов – 10 адам, ішінде: Амангали, Мұхсина, Үлдан бар, қалғандарын танымаймын, кешкүрим біздің үйге келді, шай ішіп, жүріп кетті. Менін сұр тайымды сұрап алды. Одан кейін оларды сол жылы тамыз айының 26-шы жүлдізында Жангожиннің ерікті отрядымен қақтығысқанда кездестірдім. Ол былай болды.

Біздің үйге 26 тамызда Жангожиннің отряды келді. Өздері 7 адам. Үйде ауылдастарым Айбатыр Арыстанов, Сейілхан Султанов, Ерғазы Куандыков, Мұқан Нұғманов, Қубаш Ибраимов, Қадір Элженов, мен және отбасы адамдарымыз бар еді.

Келген әтірәт шай ішуге отыра бергенде сырттан, қора жақтаң атыс естілді. Үйдегілердің бәрі өре түргелді, бірақ бірі де далага шыга алмады. Қорықты. Әтірәт бастығы Серікқали Рысәлиев әйелім Қалисаны сыртқа жұмсады. Ол сырттағы адамдарға барып келіп: “Сенің үйіңдегілер бандиттер болмаса далага шығып өздері көрінсін, ал егер шынласа бомба тастаймыз” деді. Соңда әтірәт бастығы: “Бөгде адамдар үйден шықсын”, – деді. Біз қыстаудан шығып, он қадамдай жерге барғанымызда бізге екі атты жақындан келді (мен оларды танымайды екем), өздері орысша сөйлейді. Олар біздің бөрімізді, яғни менің отбасымды, сосын Арыстановты, Султановты, Куандыковты, Нұғымановты, Ибраимовты, Әлқановты қыстаудан 20–25 қадам жерге ығыстыруды, соңда мен тағы үш аттылы адамды көрдім, олар 250–300 қадамдай жерде тұрды, олардан өзге адам көрінбеді.

Сіз сұрап отырган Тілек, Салық, Нұғыман, Елеусін, Әбдірахман дегендерді мен білмеймін, ал Амангалиды көрген адам емеспін. Мұхсинаны бір рет көрдем. Бізді қыстаудан қашығырақ қуган соң аттылардың бірі Қубаш Ибраимовты өзінің адамдарына кері жіберді. Аттыларының бірі Сергазы Куандыков пен маган қағаз ұсынды да “мынаны ерікті отрядка бер” деп жіберді. Біз қағазды бердік те қайтып келдік.

Ерікті отрядқа “кім екендерін білмейміз” дедік. Атыс біткен сон біз үйге қайта кіргенде, ерікті отрядтың бастығы Серік бізге: “Олар бандиттер. Біздің бір адамды өлтіріп кетті”, – деді.

Ерікті әтірәт бізге келгенде, оларда Құнатыр Бекбенбетов тұтқында болатын, қақтығыс кезінде ол Амангалиларға қашып кетті.

Басқа айтарым жок. Міне, сол ушін таңbamды қоямын.

Жауап алған:

Тюменев

(қолы)

(№ 67118/192-іс, 8-т., 776–777-66.)

1927 ж. желтоқсанның 21-ші күні. Орал қаласы. Тюменев айыпкер Емзиеев Мәдденнің және басқалардың № 34-27 ж. төргеу ісін қарап, А.Кенжахметов тобына көмектескені, бандиттерді жасырганын анықтап, УПК-ның 128, 129-баптарын басылыққа алып, қаулы қабылдағы:

1. Емзиеев Мәден – 48 жаста, қазак, сауатсыз, үйленген, 9 адамы бар, орташа шаруа, малиши, Сарытөбе болысы, Айбас ауылының азаматы, А.Кенжахметовпен тығыз байланысты. Осы жылдың наурыз айында Емзиеев А.Кенжахметовке (9 адамы бар) сүр тай береді. Ол жонінде өкіметке айтпады. 26.08.27 ж. А.Кенжахметов (9 адам) – 9 винтовкамен, 6 алтынтармен, 2 қылышпен қаруланған Емзиеевтің үйінде отырган F.Жангожин оған сеніп, отрядты қарсы алу үшін зімбекеден қарусыз жүгіріп шығып, винтовқадан атқан оқса ұшырап өледі. Айын ҚҚ 59–13-б.

2. Ибраимов Қубаш – 37 жаста, қазак, сауатсыз, Ақбас ауылының тұргыны, кедей, малиши. 26.08.27 ж. Емзиеевтің үйіндегі F.Жангожиннің отрядымен бірге болды. А.Кенжахметов келіп шапқанда ол еркіті отрядты тастап бандиттер жағына шыгады. Қақтығыс кезінде аттарын ұстап турды, қақтығыстан кейін олармен кетеді, екінші күні өкімет отряды үстады, яғни ҚҚ 59–13-б.

3. Нұғыманов Мұқанғали – 53 жаста, қазак, сауатсыз, үйленген, 7 адамы бар, Айбас ауылсоветінің мүшесі, кедей. 26.08.27 ж. F.Жангожиннің еркіті отрядымен бірге А.Кенжахметов шапқанда Нұғыманов отрядқа айтпайды, еркіті отряд оны үйінде тығызып жатқан жерінен үстады, яғни ҚҚ 59–13-б.

4. Есенгалиев Өтежан – 29 жаста, қазак, сауатты, үйленген, 4 жасы бар, партияда жок, кедей, малиши, Жұлдызқұм ауылы, Сарытөбе болысы. А.Кенжахметовпен 1926 жылдан тығыз байланыста, А.Кенжахметов жөнінен хабардар. 1-рет – 1926 ж. қазанда Досан Исениятовтың (Жұлдызқұм ауылы) үйінде кездесті. 2-рет – 1926 ж. желтоқсанда А.Кенжахметовтің үйінде, онымен бірге Бает ауылының азаматы Құрманбай Камалиденов та қонақ болды. 3-рет – 1927 ж. қантарда

A.Кенжахметов б адам болып, Есеналиевты өзіне қонаққа шақырды. Бұның бөрін өкіметке хабарлаган жоқ. 1926—27 жылдары ол A.Кенжахметовтің үрлап алған жылқыларын Астрахан қаласына апарып сатты. 1926 ж. қазанда ол Жаңақала базарында құжаты жоқ жылқы сатып тұрганда үсталды, белгісіз себептермен босатылған. КК 59—13-б.

5. Таубалқанов Сидак — 55 жаста, қазак, сауатты, 11 жаны бар, партияда жоқ, кедей, малшы, Жаман-Шолан ауылы, Сарытөбе болысы. 1926 ж. желтоқсанында A.Кенжахметов Сидактың інісі — Сапар Таубалқановтың зілмөңкесінде тұрды. Сидак олармен тығыз қатынаста болды. A.Кенжахметов Қапан Тасмагамбетовтың зілмөңкесіне көшкенде ол Сидак Таубалқановқа текемет пен киіз үйін сақтап қоюға қалдырыды. Оны Сидак Таубалқанов өкіметке хабарламады, яғни КК 59—13-б. айыпталады. Бұл қаулының көшірмесі Орал губерниясының прокуратурасына мәлumat ретінде жіберілді.

Тюменев

(қолы)

“Келісті”

КРО бастығы:

Смоленский (қолы)

“Бекітті”

УРГО ОГПУ бастығының комекшісі: Хухарев (қолы)

(№ 671186-ic, 8-т, 761-б.)

**Енді Мұхсинаның тағдырына байланысты
бір-екі қолжазбадан үзінді берелік**

1. Атырау облысы, Исатай ауданы, Чапаев аулынын тұрғыны Мұрат Бектенұлы былай дейді:

“...Бала кезімізде қарттар, үлкендер Исатай—Махамбет, Құрманғазы, Дина Нұрпейісов, Мақаш, Жантұрган, Аманғали, т.б. туралы өңгіме-дүкен құрып, танға айтатын.

Есімде қалғаны: әкеміз Бектен, Куат Бекпенбетов атамыз екеуі талай сыр-шежіре шертүші еді. Бір түйгенім сонда — өңгімесі Аманғали ердің ері, серінің серісі еді, ақын еді, өнші еді, оның жағымды қоңыр дауысы қандай тамаша еді,

тек егестің түбі банды атандырып озінс мезгілсіз өлім шакырып, ор қаздығой дейтін еді. Мен тарихты талдаудан, бұл қалай болып еді” деп зерттеу жүргізуден аулакпын, дегенмен Аманғали жайлы бір әңгіме (естігенім) жазуды жөн кордім.

Менің атам Ибраимнен 4 (төрт) үл: Құбаш, Әйіп, Елемес, Бектен болған. Менің әкем Бектен: “Аманғали ел ішінде жүргенде мен 16–18-дерде (оны ұстағанда) едім”, – деген. Бірде үлкен ағам Құбаштың үйіне (ол кезде сиңі алғы болек тұратын), қай жылы екенін білмеймін, 10 шақты аттылы сау етіп, кешке таман келе қалды. Жания женгеміз: “Банды Аманғалилар келіп қалды”, – деп ертүрман ондаған отырган ағамызға жүтіріп келді. “Төйт, не деп тұрсың, тамағынды жайла, Алла не жазса, соны көреміз!”, – деп зекіп тастады. Ылғи қызылды-жасылды мауыт киген, сұлу ат мінген, ертүрманы күмістелген, жалт-жұлт етіп тұрғандарды көрген мен банды деген үрейлі сөзді ұмытып кетіп, қызықташ қалыппын. Орта бойлы, акқубалау, сұлу мұрты бар, жалпақ бет, әдемі, орта жастагы кісі алға шығып: “Қайнаға, күйеу балаң келді! Қарсы алмайсын ба?”, – деп күле аттан түсті. Ағамызға екі қолын бере амандасты. “Достықпен келген күйеуге әрқашанда төрімде орын бар”. “Ай, Құбеке, мені банды деген лақап саған да жеткен екен гой”, – деді де. – Аттарды жайландар!” – деді.

Ол кезде Мұхсина бірге болды: ұзын бойлы, қараторы, жас шамасы 17–18-дерде болар.

Аманғали тұнімен әңгіме, олең айтып, домбырага қосылып ән салды. Аманғали “Жүрт мені банды дейді” деген олеңін айтқанда, көзіне жас алғып, “Құбеке, болар іс болды” деп күрсінді. Таңертең аттанарда мына торы азбаның аттың аты екен деп көкеміздің атына мықты қызықты. Бізде зәре жок, көкемнің көзі (Ибраим қайтыс болған) торы азбанды ертте деп айта ма деп мен дірілдеп кеттім. Ағам Құбаш өжет, оте қатты адам еді, қарасам сұп-сұр болып кетіпті. Ол кезде Аманғали жайлы неше түрлі алғып-кашпа әңгіме көп еді.

Бір кезде жайдары куліп: “Құбеке, ұсының сұп-сұр болып кетті гой, жалғыз атынды қаламаймын, маган

керек болса ат көп. Мына күміс қамшыны Мұхсина қалап түр", — деді.

Төртеуміздің жалғыз қарындасымыз Кенжебайға арнап өргізген тобылғы сапты 12 өрме, сабы, басы күміспен көмкөрілген, ел ішінде қыдырып жүріп сауда жасайтын Файзолла атты татар зергерге жасатқан қамшы еді.

Маган ағамыз алыш бер деді, мен қамшыны қимасам да лажсыз Мұхсинаға алыш бердім. Ол булдіргісін білегіне откізіп, екі-үш рет қамшыны зыр айналдырыды. Мен Амангалиды одан кейін көргем жоқ", — деуші еді әкеміз.

Әкеміз бұл оқиға күзде құмаршық шабу кезінде болып еді дейді.

Қайда шықсақ та мен торы азбанды мінуші едім. Бірде атымды қасыма байлап қойып, құмаршық шауып, баспасын алашага соғып жатқам, мына шығыс жақтан 10–12 аттылы, мылтықтары бар адамдар сау ете түсті. Маган: "Атты мына жетекке өкел!" — деді. Мен бермеймін, кокемнін аты деп атқа қарай жүгірдім.

— Біз Жұмағали отрядымыз, Амангали бандыны ұстауға шыққан, — деп жасы 24–25 шамасындағы адам дойырмен екі рет тартып жіберді. Сапта түрған мұртты бір аттылы қамшы үйіргенде дойырдын топшысы басыма тиіп, құлап түстім.

Есімді жисам күн кешкірген, үсті-басыма қан қатқан, ту сырттым білеудей ісік, құмаршық шауып жатқан жерден 10–15 шақырым үйге жаяу келдім. Менің түрімді көріп, болған жайды біліп, ағамыз боталы інгенге мініп, жүген, терлік алыш, атты алыш келуге кетті. Барса бір үйде отряд тамақтанып жатады, ағамыз атты қайтаруын талап етеді. Сол кезде қатты ашуланған Құбаш: "Бұл атты "банды" деп жүрген Амангали да алған жоқ", — деп шу шығарады. Отряд басшысы болу керек, мынау Амангали тыңшысы деп қамшы үйіреді. Сол кезде сырттан аттылы біреулер келіп: "Жаңақаладан келген отрядтыз, Амангали бандыны ұстауға шықтық, отряд басшысы шығып жолықсын!" — дейді.

Сол кезде сыртқа шыққан Филем Жұмағалиевті атып олтіріп қашып кеткен Амангалилар екен дейді. Бұл оқиға бесқасқа Мәдениң үйінде болды. Құбаш Ибраимовпен

бірге сол үйде Нұғыманов Мұхан болды. Жерді білесін, жол баста деп ертіп жүр екен, ол кісі сол сотталғаннан түрмеде оледі. Ол кісінің баласы – Қалел Мұханұлы Нұғыманов қазір Өрліктे тұрады. Ишанғазы ол кісіні босатып ала алмады фой дейтін Куат қарт. Сонан Құбаштың екі колын байлап тастайды. Амангалиды өлтіргеннен кейін 70-ке тарта адам жауапқа тартылып, сендер Амангалиға болыстындар деп Айбас, 24, 12-ауылдардан бірқатарын жаяу “Калмыков” түрмесіне, содан Орал (Текеге) айдайды.

Құбаш 6 ай түрмеде болып, елге айғақ дәлелдермен босатып алуын сұрап, Ишанғазы мен Сапаралыларға хатпен өлең жазады. Ел ішінен алтын-күміс жинап, адвокат жалдап, Құбашты ақтап алды. Мұханды ақтап алуға қаражат болмай, ол кісі содан елге қайтпады деуші еді. Ал Құбаштың екі баласы – Сырым, Шамен үрпактары осы Исатай ауданында және Маңғыстау облысында тұрады.

...Әткен заманда қанша адамдар жазықсыз жапа шекті. Амангалидың олендерін халық әндері деп Фарифолланың орындаған жургенін кейін білдік. Мен Амангали ісін білмеймін, бірақ әділет іздеп шарық үргандар қашан да мәндайынан сокқы кетпеген гой...

Енді бір азгана Мұхсина туралы әңгімелейін:

1961 жылдың июль айы кезі болатын, менің анам Марфуга (Сисенғаликызы, Ибраим келіні, Бектен зайдыбы) 33 жыл кормеген Орал өнірінде тұратын торкініне бару үшін жолға дайындалып, әкем Бектен, әкемнің кеңже қарындасты Кенжебай, жездеміз Әмірғали және мен Гурьев қаласынан Орал бағытындағы автобуска отырып жолға шықтык...

...Нагашы апам Жұмазия Новая-Казанка деген жерде тұрады екен. Апам билетін басқа туыстарға ат арба-тарантаспен қыдырық. Сол қыдырып жүргендеге “Жұлдыз” деген жерге келдік, ол кезле колхоз болса керек. Анамыздың Жұбаныш деген немере агасы, әкемізді біледі екен, әрі құрдас. Нарын құмында “Айбас” ауылы Бекетай құмы 12, 24-бесқасқа ауылдарымен бірге іргелес тұрган. “Нарын” сынақ полигоны болғасын елді жан-жаққа кошірген гой.

Біз ол кезде баламыз. Бір күні нағашымыз Жұбаныш әкеме: “Ағайындарды алдырамын. Сен танисын да, білесің де гой. Нарынның серісі (кейін банды деп жүрген Амангалидың өйелі) Мұхсина бар осында, әдейі барып келдім. Бұрынырақ келеді, сейлесіндер, байғұс шерін тарқатсын, ал көрші-қолем білмей-ақ қойсын” деген гой. Қонак кешке шакырылды. Мен Амангали жөнінде көп әңгіме естуші едім. Бандының өйелі қандай болады еken деп ойлап, келуін тағаттыздана күттім.

Бесін намазының кезі-ау деймін, үйге 6–7 жастағы бала жетелеген ұзын бойлы, тіп-тік қара торы, оте сымбатты, жас шамасы 55–60-тарға жақындаған бір әйел адам кіріп келді, бәрі түрып көрісіп жатыр. Кезек әкеме келгенде: “Бектенсің бе?” – деп әкемді құшактап жылап жіберді. Бұл Мұхсина еді, біздерді сыртқа шығарып жіберді, тек күн қауыса қонактармен бірге үйге кірдік. Бандының өйелі деген сөз оте корқынышты гой. Менің сондагы байқағаным, тап қазір мұсіндесем, спортсмен сияқты оте ширак, оте шешіліп әңгіме айтпаса да құптап, күліп кана отырды. Ал нағашым қонактарды таныстырғанда, маган басқалай атын атаған сияқты болды.

Біз келесі күні арбамызды жегіп жүргелі жатқанда, әлгі Мұхсина келіп шығарып салды. Қоштасарда шарадай үлкен козі жасқа толып: “Сендер бақытты болындар, мен туган жердің топырағын бір басуға зар адаммын, ол енді маган бүйірмас”, – деді. Біз қоштасып жүріп кеттік, біз қашан ұзаганша ол кісі сол күйінде тұра берді. Қазір ойлап Карасам, Амангали, Мұхсиналарды тарих беттерінен өшіріп тастау мүмкін емес. Олар қай жағынан, жағымды не жағымсыз жағынан қараганда, өз заманының биік шынар тұлғалары. Заманына қарай жетім-жесір қалды, біреуі жарынан, біреуі жалғызынан айырылды. Жапа шегіп, туган топырағын бір басуға зар болды, тек еткен заман өзімен кетсін, иляһим солай болғай.

Мұхсина туралы жазғанда сол жылдардың ызғары қаншама адамды шарпыды. Жоғарыдағы омір откелдерін жазуым – солардың рухтары риза болсын дегенім.

Мұрат Бектенұлы

2. Мұхсина туралы Алматы тұрғыны Әлжанов Шорагали Жұмеденұлының қолжазбасынан үзінді.

“Мениң әкем Жұмеден деген кісі 1890 жылы туған, руымыз Есен-Беріш, Ырсай атасынан тараймыз, оның ішінде Ақжігіт атасы. Жұмеденнің әкесі Әлжан бес баланың ортанышы болған, орта дәuletті адам болатын.

Әлжанга келсек, оның 2 қызы, 3 ұлы болған. Зайыбы Пәзилә деген аруакты адам, сынықшы екен, 98 жасқа келіп қайтыс болды. Сүйегі Тулугановканың бейітінде жатыр (Астраханның Володар ауданы). Руы – Жайық-Беріш.

Жұмеденнен кейінгі қыздың аты Қантай – “Кіші апа” дейтін едік. Қантайдан кейін Есбатыр. Ал енді Есбатыр ағамыз жөнінде өнгіме қозғайын. Оған Мұхсинаны о баста айттырып, қалың малын беріп қойған Пәзилә әжеміз болатын. Өзі Жайық-Беріш болғандықтан, келінді өз төркінімнен аламын, сүйек жаңғыртамын деп. Бірақ, екінішке орай, Мұхсина өжет, ерке өскендіктен, өзі аса сұлу болғандықтан (қараторының көркемі еді дейді елде) ағамызды менсінбеген. Есбатыр қыз мінезді момын адам, өзі бала кезінде қара шешекпен ауырып, бетінде секпіл дақтар қалып қойған екен. Анам Нәсіптің айтуына қараганда, Есбатыр Мұхсинаны жақсы көргенмен, Мұхсина оны сүймеген. Бірақ ол заманда серттескен құдалықты бұзуға болмайды және қалың малды да қайырып беру онай емес, бір жағынан елден үят. Сонымен Мұхсина айтыпты-мыс: “Бандыға ілесіп кетсем де ол шубар итке бармаспны”, – депті. Есбатыр ағамның (“Есақ” дейтін едік) аруагының алдында кешірім сұраймын, бірақ шындық сондай. Мұхсина Аманғалиға ілесіп кеткенін естігенде Есбатырдың шығарған өлеңі де болған. Өкінішке орай, ол өлең сакталмаған. Мұхсина Аманғалиға ілесіп кетті деген хабар Есбатырдың ағайындарына жеткен кезде, Есен-Беріштер қаны қызып, ашу-кек қысып: “Атқа конайық, Аманғалидан қалыңдығымызды тартып алайық, құданың ауылын шауып, қалың малымызды қайтарып алайық”, – деп кеңес құрган. Оларға дем беріп, жігерлерін кайрап, басқарып жүрген Пәзилә әжеміз екен. Анамның айтуына қараганда, менің әкем Жұмеден тентектерді тоқтатып, акыл-кенес берген: “Кетер қыз кетті және өз еркімен,

інімізді менсінбей кетті. Зорлап алып келсек те ол бөрібір бізге дұрыс келін болмайды. “Қалыңмал да бастан құлак садақа”, шауып алып келсек те біздерге қайыр-береке бермейді. Заман өзгерді, заң өзгерді. Ел бүлінеді, адам шығыны болады. Сондықтан қойындар, әліптің артын бағайық”, – деген екен. Жұмедин Әлжанның үлдарының үлкені болғандықтан және аздал оқыганы бар, көзі ашық, Кеңес өкіметіне жәрдем беріп қызмет етіп жүргендіктен, ел-жұртына беделі болған азамат адам екен. Кейінірек Володар ауданында “Жаңа талап” атты колхоз үйымдастыруға, алдымен сонын басқармасында мүше, ферма менгерушісі, сол колхозда басқарма болған. Өкпесі ауыратын кісіге соғыс кезінде өйелдер мен бала-шаганы жұмсап, жұмыс істету онай болмаса керек, өкпесіне сұyk тиіп, 1945 жылдың 25 мамыр күні қайтыс болыпты. Менін бір жарым жасында өкем көз жұмыпты. Екі інісі – Есбатыр мен Нұғыман соғыстан аман оралып, ол кісі қайтқанда касында болыпты.

Есендердің, Әлжанның үрпақтары жайлана жерлер: Ақсарай құмы, Қошалак, Дынқызыл, Таутобе және Ерназар, Дымшықпас, Барақай, Ушкемпір (Жұмединнің бейіті сол жерде) деген шағыл мен қоңырлар. Ең жақын станция Досан болатын. Малый Арал, Байбек, Сейтовка, Ақсарай ауылдарынан 60–80 шақырымдай жердегі құмдар. Есімде қалған естеліктер осы ғана”.

* * *

1927 жылғы оқиғаның сонын Рахила әжейдің мына әңгімесімен аяқтайық. Рахила Аманғалидың Сәбілө атты бәйбішесінен қалған бес баланың үлкені. Сөзге сараң, әрі оте сақ сейлейтін кейуанамен 1992 жылы кездестік. Он баланың анасы. Сол кездің өзінде өз бойын тік үстайтын, үй шаруасына мығым, колындағы екі-үш түйесін өзі сауып, іс машинасымен отбасының киімдерін өзі тігетін існер адам екен. Сол кейуанадан әке тағдырына байланысты біраз деректерді сұрап білдік.

...“Сұндетқали ағамыздың Файнига үйленгеніне коп болған жоқ, бірнеше айдан кейін Атырауға шақыртты да содан қайтып оралмады, қамауға алынды.


1927 жылдың аяғында, желтоқсан айының соңғы күндерінің бірінде үйімізге әтірет тағы келді. Ол кезде әкеміз жок. Әлгі әтіретті бастап келген сол баяғы Жұмағали Жанғозин. Үйде әжеміз (Тағжан – Аманғалидың анасы), біз, жас балалар және женгеміз Файни бар еді. Үйге кірген Жұмағали Файниды көріп, қамшымен бір тартып: “Сыртқа шық!” – деді де, алып кетті. Біз, балалар, үрпісіп пеш тубінде отырып қалдық. Біраздан соң Файниды ішке қайта кіргізді. Қазак үйдің пеш куысына қоятын қызға арналған кішкене сандық болатын. Онда менің бар жасауым сакталушы еді. Соны Жұмағали әмір етіп, екі қызыл жағалы әскер ортага алып шығып еді, ашарда құлпысы кедергі болды. Оны мылтықтарымен үргылап сындырып, сандықтын аузын ашты. Ішінде ақұштап матадан тігілген, екі жерден бүрілген, кос қатар желпіншек салынған, үзатылғанда киетін екі койлегім бар еді. Соны Файнижамалға көйлегінің үстіне киіндірді. Сосын әкемнің маған арнап Астрахан шеберлеріне соктырған, бетіне алтын жалатқан төрт сақинасы бар және әрқайсысы шынжырмен жалғасқан кос білеziгімді, сегіз сақинасымен Файнидың екі қолына салды. Менің бірі зер салып, қызыл мақпалдан тігілген, сосын екіншісі де дәл осылай екі қатар алтын зер салып, қымбат тұратын көк нәнбек деген құбылмалы матадан тігілген екі бешпетімді, ақ елтіріден жасап жатқан (бидалап қойған) үлкен ішігімді соның үстіне кигізді. Сауырлы шарқатты, таза жүннен тоқылған ала орамалды, ұзындығы уш метр, ені бір метр өзінен шашақ шығарылған жібек белбеуді, оң жағында мақпалдан жасалған сұламасы бар, ол алтын зермен көмкерілген, зерді айнала шашақ салып, оның үстін алтынмен ораған, ағаш собыққа орнатылған, құны буаз інген тұратын, кама борікті басына кигізді. Ен сыртына ақ ішікті киген Файни үйден шығарда есікке сыймай кептеліп қалды. Оны әлгі әскердің бірі ар жағынан тартып, бірі бер жағынан итеріп әрен шыгарды. “Бұларың қалай?!” – дей айқайлап жіберген әжемізге Жұмағали қатты сөз айтты. Олар шығып кеткен соң, мен жасқа булығып, жулқынып едім, әжем: “Дыбысынды шығарма, – деп тыйып таstadtы. – басыңнан садаға!”

Жұмагалилар Файниды өздерімен бірге алып кетті. Женгеміз сол кеткеннен қайтып оралмады. Естуімізше, Файниды Жұмагали туыстарының біріне әйелдікке беріпті...

Сол келген адамдар кок жал айғырдың үйір жылкысын, оннан астам түйелерді ботасы бар, қысыры бар бірге айдаң өкетті. Біздің ауылдан үш шақырымдай жерде Сабыр, Салық деген ағайынды адамлардың үйіне қонып, ертесіне сол ауылдың бір баласынан жалғыз гана боталы көрі інгенді беріп жіберіпті. Соңда әжеміздің айтқаны: “Атаңа нәлет! Коралы мaldan маган беріп жіберген еншісі осы ма екен?! Карт інгенді қалай қиган?” – деді. Сол жандыққа қарап Әндіргалидың екі баласы, Аманғалидың төрт баласы, әжемізбен жеті жан қалдық”, – дейді Раҳила әжей. – Сонынан колхозга солай кірдік қой...

1927 жылдың оқиғалары осындаі.





“I think that the most important thing is to have a clear idea of what you want to do,” says Hirschman, who has been working on his book for three years. “It’s important to have a clear idea of what you want to do.”

1928 жыл

Базардан алып келген гармоным-ай,
Болмады оны ойнауга дәрменім-ай.
Дүшпаным Жұмағали алып өлсем,
Құдайға болмас еді-ау арманым-ай.

* * *

Сұрасаң менің атым Аманғали,
Болғай еді өзі пана – Аллам жары.
Азамат қайда журссе күнін көрер
Артымда қалып барад, бес жас сәби...
(Аманғали өлеңі)

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Дүниеде адамнан қын жұмбақ жок.

Адам — шешуі жок, жұмбақ...

Адамның шешуі жалғыз — өлім!!!

Магжан Жұмабаев

Бұл жыл Амангали үшін ауыр жыл болған. Құдіреті күшті тәнірім оған осы жылдың бар жоғы он бір күнін қиған. “Пісіміллө” дегізіп, таңғы оразасын аштырган. Түстік дөм бүйірмадан...

Откен жылдың аяқ кезінде қайта қосылған немере інісі Тайырмен болған күндердің бірінде, таң алдында корген түсін айтыпты. “... Жайсыздау түс көрдім. Екеуміз осы Нарында келе жатыр екенбіз. Кенет аспан айналып жерге түскендей болды. Бар дүние шыр айналып астан-кестен бол кетті. Дүлей желдің екпінімен тымақтарымыз домалай жөнелгені. Сонынан есімді жиып қарасам, ішінде өзіміздің бастиарымыз бірге домалап барады екен... Тынысым тарылып, шошып ояндым”, – депті.

– Қойынызши, ағасы, “түс – тұлқінің богы” деп, аунап түсіп жата бермедініз бе?!

– Жата берген деген не?! Осы жата берген талайлардың түбіне жетті ғой... Қайткенде де тірлік қымбат!.. Тірлік, қымыл жасайық... Тірлік! – деген екен.

*Мен өзім Амангали атанамын,
Байлардан таңдал-таңдал от аламын.
Кешегі көрген түсім рас болса,
Басында туар айдың шаталамын..!*

Мүмкін осынау өлең жолдары со бір кезеңде туды ма екен? Шынында да, жаңа 1928 жыл келіп, қантар айы туып, сонғы кезде Нарын құмының Ескі Үштаган деген мекенине жақын Лез, Дербіс атты қожалар ауылында Амангали жатынқырап қалды. Сол, акыры, онын өмірінің түбіне жетіп тынды...

Жалпы Амангалидың өлімі туралы талай азыз-өнгімелер бар. Соның бір дерегін атыраулық журналист Тасмуқан Тінәлиев озінің “Банды “Амангали” атты деректі повесінде жазды.

Ал біз оқырман қауымға Амангали өлтімінің екінші бір дерегін жеткізбекпіз. Бұл дерек сол кездегі Гурьев уезінде орысша шығатын “Рабочая газетаның” 1928 жылғы 10–15 ақпан айындағы (№ 12–14) сандарында жарияланған-ды. Сонынан мақала мазмұны мен архивтік істен табылған операция жобасын (схемасын) салыстырып көрдім де: “Осы шындыққа бір табан жақын-ау”, – деген ойға келдім. Енді соның мазмұнымен және жобамен танысыныз.

“Сарытөбе болысында басбұзарлар тобы жойылды”
(Бисенгалиев жолдаспен әнгіме)

Жалпы ескерттулер

Патша өкіметі құлаганнан кейін Сарытөбе болысының тұргындарына мурагерлікке айтарлықтай еш нөрсе қалмады. Сауатсыз ел мен Азамат согысы зардабын шеккен шаруашылық қана.

Сарытөбе малишалары согыс зардабынан күйзелген шаруашылықтарын әне-міне көтереміз деп тырысын жүргенде, ел арасында Амангалидай жеңіл табыстың иесі табылды. Ол сан жылдар бойы тұргындарга қызыншылық жасап, жаңа іс бастауга мүмкіндік бермеді.

Оның осындағы әрекеттер істеуіне толық жағдай болған. Шетсіз, шексіз жатқан Нарын құмының қалтарысында оны үстап ауыздықтау мүмкін емес-ті. Ол өзі сияқты талай басбұзарлардың көмегімен ойна келгенін істеп бақты. Оны құртуға жіберілген жазалаушы топтар да еш нөрсе бітіре алмай, тек уақытша мұндай тентекті бір мекеннен қуып, келесі бір тұрақтан амалсыз кетуіне мәжбүр етті. Ол бірден қолға түспей, діңкені құртып-ақ бақты.

Енді, міне, біз естіген бір жаңалық хабар – Сарытөбе малишаларының жекесіне шыққан со бір бітешу жара акыры жарылып, көзі жойылды. Бұл оте батыл қимыл жасаган уез азаматтарының, олардың басшыларының көмегімен, атап айтқанда, Оралдан келген ага тергеуші F. Жөнібеков пен Гурьев ауылшаруашылық серіктестік басқармасының төрагасының орынбасары Бисенгалиевтің, оған қоса Сарытөбе болысының азаматы Жанғожиннің үйымдастыруымен, жергілікті тұргындардан құрылған ерікті топтың іс-әрекетінің нәтижесінде орындалды. Сойтін Амангалидың ажсалы күтпеген

жерден болды. Еңбекші малышылар оның оққагары бар деп үгип, көріне мініп өш алар деп қауіттеніп, әбден үміттері үзіліп, қажырлы қимылмен іздеуді тоқтатқандай болған-ды.

Енді еңбекшілердің талай жылдардан бері тағаттыздана күткендері, Амангалидың қалай құртылғанын білуге асық, екенін ескеріп, істің қалай шешімін тапқанын баяндалық.

Ұстау әрекеті қалай жоспарланды?

Сайлау науқанына байланысты Сарытөбе болысында жүрген Жәнібеков пен Бисенгалиев жолдастар осы жерде Амангали мен оның сыйбайлар інісі Тайырдың қарекеттерінен қауіттеніп, өз істерінің нәтижелі боларына сенімсіз еді. Кастарында қаруланған үш қызыләскер бар олар, Манаш аулының түргындары, қаңтар айының 5-ші жүлдізында кездейсөк осы ауылдың Астрахань жағына барып келген адамдарына жолықты. Айтуларына қараганда, олар Астрахань мен Бокей уезінің шекарасында Амангалидың алыс туыстарының бірінің үйіне қонған. Сол үйде Амангали да қонып жатыр екен, бірақ олар қыстаудың екінші болігінде болған. Кешкісін олардың өзара әңгімесінен қаңтар айының 10-шы жүлдізында аса маңызды шаруамен Сарытөбе болысының Ақбас аулына баратын ойлары барын білген. Атамыш ауыл Жәнібековтер жүрген Манастан 60 шақырымдай қырлықта еді.

Мөліметтерді осылайша естіп білген соң, оларға шабуылды сол Ақбас аулына барған кезде жасауга шешім қабылданды.

Шабуылга дайындық

Белгіленген жоспарды ойдагыдай орындаудың басты шарты – Амангалиды сенімді сыйбайласында болған даланың сымсыз телефоны – “ұзынқұлақ” хабарлаушысынан ада ету (ол әтірдемтің орналасқан жерінен, журіс-тұрысынан, шабуылга дайындығынан бейхабар болу керек).

Бул үшін Ақбас ауылы жағынан келушілер (ол Амангалидың барады деген жері гой) қатаң қарауылга алынды. Ал, керісінше, ол жаққа ешбір жсан жіберілмеді.

Сонымен бірге ұстау тобының қатарын нығайтып, адам санын көбейту керек, әйтпесе бес адамнан құрылған әтірет

шабуыл жасаган кезде мұлт кетуі мүмкін. Сондықтан Жангожин тобынан көмек сұрауга тура келді, ал ол келесі күні, ягни 9 қаңтарда, алты адаммен келіп қосылды, сойтіп топ он екі адам болды.

Сондай-ақ барлық адамдарды ат-көлікпен қамтамасыз ету керек. Өйткені олардың көбі жаяу, ал бар аттар жарамасыз еді. Бұл орайда жергілікті тұргындар көмектесті. Сойтіп бұл топ 10 қаңтарда түскі сағат 12-де жолға шықты.

Бұзықтардың ізіне түсү

Әтірәт жиырма шақырымдай жол журіп, Манаш пен Ақбастың шекарасындағы бір ауылга келді. Ал Амангалилардың барып тоқтайтын жері әлі 40 шақырымдай алда.

Мезіл күндізгі сағат уш. Істің сөтті аяқталуы үшін бұл топ Амангалиларға күтпеген жерден, тұтысындан шабуыл жасап, олардың қашуына мүмкіндік бермеу керек. Ол үшін қашқындардың орналасқан жерін анықтайтын негізгі мәліметтер дәл, ал олар келе жатқан топтың бағыт-бағдарынан еш хабарсыз болуы керек. Өкінішке орай, бу жерден Амангали туралы ешбір мәлімет біле алмайды. Тұргындар да келген топтан бейхабар еken, демек үлгарға ешқандай "хабар" жетеп үлгермеген. Кешке қарай әтірәт қаруларын мұқият тексеріп, аттарын тынықтырып, ілгері жылжысады. Мақсат — тағы 20 шақырымдай жол журіп, аз-мұз тыныстап, мәлімет жисип, таң алдында шабуыл жасауды ойластыру. Әтірәт белгіленген ауылга тұнделетіп жетті. Аса сактықпен тергең-тексеріп, қашқындардың жоктығына көздері жеткен топ Әбу Жакиевтің үйіне түсті. Үйде торт адам қонақ бар еken. Олардың кімдер еkenін анықтауга тура келді. Әңгіме үстінде олардың қайдан келгендері, қандай мақсатпен жүргендегі анықталды. Конактың екеуі тым күдікті көрінді, сондықтан олар жеке-дара тексеруге алынды. Амангалидың қайда орналасқаны туралы айтыңдар деген сұраққа олар білмейтінін айтып біраз шатты, бірақ асып-сасқан жүздері күдікті сезілді. Тек топ басшылары қыспаққа алғанда гана қашқындардың бұл адамдардан керекті "хабарды" алып, жыл-жылас тайып отыратындары анықталды. Эрине, Амангалиды күтқаратын бұл "хабар" оларға бір арам, қасқой ойдан болек, жәй, сез келісінде айтылатын. Қазір оның бәрін анықтап жатуға уақыт жоқ, сондықтан сөзден горі іске көшуғе тура келеді (мақсаттан нотижесі шыгу керек).

Әлгілерді қыса келгенде шындықтың бір ушы шыкты. Амангали Кенжакхметов, қасында сыйбайласы Тайыр бар, төрт күннен бері осыдан 20 шақырымдай жерде тұратын ескі таныстары – бірде Махмут Лезовте, бірде Мендібай Дербісовте, бірде Әміргалидың үйінде түнде болады екен. Олардың үй аралары бір жарым шақырым қашықтықта орналасқан. Ал осы түнде қай үйде екені оларга белгісіз. Оған қоса Амангали Дербісовтің қызына куда түсіп, үйленбек екен.

Енді әтірәт алдындағы міндет – уш үйдің қайсысына бірінші шабуыл жасауды анықтау. Каракышылардан ажырап қалмау үшін алдымен үйді қоршап, сосын керек адамды сыртқа шақырып, егер шықпаса үйді тінту керек. Бұл шаруамен айналысып жүргенде “хабар” екінші үйге жетіп, Амангали зытып отыруы мүмкін. Бірақ бұлай етпеске лаж жок, сондықтан аз-мұз кеңестен кейін Дербісовтің үйі бірінші бол тергелсін деген шешім қабылданды.

Таңғы сагат төртте әтірәт жолға шығып, бір жарым сағаттан кейін Дербісовтің үйін қоршауга алды, есік-терезеге қарсы орналасты. Сосын Амангалиды сыртқа шақырды. Бірақ есік алдына бір бала шығып, олардың үйде жоғын айтты. Артынша оның агасы, Дербісовтің үлкен ұлы шығып, оны қанша қыспакқа алғанмен, үйде бөтен адам жоғын хабарлады. Ақыры Дербісовтің өзі шыкты. Ол біраз жалтарғанмен соңынан мойындауга мәжбур болды. Сонда оның хабарлаганы – Амангалилар осыдан 25 минут бұрын Үштаган жакқа аттанып кеткен. Ол Лезов пен Әміргалидың қыстауларына қарама-қарсы жақ еді.

Амангалилар осынау мезгілсіз уақытта аттанып кеткен, демек, оларға келе жатқан топ туралы хабар жеткен болды. Мұндай жағдайда мына әлсіреп қажыған аттармен олардың арттарынан қуу ешқандай нәтиже бермесі анық. Дегенмен Бисенгалиев жолдас серіктестеріне ілгері жүруді, құғынды жалғастыра беруі керектігін айттып түсіндірді. Бірақ оны қолдагандар болмады, сондықтан ол өзіне серіктестерді шақырды. Жеті адам құттады. Жәнібеков пен Жанғожин және екі күзетші осында қалмақшы болды, бірақ соңынан олар жостарларын өзгертіп, аттанып кеткендерге барып қосылды.

Он шақырымдай жүрістен кейін Нұрлы аулынан Амангалилардың 40 минут бұрын шығып кеткендерінен хабар алды. Және естігендері олар еш нәрседен күдіксіз, баяу жүріп бара жатқандары белгілі болды. Құғыншы топ тоқтамастан ілгері жүруді. Келесі бес шақырым жердегі ауылдан оларды

куып жетуге аз-ақ қалды. Олар қастарына жол көрсетуші адам алып жаңа гана Есіркеп аулына аттанған. Ол осы жерден жеті шақырым. Сол жерге жетіп тыныстамақшы.

Биқтеу жер – жсан-жакты шолуга тым жақсы көрінеді. Күгіншылардың көңілдері котеріңкі, өздері сергек. Таң да қылаң бере бастанды. Есіркеп үйіне бір шақырымдай қалғанда барлаушылар жаңа мәлімет жеткізді. Жапандагы жалғыз үй биқтеу жостаның ығына орналасыпты. Үй төбесінде біреудің сұлбасы көрінген еді, бірақ ол кешікпей гайып болды. Күгіншылар шабуылга дайындалды.

Қыстаудың тұрган жері толықтай шолынды. Үйдің қос терезесі жота жақта орналасқан. Тобе жақ, жасырынуға да ыңғайлыш екен. Ал қарама-қарсы жақ – есік. Оның алдында уюлі пішен. Қыстаудың қора жақ, бұрышында, маңдайға жақын жерде екі ат байланған. Бұл, сөз жок, Амангали мен Тайырдың аттары, ал жалғыз ат Әріректе дара түр – жол көрсетушінің аты болса керек.

Шабуыл жоспарын тағы да ширатып алған Әтірәт тездеміп үйді қоршауга алып, оған жақындағы түсті. Біреулері үйдің маңдай алдына жасырынды, ал бір бөлігі аттар тұрган жерге 50–100 қадамдай жақындағы, екі адам есік алдындағы үйілген шөптің артына орналасты. Уақыт таңғы сағат сегізге таяу. Сыртта тірі жан көрінбейді. Аттар да жайбарақат, алдарындағы шөптен бастаны көтерер емес.

Шабуыл нәтижесі

Амангалилар қоршауда қалғандарын сезбеді. Топ бастықтары істің сәтті аяқталарына қоздері жеткендей, қашқындарга құтылмастай қақпан құрылды. Тек оте сақ, орі тез қимылдар шак, өз топтарынан ешбір шығын болмау керек. Қашуына ешқандай мүмкіндік болмасын. Бұның аса көрегендік іс екенін кейін білеміз. Аттарға атылған қос оқ таңғы тыныштықты бұзды. Шабуыл осылай басталған еді. Аттардың бірі жараланып, екіншісі түяқ серіппестен қалды. Арадагы аз-мұз тыныштықтан кейін үй төбесінде біреудің қылтиған басы көрінді. Бұл Амангалидың қосшысы Тайыр болатын.

Ол үйдің маңдай алдындағы қаңбақты шөп арасына жасырынған адамдарды байқап қап, сол бағытты үсті-үстіне атқылай бастанды. Осы сәтте келген топтың кейір мүшелері ерен қимылдан шабуылга шығуға үмтүлүп еді, топ басшылары

төктатты. Қазір көзсіз батырлықтың керегі жок, сәл сабыр сақтау керек.

Алдындағы үйлген шөпті межеге алып атқылат жатқан Тайыр пішен арасындағыларды сезген жок. Ал оларға керегі де осы еді. Сол сәтті пайдаланған олар тым жақын кеп, желке түстен оқ атты. Атылған оқтың бірінен басынан қатты жаралы болған Тайыр жерге домалап түсті. Осылайша даланың бір арланы бабаларының жолын құшып, келмеске кетті.

Кезек Амангалидікі еді, бірақ ол көрінбеді. Үй терезелерін межеге алып, бірнеше дүркін оқ атқанмен топ мүшелері іштен тіршіліктің ешбір нышанын сезбеді. Тым-тырыс. Осылайша арада он бес минуттай уақыт отті. Тіпті іште Амангалидың бар-жогы күмән тұгыза бастады.

Кенет үй сыртынан қаһарлы дауды естілді де, салт атты біреу екпіндете шауып, қыстаудан үзай берді. Бұл сөз жок Амангали болатын. Жасырынып жатқандар аттарына үмттылып, оның соңынан күа жонелді.

Сөйтсе Тайыр жанталағаса атысып жатқанда Амангали өз жасын сақтау амалын жасап, аттардың біріне жетіп үлгерген еken. Бір шақырымдай жердің атшысын күрган ат кенеттен үстіндегі адамымен бірге омақаса құлады. Бұл аяғынан жараланған ат болатын. Жан-жактан қаумалаган топ оны қоршай бастады. Амангали әуелі ат тасасында жатып атысты, соңынан бір ойпан жерге жылжып атысуын жалгастырды. Бұл өзі жан-жасынан қорғануга ыңғайлы жер болып шықты. Сөйтіп анда-санда бір оқ шыгарған атыс үш сагатқа созылды. Амангалиды қоршаган топ 10—12 қадам жақындан келді. Енді ілгері жылжу оте қатерлі: Амангали өзін байқатпау үшін басын қар түсіндей ақ орамалмен байлап алған.


Арт жакқа ойықсан екеу бас қотертпей Амангали жатқан ойпаңды үсті-үстіне атқылай берді, ал үшінші адам бір түстен еңбектен келіп, алты қадам қалғанда тұра кеп оқ атты, бірақ өкінішке орай, Амангалига тигізе алмады. Шалт қимылдаған Амангалидың оғы оның құлак шекесін жалап отті. Бұл — оның ең соңғы ышқынуы еді. Осы сәтті пайдаланған арттагы екеу Амангалидың жауырынына қосағынан атқан оқтарын қадап үлгерді...

Сөйтіп тұз тарланы соңғы сапарга аттанды. Малышылардың бейбіт өмірін бұзушылардың бәрін ендігі жерде осындағы талансыз тағдыр күтіп тұратын болады.

Уәли Ниязов

Амангали Кенжакхметұлына шабуыл жасаган
төптын (отрядтың) орналаскан жері мен
қыстау үйдін жобасы

11 қантар 1928 жыл



* * *

Жөнібеков, Жанғожин тобы, ақыры, Амангалиды осылайша окка байлады. Оны тірілей колға түсіру жоспары іске аспады. Амангали да бұларға өзі кеп, қаруын тапсырмады. Намысы жібермеді. Бұдан кейінгі оқиға қалай болды?.. Күтіншылар оның денесін Есіркеп үйі жанына алып кеп, Тайырдың мойітімен бірге топан шоппен жапқан. Өздері Амангалидың атын сойып, етін беліскен. Тек аттанарда:

— Мына олі денелерді не істейсіндер? — деген сұраққа топ басшысы:

— Аулына хабар беріндер, туыстары кеп әкететін шығар, — депті.

Аталмыш топ қайтар жолда Лез, Дербіс ауылдарына соғып, біраз шатақ шығарған... Бірнеше адамды Теке түрмесіне жонелткен.

Арада біршама уақыт өткен соң Амангали ауылына хабар жетіп, ағаларының денелерін алып кетуге елдегі әзірше бастары аман журген Мұқанғали мен Әндіргали інілері жолға шыққан. Шығуын шыққанмен “осы бір құрулы қақпан емес пе екен?” деген күдікті ағалы-інілі екеуді Есіркеп үйіне қыстың қақаған күндерінің бірінде өте сақтықпен келген. Мал іздеуші жоқшы боп алдымен Лез, Дербіс ауылдарына жол салған. Алдында келген топтың Амангалиға көмектестіндер деп бұларға да қоқан-лоқы жасап, ағайынды Лез, Дербіс балаларының бірнешеуін үстап, Оралға әкеткенін естіп-бледі.

Тек сонан кейін ғана ағайынды Мұқанғали мен Әндіргали Есіркеп үйіне ат басын тіреген.

Келген соң да олар бірден үйге кірмей, тоңіректі шолып, Амангали мен Тайырдың денесін іздеген. Әбден таба алмасына көздері жеткен соң амалсыздан үйге енген. Амангали өлімін өз көздерімен көрген қос бейбақ – кемпір мен шал үйге алдымен Мұқанғали кіріп келгенде шошып:

— Амангали тіріліп келген екен деп зәре-құтымыз қалмады гой, — депті.

Сойтсе Амангали мен Мұқанғали бір-біріне қатты үксас екен. Тек Мұқанғалидың артынан Әндіргали үйге енгенде ғана олардың жок іздеушілер екендеріне көздері жеткен. Кемпір-шалдың айтуларынша, келген топтың бұларды корқытқандары соншалық, қос қария олар кеткен соң да

біраз уақыт Аманғали мен Тайырдың өлі денелеріне жақындаған алмаған. Тек күн үясына енген соң түнде ғана ит-құс жеп кетер деп кемпір-шал біраз өуреге түсіп, қос олікті пішен қорага кіргізіп, жұздерін шөппен жасырып, арттарынан іздел келушілерді күткен.

Мұқанғали мен Әндіргали да бұл жерде көп аялдамай, агаларының денелерін құрым киізге орап, өздері жетеккесе ала келген атан түйеге тәндеп, жолға шыққан. Кетерінде Мұқанғали:

— Біздің кеткен бағытымызды ешкімге хабарламайсыңдар, үш күн үйден шықпайсыңдар! Әйтпесе оқса үшасыңдар! — деп ескертіп, үй есігін сыртынан күрекпен тіреп, бастырып кеткен. Әйтсе де жақын жерде біреулерге:

— Кемпір-шалды солай қамап, өздерін ескертіп едік. Кәрия адамдар ғой, обал болар, біреулерің барып есіктерін ашып беріндерші, — деп өтініш айттып, өздері өрі кеткен.

Ағайынды Мұқанғали мен Әндіргали кос олікті өздерінің туған ауылы Тумаға апармаған. Оның себебі бізге беймәлім. Нарын құмының шығыс беткейіндегі Тумаға емес, олар керісінше батысқа бағыт ұстаған, Қанішкенге (Ганюшкино) қарай жүрген. Бірақ оған 60–70 шакырымдай жетпей, Қарагайлы деген жерге, руластарының есік қорымының етегіне жерлеген. Және бұл жерді тек өз ағайындары ғана білген. 1992 жылы Аманғали туралы деректі фильм түсірген кезімізде осы жерге бізді бастап келген, жерленген жерін көрсеткен Аманғалидың үлкен қызы Раҳила апайдан туған апалы-інілі Ләйлә мен Қимаден Бақытовтар еді. Сол жолы олар нағашыларының басына белгі қойған-ды...

Аманғалиды тірісінде соңғы рет кездестірген
адамның корсетуі
Махамбетов Салықтың жауабы
Жауап алу хаттамасы

1928 жыл, ақпанның 6-күні. Мен, Красный Яр аудандық Қылмысты іздестіру болімінің инспекторы Голомизов, азамат Махамбетов Салықтан сұрақ-жаяуп алдым.

Оның көрсеткені:

Жасы – 25-те, Малый Араг қогамының тұргыны, Красноярский ауданы, Астрахань губерниясы, үйленген, шала сауатты, партиядада жок.

Мениң үйім Малый Араг қогамының жерінде, қырлықта турамын. Тұрагым – жалғыз қыстау. 5 қаңтар 1928 жылы менің үйіме Амангали Кенжахметов келді. Түріне қараганда жасы 40-тар шамасында, дene бітімі толық. Үстіндегі сырмалы, мақтадан тігілген ұзын күпісі бар, жағасы қаракөлмен қапталған, аягына пима-чесанка киген, галошы бар. Басында да қаракөлден тігілген бөрік (тымақ), өзі орыстың үш жесілік казенный винтовкасымен және тапанишамен қаруланған. Қасындағы жолдасы (аты-жөнін білмеймін) түріне қараганда 30 жастагы адам, ол да орта бойлы, ол да Амангалидай кінген, ол да Амангалиша қару-жарақ асынған. Екеуінің де қос-қостан былгари қоржынга толтыра салған оқ-дәрілөрі бар.

Олар түнде (б қаңтар) қонып шықты. Таңертен, жерге әлі жарық түспеген кез. Олар кетуге ыңғайланды. Сонда Амангали менен бір ат сүрады. Мен олар қаруланған адамдар болғандықтан қарсылық көрсете алмадым, бір торы атты үстап бердім.

Олар менің үйімнен (қыстауымнан) шығып, тұра солтүстікке, Орал губерниясының жеріне қарай жүріп кетті.

Ал кешкісін менен ет асуды талап еткен. Мен онысын орынадым, сейтіп олар тамактанды. Түнде Амангали үйіктаған. Ал жолдасы, керісінше, үйіктеган жок, түнімен қарауылда болды, жиі-жіңі сыртқа шығып, төңіректі шолумен болды.

Басқа бөтен алып-қосарым жок.

Сол ушін қолымды қойдым (орысша).

Сурақ-жауп алуға аудармашы ретінде Ахметжанов Нұрлыхан қатысты. Алгара ауылының түрғыны.

Ахметжанов

(қолы)

Жазып алған:

(қолы)

(№ 67118/192-ic, 5-т., 1657-б.)

**Бұл кезде Орал тұрмесінде Мұхсинадан
сонғы жауп алынған
Жауп алу хаттамасы**

1928 жыл, ақпан айының 3-ші жүлдізы. Орал қаласы.
Жауп алған Тюменев.

Жауп берген: Мұхсина Кенжахметова

Корсеткені:

1927 жылы 2 желтоқсандағы көрсеткендерімді макулдаймын, оған алып, қосарым жок.

Сұрақ: Азамат Тоқбаниның аулындағы өкімет өтрәтімен болған атыс қашан, қайда және онда кімдер қатысты? Бұл Амангали Кенжакметовтің Ергали Аязбаев тобына қосылған соң қанша күннен кейін болды?

Жауап: Бұл атыс туралы мен еш нөрсе естігенім жок. Амангали барып Ергали Аязбаевтің тобына қосылған соң, неше күн откенін білмеймін, әйтеуір бір күн Ергали баласы Ахметті, Құспан Қапановты және Сүйініш Мырзагалиевті біздің келген жаққа жіберді. Мақсаты – артымыздан құғынны өтрәті бар ма, жок па? Сойтін барған әлеілер қаранды түнде өкімет өттрәтінің үстінен шықтай ма. Ал атыс-қактығыс болды ма, жок па, мен оны білмеймін, барғандар іздерінше қайта қашкан. Сонда қорқып-сасып жүргенде Құспан Қапанов винтовка мен қамышысын тастай қашкан.

Олар со жаққа кеткенде біздер: мен, Амангали, Ереали, Құспан Бияқаев, Жұмабай және Абдол бір азаматтың үйінде болдық. Үй иесінің аты-жонін, ауылын мен білмеймін.

Будан басқа айтартым жок. Өзімнің Амангалидың қасында болғанмен кіналі еместігімді еске салып, оған қоса қазір аягым ауыр, уш ай жүкті екенімді айттып, Сізден сотқа дейін кепілдікпен босатуынызды сұраймын. Айтқандарымды маган қазақ тілінде оқып берді, менің айтудым бойынша дұрыс жазылған. Сол ушін таңбамды қоямын.

Жауап алған: Тюменев (қолы)

(№ 67118/192-іс, 7-т., 439-б.)

Осы тұста Мұхсинаны үстап берген адамның өтінішін баяндаудың сөті тұсті.

**ОГПУ-дың Орал губерниялық
болімі бастығына
тұтқын Нұргалиев Елеусіннен**

Отініш

Мен 1927 жылы 28 қарашада ОГПУ-дың Орал губерниялық болімінің үкімімен тұтқынга алынғанмын. Маган Қылмыс кодексінің №59-3 бабымен айып тағылды.

Мен банды Досқалиев Нұғманның тобында болғанымды жоққа шыгармаймын, бірақ оның белсенді мүшесі болып қолыма қару алған емеспін. Мен Досқалиевтің тек арбакеші гана болдым. Оның тобына кіруіме себеп болған, маган берген 100 сом ақшаны дұрыс жұмсаамағандығым. Тері алушы агент ретінде, маган жұмсауга берілген ақшаның 100 сомын мен Хабибулин деген азаматқа тері ал деп бергем. Ал ол оны сатып алмады, мен оның берген қолхатын (расписка) қайда салғанымды таптай, ақыры сол 100 сом менің мойныма салынды.

Мен арбакеш болып істегелі Досқалиев маган 2 жылқы, 15 сом ақша берді. Мен оны алған соң Досқалиевтен қашып шықтым да, 3 қыркүйек 1927 жылы бандитизмге қарсы күрестің өкімет отрядына өз еркіммен кеп қосылдым, сонда қызмет істедім. Мен өзімнің іс-қимылыммен отрядқа бандиттерді жоюга көп жәрдем жасадым. Соның нәтижесі – Кенжахметов Амангалидың әйелі Мухсинаны үстап бердім. Сонымен қатар мениң жол көрсетіп, бастап баруыммен Досқалиев Нұғман мен Мырзагалиев бандысының үстінен шығып, атыс кезінде екеуі де өлтірілді. Отрядта жургенімде осындай істеріммен мен өзімнің бірқатар кінәмді жудым деп есептеймін.

Отряд бастығы Прилико жолдас пен ОГПУ өкілі жолдас Шалимовтың маган берген тікірін ескере отырып, Сізден негүрлым жеңіл шарамен мениң айыбымды өзгертіп, бандитизммен курес жургізетін бір отрядқа жіберуінізді өтінемін. Онда мен өз істеріммен өкіметке пайда келтіріп, өз кінәларымды жуып, Кеңес өкіметіне қарсы емес екенімді долелдер едім.

(қолы)

16.01.1928 ж.

(№ 67118/192-ic, 7-т., 231-б.)

Бұл өтініш қызыл сиямен оте көркем жазылған, ал Елеусін Нұргалиев жай қарындашпен орысша қол қойған.

Ал Оралдың “қырық тұрба” атанған түрме үйінде жылдан аса отырған адамдар өздерінше қимыл-әрекет жасап, олар Амангалидың іс-әрекетіне қатыстары жоғын дәлелдеп, тексеру органдарынан босап шығуға арызданған. Сол арыздың мазмұны төмендегідей.

Қазақ ССР прокурорына
Амангали Кенжахметов ісі бойынша түрмеде
отырган азаматтар:

1. Мамеков Қажығали, 2. Жақыбалиев Өтешқали,
3. Бұрқанов Мұқанғали, 4. Нигматоллин Мақсot, 5-6. Лезовтер Хамит пен Махмұт, 7-8. Дербісовтер Мендібай мен
Ықсан, 9. Нұрсұлтанов Гильман, 10. Емзиев Мәден, 11. Ділмагамбетов Ахихат, 12. Жұмағалиев Бисен, 13. Әбдірахманов Тау, 14-15. Кенжахметовтер Сұндетқали мен
Үмбетқали, 16. Есениязов Сейітбаттал, 17. Есенғалиев
Өтеман, 18. Ондасыновтардан

АРЫЗ

Орал губерниясының Гурьев уезінің Сарытөбе болысы аймагында соңғы кезеңде жергілікті халықтың арасынан шыққан Амангали Кенжахметов деген азамат банды атанды. Ол естуімізше, 1928 жылдың 10-11 қаңтарында қаза болған, сойтіп ақыры “бандитизм” аяқталды. Амангали Кенжахметов жергілікті қазақтың Беріш руы, еңбекші отбасында туған. Амангали қазақтың ата салты бойынша өзінің ұлына Қайыр Қарымбаев (екеуі де картакұмар) деген адамның қызын айттырган, қалың малын беріп қойған. Арада бірқатар уақыттан кейін жсанында бірнеше адамдары бар Амангали Кенжахметов өзінің құдасы Қайыр Қарымбаевқа келеді. Бұл кезде Амангали карта ойынынан (ол тіпті өзінің түрган жерінен басқа аймактарда ойнаған) біраз ұтылып кедейленген, ал Қарымбаев Қайыр, керісінше, обден байып алған адам, құдасының мүшкіл жағдайын алдын ала естіп білген ол, Амангалиды құдасы ретінде қабылдамайды. Осының салдарынан екеуінің арасында жанжал басталады да, Амангали құдасының бірнеше жылқысын барымталайды, оның ішінде өріне өзі қалың мал ретінде бергендері де бар. Тек жергілікті ақсақалдар арқылы соңынан жүргізілген үзак келіссөздерден кейін Қайыр Қарымбаев өз жылқысын қайтарып алады да, Амангалида өзінің бұрынғы сыйлаган бір аты қалады. Бұл кезең 1923 жылдың жазы болатын. Қайыр Қарымбаев көп ойланбай Теніз уезі, Қанішken ауылына келіп, уез атқару комитетіне Амангали Кенжахметов бастаған

банды шыққанын хабарлап, өзінің жауы Амангалиды үсташа үшін оған отряд беруін сұрайды. Оның отініші бойынша Қайыр Қарымбаевпен бірге бірнеше татар жас жігіттері командирімен келіп, Амангали, Мұқанғали Кенжакхметовтерді өз үйінде қоршауга алады. Екі арада атыс болады. Атыстан қорыққан отряд кері қашады. Бул Амангалиды керісінше жігерлендіріп, одан әрі қарулануына себеп болады.

Бул кезде Жұмагали Жангожин деген халық соты болатын. Ол Амангали Кенжакхметовпен де, Қайыр Қарымбаевпен де жақсы қарым-қатынаста еді. Ол жанына өз ауылының мәртебелі ақсақалдарын жиып алып Амангалига келеді де, оның мына қарастырып, өз еркімен Қанішкенге уез бастықтарына бару керектігін айттып түсіндіреді. Бұган Амангали өз келісімін беріп, қаруын тастайды, ал Жұмагали Жангожин өкімет тарапынан оны заңға тартудан қоргауды өз міндеттіне алады. Жоне бул ісі үшін ол Амангалидан бір жылқы талап етеді, келісім болады. Бірақ артынан бір себептермен сол жылқы берілмей қалады да, Жұмагали Жангожин енді достан Амангалига қарсы қас жауға айналады. Ол өзіне Қайыр Қарымбаевты шақырып, оған қоса сол кездегі Бает болысы атқару комитетінің өкімдерін, бастығы Лукманов бар баршасы жоғарыдан тағы отряд жіберуін сұрайды. Қаншама отряд келсе де және жергілікті пысықайлар артына түсіп күганмен, жергілікті жағдайды жақсы білетін Амангали оларға үстаптайтын, сөйтіп оның іс-қарекеттері орши түседі.

1924 жылдың күздінде Айбас ауылында тағы бір Дүйсенбиев деген бастаған банды тобы шықты. Оларды үсташа құрту үшін Ордадан, Қанішкеннен отряд шыгады. Мұны естіген Амангали өз болыснан басқа жерлерде жасырынады. Оның жоғын пайдаланған Жұмагали Жангожин өз отрядымен Амангалидың малын айдалап, әйелін зорлықпен алып кетеді де, оны өзінің отрядында бірге жүрген жиені Кенжегали Үмбетияровқа әйелдікке береді. Ол қазір Гурьев уезінің Жылой ауданында тергеуші болып істейді, ал оның жубайы – Амангалидың бұрынғы әйелі.

1925 жылы Амангали Тобаниязда тутқындалған соң оның құдасы Қайыр Қарымбаев Амангалидың улына баяғы айттырган қызын, Жұмагали Жангожиннің кеңесі бойынша, Тәңіз уезінің бұрынғы милиция бастығы Қайдареали Конжановқа құйеуге береді.

Осының бөрі ызалы да содыр мінезді Амангалиға қатты әсер етіп, ал енді өзіне жау болып алған Жұмагали Жангожин мен Қайыр Қарымбаевтың соңына түсіп, олардан өші алуға серт етеді. 1926 жылы белгісіз екеумен түрмеден қашып шығып, олар алгашиқыда Жұмагали Жангожин ауылын шауып, оның немере ійісін өлтіреді, малын-мұлқан әкетеді. Қайыр Қарымбаевқа барады, оның адам түрмайтын қыстауын өртейді, малын барымталайды.

Осындаған кейін оның әрекеті қатты өзгеріп, өз мақсатын орындау үстінде олар қудалаған жазалаушы отрядтен кездескендегі екі милиционерді өлтіреді, байлардан мал, көлік, ақша алады, өз қатарына жеңіл олжа іздейтін, өз істеріне түпкілікті жауап бермейтін құдікті кіслерді жинайды, топ құрады.

Амангалидан қалыспай, Жұмагали Жангожин де жергілікті әкімдердің қолдауымен өзіне өтірәт құрады. Ол негізінен өзінің Есентемір руының адамдарынан еді. Және ол өкімет пен жергілікті халықтың мүддесін қоргаудан тыс, тек қана өз жеке басының пайдасы үшін жасақтайды. Амангалидың да, Жұмагали Жангожиннің де бұл әрекеттері жергілікті еңбекші халықтың жаңына батпандай батты, әл-ауқаттарына келенсіз әсерін тигізді.

Амангалидың ісін тексеру барысында Орал губерниялық сотынан келген ага тергеуші Фаббас Жәнібеков өз тарапынан еш нәрсе істемеді, ол керісінше тек Жұмагали Жангожиннің ойына келгенін орындаумен шүгыштанды. Жангожин екеуара пара алушың арқасында Амангалидың ісіне көріне байланысы болған байлардың, атқамінерлердің, сол сияқты өзінің таныстамырларын айылтаудан босатып жіберді. Олар болса Жұмагали Жангожин мен Амангали арасындағы шиеленіскен қарым-қатынасқа бірден-бір себепші рөл аткарғандар еді. Ал солардың орнына, керісінше, Жұмагали Жангожиннің көрсетуімен, оған үнамсыз, олардың іс-қарекеттерінә араласпаган бейқунә адамдарды жауапқа тартты.

Тергеуші F.Жәнібеков Амангали ісін тексергенде Сарытобе балысының бейбіт, еңбекші халқына қатты қысымышылық жасады – әйелдерді зорлады, мал-мұліктерді тонады, кінөсіз адамдарды соққыга жықты, сосын елдегі болып жатқан жүткә қарамай, өз досы Жұмагали Жангожиннің ауқатты шаруашылығының пайдасынан өзгелердің жүзделеген ат-қалігін пайдаланды.

Осының бәрі о бастаң-ақ бізді мынадай ойга қалдырыды: тергеуші F.Жәнібеков пен Жұмагали Жанғожиннің ара байланысы мен олардың барлық заңсыз іс-әрекеттерін өшкөрелеу керек. Осы жөнінде Сіздің атыңызға телеграмма жіберген едік. Онда Амангали ісі бойынша кінөсіз бізді айыптағаны үшін, тексеру барысында Жұмагали Жанғожиннің кеңесімен келенсіз аса құмарлық танытқаны үшін F.Жәнібековтің болашақта булайша тексеруден аластатуды сұрайтынымызды хабарлаганбыз.

Сізден жауап ретінде 21 наурыз 1928 жылы жіберген телеграммаңызды алдық, бірақ Орал губерниялық прокуроры F.Жәнібековті бұл тексеруден босаттады, ал ол болса өзінше тексеру процесін көрер көзге бұрмалаумен аяқтады. Яғни Қылмыстық-процессуальдық кодекстің 207-бабына сәйкес, бізді кіналайтын іс-материалдарымен таныстырудан бас тартты және бізді өтірік айыптаушылармен қозбе-көз кездестірмеді.

F.Жәнібеков пен Ж.Жанғожин ісін Гурьев уездік УСО 10-болімінің тергеушісі ақ-қарасын тексеріп, Қылмыстық кодекстің 109-бабы, 110-баптың екінші бөлімі және 153-бабына сәйкес олар кінәлі деп табылып, айыптау шаралары қолданылды – Ж.Жанғожин өз сыйайластарымен қамауга алынды, ал F.Жәнібеков атқаратын қызметтінен босатылғанды, бірақ бізге түсініксіз, ол осы процестің негізгі кейінкері бола тұра қамауга алынбады.

F.Жәнібеков Амангали Кенжахметов ісін тексеру барысында оны екінші айыпкер Ергали Аязбаевтың материалына қосып, әрекеттерінің бір-біріне үқастығын байланыстырып (олардың ара қашықтығы 500 шақырым жерде болған уақыгалар), бұл іске тексеруші үлкен мөн беру үшін және өзінің жеке басының күмәнсіз кінәларын передел жасаурақ бол, әдейі солай жасап, айыптылардың ұзын санын 91 адамға жеткізді.

(Мүмкін, бұл қылмысты істің өте үлкен он төрт томнан тұру себебі де сондықтан болар. Екіншіден, 1928 жылы қантар айының басында бір топ Гурьев жерінде Амангалиды өлтіріп жатқанда, енді бір топ Орал облысы, Казталовка аулында Ергали Аязбаевты тірілей үстайды. Міне, осының негізінде F.Жәнібеков Оралдың “Қызыл ту” газетінде шілде айында “Токсан бір” атты мақала жариялады – Л.К.).

F.Жәнібеков Амангали ісіне байланысты қамауда отырган отызга жуық адамды өз қолымен, әрі үкімімен тұтқыннан босатып жібереді. Оның бір болігі Жұмагали Жангожиннің жақтастары еді, бірақ біз көріп отыргандай, мұның бәрі F.Жәнібековке осындай ерліктері үшін Қылмыстық кодекстің өзіне бұйырган статьяларынан басқа ешқандай көмегі болмады. Біз Москвага да телеграмма жолдадык.

Биыл қантар айының басында Ж.Жангожин тергеуши F.Жәнібековпен бірге Амангалидың ауылын шауып, мал-мұлдік тәркілеп әкеткенде, оның інісі, былтырдан бері бізben Орал түрмесінде отырган Кенжахметов Сүндеметкалидың әйелін қоса әкетіп, өзінің немере ағайыны Ниталиевке қосады.

Осының борін Сізге хабарлай отырып, бізді айыптастын Амангали ісін Ерғали Аязбаевтың материалынан баліп алып, Жоғарғы соттың қазак беліміне жіберіп, оған арнағы судьяны қоса тағайындал, бул істі екеуара бірлесіп қарастырып, оған істің қарастын жері, бандитизмін негізгі болған аймагы – Гурьев округін белгілеп және психологиялық жағынан қазактың салт-дәстүрін сактап, бар материалдарды мұқият тексеріп, бул іске ешқандай қатысты кінеміз болмагандықтан, осынау тұтқыннан бізді босатыңызы сураймыз.

Тұтқындағылар: (бәрінің қолдары бар)

(№ 67118/192-ic, 14-т., 988–993-бб.)

Бұл кезде Мұхсина Кенжахметова да жеке арызданған болатын. Мазмұны төмендегідей.

*ОГПУ-дың оқілетті оқіліне
Қазақстан. Қызыл-Орда қаласы.
Кошірмесі: ҚазССР Республика прокурорына,
Олкелік әйелдер ісі боліміне
Орал округтік түрмеде тергеуде отырган
Мұхсина Элімтайқызы Кенжахметовадан*

Отініш

Мен Амангали Кенжахметовтің әйелі болғандықтан, 1926–27 жылдары онымен бірге жүргенім үшін айыпталудамын.

Мәжеленің монісі мынада: 1926 жылы мен он алты жаста едім. Амангали Кенжсахметов ескі рулық-патриархалдық түрмисті қолдаушы ретінде қазак әйелдерінің бостандық алуна қарамастан әкемнің бұрын атастырган адамына шықпаймын дегенімді естіп, қарумен қорқытып, мені зорлықпен алып кетіп, езіне өйел етті.

Мен осылайша жап-жас басыммен қырықтагы қартамыс Амангалидың қурбандығына айналдым. Бірақ, акыр соңында ауырамын деген сұлтаумен, онымен бұдан былай бірге жүруден мұлдем бас тартып, қалып қойдым.

Мен бір кезде қазак елінің Ресей патшасы қанын сорған мәдени, тұрмыс, саяси жағынан артта қалған кедей шаруасының қызымын.

Мен Кенес әкіметінің арқасында басқа қазак әйелдері сияқты азаттық бүгауын бұзып, бостандыққа енді қолы жеткендердің бірімін.

Мен қараңғылықтың зардабын шеккен, сауатсыз басыммен Амангалидың қакпанына түскен бейшара адамын, жас бола тұра ешқандай білімі де жок, ата-анадан дұрыс тәрбие де көре алмадым.

Жоғарыдағыларды Сізге мәлімдей отырып, айтқандарымды дұрыс түсініп, сол ісімді қарғанша, мені ақтауыңызды сураймын және айыптау жазамды өзгертулерінізді отінемін.

Мұхсинаның қолы (арабша, қарындашпен қойған)
1928 жыл, қазан.

(№ 67118/192-ic, 14-т., 20-б.)

Оқінішке орай, арызданған бұл адамдар жоғарғы жақтан ешкандай қанағаттанарлық жауап ала алмаган.

Бұл кезде Амангали туыстарын қудалаудың жаңа кезеңі басталған-ды. Мына бір хабарламаның мазмұны сонын күәсіндей.

*Гурьев округтік ОГПУ болімі бастығы ж. Интэгэ
Новобогат ауданы Манаши ауылында
Советтерді сайлау оқілі Х.Байболовтан*

Хабарлама

Бізге белгілі деректер бойынша және оны Манаши ауыл азаматтары да растайды, Амангалидың інілері Мұқанғали мен

Эндіргали Кенжсахметовтер 1928 жылы 19–21 желтоқсан аралығында Манаш аулында болып, Илияс Элтеркесбаев үйінде қоныпты. Сосын тағы біреулердің үйінде болған. Асынган қарулары бар. Олар бізге Манаш ауыл советінің төрагасы және аудан өкілі керек, салық толеу керек еді және т.б. шаруаларымыз бар депті. Одан кейін өздерінің тұрагы Жаман Шолан ауылына кетіпти.

Олар бұл ауылга азамат Отешқали Жақыбалиевпен коріскелі келген, ал ол жуырда гана Орал түрмесінен шығып, өз ауылына оралған. Амангалимен байланысы болған деп Орал губерниялық түрме үйінде отырган-ды. Ал қазір оның Мұқанғалимен де байланысы бар деген қауесет бар ел ішінде. Ауыл тұрғындарының айтуларына қараганда, Манаш ауылының тұрғыны Хаби Менкешев, Астрахан губерниясының Красный Яр уезінен шыққан өтірөт 10 атты адам Мұқанғалиды ізден жүрген көрінеді. Бірақ оны әлі үстай қойған жок. Мұқанғалидың астындағы жақсы аты күгүнишиларга жеткізбекен. Мине, осыны сізге хабарлауды өз борышым деп түсінем және Мұқанғалиларды үстап, қамауга алуынызды өтінем. Себебі, адамдар қолдарында қарулары бар олардың әлі еркін жүргендерінен секем алып, қорқып, әрі бізге ауыл совет төрагасы мен аудандық өкіл керек деседі. Осы жағдайлар болашакта жұмысымызды жалғастыра беруге оте қауіпті.

Байболов

(қалы)

(№ 289-іс, 1-т., 15-б.)

Міне, осыдан кейін Гурьев округтік ОГПУ бастығы Интэ Мұқанғали ауылына И.Чапурин бастаган отрядты аттанырган. Операция нәтижесін И.Чапурин рапортында былай хабарлайды.

(кошірмесі)

ОГПУ Гурьев округтік бастығы Интэгे
болімнің өкілі И. Чапуриннің

Рапорты

Сіздің бүйрігіңиз бойынша 19 желтоқсан 1928 жылы біз Гурьевтен шыктық. Жанымда 3 коммунар, 23 желтоқсанда кешкі сағат 20-да жол-жонекей мәліметтер алдық, Мұқанғали

Кенжахметов (қанша адам екені белгісіз) Әндиргали Кенжахметовтің қыстауында еken. Біз тоқтаган жерден екі орта 45–50 шақырым, “Ақ мешіт” атанған Себек мешітінен онша қашық емес, соның оңтүстік-батыс багытында.

24 желтоқсан күні біз тобымызben Мұқанғали Кенжахметовтің қыстауына беттеп жүріп кеттік. Оның үйіне бір шақырымдай жер қалғанда, жол көрсетушіміз Салижановтың (мүмкін Сотжанов) анықтап айтқаны: “Мұқанғали, тап қазір, өз үйінде. Жанында тағы қандай адамдар барын бұл білмейді. Отініші, қалайда Мұқанғалиды өлтіру керек, әйтпесе ол соңынан бұдан өші алатын болады. Осыларды білетін ол бурын да Мұқанғали туралы хабарлауга қорқып жүретін еді.

Сонымен біз Мұқанғали үйіне 130–140 қадам жақын келгенімізде байқаганым, қора ішінде және оның жанында ерсілі-қарсылы жүгіріп жүрген бес-алты адамның сұлбасы көрінді. Ал үйге жақындағанда үй сыртында тағы бір адамды көрдім. Колында винтовка, өзі атуға дайындалған. Мен тездеп атыма қамши басып, оған қарсы үмтүлдым. Мақсатым – оларды қорқытып, састыру. Ал өзім мүмкіндігінше атыммен қабыргадан қарғып, қора ішіне кіргім келді, сөйтіп олардың берілуін талап етпекші болдым. Әйтпегендеге жаңағы қабырганың ар жағынан көрінген адамды револьверден ату тіпті мүмкін емес-ти.

Бірақ қабыргага 2–3 қадамдай қалғанда бундай қамалдан қарғып секіріп түсуге әдеттенбеген атым кілт тоқтап қалды. Сондықтан мен алғи көрінген адамга енді амалсыз револьверден оқ атуға мәжбүр болдым. Ол да маган қарай винтовкадан оқ атты, бірақ тигізе алмады. Бұдан кейін мен артымнан шауып келе жатқан жолдастарға “Тездетіңдер!” деп айқайлдым. Өзім де атты тастай сап, тездеп қабыргага тығызып, оның ар жағындағы бандитке 3–4 қадам аралығында револьверден оқ аттым (винтовка иығымда асулы болатын). Ал револьверден атқаным – бандиттердің есін жигизбай, оларды берілуге мәжбүр ету әдісі еді.

Бірақ бұл кезде бізге қарай қыстаудың ішінен біреу оқ атты. Бізге қарай есік ашиқ екен. Сондықтан біз бірнеше қадам үй сыртына қарай шегінуге мәжбүр болдық. Сойтіп енді екі адамга оқ ату керек болды.

Мен кейінгі өскеріме, тіпті кейбіреулерінің фамилиясын да атап бүйрыйқ бердім. Бірақ олардан жауап болмады. Тек

маган қарама-қарсы қабырганың сыртынан адамның дауысы естіліп тұрды.

Ол бізді боктап-балағаттан және орысша айқайлады. "Әндіргали, бей русских!" – деді. Бұдан бізге қарсы түрган адам Мұқан екендей анықталды. Ол айқайлап, Әндір інісіне бүйрық беріп түрганы белгілі болды. Мұқан осылайша тагы 5–6 минуттай оқ атып, 35 патрон шығындағы. Сосын ол қазақша айқайлап: "Әндір, сен осы жерден ата бер, ал мен басқа бір жерден..." – деп үйдің сыртына қарай, екіге бөлінген кора қабыргасынан уолі пішенге бет алып көзден гайып болды.

Мен оның осынау сөзі мен істемек өрекетінен түсінгенім, ол бізді сол жағымыздан айналып оттек екен. Сондықтан мен қасымдагы жолдастарымды қалдырып, өзім қабыргамен орды бойлат солай қарай жүрдім. Қабырга бұрылышынан айнала беріп мен Мұқанғалимен бетпе-бет үшырасып қалдым. Ол жалма-жан тездептіп бір тізесін бүгін мені атпаққа оқталды. Мен де осы сәтте тездеп тіземді бүгіп, винтовкамды кезендім. Екеуміздің атысымыз бір кезде шыкты. Мұқанғали әуелі етпетінен құлап, кейін аударылып тұсті. Жақын кеп қарасам, оқ оның бетіне тиген екен, ал жанталаса бар денесі дірілдей бастады. Мен қораның сол қабыргасымен манагы жеріме қайтып оралдым. Адамдарыма болған жағдайды айтып, енді қораның ішін аралап шықпақшы болдым, ойым тагы жасырынып жатқан адам жоқ па екен дегенім және оған қоса өз адамдарымды да қарастырдым. Бір бұрылышта өз адамыма жақындағы беріп байқап қалғаным – қыстаудың келесі бұрышынан құмга қарай бір адам қашып бара жатқанын көріп қалдым. Оған мен бір-ақ рет оқ атып үлгердім, бірақ ол құм тасасына түсіп жоқ болды. Ал оның артынан қуу өте қауіпті еді. Ол үшін қораны кесіп өтуге тұра келеді, ал о жақта үйдің ашық есігі мен терезесі көрініп тұрды. Тығылған адам болса тұра оқ атуы мүмкін. Оған қоса сусылдаган құм арқылы жүгіріп өту оңай шаруа емес-ті.

Осы кезде қараңғы түспін, қашқын Әндіргали Кенжахметовті іздестіру мүмкін болмады. Сондықтан біз Мұқанғали қыстаудын үш шақырымдай жерде орналасқан азамат Сабыр Султантеміровтың үйіне қонуга беттедік. Ал 25 желтоқсанда таңғы сағат төрт шамасында Әндіргали Кенжахметовтің багытын біліп қайтуға бір адамды жібердім, бірақ одан сағат сегізге шейін еш хабар болмады.

Ал сағат сегізде бізге Жаман Шолан ауылының азаматы Габдол Жаленов келді. Оның үйі Мұқанғали қыстауының б—7 шақырым салтустік жағында екен. Сонда оның айтқаны, түн ортасында оған Әндіргали Кенжакхметов келіп, сыртқа шақырып, келген топтың қайда тоқтаганын сұраган. Ал Жаленов оны білмеймін деген соң Әндіргали тез бұрылып, терістікке қарай жөнеле берген. Оның астында торы аты бар екен, ал винтовкасы болмаган.

Әндіргали Кенжакхметовтің бұдан былайы алған багытын анықтауга еш мүмкіндік болмады. Себебі, Әндіргали жергілікті тұргындардың көмегімен жасырынатынына, ал бізге бұдан әрі оның соңына түсіп іздестірудің еш нәтиже бермейтініне көзім жетті.

И. Чапурин

(қолы)

Кошірмесі дұрыс:

Гафиатуллин

(қолы)

1928 ж.

(№ 289-іс, 1-т., 17-19-66.)



1929 жыл

“Соңымнан түскен соң қаскунемдер,
Амалсыз Аманғали асты Дендер.
Өлерде үрпағыма: “Аманғали
Заң емес, залымдардан қашты” дендер.

Мен де бір ұлың едім дәріптеген,
Әрқашан жолым бірге ед халықпенен.
Қанішер Аманғали десе дағы,
Ешкімнің қанын ішіп дәнікпеген.

Мен де бір ұлың едім күміс көмей,
Жанымды түсінуге тырыс, кедей.
Неліктен Аманғали Нарында еді,
Неліктен Тайсойғанда – Құныскерей?

Заманым, заман емес, перісің бе?
Қоймадың Атыраудың серісін де.
Апыр-ау, қазақ деген ел едік қой,
Бір тентек жүрмес пе еді ел ішінде?”

(Т.Досымов,
“Кім мені халық жауы атандырған?”)

“

Бұл жыл – Оралдың губерниялық түрмесінде Ергали Аязбайұлы мен Аманғали Кенжакхметұлы ісі бойынша жылдан аса отырган адамдардың сотталу кезеңі. Іс 1929 жылы 14 қантарда қаралып, үкім де шыққан. Мазмұны томендегідей:

ОГПУ Орал губерниялық (сот) коллегиясының 1929 жылғы 14 қантардағы мәжілісінін хаттамасы.

Тыңдалды:

Азамат Аязбаев Е.
(құрамында 40 адам)
Қылмыс кодексінің
№ 59-3 бабы бойынша
айыптау (№ 67118/192-ic)
Іс СССР ЦИК
Президиумының 9 маусым
1927 ж. қаулысы бойынша
қаралды.

Үкім шыгарылды:

1. Аязбаев Ергали
2. Бияқаев Ғұсман
3. Мендігазиев Абдолла
4. Ереаліев Жұмабай
5. Даулетжанов Темірболат
6. Ергалиев Ахмет
7. Қапанов Ғұсман
8. Мұхамедиев Болекбай
9. Темірәлиев Аман
10. Нургалиев Елеусін
11. Бұрханов Мұхамғали
— атылсын

Осы іс бойынша Аманғали Кенжакхметовке қатысты:

1. Сариеев Хажиахмет; 2. Жұмагалиев Бисен; 3. Есениязов Сейітбаттал; 4. Бишіков Иауда; 5. Лезов Ҳамит; 6. Кенжакхметов Үмбетқали; 7. Кенжакхметов Сундетқали; 8. Кенжакхметова Мұхсина; 9. Эубекеров Рамазан – 5 жылға концлагерьге айдалсын; 10. Лезов Махмут; 11. Жұсіпов Әбдірахман – 3 жылға концлагерьге айдалсын; 12. Таутекенов Сундет; 13. Бейімбетов Сейітмұрза – 3 жылға Сібірге айдалсын; 14. Тоқтамысов Қашым – ісі қайта қаралсын.

ОГПУ коллегиясының хатшысы:

Мөр басылған

Л.Шоков

(№ 67118/192-ic, 14-т., 720–721-66.)

Осылайша сот үкімін алған тұтқындар енді этаппен баратын жерлеріне аттандырылған. Олар негізгі тұрактарына сол жылы жеткен. Тек қана Бейімбетов Сейітмырза баар жеріне жете алмай, Томск облысының бір елді мекенінде сырқаттанып кайтыс болды, сонда жерленген.

Ал Мұхсина Кенжахметова арыздануын жалғастыра берген, үмітін үзбеген.

ОГПУ коллегиясына
ОГПУ-дың бақылау прокуроры арқылы
тұтқындағы Мұхсина Кенжахметовадан
(ЛК ССР, Кемь қаласы, ОГПУ
болімінің Разноволок пункті)

Отініш

Мені 1927 жылы қыркүйек айының басында Гурьев округтік ОГПУ-ы тұтқындаап, ОГПУ коллегиясының 24 наурыз 1929 ж. қаулысы бойынша бес жылга соттап, СЛОН-га жіберген болатын.

Маган қылымыс кодексінің 17-бабы бойынша 59-3 статьясында қаралған айып тағылды. Менің карекетім Октябрь мерекесіне дейінгі кезеңде отсе де, оның онжылдық мерейтойына байланысты амнистиялық жеңілдіктер маган қолданылмады.

Мен Қазақстанда көшпенің жарлы отбасында өскен адаммын. Жасынан көргенім жоқтық, пен ауыр азапты еңбек. Ешибір моральдық көмек көрмей, білімнің кәусәр бұлагынан қана алмай откен балалық шағым. Күндікте откен жастық кезім. Одан былайғы да бар өмірім осылайша өтуде.

СЛОН-га мен 1929 ж. 2 маусымда келдім. Содан бері маган жүктелген барлық жұмысты қадари-халімше атқарудамын Тәртіп бойынша ешқандай ескертпелер алмадым, бұзакылық істеген емеспін.

Жоғарыдағы айтқандарымды қорытындылай келіп, ОГПУ коллегиясынан өтінерім: Октябрь мерекесінің онжылдық мерейтойына байланысты берілеттін кеңіліктерден мені құр қалдырмай, амнистияга беруінізді өтінемін.

(Мұхсинаның арабша қойған қолы)

Мұхсинаның бұл арызы аса көркем, тасқа басқандай етіп көк сиямен орысша жазылып, өзі жасыл сиямен қол қойған.

Отініштің жогарғы сол бұрышына хатталған номері 727. "11 шілде 1930 ж." деген, ал он жақ бұрышына "ОГУ-дың шығыс боліміне Карапенск" деп 1930 жылы 14 қазанда қол қойған. Отініштің астына сол бұрышқа "АЦР (архив). Архивтік қылмысты ісіне тіркелсін" деп, он жақ бұрышына "Кенжакметовтер әлі толықтай үсталған жок. Оны (Мұхсинаны) босатуға болмайды" деп қол қойып, мөр басқан. Осы отініштің астына Мұхсинаға берген мінездеме тіркелген.

Mінездеме

ОГПУ УСЛОИ болімшесі

ФИО: Кенжакметова Мұхсина, жасы – 20-да.

Орындаитын жұмысы – ау тоқушы.

Мінездемесі: Адал ниетті, үқыпты жұмысшы. Қызметке ынталы, өзге тұтқын әйелдерге үлгілі.

Мінездеме бергендер

ЦАК төрагасы:

Іс жүргізуши:

Кузнецов (қолы)

Гофлаг (қолы)

(№ 67118/192-ic, 14-т., 254-6.)



1930 жыл

Сүр жорға ат, мінуші едім баптап-сайлас,
Ауылда жұруші едім күліп-ойнап.
Айрылып тұғандардан жалғыз қалдым,
Шаршаймын соның бәрін ойлас-ойлас.

* * *

Байлаған қара көкті тоңбайды екен,
Айрылған ағасынан онбайды екен.
Айрылған ағасынан қалай онсын,
Ағайын бір тұғандай болмайды екен.
(Амангалидың інісі Әндіргали өлеңі)

Амангали інісі Эндіргалидың тұтқындалуы

1930-шы жылдың басында Гурьев округтік ОГПУ бастығы Интэ Эндіргали Кенжахметовті тұтқындауга өз қызметкері В. Поповты аттандырады. Ол операция нәтижесін мына рапортында хабарлайды.

№ 1346 кіріс
15.02.1930 ж.

ОГПУ Гурьев округі болімінің
бастығы ж. Интэге

Рапорт

Чапуринмен келісім бойынша, Эндіргали Кенжахметовті тұтқындау үшін (Тума ауылының "Арал-Себек" бөлімі) менен басқа ж. Свечников және жергілікті коммунардан немесе ГПУ органына жөрдемші тобынан жол көрсетуші ретінде біреу болу керек еді.

Новобогат ауылына келіп үйымдастыру жұмысын бастадық. Ауаткомга 8 февраль күні сагат 12-ге шейін 4 атты ер-турманымен дайындау жүктелген-ді. Арқан, тағы сол сияқты керек-жаракты ауаткомның уақытша төрагасы дайындайтын бол уәде берген-ді.

Оқінішке орай, төрага уәдесінде түрмай, белгіленген уақытта аттар дайын болмады. Төрага ауылда аттар табу мүмкін емес деп сұлтау айтты.

Тек ж. Неталиев пен менің талабымнан кейін, енді кешіктірсендер әрбір іс-әрекеттерінді контра деп санаймын дегеннен кейін гана ауатком төрагасы жедел қимылдан, жақын жердегі "Жаңа жол" коммунасына біреуді атпен жіберіп, әбиір болғанда, кешкі сагат 10-ға ерттелген 4 ат жеткізілді.

Бірақ Свечников те, азық-тулік те, 8 февраль күнгі кешкі сагат 9-ға шейін келіп жетпеді. Сондықтан топ мүшесінен өз еркімен ж. Неталиев және коммуна бастығы Рамазан Махмұдов қосылып, тунгі 10 сагат 30 мин. ауылдан шығып, бағытымызды жақын жердегі Кетешагыл ауылына бұрдық. Себебі, сусыз даламен 100–150 шақырым жердегі Тума ауылына бүгін жету мүмкін емес-ті.

Кетешагыл ауылының бірінші қыстауына 9 февраль күні таңғы сагат 8-де жеттік. Сол күні қар жауып, қатты боран

болды, сондыктан топ Кетешагыл ауылына тек 10 февральда жетті.

"Хабар" бізден бұрын жетіп қалама деп тобымыз түнде қимылдады, оған қоса ешбір күмән тудырмау үшін біз болған әрбір қыстауда ж. Неталиев үйдегілерге колхоз құрылышы туралы үгіт-насихат әңгіме жүргізіп отырды. Бұл бір жағынан тұргындардың көңіл күйлөрін байқау да болатын. Эрі біздің мақсатымыз – колхоз құрылышын үйімдастыру еді. "Қалмуқан" ауылда болмай шықты, ол Толыбай ауылына кетіпті, сондыктан хабар күтүгे тұра келді.

Көкпекті ауылының бір үйінде, Шушекенов Бегейден еселеп келіп жатқан хабарларға қараганда, Әндіргали Кенжахметов қазір үйінде, ешқайда шықлады және өз ауылында екендігін мүқият жасырады. Себебі, бір жағынан өкіметтен қорқады, бір жағынан өздерінің қас жауы Жангожиннен күдіктенеді.

Сол ауылдың ең соңғы қыстауларының бірінен естіген хабарымыз және адамдарының айтқандары: Әндіргали қазір Мұқанғали Кенжахметов қыстауында тұрмайды, 1929 жылдың аяғында жақадан тұргызған өз үйінде тұрады (Мұқанғали қыстауы өртөнген екен).

Жангожин руының Себек руына жауласқандығынан, ал себектер – ағайынды Кенжахметовтердің руы болғандықтан, мен төүекел деп, жол көрсетушіге Көкпекті ауылының тұргыны, Жангожиннің руласы және оның Амангалиға қарсы құрган ерікті тобына қатысқан Фазиз Рсәлиевті алдым, оны запастагы револьвермен қаруландырды. Сонымен 10 февральда түнгі сағат 10-да соңғы дайындықты аяқтап, жолсыз құм арасымен Кенжахметов қыстауына қарай жолға шықтық. Кенжахметов қыстауына шабуылдан, Әндіргалиды тұтқындарда мен жауынгерлерді мынадай тапсырыстарға бөлдім. Рсәлиев, менің ойымша, қорада туратын атқа ие болады. Біз Неталиев екеуміз тездеп қыстауга кіреміз, Неталиев менен кейін екінші бол кіреді де, шам жағады. Ал Махметов, винтовкамен қаруланған ол, қыстаудың төбесіне шығып, егер Әндіргали қашпақшы болса, оны атуға тиісті.

Кенжахметов қыстауына бір шақырымдай қалғанда біз бір аттылы адамды байқап қалдық. Ол бізден қашпақшы болған, бірақ оны күнп жетіп тоқтаттық. Бұл әйел адам бол шықты. Оның айтуынша, ол көрші ауылда қонақта қалған

күйеүіне бара жатқан болды. Бұл өзі түнгі сағат он екі кезінде болған соң қудікті әйелді тұтқындауга тура келді.

Жақын жердегі қыстауда (отағасының аты белгісіз) әйелді де, үй иесін де жауап алдық. Бастанқыда олар: “Әндіргали жалты ауылда жоқ, жоне қайда кеткенін де білмейміз”, — деп көкіді. Бірақ біраз қыспаққа алған соң шынын айтты. “Әндіргали олғанде қонақта болған, қазір үйнен қайтып оралды”, — деді.

Барлық, әйелдерді қыстаудың бір бөлмесіне жинап, ешқайсын ешқайда шықпайсындар деп бүйірып, өзіміз алға жылжыдық. Сонымен түнгі он екі сағат отыз минутта Әндіргалидың қыстауына жеттік. Қаруымызды дайында, шапқылап үйге жеттіп келдік. Бу жерден қашуга дайында қойған ерттеулі айғырды қолға түсірдік те, “үйге шап!” деген команда бойынша Неталиев, Махметов және өзім қыстауга лап қойдық.

Кірген қыстаудың ию-қиу бұрылыстарынан ішкі үйдің есігін таба алмай біраз жүріп қалдық. Ал Неталиев шам жага алмай олекке түсті. Бірнеше секундтан кейін сипалап жүріп есікті таптым-ау ақыры, бірақ ол ішкі жагына ілгешекке ілінген болды. Оны ашуга уақыт жоқ, аяқпен бір төүіп ішке ендім де, екі рет жогарға қарай атып-атып жібердім. Менің артымша ішке енген Неталиев қайта қашты, сойтіп жарықсыз, сіріңкесіз мені жалғыз қалдырыды.

Менің “Әндіргали мында ма?” деген сұрагыма, ол “мында” деп жауап берді. Артынша он жағымнан мылтық даусы шаңқ етті де, атқан оғы менің басымның тұсынан зу еттіп қабыргага қадалды. Атқан Неталиев еken, ол сол бойда дыбыс берді, әйтпесе атқан Әндіргали еken деп табанда оны атып тастауга аз-ақ қалдым. (Әйтпесе, құдай ақына, оны Әндіргали еken деп табанда атып салатын едім).

Неталиевтің бул қарекетін маган айтып түсіндіру қындау, бірақ оны алаңғасырлықтан немесе қорқақтықтан істеді дей алмаймын, себебі жолдастардың екеуі де — Неталиев те, Махметов те — сөзсіз батыл адамдар, өтте үлкен комек корсетті.

Ыждағатпен тергеу, тексеру кезінде қыстау ішінен үлкен тышқытан басқа бөтен қару табылмады. Әйтседе түрғындардың айтуы бойынша, Әндірдің револьвері бар еді, оны мүмкін күні бұрын кораның қабыргаларының бірінде топанның арасына тыгуы да мүмкін гөй.

Эндіргалидан басқа үйде оның анасы, әйелі, олғен ағасы Мұқаннның екі әйелі жөне жеті баласы тұрып жатыр екен. Эндірдің шаруасында боталы інгегі жөне екі сиыры, ерттеулі аттан басқа жайылымда екі биесі және бір құлын бар екен.

Оларды іздең табуга уақыттың жоқтығынан, мен оның отбасы, балалары тұтқындалмайды деп сендірдім, демек бар мал жоғалмайды деген сөз. Жақын арада милиционерді жіберіп Новобогат ауылына бар аттарды алғыздырдым.

Эндіргали қазір біздің штаб-пәтерімізде тұтқында.

*Новобогат оперативтік
участок бастығы:
13 февраль, 1930 ж.*

В.Попов (қолы)

(№289-іс, 1-кор, 1-т., 47-48-66.)

Сол күні милиционер В.Попов Эндіргали Кенжахметов пен күөтегер ретінде Жұмағали Жанғозиннен сұрак-жауап алған. Енді соның мазмұнымен танысыныз.

*Эндіргали Кенжахметовтің
жауап алу хаттамасы*

1930 жыл, 13 ақпан

Гурьев қаласы

ОГПУ Гурьев округтік бөлімінің қызметкері Попов, айыпкер, Кенжахметов Эндіргали, 1899 ж. туган, малши, шала сауаты бар, жеке меншігінде – 3 аты, 2 сиыры, 3 түйесі, 2 құлыны бар, үйленген, баласы бар, балық көсіпшілігінде қызмет істеген, сотталмаган, ГПУ Гурьев уезі ағасы Амангали ісі бойынша жауап алған.

Ол мынаны көрсетті:

1927 жылға дейін мен балық көсіпшілігінде маусым кезінде Астрахан округінде істедім. Балық маусымы аяқталғанда жалданып батрак болдым, кейде Астраханда жылқы базарында Әбу Махамбетов дегендеге жалданып еңбек еттім. Ал 1927 жылы Астрахан губерниясына біржсола кеттім, ауылга да келмедім.

Сұрақ: Ағаңыз Мұқанғали қай жылы олғен еді?

Жауап: Мұқанғалиды 1928 жылы қыста өлтірді гой. Осыны белген мен Азғыр ауданында бас сауғаладым, қорықтым, әкімет адамдары мені де өлтіруі мүмкін дедім.

Сұрақ: 1928 жылы сіз қалайша ауылда болдыңыз? Сіз гой бұрын Астраханда ешқайды шықпастан түрдым дедіңіз?

Жауап: Мен онда тек уақытша ауылга келіп түрдым. Себебі отбасымды көрүім керек, бірақ мынадай оқига болды (Мұқанғалиды айтады).

Сұрақ: Сіз ауылга 1927–28 жылдары келдіңіз бе?

Жауап: Иә, бірнеше рет келдім. Келгенімде Мұқанғалимен кездесіп түрдым, байланысым болды.

Сұрақ: Сол келген кездеріңізде. Сіз ауылсоветке неге бармадыңыз?

Жауап: Оның маган керегі қанша? Мен оны міндептім деп ойлаганым да жоқ, себебі мен өзімді қарақшымын деп санамаймын. Ал мен өзім ауылсоветке керек болсам, онда ол маган келсін, мені ізден тапсын. Мениң жауабым осы.

Әндіргали Кенжакметов қолы (арабша)

Жауап алған: В.Попов (қолы)

(№ 289, 1-т., 22-б.)

Жұмагали Жангожиннен жауап алу хаттамасы

1930 жыл, 13 акпан Гурьев қаласы

Күөгөр: Жангожин Жұмагали, 1884 жылы туған, малишшаруа, қазақша, орысша білімі бар, орта шаруа, жеке меншігінде: ірі қара мал – 25 бас, үйленген, 5 баласы бар, совдепком төрагасы, 1924 жылға дейін тексеруші, азықтулік комитеті және халық соты бол істеген, партияда жоқ, сотталмаган, бірақ тексеруде, тергеуде болған.

Ол мынаны корсетті:

Патша заманынан бері агайынды Амангали мен Мұқанғали мал үрлаумен шұғылданды. Олар бірде алыстағы Орал жерінен мал айдаса, бірде өз туыстарынан да әкететін еді: мысалы, Әділмұстың (фамилиясын білмеймін), Тума ауылы тұргыны, бір түйесін әкеткен.

1921–22 жылдары Амангали мен Мұқанғали өз еріктемен ж. Чуланов әтіретіне кіріп, Кисилев бандысына қарсы согысқа қатысты, бірақ 1922 жылдың аяғында олар әтіреттін өз еріктерімен кеткен және біраз қару-жарақты жасырып әкеткен. Осылайша қаруланган олар 1923 жылдан бастап елге тыныштық бермей қаракышылықпен шүгылданған. 1923 жылы олар Жаманқұдық ауылының тұргыны Жақыпқали Тұқбосыновтың 4 жылқысын, Кетешагыл ауылының тұргыны Такым (мүмкін Такыш) Менәндиевтің бір тумесін т.б. тартып алған.

Осындай істері 1928 жылға шейін жалгасады.

1924 және 1925 жылдары Амангалидың інісі Әндіргали білімі бар адам ретінде, екінші жағынан, агаларының қолдауымен ауылсоветке хатшы болып сайланды, сонымен қатар агаларын жан-жакты қорғап, көмектесіп журді.

1925 жылы мен Әндіргалиды Шолан ауылында кездестіріп, оған агаларыңа айтып тусіндір деп ақыл-кеңес бердім. Менің бұл пікіріме Әндіргали құлақ аспады, тіпті теріс айналып, сойлеспей қойды. Бұл әңгімеліз Шолан ауылының кейбір адамдарының көзінше де болды. Тек олардың аты-жөнін қазір ұмытып қалыптын, есімде жоқ.

1924 жылы бұрынғы Орал губерниясының жергілікті әкімшіліктері Амангали мен Мұқанғалиды ұстамақ болып біраз әрекет жасады. Бұл кезде Амангали өз жанына нағыз қарулы әтірет жинаған-ды: оның құрамында өр түрлі кезеңдерде іс-әрекет жасаган Есениязов Сейітбаттал, Тайыр Тілеков, Бисен Жұмагалиев және басқалар болды.

1924 жылы Ордадан қылмысты іздестіру инспекторы Шкоков келген-ди; ол менен бандиттерді ұстау үшін көмек сурады, оның бұл ұсынысын мен үлдарыммен бірге қабылдап, бірге болдық, кейбір операцияларына қатыстык.

Бұны естіп білген Амангали інілерімен маган қарсы шығып, кек қайтармақ болды. Сейтін 1926 жылы Бает жайлайында жазда Амангали, Мұқанғали, Әндіргали ушеуі менің немере інім Қанатқали Досмаиловты атып, менің үй мүлкімді тонап және бір атымызды алып кетті. Кейін 1926 жылы күзінде олар менің қыстауыма шабуыл жасады. Онда өзімнен басқа тағы бірнеше адам, туыстарым және оған қоса губерниялық ОГПУ бөлімінің Гурьев уездік әкілінің маган берген винтовкасы, патрондар болғандықтан, мен

олармен атыстым. Атыс кезінде біз Сұлтанғалиев деген бандитті, екіншісін білмеймін, атып өлтірдік, ал Амангали кеудесінен ауыр жаракат алғып, өзінің қыстауына қашты. Амангали жаракат алған кезде оның інісі Әндіргали қарумен шықты және Мұқанғали екеуі оны қарауылдан түрді. Әндіргали өзінің рулас ағайындарын үгіттеп, отірет құрып, мені өлтіртпекші болды, тіпті менімен қоса Есентемір руының азаматтарына қарсы болды. 1926 жылдың қысына сырқатынан жазылған Амангали, інілері Мұқанғали мен Әндіргали болып Бектемір ауылының түргыны, Есентемір руының азаматы Ержанов Сүндем-қалиды үстап өлтірді. 1927 жыл бойы Бает ауданы бойынша Амангалига қарсы Орал губерниялық ОГПУ бастығы ж. Шалимов бірнеше операция откізіп, Амангали тобын талқандады, ал мен өз тобыммен жыл аяғында Амангалидың өзін және оның сыйбайласы Тайыр Тілековті өлтірдім. Істері осылайша нашарлауына байланысты Әндіргали мен Мұқанғали қашып, Астрахан губерниясына қаруларымен отіп кетті. Әндіргалидың Мұқанғали, Амангали тобымен байланысының бары сөзсіз, олардың Астрахан губерниясында сатып алған аттарының бағасын 700 сомга шейін жеткен.

Бұған қоса Амангали кезінде өзінің Беріш руынан және басқа да Күлкеш, Жайық, Адай руладары адамдарынан салық жинап, оны да Әндіргали мен Мұқанғалига беріп отырған, олар Айбас ауылында белгіленген жерінде құтия түрде кездесіп түрган.

Мұқанғали мен Әндіргали қашып-пысып жүріп Теңіз ауданының Ганюшкін ауылына жақын жерде де үрлұқ жасаптымыс деген қауесет хабар да бар.

Амангали оқиғасы басылып, ГПУ отряды қайтып Оралга оралған соң Әндіргали мен Мұқанғали 1926 жылдың басында өз ауылдарына оралған болатын. Сол кезде, Шолан ауылының түргыны Сапаровтың айтуюнша, Мұқанғали мен Әндіргали менен өш алмақ бол, ауылымды шаптақ болды, сондықтан мен жан сақтау үшін олардан қашып, таныстарым Бекайдар ауылының түргыны Үбен Сарсенбаевтың, бірде Даuletияр Коқановтың үйінде жасырынып журуге мәжбүр болым.

1928 жылдың аяғында олардың ауылдарына Гурьев округінен ГПУ өкілі Чапурин өз отіретімен барып, атыс кезінде, Мұқанғалиды өлтірген, ал Әндіргали қашып, жолжөнекей өзін үстаптау үшін шолак винтовкасымен бірнеше

рет оқ атқан. 1929 жылдың аяғында Әндіргали ауылына қайтып оралған. Менің ауылдасым Әбдірахманов Ермұқаш Тума ауылына құмаршыққа барып қайтқан, айтуынша, ол Әндіргалиды көрген. Ол винтовка асынып жүріпті. Ол келісімен маган ескерткен болатын. Міне мен сондықтан Әндіргали кек қайтармақ бол, мені өлтіреді-ау деп қорқам.

Жауап берген: Ж.Жангожин (қолы)

Жаңап алған: В.Попов (қолы)

(№ 289-ic, 1-r., 30-31-66.)

Жауап алу хаттамасы

1930 жыл, 14 акпан

Гурьев каласы

ОГПУ Гурьев округтік бөлімінің қызметкері В.Попов жауап алды. Куәгер: Бокебаев Даulet, 1894 ж. тұган, жұмысшы-батрак, ВКП(б) мүшесі.

Оның көрсеткені:

Агайынды Кенжакхметовтер бәрі де өздерінше банды күрайды. Оның ішінде Әндіргали да бар. Олар тұрғындарга, жалпы халыққа қатты қысымшылық жасады, өсіресе әйелдерге. Малды табынымен Бекайдар ауылынан айдады. Әсіреле осы ауыл көп зәбір көрді. Себебі, олардың арасында рулық жауласу басым болды. Осы бандылар сонымен қатар ГПУ өтірөтімен де жауасты. Бұл согысқа Әндіргали да қатысты. Қазір қай жылы екені менің есімде жоқ, осы бандылар (Амангали, Мұқангали, Әндіргали) жазең жайлайда, "Бает" деген жерде Новобогат поселкесінен 30 шақырымдай қашықтықта орналасқан Жаманқала поселкесі багытында, сонда атыс-шабыс кезінде олар Жангожиннің агайынын атып өлтірді. Басқа көрсетерім жоқ.

Жауап беруші: Бекебаев (орысша қол қойған, шала сауатты)

Жауап алған: В.Попов (қалы)

(Nº 289-ic, 1-T., 28-6.)

ҚАУЛЫ

1930 ж., 25 ақпан. Мен, ОГПУ-дың Гурьев округі бөлім өкілі Гафиатуллин, қолымдагы айыпкерге арналған қылмысты істі қарай отырып, Тума ауылы Новобогат ауданы тұргыны Кенжахметов Эндіргалига қатысты Қылмысты кодекстің 59-3 бабын еске ала отырып, бұл іс бойынша Эндіргали Кенжахметов міндетті түрде кінәлі, айыпты деуге толық дәлел бар. Одан кезінде өлтірілген агалары Амангали мен Мұқанғалимен бірге қаруланған банды тобында болғандығы дәлел. Сондыктан Эндіргали Кенжахметов ісінің ауырлығын және оның дәлелденгендерін ескеріп және УПК № 144, 158-баптарын басшылықта алып мынадай қаулы шығарды:

Эндіргали Кенжахметов – 1899 ж. туған, Новобогат ауд. Тума ауылының тұргыны, руы Себек Беріш, орта шаруалы малиши отбасынан, шала сауатты, қарамагында 3 жылды, 2 сиыр, 2 түйесі және 2 құлыны бар. Отбасында әйелі мен бір баласы бар, партияды жок, сопталмаган, тұтқындалған кезде өз ауылында тұрып, өз шаруасымен шұғылданды. Оны тұтқындаپ, Гурьев округтік I категориялық түрмеге қабылдау керек.

Осы қаулының I данасын ПП ОГПУ жіберу керек.

Өкілетті өкіл

(Гафиатуллин)

“Келісемін” КРО аға өкілі

(Чапурин)

Нач. Гур ОО. ОГПУ

(Интэ)

(№ 289-ic, 1-т., 52-б.)

Осындай сұрақ-жауаптардан, жоғарыдағы қаулыдан кейін ОГПУ бөлімінің өкілі Гафиатуллин одан жауап алды.

Жауап алу хаттамасы

1930 ж. 2 наурыз, тергеуші Гафиатуллин, айыпкер Кенжахметов Эндіргалидан жауап алды.

Оның корсеткені:

Сұрақ: Сіз өзіңізді Қылмыс кодексінің № 59–3 бабы бойынша кінәлі екендігіңізді мойындаісыз ба?

Жауап: Жоқ, мен оны мойындаімын, себебі мен банды құрамында болғаным жок. Керісінше, бірде сол агаларымды

сыилап, енді бірде, қарсыласымыз Жұмагали Жанғожиннен қауіптеніп, мен өз ауылымыздан әр кезде Астрахан жаққа балық аулау жұмысына жалға кетіп жүрдім, өкімет адамдарынан жасырынган еместін.

Будан басқа айтарым жоқ.

Сол үшін қолымды қойдым

Сұрақ алған:

Фафиатуллин

(№ 289-іс, 2-т., 53-б.)

Әндіргали Кенжакметов тексеру өткен сон, ату жазасына бүйірылған. Ол үкім Октябрь революциясының 13 жылдық мерекесі қарсанында орындалған. Мына акт соның айғары.

АКТ

1930 г. ноября 4-го дня

Мы нижеподписавшиеся: Нач. 1-го отделения ГурОкр
ОГПУ т. Интэ,
комендант ГурОкр отд. ОГПУ
т. Гродненский,
прокурор Гур. р-на т. Денисов
и мед. врач, эксперт
т. Мордвинов

составили н/акт о том, что сего 3-го ноября 1930 г. в 24 часа по местному времени на местности в 9 км Юго-Западной окраины г. Гурьева приведено в исполнение постановление Заседания Особой Тройки при П.П. ОГПУ в Казахстана от 12 августа 1930, протокол № 31/к о ВМН в отношении обвиняемого по ст. № 59/3 УК Кенжакметова Андрыа.

Каковой расстрелян. Смерть его констатировал врач т. Мордвинов и труп закрыт на глубину 2,5 м.

Настоящий акт составлен в 3-х экземплярах.

Для П.П. ОГПУ по Казахстану — 1 экз.

Райпрокурору — 1 экз.

Гурьевскому Окр. отд. ОГПУ — 1 экз.

Колдары қойылған.

(№ 289-іс, 2-т., 12-б.)

Фин елінде біржола турактап қалған Үмбеткалиды көрген адамның бірі атақты домбырашымыз, күйші Қаршыға Ахмедияров еді.

Ол былай дейді:

"1969 жылы Алматыда консерваторияда оқып жүріп, елге келгенімде туысымыз Үмбетәлі ағам үйінде Сұндетқали ағамен таныстым. Ол кезде біз Фин еліне концертпен барғалы жатыр едік. Сұндетқали маған Фин еліндегі інісінің адресін берді. Біз Хельсинкиге түстік те, келесі күні 500 км жердегі Оулу қаласына концерт коюға барып қондық. Таңертенгі тамак үстінде сенің бір туысын келіпті деп шақырды. Барсам, стол жанында біздің администратор (КГБ адамы), Шамғон Қажығалиев ағамызы және тағы бір кісі отыр екен. Бойы ортадан жогары, сары онді, кек көзді болу керек. Жасы 60-тар шамасында. Амандастық, бірақ ол кісі менімен тілдесуге ишарат білдірmedі. КГБ адамы отырғанын сезсе керек, өте сак отырды. Ол кісі Хельсинкиден осында өз машинасымен келіпті. Қасында татар күйеу баласы бар. Ол кісі бізben бірге үш күн жүрді, бірақ сейлесе алмады. Сұндетқали ағаның беріп жіберген адресі бар қағазды көрсеткенімде администраторымыз қолымнан қағып алды. Біздің елдің халқы үшін заманнын тарлығы деген осы "гой".

Қаламгер қарындасымыз Баян Болатханова өзінің "Қазактың Қаршығасы" атты деректі повесінде осы уақиғаны былайша баяндайды:

"Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде елде шетелге шығу тәртібі қатаң сақталатын. Қыын-қыстау кезеңде төрткүл дүниеге тарыдай шашылып, босып кеткен қазактарды кездестіріп, сойлеспек тұрмақ, атын атаудың өзі негайбыл заман еді. Қаршыға Финляндияга барған сапарында естен кетпес бір уақиғага душар болған. Аумалы-төкпелі заманда батырлығымен, өнші, ақындығымен белгілі болған, наркескен мінезінен опық жеп, баз кешкен аяулы азамат, "банды" атанған Аманғали жерлесінің туған інісі Үмбеткалиды шалғайдағы бейтансыс қалада жолықтырамыз деп кім ойлапты. Бөріне себепкер: түтіні будактаған туған ауылдың жұпар иісті жусанына дейін қыздай үзіліп,

баяндылық сырыйн шертер, қайда жүрсөн де түсіне еніп, сол үшін басыңды тауга да, тасқа да ұргызар, айналайын Туган жердің, туган топырақтың алапат күші екен ғой.

Үмбетқали сонау жылдардагы зобаланда Аманғали ағасы қайтпас сапарга аттанып, ағайын-туғаны жаппай күтіндалған кезде, шет елге отуге мәжбур болыпты. Асан кайғы бабадай жерүйының, бір үрттам қара шайды тыныштықпен ішкізер тұрақ іздеген, тобырдың басқа түскен пұшайман тірлігін тәнірім қайтып тірі жанға жазбасын. Фин еліне “Қазақстаннан қазактар келіпті” деген бір ауыз сөз Үмбетқалиды акселеу сақалын желбіретіп, бес жұз шақырым жерден өзі оні түгіл, атын естімеген бауырларын бір көріп, амандасуға зар етіп, бұлардың сонынан үкідей ұшырган екен де. Өнер сапарымен ел аралап жүрген Құрманғазы ұлт-аспаптар ұжымын тек Оулұ қаласында қуып жеткен болатын. “Уш әріптің” қатал тәртібі Үмбетқалидың туған елден келген бауырларымен армансыз шерін тарқатып, мауқын басуына да мүмкіндік бермеді-ау. Арман-ай, “бауырым, бауырларым” деп кемсендеген алпамсадай азаматтың не айтқысы келгенін, бәрі де үнсіз ұғып, көп жайды козбен тілдескендей. Қаршығаның көзінен анасын іздеп, ботадай боздап өскен, тіршіліктің шын мәнін, аяусыз ажарын ерте таныган көnlі, сұңғыла зердесіндегі бітеву жара тағы да сыр бергендей. “Мен бәрін де білемін, түсінемін, әттен, әттен” деген алайдулей борасын сезім жүргегін тілгілеп, бармағын тістетті. Ауыздығын қарш-қарш шайнаган тұлпар сезім дәл осы сәт мұны ғана емес, мына қамкоңіл қара шалды да тықыршытып, санасымен болса да, туған жердің ыстық сәлемін өкелген елден келген азаматтармен бірге Атыраута аттанып кетуге шақ тұрды. Балығы нардай тұлаған кек теңіздің жағалауына, әйтпесе Нарын құмының жықпылжықпышына жетіп жығылғысы, қайта тұрмай-ақ, атаңа нәлет қу тірлікті қайта бастамай, сол жетіп жығылған жерінде нардай шеккісі, жер анасының тосін иіскең, көз жұмғысы келетінін былайғы жүрт қайдан білсін.

Қаршыға сол күнгі концертте Үмбетқалиға арнап “Бозінген” күйін боздатты. Мұнды, зарлы мақамды тебірене тартып отырып, өзінің де жанарына мөлтілдеп жас тұнған. Қараса қарсы алдындағы қапсағай бітімді қара шал

бір-ақ уыс боп шөгіп кетіпті. Сарытап сағынышпен жолдас боп “Тұган жерді козім тірісінде корем бе, жоқ па?” деген мұңлы арман құшагында қашама жылдарын сарп етті десенші. Бір Үмбетқали қария дейсіз бе, дегенине жете алтай талай ардақ өмірден озды ғой...”

Енді Фабитпен басталған әңгімемізді, Фабиттің өзі аяқтасын. “...Сүндеткали мен Үмбетқали ағасы Амангалидің іс-әрекеттеріне араласпаған. Олар қоқтемде, күзде Астрахан жағында балық көсіпшілігінде қызметте жүрген. Бірақ, күгіншылар бұлардың да сонынан қалмаған. 1927 жылы қоқтемде Сүндеткали Гурьевке өз еркімен барып жағдайын айтқанда, оны тергеп-тексеріп, сонынан уездік түрмеге жапқан. Ал Үмбетқалиды сол жылы маусым айында ауылында тұтқындалап, өуелі Атырауға, артынан Орал түрмесіне жеткізген. Осында бар ағайындар кездескен, тексеруден де өткен, өздері де арызданған, 1929 жылы қантарда мәселелері қаралып, сот болған. Нәтижесінде біраз адам Мурманскіге жер аударылып, СЛОН (Северный Лагерь Особого Назначения) лагеріне аттандырылған. Осында Үмбетқали мен Есмұрза Ақ тенізде Соловки аралына балық аулау жұмысына барады да, Әблірахман, Мұхсина, Сүндеткали Мурманскіде жағадағы лагерде қалады. Олар өзара хат алысып тұрган. Осылайша Үмбетқалилар екі жылдай балық аулаган. Бірде бұлардың балық кемесі дауылға үшырап, Сейнер моторлы кеме, командастында 6–7 адамы бар, көп күн тенізде ығып жүреді. Тек дауыл басылған соң кеме капитаны (улты поляк) бұларды бір қалага алып келеді. Қала теніз жағасында, өрі үлкен, өрі сөнді. Сұрастырып көрсе – бұл Хельсинки, Финляндияның астанасы. Команда ішінде орыстар да бар, кемені тастав қашады. Соңғылары боп Үмбетқали мен Есмұрза да кетеді, бірақ олар орыстардан тез ажырап, аласып қалады. Кеме капитаны бұларға бір ауыз ләм-мим демеген. Үмбетқалилар біраз азап көрсі, не елді-мекенді, не тіл білмейді. Соナン бұлар ақырында кайтып оралады, бірақ кеме орнында жоқ боп шығады. Сүйтсе кеме капитаны, поляк, командастын оралмайтынына көз жеткен соң, моторын қызылады да: “Польша, Отаным кайдастын?!?” – деп, Балтық тенізімен батыска қарай тартып кеткен. Айдалада қалған Үмбетқали мен Есмұрза қындықтың соракысын енді көреді. Әбден арып-ашкан ағайындар, әйтеуір, бірде сол қалада

университетте сабак беретін шығыс тілдерінің мұгалімін кездестіреді. Ол кісі бұларға: “Біреуге жалданып жұмыс істендер, алған ақшаларыңа сауда жасандар, әйтпесе өмір сүре алмайсындар”, – дейді. Осылайша сібек еткен Есмұрза мен Үмбетқали соңынан аукатты фермерлерге айналады.

Мурманскідегі Әбдірахман, Мұхсина, Сұндетқалилар екі ағайынның басқалармен бірге Фин еліне отіп кеткенін соңынан естіген. Ал өздері жаман тұрмаган. Сұндетқали лагерьде есепші болып жұмыс істеген, жақсы шаш қиошуы болған. Лагерь басшылары шаштарын тек Сұндетқалиға құдырыған. Мұхсина да ісмер адам. Мұнда Сұндетқали мен Мұхсина ерлі-зайыптылардай болған сынайлы. Амангалидің бір әнінде:

Мұхсина иыкты ішік киесің бе,

Басыңды басқа адамға иесің бе?

Ara өлсе женге мұра деген сөз бар,

Мен өлсем Мұқанжанға тиесің бе? – дегендей сөздері бар гой, сейткен Мұхсина, тағдырдың бүйірганын каранызшы, кайнысы Сұндетқалиге басын иген.

Бұл жерде Сұндетқали мен Мұхсина кесімді уақыттарынан бұрын, 1933 жылы Москва арқылы елге қайтарда, қудасы Әбдірахман екеуіне елге ерлі-зайыпты болып баруга рұхсат бермеген. “Амангали аруагын аяқка басушы болмандар!” – деген.

Сұндетқали елге қайтқанда Мұхсинаны баяғы ауылдасты Балқанға соғып (ол Орал облысының Казталовка жағында тұрған), соның касында қалдырыған. Ол кезде Балқан Сұмағұл деген азаматпен үй болған екен. Сойтіп, Айбас ауылының екі қызы Мұхсина да, Балқан да тұган жер топырағын енді айналып баса алмаған. Сұндетқали Атырауға жалғыз келіп, Әбдірахман өз мерзімін толыктай атқарып, сөл кейіндеу оралған. Сұндетқали ағайыны Үмбетқалидың жағдайын еллегі інісі Нагымжанға толық айтып жеткізген, бірақ үзак уақыт олардан хабарсыз қалған...

Елдегі Нагымжанның да өмірі оңай болмаган. Ол да талай кындықты бастан өткізген. Ұлы Отан соғысына катысып, жаракаттанып, бір аяғын берген, бірақ басы аман елге оралған. Отау күрган, балалы-шагалы болған сон, жұмыс істеп, жақсы табыстарға жеткен...

1956 жыл. Жаз айында Атыраудағы Нагымжан жұмыс орны берген көсіподак жолдамасымен Қара теңіз

жагасындағы курорттардың бірінде демалып, емделеді. Міне, осы жерде Нагымжан сөті түсіп бір шетелдік офицермен танысады. Ол Фин елінің азаматы болып шығады. Жаксы танысан екі азаматтың демалыс уақыттары аяқталып, елдеріне қайтар уақыт та жақындейді. Сонғы коштасар күндердін бірінде Нағымжан өзінің ішкі сырнының бір ұшын, тәп-төүір танысын жақындастан фин офицеріне білдіреді. Ол Үмбетқали мен Есмұрза ағаларының Фин елінде, Хельсинки қаласында тұратынын, олардан көп жылдардан бері хабарсыз екенін айтЫП, мүмкін болса солардың баржогын біліп, хат жазуын сұрайды, оған өз адресін береді. Сөйтіп екеуі қош айттысып, елдерінде аттанады.

Арада бір ай уақыт өткен соң Нагымжанға әлгі фин офицерінен хат келген, артын-ала Үмбетқали ағасынан да хат алған. Міне, осылайша ағайындар бірін-бірі тапқан... бірақ Нағымжан ағайға оларды көру бұйырмады. Алпысыншы жылдардың басында өзі де қазаға үшырады гой...” – деп Фабит әнгімесін аяқтады.

Фабит Мәсәлімов 1970 және 1980 жылдары Хельсинки қаласына туристік жолдамамен екі рет барып қайтқан. Мақсаты – нағашы ағасы Үмбетқалиды көру еді. Сойтсе Үмбетқали мен Есмұрза біраз қызындыққа үшыраган, бірақ соңынан Россиядан 1916 жылы өткен татарлардың қыздарына үйленіп, мал шаруашылығымен айналысып, ірі фермер атанған. Қазір өздері қайтыс болған, бірақ үрпактары бар. Үмбетқалидан төрт қызы – Үлкен, Түркен, Зияш, Дилаш. Екеуі Стокгольмде күйеуге шықкан, екеуі Хельсинкиде түрмис құрган. Бәрі де бизнеспен айналысатын көрінеді. Олар әкесінің Отаны – Қазақстанды көруді армандайды. Үмбетқали өзі де бір кезде Москвага дейін келген, бірақ “үш әріп” иелері бері жібермей, содан көрі қайтуға мәжбүр болған.

Ал Әблірахман, Мұхсина, Сұндетқали өз мерзімдерін өтеп, аман-есен елге оралған. Қазір Орліктері Фабит үйінің төрінде маңдайы жарқыраған, сақал-мұрты аппақ Әблірахман аксақалдың үлкейтілген суреті ілуі түр. Сондай-ақ Бақсайдағы Сапар ұлының төрінен әкесі Сұндетқалидың фотосы да орын алған. Тек Мұхсина гана өзінің туған ауылына жете алмай, Орал облысы, Казталовка ауданында мөнгі тыныш тапқан.

Олар тек 1994 жылы ақталды...

1995 жылы соуір айында Алматыда, Республиканың Мәдениет сарайында Финляндия—Қазақстан сауда көрмесі ашылды. Сонда кормені аралап журіп Фин елінен келген бір бизнесмен кісімен таныстым. Аты-жоні — Феңым Садық. Өзі Хельсинкіде тұрады, тегім түрік деді. Сондагы “Финтра” корпорациясының вице-президенті. Ол орысша білмейді, мен түрікше дегендей. Екеуміз етеп қазақша түсіністік. Үмбетқали жөне Есмұрзаны білетін бол шыкты. Мен олардың отбасылары мен Фабиттың түскен фотоларын көрсеткенде Есмұрза мен әйелін бірден таныды. “Менің әпнім еді”, — деді. Тегінің татар екенін сездім. Есмұрза мен әйелі қайтыс болған. Үйде тек жалғыз қызы тұрады екен. Садық мырза маган сын айтты: “Алматыда миллионнан аса адам тұрасыз, ал мешіт жалғыз. Үят-ақ. Біз анда үш жүздей ғана мұсылманбыз, бірақ мешітіміз бар. Мен сол мешіттің иесімін”. Біз бір-бірімізге сувенир беріп қошастық. Ағайындар үрпактарына сәлем жолдадым. Келсін, осында туысқандары бар дедім...

Қайыр Қарымбаев тағдыры

Амангалидың үлкен қызы Раҳила әжейдің әңгімесінен: “1932 жылы акпан айында күйеуім Бақыт Жұмагазиев Астраханға кіре тартқан-ды. Мұз астынан ауланған балықты сүкқа қатырып, қантап ат шанага тисеп Астраханға апарып, келісілген балық заводына тапсырып жүрген. Өздері бірнеше адам болатын. Сол айдың бір күні Астраханнан оралған азаматым: “Ал, сүйінші, Астраханнан бір апаңды тауып, міне, алып келдім”, — деді. Қарасам, өзіміздің Ақкенже апамызы, баяғы әкеміздің Қайыр Қарымбаевка қондіріп әйелдікке берген, Тілек атамыздың Тайыр ұлынан кейінгі қызы. Қорісіп, құшактаса кеттік. Көздің жасына ерік бердік... Азаматым бізді әрен ақыратты. Үйге кірдік. Апамызы он күндей демалып, есін жиды. Сондагы апамыздың айтуына қарағанда, әкеміздің шатағы болып жатқанда Қайыр үй-ішімен Астрахан жакка көшіп кетеді. Сол жақта олар көнпескеге үшырайды. Қайыр да, бойбішесі де өлген, шаруа күйлері нашарлайды. Тағдыр Ақкенжені күйеу баласы Бақытқа жолықтырып,

қара басы елге жетеді. Қоң кешікпей апамыз: "Мен енді еліме кетейін", – деді. Айтуынша, Қайырдың тұрган ауылы гой деймін. Қолда барымыз – бір пүттай құмаршық түйіп бердік. Осы азығын арқалап апамыз еліне кетті. Апамыздың жол бойында жалғыз кетіп бара жатқаны алі күнгө шейін коз алдында. Сонынан үй төбесіне шығып, біраз үзап кеткенше қарап тұрдым. Содан бері біз апамыздан хабарсыз қалды..."

Жұмағали Жангожин туралы баласы

Тәреи Біләловтің жазбасына

"...1932 жылы Кеңес оқіметі орта шаруаларды да тап ретінде жоюды колға алды. Әкем Жұмағали Жангожинде сол орта шаруага жатқызып, мал-мұлкін төркілен, сайлау-сайллану құқынан айырды.

Кеңес оқіметінің халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде Халық соты торағасы, Халық соты тергеушісі, округтік азық-түлік комитетінің орынбасары болып жұмыс атқарғанын және ақ бандылармен, жергілікті бандылармен күресте айрықша бөлімінің қурамында штаб бастығы болғанын баяндап, Бұқілодактық атқару комитетінің торағасы М.И.Калининге хат жазып, аяқтай апарып беру үшін Астрахан қаласында пойызға отырайын деп тұрғанда тұтқынга алынады. Тұтқыннатқан озінің жақын нағашысы Насыр мен Тәкенов Түсіп дегендег болғандығын әкемнің туган нағашысы Айдаболов Қәрім айтқан еді... Айдаболов Қәрім оқыған, оте сауатты адам екен. 1958 жылы Теніз аудандық "Жаңа жол" колхозында тораға болып жұмыс жасағанымда іздел келіп танысып, бір ай жатып кетті. Ставрополь өлкесінің бір ауданында тұрады, баласы орта мектепте директор. Әкемді тұтқыннанғанда баласы Әйіп бірге болған. Екеуін де губерния орталығы Орал қаласындағы тұрмеге отырғызады. Сосын Әйіпті босатады да, әкемді Гурьевке жонелтеді. Гурьев тұрмесіндегілердің көпшілігі орта шаруаның адамдары екен. Ішінде бізге белгілі Әжігалиев Салық, Шытықов Есенияз, Әжігалиев Қабаш та бар. Бәрін де Ташкент қаласына аударады. Содан хабарсыз кеткен әкемнің жайын онымен бірге болған Әжігалиев Қабаштан 1960 жылы Неталиев Бозша естиді.

“Төренте айтарсың, Жүмекенді мен 1934 жылы Ташкенттің қасындағы “Биебау” деген қорымға жерледім. Жүмекен ауырып, Ташкентте қайтыс болған”, – депті Қабаш.

Марқұм Бозша не себептен екенін білмеймін, жайсыз хабарды маған айта алмай кетті. Туган жездем Құсын ағай гана Бозшаның өлерінің алдында естиді. Мен оны Құсынның өзінен естідім. Әкемнің тағдыры осылай аяқталып еді...”.

Тобанияз және басқалар туралы

Тобанияз тағдыры туралы біраз дерек белгілі. Оны Х.Есенжанов “Ақ Жайық” романында, ардагер журналист ағамызы С.Хайдаров “Қанды асу” кітабында, қаламгерлер Т.Жанаев “Тобанияз қыстауында”, I.Сариев “Ойрандалған Адай даласында”, М.Можитов “Тобанияз” романында, Ә.Спанов “Тобанияз” кітапшасында және басқалар жазды.

Бізге кейінгі тағдыры белгісіз адам – Отарғали Мұқышев, Мұхсина Әлімтайқызы, Сейітбаттал Есениязов т.б. болып отыр. Әсіреле Мұхсина Әлімтайқызы. Естуімізше ол Оралдың Казталовка ауданы жағында тұрган корінеді. Құрбысы Балқан (күйеуі Смагул) үйінде Мұхсинаның үлкейтілген фотосы бар сиякты. Мұхсина өмірінің соңғы кездері бала пішумен (сүндептеумен), аңшылықпен айналысқан корінеді. Сол Мұхсина кай жерде жерленді, бейіті қайда, оны кім біледі? Көнілді мазалай беретін осы сұраптар.

Сөз сонында айтарымыз – кітабымызда өңгіме арқауы болған кіслер жайлы және осы уақыттар төнірегінде естіп-білгендері, коріп-түйгендері бар азаматтар табылса, “Арыс” Корына (баспасына) хабарласуын сұраймыз.



Қымбатты оқырман! Біз осымен Аманғали ісіне байланысты зерттеу жұмысымызды аяқтап, соңғы нүктесін көймәз. Қолдағы бар деректер сұрыпталып, оқырманга ұсынуға қажет деген тұстары ғана іріктеліп алынды. Деректердің бәрін бір кітап аясына сыйғызу мүмкін емес ті. Бірақ ол дүниелер аяқ асты қалмас, Аманғали туралы жазылатын әдеби шыгармада енді. Біз оқырманға Аманғали тағдырына қатысты соңғы бес жыл болған оқигаларды ғана жеткіздік.

Осы уақыт ішінде Аманғали ісін зерделей, талдай отырып қөзіміздің жеткені – бұл негізінен алеуметтік әділетсіздік қайшылықтардан туындаған оқиға. Тұrlаусызы тағдыр мен қайғылы ғұмыр кешкен, аласапыран отпелі кезеңді басынан откізген, Кеңес заманынан, тоталитарлық жүйеден опа да, сая да таба алмай, мандайын тауға да, тасқа да үрган, өзі намысқой, өр мінезді Аманғали шынында күрделі тұлға.

Аманғали қасіретінің, оның бунтарлық, бүлікшіл жолға түсуінің, елден жырактап, құм кезуінің сырғы теренде жатыр. Не үшін өзі күйді, не үшін оның тұқымын құртты? Қудасы Қайырмен арадагы бас араздығы, күйкі тірлігі, күкүлкіншілік үшін бе? Сот Жұмағалидың, әйтпесе туыстасы атанған Отарғали Мұқышевтің тоталитарлық жүйенің өкілдері ретінде қарапайым халыққа жасаған озбырлығы мен опасызыздық жолға шейін баруы тек Аманғалидың өзімен ғана тынбай, оның үрім-бұтағын құртуы, жазықты-жазықсыз жандардың тубіне жетуі – осыны қөздеген. Болған оқигалар желісі осыны әйгілейді.

Заман мен Аманғали арасындағы қайшылық, сол заманың залым түрпаты, заманға біртуар адамдардың өмірі мен тағдыры ойыншық болғанын айқындаиды, осыны паш етеді.

Міне, Аманғали трагедиясын осы тұрғыдан қарап, жұмысымызда осыларға жауап іздедік. Аманғали күнөдан пәк, періште емес, қарапайым адам, құдайдың құлы, бұл фенидің пендесі. Оның өз басында кемшілік жетерлік.

Мысалы, кұдасы Қайыр Қарымбаев Аманғалидың шауып әкеткен малын Жұмағалидың комегімен қайтарып алған, бірақ өз қызын ақырында оның ұлына бермеген. Бұл нағыз озырылых емес пе?!. Аманғалидың ағаттық жасап, шалыс басқан жерлері барын архивтік деректер айқын көрсетті. Әрине, өкінішті-ақ жағдай. Мақсатымыз – Аманғалиды актау не қаралау емес, сол бір кездің іс-әрекеттерінің ақиқатын ашып, анығына коз жеткізу.

Аманғали – Құныскерей, Кейкі батыр, Шәкәрім қажы, Жақыпберді сияқты тұлғалармен тағдырлас жан. Себебі, Аманғали ГПУ–НКВД өкілдері Жәнібеков Фаббас пен Жұмағали Жангожиннің ерікті тобымен атыста қаза тапса, Шәкәрім де НКВД өкілі Қарасартовтың әтіретінің қолынан өлді. Құныскерей аты-жонін өзгертип, туған жерден жырақта көз жұмған. Кейкі батыр қызыл террордың күрбаны болды. Жақыпбердіні Қытайдың зәңгілері мен шеріктері олтірді. Бұл адамдарға өз уақытында кесілген сот шешімдері жоқ. Сондықтан оны ешбір орын да, орган да актай алмайды. Олардың ор мінезі, өршіл өнері халық санасында сакталған. Сол себепті де Шәкәрімді де, Жақыпбердіні де актаған халкы, ардақтаған халқы. Аманғалиды да актаса – тек халық кана актай алады.

Жас күнімізде бір үйге жиналып, кыр жағынан келген домбырашылар мен жыршылардың Аманғали өнін орындаса көздерін жасқа бұлап, аһылап, уйілеп отыратын ауыл көрияларын, аталарымыз мен әжелерімізді көрдік.

Сонда олар Аманғалидың іс әрекеттерін Исатай–Махамбеттен кейінгі қалған әділетті, сарқыншақтай қастерлеп айттып отыруышы өді.

Кітапта өлең шумактары келтірілсе де әні, сазгерлігі соз болмаған талант туралы: “Аманғали әні ең жогарғы регистрде сабырмен шымырлап, қаралы да жаралы жанның зарын тогеді. Жылайды. Ол аза күйі секілді төбеден қара аспанды тонкеріп, реквиемше өксіп жүреді де отырады... Иә, бір беймаза мезгілде туып, беймаза хал кешкен ор мінезді өнішінің автопортретіндегі гажайып ән...”, – деп жазушы, композитор Ілия Жақанов бағалаған еді.

Откенді багдарлап көрсек соңғы он жылда қазақ баспа-сезінде (кітабы бар, газет-журналы бар) Аманғали туралы үзын саны отызға тарта мақала жарияланған екен. Оның жетеуі өз сыйбагама бүйірыпты. Кош басында И.Жақанов, Т.Тінәлиев, Т.Досымовтай авторлардың еңбектері. Үшеуде “банды” деген жалпыға жағымсыз ортақ сез қолданған. Осынау жүректі дір еткізер атаудан біздің кітабымыз да ада емес. Бір гажабы – осы атая көбіне күні откен кенес дәүірінде, осірепе оның алғашқы жылдарында қолданылған. Оған долел – қазактың кез келген өлкесінде өкіметке бағынбай бас котерген тұлғаларға таңылған таңба, тағылған атая-ярлық. Қазір де бұл атая жеке адамдарды былай койып, тіпті күллі үлт-ұлыстарға да тағылуда. Сол “банды” не “халық жауы” деген сез қазакқа орыстан келгені айдан анық. Еже аргыны қозғамай-ак, кешегі откен Исатай–Махамбет кете-рілісіне байланысты сақтаған мұрагаттық деректерде орыстың “шайка” деген сезін ғана кездестіреміз. Басқа атая жок.

Шындығында, Аманғалидың осынау іс-әрекеттерін қазақи тұрғыдан бағаласақ, бұл ежелден келе жаткан қазақтың қанына сіңген қарекет – аламандық. Аламандық откен ғасырда-ак біржола қайтып оралмасқа кеткенімен Аманғали әрекеттері соның соңғы журнақтары іспеттес құбылыс. Халел Досмұхамедовтың сезімен айтсақ: “Аламан деп тәртіпке, жолга, низамға конбейтін, оз дегені болмаса, басқаны елемейтін топты айтады. Аламандық бүтін қазақта болған, әр руда, адамдарда болған. Шетелмен жауласса да, ру ара таласса да, хандары мен билеріне конбесе де қазақтың ісінің көбінен-ак аламандық исі шығып тұрады. Аламандық сүйекке сіңген коптің мінезі, оған ешкім таңданбайды. Айла немесе шеберлік жасап өкіметтің тұтқынынан босау керек те, бұрынғы қылықты қыла беру керек. Міне, қазақтың психологиясы. Мұны аламандық дейді... Аламандық қазақтың түрмисынан туған. Сананы салт туғызды. Құмды, сорлы кен далада оскен қазақтың ру салты аламандық туғызды. Аламандық бар жерде нағыз әлеуметтілік тұра алмайды. Қазақ әлеуметшілігінің откенін жондеп түсініп, қалпын анық көріп, келпісін болжай білу – көп қазаққа

көз болған, мәдениет жолына кош басшы болған, "молдаға оқып тәрбие алған, ордага кіріп жол көрген оқыған зиялыштар міндетті", – дейді ғалым. Бұған біздің алып-косарымыз жоқ. Міне, кітабымыз неге жазылды деген сұраққа жауап осы болмақ. Ал, мақсатына келсек – бұл қалың жүртшылыққа, өсірессе жастарға гибрат болсын, содан сабак алсын, оқығанды қөнілге дұрыс қабылдай білсін деген адаптацияның ой еді.

Амангали тақырыбымен 1990 жылдан бастап шүгілданғанымызда біраз материалдар жинақталды. Осы еңбектің дүниеге келіп, жарыққа шығуына, жол көрсетіп, жон сілтеген, ақыл-кеңес берген барлық ағайындарға автор өз рахметін білдіреді. Алдымен Амангали туралы өзекті деректер берген Қазақстанның Халық жазушысы марқұм Хамит Ерғали ағамызға рахмет. Өкінішке орай, бұл еңбегімізден ол толықтай танысып үлгере алмады. Сондықтан да оны Хамит Ерғали ағамыздың ұлы рухына арнадық. Амангали хикаясы туралы ең алғаш қарлығашын ұшырған композитор, жазушы Әлия Жақанов ағамыз болатын. Ақыл-кеңес берген сол ағамызға рахмет. "Менің Амангали туралы пікірім берік, сол қалпында. Ауылды жерде қисынды-қисынсыз әңгімелер болады. Жазғыштар жаза берсін. Оған бега беретін халық, ал ол керегін алады, керек емесін санаасында сақтамайды. Түптін-тубінде халық бар ақиқатты бітуі керек қой. Тек бір анық нөрсе – Амангалидың әнін де, оның олendorін де ешкім тартып ала алмайды, оны басқаға тели алмайды да. Халық кімнің кім екенін, калай болғанын білсін", – деген еді жазушы ағамыз. Атырау өңіріне танымал әнші, Амангали әндерін шебер орындаушы және біраз деректер берген марқұм Қуанғали Жумалиевке, марқұм ақсақал Оралхан Құспанғалиевке, композитор Нагым Менідіалиевке, музика зерттеуші Тымат Мерғалиевке, күйші-домбырашы Қаршыға Ахмедияров пен Өтепберген Хамзинге, музика зерттеуші Юрий Аравинге, кітабымызда аттары аталған інілерімізге, Амангали, Мұқанғали, Сұндетқали үрпактарының баршасына рахметімізді білдіреміз.

Сосын тағы бірер адамның аттарын атайдын. 1993–94 жылдары Амангали іс-әрекеттеріне байланысты архивте сакталған мұрагаттық істерімен танысусыма қол ұшын берген сол кездегі ҚР Бас прокурорының орынбасары Роот Владимир Васильевич мырза мен актаушы-прокурор Жанпейісов Хасан ағамызға алғысымды білдіремін.

Осы азаматтар Амангали мен Ергали істеріне байланысты жауапқа тартылған ұзын саны тоқсан бір адамның ісін қарап, сонын жетпіс бесіне 1994 жылы наурыз айында актау үкімін шығарды. Ол адамдардың тізімі Bas прокуратуралың архивінде сакталған. Шейіт болған жандардың артында қалған жоқтаушылары болса, олардың акталау шешімдерін сол жерден алуына өбден болады.

Өмірден озған сол азаматтардың аруақтары разы болғай!

Сөз соңында осы кітабымызды шығаруға демеушілік көмек көрсеткен республикалық “Арыс” қоры (баспасына) ұжымына, оның президенті, ғалым ініміз Фариғолла ӘНЕС мырзага шексіз раҳметімізді айтамыз!

Дүниеден откен аруақтардың рухтары баршаңызды қолдан, корғап жүргей! Әумин!

Соңы



МАЗМУНЫ

<i>Мұханбетқалиулы Қ. Өкінішті өмір, өксікті өлім</i>	5
<i>Сез басы</i>	8
<i>Бірінші бөлім</i>	10
<i>Екінші бөлім</i>	89
<i>Үшінші бөлім</i>	194
<i>Соңғы сез</i>	240

“Арыс” қорының президенті
Фариғолла ӘНЕС

Редакторы
F.Қабдолкайырұлы

Суретшісі
T.Мұқатов

Техникалық редакторы
C.Ақылов

Корректоры
Ш.Жамықаев

Ләтифолла ҚАЛАШЕВ

“БАНДЫ” АМАНҒАЛИ ІСІ
(Аңыз бен ақиқат)

ИБ № 255

Терімге 08.08.2003 жіберілді. Басута 24.03.2004 қол қойылды. Пішімі
84x108 1/32. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табагы 15,5. Есенті баспа
табагы 17,0. Тараптамы 2000. Тапсырыс 343.

480091, Алматы,
Күрмангазы көшесі, 29
«Арыс» баспасы
тел./факс: 616 628, 616 692
E-mail: aris@nursat.kz